



1921 жылғы
қыркүйектен
шыға бастады

АҚИҚАТ

ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ЖУРНАЛ

Журнал 1976 жылы Халықтар Достығы орденімен, 2002 жылы Қазақстан Журналистика Академиясының «Алтын Жұлдыз», 2008 жылы Қазақстан Журналистер Одағының сыйлығымен марапатталды

№1, ҚАҢТАР, 2014

МАЗМҰНЫ

ЗАМАНХАТ

Міржақып ДУЛАТОВ. Латын қарпіне көшу туралы.....3

ІЗГІЛІКТІ ҚОҒАМҒА БАРАР ЖОЛДА

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ. Тәуелсіз Қазақстанның жеті қазынасы.....5

КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

Жания ӘБДІБЕК. Екінші кезең: Еуразия Одағы Қазақстанға не береді?.....8

КЕЛЕЛІ КЕҢЕСКЕ ОРАЙ

Аманхан ӘЛІМҰЛЫ. Еуразияда қазаққа орын бар ма?.....18

Тағы да Еуразия жайында.....21

Балықтың тілін бақа біледі немесе Дугиннің досы кім?.....24

Еуразия идеясы мен Еуразия Одағы екі басқа түсінік.....26

ҰЛТТАНУ

Жарас СЕЙІТНҰР. Ресейдегі орыс ұлтының мүддесін Путиннің өзі қорғауда.....27

Ербол ТІЛЕШОВ. Қазақ ұлтшылдығы қашан, қалай қалыптасты?31

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Сейілбек МҰСАТАЕВ. Қандастарымыз қағыс қалған жоқ па?.....38

МӘНІ ЖОҒАЛМАҒАН МАҚАЛА

Сапабек ӘСПҰЛЫ. «Қазаққа да бір Колпаковский керек».....47

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Қуандық ШАМАХАЙҰЛЫ. «Кембридж білім бергенімен, Құдай бермеген дарынды дарыға алмайды».....50

ЕРКІН ОЙ МІНБЕРІ

Әбдірашит БӘКІРҰЛЫ. Коррупция «өзін-өзі басқару» деңгейіне жеткен бе?.....55

ДІНТАНЫМ

Амангелді АЙТАЛЫ. Қоғам – біртұтас организм, оны сырттан басқару мүмкін емес.....60

ЗАМАН ЖӘНЕ ЗАУАЛ	
Қуандық ТҮМЕНБАЙ. Көзбаяуы жоқ көріністер.....	65
Сабырбек ОЛЖАБАЙ. Ала сиыр, Аққыз әжем және тұлып.....	70
ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІ	
Есенғали РАУШАНОВ. Жұмсақ.....	73
Сәрсен Бек САХАБАТ. Ақжелең.....	79
СЫН	
Дулат ТҰРАНТЕГІ. Талғам мен таным таразысы (эссе).....	82
МӘДЕНИ МҰРА	
Бақтияр СМАНОВ. Тарихи жырдың тағылымы.....	95
ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ	
Ә.ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ. Қоғам, мемлекет және мәдениет қайраткері.....	104
ҒАЛЫМ МІНБЕРІ	
Мүбәрәк ҮМБЕТАЕВ Абаймен замандас ақындар.....	108
Б. ИМАНБЕКОВА. Қазақстан – 2050 стратегиясының саяси мәні.....	111
Ж. ҚОБЛАНОВ. Плутарх – грек әдебиетінің көрнекті өкілі	113
ПІКІР	
Досмұхамед КІШІБЕКОВ. «Жас тұлпар» жайлы ой.....	115
Журналдың орысша, ағылшынша мазмұны.....	116

ҚҰРЫЛТАЙШЫ ЖӘНЕ ШЫҒАРУШЫ:

«Қазақ газеттері» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор – Редакторлар кеңесінің төрағасы Жұмабек КЕНЖАЛИН

БАС РЕДАКТОР: Аманхан ӘЛІМҰЛЫ

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ: Ораз ҚАУҒАБАЙ, Қыдыралы ҚОЙТАЙ (редактордың орынбасары – жауапты хатшы), Серікқали ХАСАН.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС: Сарбас АҚТАЕВ, Есберген АЛАУХАН, Ерлан АРЫН, Әділ АХМЕТОВ, Бүркітбай АЯҒАН, Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ, Раушанбек ӘБСАТ-ТАРОВ, Ғарифолла ЕСІМ, Бақытжан ЖҰМАҒҰЛОВ, Әбіш КЕКІЛБАЕВ, Уәлихан ҚАЛИЖАН, Ғалымқайыр МҰТАНОВ, Нұрлан НЫҒМАТУЛИН, Серік ПІРӘЛИЕВ, Кенжеғали САҒАДИЕВ, Қуаныш СҰЛТАНОВ, Ерлан СЫДЫҚОВ, Кеңес ҮШБАЕВ, Әбдісағит ТӘТІҒҰЛОВ, Бектұр ТӨЛЕУҒАЛИЕВ, Зарема ШӘУКЕНОВА.

«ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ» ЖШС-нің облыстардағы өкілдері: Шәрипа БЕКМАМБЕТОВА (Ақтөбе облысы) – 8-713-2-55-31-48, Батырбек МЫРЗАБЕКОВ (Қарағанды облысы) – 8-710-2-90-19-73, Толымбек ЫБЫРАЙЫМ (Астана) – 87013457938 Оразалы ЖАҚСАНОВ (Қостанай облысы) – 87772307184

ЛАТЫН ҚАРПІНЕ КӨШУ ТУРАЛЫ

Міржақып Дулатовтың 1924 жылы Орынборда қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде сөйлеген сөзі

Қазақ жұрты өнерлі, мәдениетті болуына біз қарсы емеспіз. Жаңалыққа да, өзгеріске де қарсы емеспіз. Бірақ өзгерістің де өзгерісі бар. Күндердің күнінде латын әрпін қолданатын болармыз. Латын түгіл, жұрт біткеннің бәрі шапшаң жазуға (стенография) түсуіне де сенеміз. Бірақ айтатынымыз латынды шабылып, шығынданып ала қоятындай пайдасы көрініп тұрған жоқ. Қайта зияны бар дейміз.

Қазақтікінен латын әрпінің артықшылығын көрсету үшін латыншылдар қит етсе айырплан, аптамабел мен қазақтың екі аяқты арбасын салыстырады. Аптамабел екі аяқты арбадан артық екенін кім білмейді, сонымен біз қай аулымызға аптамабел орнатып отырмыз?

Латынды оңай, қазақ (араб) әрпін қиын қылып көрсету үшін латыншылдар қисынсыз мысалдар алады. Мәселен: Абдірахман өткен жолғы баяндамасында өзінің қазақша жазуды 10 жыл оқып үйренгенін айтып өтті. Бұрынғы кезде солай болғаны рас та шығар. Бірақ оған қазіргі әліпби жазықты емес, сол кездегі ескі оқудың әдісі кінәлі ғой. Қазір орысшаны да, қазақшаны да 8-9-дағы балалар 2-3 айда жазып, оқып кетеді. Үйренуге орысша да, латынша да бірдей. Бұлай болса, «10 жыл» деген сөз қазіргі әліпбиімізге жала ғой.

Абдірахман араб профессоры Жузе дегеннің сөзін дәлелге келтіреді. «Арабшаны 10 жыл оқыған адам дұрыс оқи алмайды», депті Жузе дейді. Абдірахман 10 жыл оқып қазақ жазуын әрең үйренгені сықылды нәрсе (Міржақып бұл арада арабтың ескі емлесімен жазылған Әзірбайжанда шығатын «Коммунист» газетінен сөздер келтіріп, ондай сөздерді дұрыс оқу қиын екенін керсетті. Жузенің айтып отырғаны сол деді).

Латынды қолдаушылар қазақ әріптері жазуға да қиын деседі. Бұл бекер (Міржақып қазақ сөздерін латынша, қазақша жазып салыстырды).

Латыншылдар физика, алгебра сықылды ілім кітаптарында ұшырайтын белгілер латынша жазылады, соның үшін де латынды алу керек дейді. Солай екені рас, бірақ орта және жоғары дәрежелі мектептерде оқушылар әлгідей ұшырайтын латын белгілерін арнап оқымай-ақ өзінен-өзі үйреніп кететін нәрсе, оның мысалын орыстың бұрынғы-соңғы орта дәрежелі мектептерінен көріп жүрміз.

Телжан баяндамасында, араб әріптерін өзгерткенде 14-і ғана өзінің бұрынғы түрінде іске жарайды, өзгесінің бәрін (тең жартысын) арабшылар жанынан шығарып отыр. Латын әрпін алсақ, мұның 4-тен бірі ғана өзгертіледі, қалғаны бұрынғы күйінде іске асады дейді. Араб әріптерінің өзгеріп отырғаны рас. Бірақ қалай өзгертілген, әңгіме сонда болу керек қой. Араб әріптерінің 14-і ғана бұрынғыша болса, өзге ойдан шыққандары жұртқа жат болуы керек еді ғой. Ондай нәрсе болды ма? Болған жоқ, ендеше, бұл өзгертушілердің шеберлігі деп білiңдер. Бұлар өзгерткенде, әр әріптің бұрынғы тұлғасын жоймай, өзгерткенін сездірмей, хат танытын адам бөгелместен оқып кетерлік қылып

өзгерткен. Сондықтан, мұны өзгертушілер жанынан қосты деуге болмайды, енді латынға келсек, оның төрттен бірін өзгерту керек екен.

Бұл арада біз санына таласып әуре болмай-ақ қоялық. Бірақ латын әріптері мейлі өзгерсін, мейлі өзгермесін, біздің қазақша хат танитындарымызға шетінен жат емес пе? Телжан Қазақстанда жаңа жобаның әріптері жоқ дейді. Біздің баспаханаларымызда латын әрпі бар ма екен? Бұл әншейін айта салған сөз.

Латыншылар (Абдірахман мен Телжанның баяндамасында) мықты дәлелдерінің бірі – араб әрпі қымбатқа түседі, онымен басқан кітап, газеттеріміз қымбат болады дейді. Мысалға Қызылордада шығып тұрған «Еңбекші қазақ» пен орыс газетінің бағасын, әрпін салыстырады да, «Еңбекші қазақты» қымбатқа шығарады. Баспаханаларда араб әрпінің ұялары көп болады, араб әрпінің бір-біреуі 3-4 түрлі болады дейді. Әріп тізушілердің еңбегі, уақыты артық жұмсалады дейді. Қысқасы, латын әрпін алуға жұмсалатын қаражат қазақ әріптерін өзгерткеннен 10 есе арзанға түседі дейді.

Арзан, қымбат жағына келсек, араб әрпін өзгертіп алудың шығыны жоқтың қасы екені, латынды алу үшін есепсіз көп қазына керектігі анық нәрсе.

Абдірахман мен Телжан араб әріптерін қымбатқа түсіргенде, оның 3-4 түрін алып қымбаттатып отыр. Кітап, газет қымбаттығы да содан, әріп тізушілердің жұмысы ауырлауы да содан болып отыр. Қазіргі Татарстанда алынып отырған, Бурнаш жобасымен жасалып, іске асырылып отырған оқушыға түк жаттығы болмай отырған әріптің дара түрін біздің латыншылар ауызға алмай отыр. Өзгертілген араб әрпінің дара түрімен латын әрпін және оның орнына орыс әрпін салыстырып қарасаңыз, қымбатшылық жағынан екеуінің де қалыбы даярланған соң қорғасыннан құйылып шығуы бірдей, орыс әрпінен қазақ әрпі бұрын қымбат болса, оның себебі – қазақ әрпінің қалыбы көптіктен, бір әрпінің қалыбы 3-4 түрлі болғандықтан еді. Енді олай болмайды. Араб әрпі дараланса да жоламаймыз десендер, ол бір басқа, бірақ оны керексіз дерлік дәлелді біз көргеніміз жоқ.

Сөзді қорыта келгенде, қаражат жағынан латын мен араб әрпінің бізге қайсысы қолдануға лайықты, соны айталық.

Араб әрпін соңғы өзгертілген жоба бойынша (дара түрін) алуымыздан келер шығын жоқ, өзгертілген әріптің жоғарыда айтқанымыздай, оқушыға жаттығы жоқ, мынау мынадай әріп деп ешкімге үйретіп жатпаймыз. Ал, енді латын әрпін қолдануға келсек, бұған шығатын ақша есепсіз көп болмақ керек. Латын әрпін өзгертеді екеміз, корректорларды латынша үйретеді екеміз, латын әрпімен оқытатын мұғалімдер даярлайды екеміз, ел-елде мектеп ашады екеміз, қызметкерлерді үйретеді екеміз, тағы да толып жатқан шығындары болады екен. Осының бәрін есептесек, бұған миллиондаған ақша кетуінде сөз жоқ. Қазір латыншаның бұрынғы әрпімізден іс жүзінде артықтығы жоқтығын көре тұра, каншалық қаражатты, толып жатқан кемшіліктерімізді түзетудің орнына аса ділгерлігі жоқ латынды кіргізу үшін жұмсауымыздың түк қисыны жоқ.

Гүлнар МІРЖАҚЫПҚЫЗЫНЫҢ
жеке архивінен алынды

**Қазақстан
Республикасының
Президенті – Елбасы
Нұрсұлтан Назарбаевтың
Тәуелсіздік күніне арналған
салтанатты жиында
сөйлеген сөзі**



ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕТІ ҚАЗЫНАСЫ

Қымбатты отандастар! Құрметті қазақстандықтар!

Барша арманымыздың аскары, бақытымыздың бастауы болған ұлық мереке – Тәуелсіздік күні құтты болсын!

22 жыл бұрын біз Мәңгілік Ел болудың бірегей қадамын жасадық. Дүйім дүниеге тәуелсіздігімізді жария еттік.

Бұл – ата-бабаларымыздың арманы ақиқатқа айналып, азаттыққа қолымыз жеткен аса қасиетті күн.

Бұл – ұрпақтарымыз ұлы елдің ұланы, азат елдің ақиығы атануына жол ашылған кастерлі күн.

Бұл – тілімізді жаңғыртып, дінімізді қайтарған, тарихымызды түгендеп, тағдырымызды таңдаған ұлы күн.

Тәуелсіздік – тәуекелі жеткендердің ғана пешенесіне бұйыратын бақыт. Бүгін Мәңгілік Еліміздің жаңа ғасырдағы жаңғыру жолы – «Қазақстан-2050» Стратегиясы дүниеге келген күн.

Құрметті қазақстандықтар!

1991 жылдың 16 желтоқсанында әлем ұлттары шоқжұлдызында жаңа жұлдыз – Қазақстан Республикасы жанды. Осы күні біз өзіміздің Қазақстан Жолын бастадық. Біз ұлы миссияны жүзеге асырдық – Тәуелсіздіктің көш бастаушылары болдық. Уақыт – зымыран. Тәуелсіз Қазақстан дүниеге келген сәттегінің бәрі бүгін Мәңгілікке алыстап бара жатқан Тарих. Сол кездегі уақыт туралы біз қазіргі ұлы жетістіктерді салыстырып пікір айтамыз. Жиырма екі жыл бұрын біз тек экономикамызды көтере аламыз ба деп армандаған едік. Ал, осы жылы Қазақстан әлемдегі бәсекеге аса қабілетті елділіктің қатарына енді.

Тәуелсіздіктің таңсәрісінде біз ешқандай да әлемдік рейтингке енбейтінбіз. Біздің

халықаралық рейтингіміз іс жүзінде нөлге тең еді. 2006 жылы мен дамыған елдердің «елулігіне» ену міндетін қойған кезде елімізде және шетелдерде талай адам бұл қадамға күдік-күмәнмен қарады. Бірақ ақиқат ақиқат күйінде қала береді: біз бұл міндетті бар-жоғы жеті жыл ішінде шештік!

Тәуелсіздіктің алғашқы таңы атқанда бізде өзіміздің жас валютамызды қолдау үшін өз қаржымыз тіпті атымен жоқ болатын. Биыл біз Қазақстан теңгесінің 20 жылдық мерейтойын атап өттік. Тұрақты қаржы жүйесі табысты жұмыс істеп тұр. Елдің жиынтық халықаралық резерві өсу үстінде. Жақын арада олардың көлемі 100 миллиард доллардан асып, тарихи рекордқа жететін болады.

Осы жылдар ішінде біз тиімді өңірлік саясатты жолға қойып, барлық облыстардың өсу қарқынын теңдестірдік. Осы жылы алғаш рет жергілікті әкімдер сайлауы өтті. 7 мыңнан астам кандидат қатысқан сайлауларда мәслихаттар екі жарым мыңға жуық аудандық маңыздағы қалалар, ауылдық округтер, кенттер мен селолар әкімдерін сайлады. Бұл – еліміздегі әкімдердің жалпы санының 91%-ы.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінде сол кезде шеті де шегі де жоқ болып көрінген аса ауыр әлеуметтік проблемаларды біздің қашан және қалай шеше алатынымызды көп адамның көзіне елестетуінің өзі қиын еді. Бүгінде Қазақстанда халықтың әл-ауқатының сапасы артып келеді, адамдардың табыстары да ондаған есе өсті. Қарапайым цифрға назар салайық. 2000 мен 2013 жылдар аралығында қазақстандықтар бүкіл әлем бойынша шамамен 61 миллион рет шетелдік іскерлік және туристік сапарларға шыққан. Осы жылдар ішінде біздің елімізге шамамен 46 милли-

он шетелдік мейман келген. Бұл, бәрінен бұрын, біздің азаматтарымыздың арта түскен игілігі мен біздің Отанымызға жаһандық қызығушылықты көрсетеді.

Бүгінде «Болашақ» бағдарламасы бойынша қазақстандықтар әлемнің 33 еліндегі үздік жоғары оқу орындарында оқиды. Болашақтықтар қазірдің өзінде 10 мың адамнан асып отыр. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) деректері бойынша, 2012 жылы 65 мың қазақстандық түрлі әлемдік университеттерде білім алды. Бұлар – болашақтықтардан басқа оқуының құнын ата-аналары төлеген ондаған мың жас қазақстандықтар. Осының барлығына қазақстандықтардың әл-ауқаты мен мүмкіндігінің артуының арқасында қол жетті.

Әлемдік экономика үшін дағдарысты болған соңғы 4 жылда біз мұғалімдердің орташа айлық жалақысын 2 есеге жуық көтердік. Бізде 22 жылда нағыз автомобильдік революция жүзеге асты. Егер 1992 жылы жеке иеліктегі жеңіл автомобильдер 885 мың болса, 2013 жылы олардың саны 3 миллион 600 мыңды құрады. Бұл – өсім 4 еседен астам деген сөз.

Жиырма екі жыл бұрын Қазақстанға демографиялық құлдырау болжанған еді. Бірақ бұл болжам, басқа да көптеген сұрқайлықтар секілді, ақталған жоқ. Тәуелсіздік жылдарында біздің елде 6 миллион 736 мың сәби өмірге келді! Біздің дәрігерлер дайындауға және тұтастай алғанда, денсаулық сақтау саласына ерекше назар аударып отырғанымыздың арқасында тек биылғы жылдың 9 айында Қазақстанда жүрекке 40 мың түрлі операциялар жасалды. Олардың шамамен 10 мыңы ашық жүрекке жасалды! Осының барлығы тегін жасалады, демек, мемлекеттің ақшасына деген сөз! Бұндай жағдай әлем елдерінде жоқ! Осы жылдарда «Болашақ» бойынша 560 білікті дәрігер дайындалды. Және олардың әрқайсысы адамдарды емдеп, жас мамандарға ақыл-кеңестерін айтады, тағылымдамадан өткізеді. Осының барлығы – денсаулық сақтауды дамыту, ана мен балаға, қарт адамдарға қамқорлық жасау жөніндегі жиырма жылғы жоспардың нақты нәтижесі. Ең басты нәтиже – орташа өмір сүру жасы өсіп, өлім азаюда, ел халқының саны артуда. Бұл – біз мақтана алатын негізгі және басты көрсеткіш.

Жиырма екі жыл бұрын біз дамудың дұрыс векторын таңдадық. Ұлы Ел жобамызды біз «Қазақстан-2030» Стратегиясында негіздедік және оны мерзімінен бұрын, бір жарым онжылдықта жүзеге асырдық. Тәуелсіздік бізге болашаққа батыл қарауға, алдағы перспективаларды айқын көруге мүмкіндік берді. Осы ұлы сыйды біз қазір «Қазақстан-2050» Стратегиясының тарихи міндеттерін шеше отырып, толығымен пайдаланудамыз.

37 жылдан соң аяқ басатын 2050 жылғы перспектива қазір алыс сияқты көрінеді, бірақ бұл – қысқа ғана уақыт аралығы. Біз көптеген қиындықтарды еңсере білдік және уақыт әркез біздің одақтасымыз болды. Әрқашан осылай болатынына сенімдімін.

Қымбатты отандастар!

Халқымыз үшін қашанда жеті санының орны бөлек. Жеті ырыс, жеті қабат көк, жеті қазына: айта берсек жеті санына байланысты қасиетті ұғымдар өте көп. Еліміздің жаңа ғасырдағы басты бағдары – «Қазақстан-2050» Стратегиясы да жеті басымдықтан тұрады. Тәуелсіздіктің тартуы ретінде халқымыз құн жетпес Жеті қазынаға ие болды.

Бірінші қазынамыз: Алтай мен Атыраудың, Арқа мен Алатаудың арасын ен жайлап, еркін көсілген Мәңгілік Еліміз. Біз шекарамызды шегендеп, іргемізді бекіттік, көршімен тату, алыспен сыйлас, ісі ілгері басқан жасампаз Ел болдық. Біздің мұратымыз – Мәңгілік Еліміздің асқақ болмысын аялап, 21-ші ғасырдың төріне оздыру.

Басты игілігіміз – біздің қасиетті де лайықты еліміз – Мәңгілік Ел. Он төрт мың километрден астам талас тудырмайтын шекарамыз біздің Отанымызды біртұтас монолитке шегендеді. Шекарамыз барлық шектес елдермен ізгі көршілестіктің шебіне айналды.

Екінші қазынамыз: Ел бірлігі. Біз туған елімізді бейбітшіліктің бесігіне айналдыра білдік. Тыныштық арқылы тұрақтылық, татулық арқылы тұтастық төрімізге озды. Барша этностар ел иесі – қазақ ұлтының маңына ұйысты. Тегі бөлек болғанмен тілегі бір, қаны бөлек болғанмен жаны бір тұтас халық құралды. Бірлік, береке – біздің баға жетпес байлығымыз, құн жетпес қазынамыз. Тұғырымыз – тыныштық, тірегіміз – тұрақтылық, тілегіміз – татулық болса еліміз тарих төрінен табылады.

Тәуелсіздік халықты Ассамблеяның – бейбітшілік пен келісімді сақтаушының біртұтас шаңырағының астында тұтастыра түсті. Біздің рухани бірлігіміз – зайырлы мемлекет пен қоғамның басты іргетасы.

Үшінші қазынамыз: тәуелсіздікпен бірге түлеген төл мәдениетіміз бен туған тіліміз.

Азаттықпен бірге ұлттық рухымыз асқақтады, мәдениетіміз мәңгілік құндылыққа айналды. Ата дініміз оралып, ана тіліміз тұғырына қонды. Қазақ тілі еліміздің мемлекеттік тілі ғана емес, түркі әлемінің жетекші тілдерінің біріне айналып келеді. Аймақтарға сапарларымыздың бірінде Ассамблеяның қазақша еркін сөйлейтін бір өкілі: «Мен мемлекеттік тілді меңгерумен бірге, 25-тен астам түркітілдес халықтың мәдениетіне есік аштым», деген еді.

Қазір қазақ тілі көрші елдерден өзге Әзербайжан мен Армения, Беларусь, Польша, Мажарстан, Оңтүстік Корея, Герма-

ния, Ұлыбритания, АҚШ мемлекеттерінің белді оқу орындарында оқытылады. Бұл мемлекеттердің қатары жыл өткен сайын толығуда. Әйгілі Кембридж университетінде қазақ тілі, тарихы мен мәдениеті туралы арнайы пән бар. Осының барлығы қазақ тілін өзіміздің құрметтей бастағанымызды және оған қажеттілік күн санап арта түскенін көрсетеді. Мемлекеттің саясаты қазақ тілінің мәртебесін нығайтып, оның қолдану аясын кеңейтуде. Ол отандық ақпарат құралдарының, мемлекеттік қызметтің, интернеттің, ғылым мен білімнің тіліне айналды. Оқушылар мен студенттердің басым көпшілігі қазақ тілінде білім алуда. Қазір барша қазақстандықтардың 70 %-ы мемлекеттік тілді меңгерген.

Тәуелсіздіктің арқасында ұлттық мәдениетіміз қайта жаңғырды. «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асырып, кеткенімізді келтірдік, кемтігімізді толтырдық. Көмбелерімізді аршып, тарихымызды түгендедік. Қазақтың асқақ өнері мен бай мәдени мұрасы әлем халқының рухани байлығына қосылды.

Төртінші қазынамыз: индустриялық-инновациялық экономика. Индустриялық бағдарлама – біздің экономикамыздың болашағы.

Бүгінде біздің жеріміздің байлығы бүкіл халықтың игілігінде және соған қызмет етеді, халықтық әл-ауқатының тұрақты артуына жағдай туғызады. Халықаралық сарапшылардың бағалауы бойынша, осы жылы Қазақстан минералдық ресурстарды басқару жөніндегі әлемдік рейтингте 19-шы орын алды. Біз жаһандық дағдарыстардың тағылымын жақсы меңгердік. ХХІ ғасырда барлық табысты ұлттардың жолын индустриялық әлеует пен инновациялар айқындайды. Сондықтан индустриялық-инновациялық дамудың жоғары нәтижесі – Тәуелсіз Қазақстанның экономикалық бекемдігінің басты мәселесі. Индустрияландырудың алғашқы «бесжылдығын» жүзеге асыра отырып, біз 200 мыңнан астам жұмыс орны құрылған 700 мүлдем жаңа кәсіпорын салдық. Оған біз 2 триллион 100 миллиард теңге жұмсадық, бірақ бұл кәсіпорындар тек биылғы жылдың өзінде 2 триллион 300 миллиард теңгенің өнімін өндірді. Осылайша, салынған қаржы қазірдің өзінде өзін өзі ақтап жатыр.

Бесінші қазынамыз: Ұлттық байлығымыздың, әл-ауқатымыз бен әлеуетіміздің түп негізі – Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы.

Қазақстан мен қазақстандықтардың қолындағы қазіргі барша қазынаға біз тер төге еңбек етудің арқасында жеттік. Еңбек әр адамды мейірбан, ал елді ұлы етеді. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы – Тәуелсіздікті нығайту жолындағы күрделі жұмыс барысында туған біздің қазақстандық идеямыз.

Алтыншы қазынамыз: еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің бойтұмары, әсем қаламыз – Астана.

Бүгінде Астана – мемлекет қуатының

архитектурадағы бейнесі. Оның жаңа орамдарында, алаңдарында, саябақтары мен сәулеткерлік інжу-маржандарында біздің Тәуелсіздігіміздің Ұлы Тарихы айнадағыдай көрінеді. Сондықтан Астанаға деген сүйіспеншілік – әрбір қазақстандықтың біздің ортақ Отанымыз – Қазақстан Республикасына перзенттік сезімі. Бұл Жаңа қазақстандық патриотизмнің алтын арқауы.

Жетінші қазынамыз: Қазақ елінің абыройын асқақтатып, бүкіл әлемді мойындатқан жаһандық жауапкершілігі мен барша адамзаттық бастамалары.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап біздің еліміз өзін әлемге жауапкершілікке берік егемен держава ретінде танытты. Әлемдік қоғамдастық біздің жаһандық ядролық қауіпсіздікті, мәдениеттер мен діндердің үнқатысуын нығайту туралы бастамаларымызды жоғары бағалайды. Үстіміздегі жылы Қазақстан Иранның ядролық бағдарламасына қатысты келіссөздер үдерісіндегі серпінділікке қол жеткізуге өзінің үлесін қосты. Алматыда өткен көпжақты келіссөздердің екі раунды көп жағдайда сенімсіздіктің сеңін бұзса, ол Женевадағы уағдаластықтарға алып келді. Астана ЭКСПО-2017 Бүкіләлемдік көрмесін өткізуге дайындық жүргізуде. Осының барлығы біздің Тәуелсіздігіміздің баға жеткізгісіз табысы, оның нақты жемістері мен перспективалары.

Жылға бергісіз күндер, ғасырға бергісіз жылдар болады. Біз үшін өткен 22 жыл дәл осындай кезең. Біз үйренетін ұлттан үйрететін ұлтқа, жығуға емес, жығылмауға ұмтылатын елге айналдық. Ертеңгі ұрпақ бізге бүгінгі ісімізге қарап баға береді. Осы Жеті Қазынамызды дәріптеп, дамыта білсек, ұрпақ алдында жүзіміз жарқын, мерейіміз үстем болады.

Біз «Қазақстан-2050» Стратегиясының ұлы мақсаттарына ұмтылдық. Әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына қосылуға қадам бастық. Оған бізді адастырмай апаратын жалғыз жарық жұлдызымыз – Темірқазығымыз бар. Ол – тәубе дегізетін, тәу ететін біздің ұлы Тәуелсіздігіміз. Тәуелсіздік – жасампаз халқымызға сарқылмас қуат беретін, көзіне нұр, көңіліне шуақ құятын кәусар бұлағымыз. Біз кемеңгерлігі мен көрегендігі, бірлігі мен бірегей мақсаткерлігі қатар өрілген Мәңгілік Елімізді мақтан тұтамыз. Тәуелсіздіктің туын тігу бақыты мен оны баянды етіп, нығайту міндеті біздің мандайымызға жазылды.

Біз Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық. Мәңгілік Елдің жүрегіне айналған мәңгілік Астанамызды тұрғыздық. Мәңгілік мызғымас экономика қалыптастырып, Мәңгілік өшпес жылнама жаздық. Мәңгілік болашаққа жол салдық. Осының барлығы тәуелсіздігіміздің тартуы, азаттығымыздың асыл қазынасы.

Тәуелсіздігіміз тұғырлы, елдігіміз ғұмырлы болсын!

Мәңгілік Еліміздің келбеті сәнді, еңбегі мәнді болсын!

Құллі халқымызға берекелі бірлік пен баянды тірлік тілеймін!



Жания ӘБДІБЕК
журналист

ЕКІНШІ КЕЗЕҢ: ЕУРАЗИЯ ОДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНҒА НЕ БЕРЕДІ?

немесе ұмтылысымыз бен
ұтылысымыздың ара-салмағы қандай?

Еуразиялық экономикалық комиссия мүшелерінің
жұмысы саясиланған және комиссия мүшелеріне
Ресей тапсырма береді

Н. НАЗАРБАЕВ.
Минск. 24 қазан 2013 жыл

Евромайданды көріп отыра ойланып қалдым: неге Украина Еуропаға ұмтылады? Халықтар неге Еуропада өмір сүргісі келеді? Неге Еуропалық Одаққа, қосылғысы келеді? Соншалықты Еуропада керемет бар ма? Несімен тартымды? Олигархтарымыз да, көшбасшыларымыздың отбасы мүшелері де Еуропалық мемлекеттердің азаматтығын алуға ұмтылады. Неге?.. Қазақтар, біз ұлттық тағдырымызды кіммен байланыстыруымыз керек? Шығыста туып, Батыста өлу шарт па? Неге еуростандарт азиялық стандарттан жоғары? Қазақ студенті ретінде осы сұрақтар мені мазалайды.

Нұрлыхан Қалмахан,
ҚазҰУ-нің 1 курс студенті

Журналымыздың 2012 жылғы 11 санында «Еуразия идеясы, Еуразия Одағы, Еуразия парламенті бізге не берді?» деген тақырыпта «Келелі кеңес» өткізіп, ондағы қойылған сұрақтарға белгілі саясаткерлер мен тарихшылар, әрі қоғам қайраткерлері жан-жақты жауап берген еді. Содан бері де біраз уақыт өтті. Сөйткен Қазақстан, Ресей және Белоруссия арасындағы Еуразиялық экономикалық Одақтың құрылғанына да биыл үшінші жыл. Үш кезеңмен жүзеге асырылатын Еуразиялық экономикалық Одақ қазір екінші кезеңіне аяқ басты. Бірінші кезең – Кедендік Одақ аясында экономикалық интеграциялаудың алғышарттары жасалып, бірқатар іс-шаралар атқарылса, екінші кезеңде – Бірыңғай экономикалық кеңістік құру шаралары басталып та кетті. Осыған орай, көкейде түйткіл көп. Осы мәселе төңірегіндегі сауалдарды жоғарыдағы назарларыңызға ұсынып отырған ҚазҰУ-дың 3-курс студенті де төтесінен қояды. Шынында да, Еуразия Одағының екінші кезеңі бізге не береді? Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев та Минскіде өткен басқосуда одақтың Қазақстанға тиімсіздігін, бастапқы кезде сарапшы мамандардың қателігінен

интеграцияның басталып кеткендігін баса айтты.

Міне, осыған орай, журналымыз тағы да «Екінші кезең: Еуразия Одағы Қазақстанға не береді? Ұмтылысымыз бен ұтылысымыздың ара-салмағы қандай?» атты «Келелі кеңес» өткізді. Оған экономика ғылымдарының докторы, профессор Тоқтар Есіркепов, философ Әбдірашит Бәкірұлы, саясаттанушы Расул Жұмалы, саясаттанушы Әзімбай Ғали, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, саясаттанушы Сейілбек Мұсатаев қатысып, орамды ой-пікірлер айтты.

– Өздеріңізге белгілі, соңғы уақытта Еуразиялық Одақ төңірегінде дау-дамай жиі туындап жүр. Одақ құрамындағы Ресейдің саяси және экономикалық ықпалының артуы одақ ішіндегі тепе-теңдіктің бұзылуына алып келуде. Және бұл жайт Белоруссия мен Қазақстан тарапынан наразы пікірлер туындауда. Құрылғанына үш жыл болған бұл одақтан Қазақстан қандай пайда көрді, яғни, осы аралықтағы біздің ұмтылысымыз бен ұтылысымыздың ара-салмағы қандай? Және Еуразиялық Одақ идеясы қалай пайда болды және қайда бара жатыр?



Әзімбай Ғали: – Еуразиялық концепция бастапқы кезден-ақ өзінің империяшыл сипатымен көзге түсті. Негізгі идеяны қағып алып, дамытқандар Ресей саяси элитасы болды. Ресей басшысы В.

Путин сол Еуразиялық концепцияның жүзеге асырушысы болса, ал, оның идеологы Дугин секілді антиатлантист зиялылар. **Жалпы, Еуразиялық концепцияның негізгі белгілері: антиатлантизм секілді батысқа қарсы көзқарастар, Ресейдің оқшау дамуды көздеуі, Батыс пен Еуразияны қас субъекті ретінде көрсетуі және басқаларды өздеріне қосып алып, империяның сойылын соғуы керек деген идеялар.** Мұндай концепция Сталиннің кезінде де бар болатын, содан кейін бұл идеяны дамытушы идеологтардың бірі Гумилев болды. Өкініштісі сол, біздің үлкен Еуразиялық университет антиатлантист, ресейшіл Гумилевтің атында екендігі. Бұл өте таңғалатын құбылыс. Мүмкін, сол кезде, яғни, 90 жылдары өзекті болып, еліміздің тұтастығын сақтау үшін керек те болған шығар. Бірақ, дәл қазір артықтау, өйткені, ол Қазақстанның имиджін бұзады. Тағы бір айта кетерлік жайт, Еуразиялық концепцияға және оның бастамасы – Кеден Одағына АҚШ қарсы.Тіпті, бірнеше рет ескертпелер де жасады. Қазір АҚШ және Еуропа Ресей банктеріне қарсы бірқатар шаралар қолданып жатыр. Бірте-бірте Ресейге жұмсақ түрдегі санкциялар, шектеулер қоюда. Украинадағы жағдайларда да Батыс өзінің белсенділігін көрсетіп отыруы бекер емес. Менің ойымша, егер біз Еуразиялық проектке толығымен кіретін болсақ, біздің экономикалық дамуымызға геосаяси шектеулер қойылады. Бұл бізге үлкен қиындық туғызады. Өйткені, Еуразиялық проекттердің геосаяси және геэкономикалық болашағы өте бұлыңғыр. Алғашқы кезде Еуразиялық идеяға қарсы пікір айтқандарға наразы болып, қысым жасап, жұмыстан шығаруға тырысты. Ал, бүгінгі таңда Елбасының өзі бұл проектің практикасы жөнінде министрлерді сынға алуда. **Осыған дейін «Еуропаға жол» атты концепция бар болатын. Сол концепцияға сәйкес, Орта Азия мен Еуропа елдері тек экономикалық бағыттарда саяси интеграция**

жасап және соның ішінде басты рөл Қазақстанға берілуі тиіс еді. Міне, Еуразиялық Одақ тиімсіздігін көргеннен кейін, «Еуропаға жол» концепциясы қайта жандануы мүмкін. Астана оны ұмытпай, оның жан-жақты, тиімді идеяларын қайтадан жаңғыртуы керек. Бұл біз үшін перспектива және Елбасының өзі бұл идеяны қолдайды. Менің пікірімше, Қазақстанның түпкі мақсаты Еуропалық Одақ пен НАТО болуы қажет. Жалпы, ұлтжанды азаматтар, мемлекетшілдер де сол бағытты қолдауы керек. Соңғы кездерде еліміздің Ресеймен қатынастары күрделенді. Қарапайым оқиғаларға байланысты шиеленістер туындап жатыр. Бұл бастама ғана болуы мүмкін. Біздің Ресеймен қатынастар ары қарай шиеленісуі мүмкін. **Елбасымыз Н.Назарбаевтың В.Путинге Кедендік Одақ тек экономикалық байланыстармен шектелсін, құқықтық негізді сақтайық дегендей ескертпелер жасауы тегін емес. Біздің экономикалық саясатта әсірерген үлкен қателігіміз Дүниежүзілік сауда ұйымына кірмегеніміз. Егер, осы ұйымға кірер болсақ, Кеден одағы бізге түкке де жарамай қалатын еді. Жылда келесі жылы кіреміз деген оймен келе жатырмыз. Және біраз қарқыннан айырылды.** Осындай жағдайларды көріп-біліп отырып, қазіргі таңда еліміз геосаяси, идеологиялық, геэкономикалық тұрғыдан алғанда тығырықта тұр деген қорытынды жасауға болады.



Токтар Есіркепов:

– Кеңес Одағы құлағаннан кейін, оның құрамында болған 15 мемлекет әлемде өз орнын табуға тырысты. Ал, қазір сол процестің екінші кезеңі жүріп жатыр деп ойлаймын. **Балтық елдері Шығыс Еуропаға қосылып кетті, Орталық Азия елдері Қытаймен байланыста дамып келеді. Бұл кезеңде кейбір елдерге Шығыс серіктестігіне немесе Еуроодаққа қосылу секілді таңдау тұр. Сондықтан, дұрыс таңдау жасауымыз керек. Қазақстан үшін Еуропа мен Ресей секілді екі үлкен жолайрық тұр.** Егер, Еуропа әлемге өзінің үлкен өркениетімен, ғылым-білімімен, мәдениетімен танылып, үлгі болып отырған үлкен өркениет болса, ал, Ресейден басқаша пиғыл байқаймыз. Яғни,

Еуроодаққа қарсы одақ құрғысы келетін секілді. Бұрын «Ресей Кеңес Одағын жаңа формада құрғылары келе ме?» деп ойлаушы едім, қазір қарасам, олардың ойларында бұрынғы Ресей империясын қалпына келтіру бар екен ойларында. Өйткені, соңғы уақытта Романовтардың мұражайларын жандандырып, насихаттау қолға алынууда. Өздерінің дамуына тікелей балта шапқан коммунистер екендігін, оның ішінде Ленин унитарлы Ресейді федеративті мемлекетке айналдырып жіберді деген секілді Кеңес Одағына қарсы ойлар жиі айтылып жүр. **Олардың басты арманы унитарлы Ресейді қайта қалпына келтіру және бұл саясаты ашық түрде жүргізіліп жатыр.**

Еуразиялық экономикалық Одақты жүзеге асыруда үш қадам айтылған болатын. Ал, одан кейінгі төртінші, бесінші қадамдары қандай болады деген ой туындайды. Ресей президенті В.Путин 2011 жылғы сайлауалды сөзінде өздерінің Еуразиялық Одақ құратындарын айтты. Экономикалық деген жоқ. Біздің ел тарапынан 2011 жылы Мәскеуде 17 шартқа қол қойылып, бірыңғай экономикалық кеңістікті қолдаймыз делінген болатын. Сонда, ұлт жанашырлары Одақтың саяси бағыт алып бара жатқанын айтқанда, оларға билік басындағылар одақтың жаулары деп, құлақ аспаған еді. Ал, билік мұның артында саясылық жоқ, экономикалық одақ деп сендірген-ді. **Қазір Ресейдің ақпарат көздеріне, саяси элитасының пікіріне және ең бастысы, Путиннің сөздеріне қарасаңыздар, бұл одақтың соңы түбінде жаңа империя құруға алып келе жатқандай. Егер, олардың ойында Ресей империясын қалпына келтіріп, унитарлы мемлекет құру бар болса, біз, Қазақстанның оларда неміз бар? Ресейдің унитарлыққа ұмтылуының бір дәлелі, ондағы кейбір ұлттық автономияларды экономикалық әлеуеті төмен деген секілді желеулермен біріктіріп, ұлттық деген атаулардан ақырындап арылтып жатыр.**

Осындай жағдайды көріп отырған Қазақстан үшін дұрыс жол – Еуропаны таңдау. Бұл идея туралы арнайы бағдарлама да қабылданған еді. Елбасы қол қойған «Еуропаға жол» деген бағдарламаның мерзімінің біткеніне және еліміздің ішкі жағдайларымызға байланысты соңғы жылдары бұл мәселе тоқтап тұр. **Соңғы мәліметтер бойынша, еліміз бен**

Еуроодақ арасында түрлі келісімдерге қол қойылып жатыр. Екіншіден, АҚШ пен Еуропа елдері арасында еркін экономикалық кеңістік құрылмақшы. Сондықтан, Қазақстан үшін ең тиімдісі Еуропамен байланысты күшейту. Ал, бұл Еуропамен интеграцияның бірінші қадамы. Қазір біздің Еуропамен экономикалық байланысымыз жақсы. Осы кездегі елдегі нарықтың 50% жуығы Еуропадан келетін тауарлар, яғни, біздің экономикалық байланыстарымыз Еуропа елдерімен мықты. **Елбасы соңғы жылдары табиғи ресурстарды жай инвесторларға емес, технология әкелетіндерге беруі керек деген секілді ой айтып жүр. Сол типтес байланыстар Еуропа елдерімен орнатылуы тиіс. Сондықтан, осы бағытты одан әрі күшейтіп, ал, Ресеймен арадағы одақ тек экономикамен ғана шектеліп қалуы тиіс.**



Расул Жұмалы:

– Өңгімені Еуразиялық идеяның өзінен бастасақ. Бұл идея пайда болған тұста, XIX ғасырда ол онша жаман идея болмаған да шығар. Оны көтерген орыстың Н.С.Трубецкой, П.Н.Савицкий, Г.В.Бернадский, кейін Л.Гумилев, одан соң А.Дугин сияқты кейбір зиялылары еді. Олардың көздегені Еуразиядағы өркениеттер, мемлекеттер, халықтар бір-бірімен тығыз араласып, саяси, дүниеәуи, сауда, басқа да қарым-қатынаста байланыста болсын деген идеяның төңірегінде туындады. Еуропа елдері соғыс арқылы емес, өркениетті, бейбіт жолдармен ортақ мәмілеге келіп, бір-бірін сыйлай отырып, тұтастықты іске асыру болатын. Әу баста осындай пікір болды. Және XX ғасырда бұл идея негізінен ұмыт болды да, ғасыр соңында қайта жанданды. **Біздің Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев 1994 жылы МГУ-да оқыған дәрісінде алғаш Еуразиялық Одақ қажеттілігін көтергені де сондықтан. Осындай әділ, тарихи жаңа формацияда біз мемлекеттер бірлестігін, экономикаға, саясатқа негізделген бірлестік құрсақ деген идея айтты. 1994 жылы Ресейлік тарап: Кремль, Ельцин, ресейлік саясаткерлер бұл идеяға немқұрайлы қарап келді. Менсінбеді, тұрасын айтқанда.** Посткеңестік кеңістікте қандай да бір

интеграция туралы Ресейден басқа ба-
стамаларды көтеруге қандай қақысы бар
дегендай сыңай танытты. Бірақ, арада
уақыт өткеннен кейін, Ресейде билік ауы-
сып, Путиннің келісімен бірте-бірте жаңа
интеграциялық құрылымдардың бастау
алғаны байқала бастады. Яғни, Н.Назарбаев
ұсынған атауды алып, Еуразиялық Одақ,
тағдырлардың ортақтығы туралы ойлар-
ды бүркеме ретінде пайдаланып, сол баяғы
Ресейлік империя болмаса, Кеңес одағын
қалпына келтіруді жүзеге асыруға көшті.
Яғни, бұл аты Еуразиялық болғанымен, ал,
шын мәнісінде кезіндегі кеңестік үкімет
сияқты құрылым. **Кеңес Одағы тұсында
70 жыл бойы «кеңес халқын, кеңес фор-
мациясын құрамыз», «кеңестік меншік
орнатамыз» дегендердің барлығы тек
бүркеме болды да, іс жүзінде жаппай
орыстандыру саясатын жүргізді. Басқа
ұлттарды өздерінің ұлттық
болмысынан, сана-сезімінен айыру, қай
жағынан болмасын, саясат, экономика,
әлеумет, мәдениет, тарих, т. б. саласын
толығымен Кремльге бағынышты ету
көзделді. Кезіндегі кеңестік саясаттың
ұстанған бағыты осы еді. Сөз жүзінде
– совет, іс жүзінде – орыс. Еуразиялық
Одақтың бағыты да сол.** Алғашқы
кезеңінен бастап, Ресейдің меңзегені
шын мәнісінде интеграция немесе тең
дәрежелі мемлекеттердің әділ, өзара тиімді
ықпалдастығы емес, бұл баяғы Кеңес
Одағын қайта қалпына келтірудің бір ама-
лы болып отыр. Еуразиялық одақ соның
бүркемесі ғана. Соның нәтижесінде көріп
отырғанымыз, өзіне жақын Қазақстан,
Белоруссия секілді елдерге аярылық көр-
сетіп, Кедендік Одаққа қол қойғызып,
асығыс, мейлінше тездетіп, айналасы
екі-үш жылдың ішінде Кедендік Одақ
құрылды. Ортадағы құжаттардың барлы-
ғы Белоруссияға да, Қазақстанға да
тиімсіз. Әсіресе бізге! Ортақ одақ деген
ұғым болғанымен, басым бөлігі ресейлік
мүдделерге негізделген келісімшарттар
болып отыр. Ортақ Кедендік кодекстегі
белгіленген салықтар, баж салығының
92% Ресей орнатқан жүйе болып та-
былады. Үш мемлекеттерден жоғары
тұратын, одақты басқарып отырған
кедендік комиссия мүшелерінің 70-80%
ресейліктер. Оның басшысы кезінде
Ресейдік вице-премьері болған Вик-
тор Христенко. Яғни, екінші Кремльді
жасақтап алды. Дауыс беру жүйесінде де
70-80% Ресейдің қолында. Қалған 30%-

ын Қазақстан мен Белоруссияға бөліп
берген. Екі мемлекет бірігіп, Одақ үшін
шешім қабылдай алмайды, ал, жалғыз
Ресей екі мемлекетке қатысты шешімді
өзі қабылдай алады. Осындай өте әді-
летсіздіктер көп. Кедендік Одақтың әу
бастағы көздеген мақсаты да сол болатын.
Осындай шектелген форматта болса да,
бұрынғы Мәскеудің өктемдігін орнатып,
империялық статусын қайта жаңғырту.
Ал, қазір Кремль ауқымды кеңейтуге
тырысуда. **Басқа елдерге сес көрсетіп,
сауда соғыстарын, санкциялар жария-
лады, газды жауып тастады; Украи-
на, Молдова, Армения, Азербайжан,
Өзбекстан, Кыргызстан секілді елдерге
одаққа кіруге ықпал жасауда. Тіпті,
интеграциялық жеңілдіктер дегендей
ұсыныстар айтуда. Қыспаққа алғанмен,
бұл мемлекеттер одаққа кіруден бас
тартып отыр. Бұл интеграциялық одақ
«өлі туған бала».** Кедендік Одақ болсын,
одан кейінгі кезеңі ортақ экономикалық
кеңістік болсын, Еуразиялық одақ та солай.
Бұл ешқандай интеграциялық құрылым
емес, бір жақты, Ресейге тәуелді бір коа-
лицияны, әскери саяси блогты қайта құру
болып саналады.

Екінші кезең басталды. Біздің би-
ліктің көріп отырғаны «аузының
күйіп» отырғаны. 2009-2010 жылы
еліміздің экономистері, тәуелсіз са-
рапшылары, саясаттанушылары осы
мәселені көтерді. Олар асығыс ше-
шім қабылдап, келісімдерге негізсіз
қол қоюға, біздің экономикалық
мүмкіндіктерімізді, ерекшеліктерімізді,
ұлттық және мемлекеттік мүдделері-
міздің ескермей Одаққа енуге бол-
майтынын айтуындай айтты. Ер-
телі-кеш осындай жағдайлардың ал-
дымыздан шығатынын, соны неге
апаратынын, ұтылыстарға алып ке-
летінін айтып, шырылдаумен болды.
Ал, ең келеңсізі, сол кездегі ресми
билік өкілдері Ертісбаев, Ерімбетов
секілділер сынағандарды қылмыстық
жазаға тарту керек деді де. Бірақ, уа-
қыт өте біздің көріп отырғанымыз,
зиялы қауым, экономистер, депутат-
тар, министрлер, тіпті, Президенттің
өзі де бұл өте тиімсіз, әділетсіз қадам
екеніне көз жеткізді. Сондықтан, қазір
мүмкіндігінше тек қана экономикамен
шектеуге тырысып отыр. Яғни, ортақ ва-
люта, ортақ парламент, қандай да саяси
бірлестік болмайды, тек қана экономика.

Бұның өзі жеткіліксіз. Меніңше, мәселені турасынан қою керек. Әлі де кеш емес, кедендік одақтан шығуға тиіспіз. Себебі, экономикалық мәселелерді кедендік одаққа беріп қоюымыз – біз жыл сайын өзіміздің егеменді, тәуелсіз лауазымдарымызды Ресейге қолдап ұстата салғанымыз. **Кедендік комиссия дегеніміз Мәскеу дегенді білдіреді. Бұл бір-бірімен синнимдес ұғымдар. Бұл интеграция экономикада үлкен ұтылыстар алып келуде. Біздің импортымыз Ресейден, Белоруссиядан екі есеге көбейді, ал, олардан экспортымыз екі есеге азайды. Біздің бәсекеге қабілетті аз ғана тауарымыз бар. Оның өзін Ресей түрлі желеумен, себептермен кіргізбейді. Әділ сауда, байланыс жоқ.** Олардың тауарлары бізге енбейтін болса, олар дау шығарады, біздің интеграцияға қарсы екенімізді алға тартады. Ал, біздікілерді енгізбейді. Белоруссияға да дәл солай. Бүгінде олар ірі кәсіпорындарымызға кіріп жатыр, банк секторына енуде, қазіргі банктердің әлсіреуіне байланысты «Сбербанк» арқылы біздің қаржылық нарықты иемденуге тырысуда. «Сбербанк» секілді ресейлік банктер несиелерді төмендетіп, барлық тұтынушылардың өзіне тартып, нарықтың бір бөлігін иемденіп алғаннан кейін бағаларды көтеруге кіріседі. Ендігі кезекте, теміржолға қатысты шараларға кірісуде. Ресейлік теміржолшылар үлкен жеңілдіктерге ие болып отыр. Сол арқылы «Қазақстан темір жолы» секілді ұлттық компаниямызды әлсіретпек. Дәл сондай жағдай, Қазақстан әуе жолына да қатысты. «Эйр Астананы» қазір ығыстырып, ашық бәсекелестікке «Аэрофлотпен» тайталастырып, сол арқылы тізе бүктірмекші. Арменияға да дәл солай кірген. Ұлттық әуе компаниясын бағаларды төмендету арқылы банкротқа ұшыратты. Қазіргі кезде Арменияның әуе кеңістігі Ресейдің меншігінде. **Келесі қадамы тендерлерде болып отыр. Тендерге біздің кәсіпорындармен тең дәрежеде қатысуға мүдделі. Әрине, Ресей Қазақстаннан 10-15 есе ірі мемлекет. Қазақстаннан айырмашылығы олардың ұлттық компаниялары, ұлттық банкілері барлығы мемлекеттің тікелей қолдауына ие. Сондықтан олармен әділ бәсекелестік бәрібір болмайды.** Ресейдің пиғылы – Экономикалық интеграцияның шеңберінде Қазақстанды экономикалық тұрғыдан мейлінше қауқарсыз, өзіне

меншікті ету, барлық активтерді өздеріне қаратып алу. **Ал, өздеріңізге белгілі, экономикалық тетіктер кімнің қолында, саясат та соның қолында болады.** Сондықтан, мұнымен Экономикамен шектелдік, ары қарай Ресей бара алмайды деп тоқмейілсіп отыруға болмайды. **Ресей астыртын, өте қатқыл саясат жүргізіп жатыр. Активтерді сатып алып, өздеріне тәуелді ету, Қазақстанға түк қалдырмау, ең болмағанда бақылау акцияларын өзіне қаратып алу деген секілді. Біз 3 жыл бойы ұтылып келе жатырмыз, орыстану саясаты жүргізіліп келе жатыр, барлық салада, тек экономикада ғана емес, ақпараттың 90% Ресейге қарап отыр.** Сондықтан, тығырықтан шығатын жалғыз жол – Кедендік Одақтан бас тарту. Бұл әлемдік практика. Қандай да бір одақ тиімсіз болса, одан жарты, бір жыл бұрын ескертіп барып шығуына толық мүмкіндік бар. Бұл Қазақстанның Ресейге қарсылығын білдірмейді. **Бірақ, қарым-қатынасты нақтылау керек. Ресей – бұрыннан келе жатқан қазақ халқының көршілесі. Әрине, Қазақстан, ол мемлекетпен саудалассын, ынтымақтассын, ықпалдассын, егер бір алғышарт орындалатын болса: екі ел тең дәрежеде, ішкі істеріне қол сұғу болмайтын болса және өзара тиімді болатын болса.** Ресейдің қазіргі көздеп отырғаны – бұрынғы Кеңес Одағының құрамында болған он бес мемлекеттің тым құрығанда жартысын Кедендік Одақтың құрамын енгізу. Армения қазіргі кезде еріккеннен Кедендік Одаққа кіреміз деп отырған жоқ. Армения тұйық мемлекет, Азербайжанмен Қарабах үшін соғы жағдайында отыр. Иранмен, түркі тілдес басқа да мемлекеттермен қарым-қатынастары жақсы емес, қауіпсіздігі өте күмәнді, ішкі экономикалық әлеуеті өте төмен. Сондықтан, Армения Ресейге тәуелді. Осының пайдалана отырып, Путин мәжбүрлеп отыр. Бірақ, мұның еш қисыны жоқ. Себебі, **біріншіден** Кедендік Одаққа Арменияның саяси элитасы қарсы. Олар бұл одақтың ешқандай да Кедендік Одақ емес, Ресейдің қарамағына кіру екенін жақсы түсінеді. Путиннің Ереванға сапарында да жастардың демонстрацияға шығуы олардың келіспейтінін білдіреді. **Екіншіден,** Армения бұл одаққа кірмейді, тек сөз жүзінде ғана конъюктуралық көмекті алып алудың реті ғана. Кірген күннің өзінде Одақтың жұмысын іске асыру неғайбыл? Себебі, Кедендік

Одаққа енген мемлекеттермен ортақ шекарасы жоқ. Түркияға да қатыстысы осы. Түркия – Дүниежүзілік сауда ұйымының деңгейінде дамып отырған мемлекет, өзін Кедендік Одаққа еніп шектеп қоятын мемлекет емес. Меніңше, бұл тек қана сөз жүзіндегі әңгіме. Ал, Украинаның одаққа ену-енбеуін Майдандағы жағдай анықтайды. Украинаның одаққа енгісі жоқ. Алайда, олардың Ресейге экономикалық тәуелділігі өте зор. Ресей кезінде достық нышанның көрсеткіші ретінде іске асырып алды, құбырлар тартып, экономикалық активтерді иемденіп алды. Қазір осы байланыстарын Украинаның ішкі істеріне араласа алатын саяси қысым жасау құралы ретінде пайдаланып отыр. Бұдан сабақ алуымыз керек. Ресейдің экономикалық ықпалының соңы қандай саяси қысымға алып келетінін түсінуіміз қажет. Әрине, қазіргі ресейлік саясаткерлер, БАҚ Украинаның Батысы мен шығысының бөлініп отырғанын айтады. Бұл бос сөз. *Украина халқының басым бөлігі Ресейдің құйтырқы әрекеттерінен кейін өркениетті түрде өз таңдауларын жасады. Ол – Еуропалық Одақ. Кеңес Одағына енген елдердің көпшілігі Путиннің осындай өктем саясатын көргеннен кейін, Ресеймен мейлінше ашақ болуға ұмтылуда. Балтық елдері, Польша, Грузия, Әзірбайжан құлықсыз, тіпті, Белоруссия басшысы Лукашенконьң өзі де Кедендік одаққа қатысты мәлімдемелер жасап, өздеріне тиімсіз екендігін, одақтан шығуға ниетті екендерін білдіріп, сездіруде.* Біздің Елбасыдан бастап, билік те сыни пікірлер айтуда. Кеш те болса көзіміз ашылды. Бірақ, Кедендік одақ болсын, Еуразиялық Одақ болсын мақсаттары біреу ғана – Ресей империясын қайта құру. Қазақстан үшін бұл егемендіктен айырылудың бірден-бір жолы. Мұның алдын алатын бір ғана жол – Кедендік Одақтан шығу.



Әбдірашит Бәкірұлы: – Расулға үлкен рахмет! Бұл мәселені анықтап, өте түсінікті тілмен жүйелеп айтып берді. Кедендік Одақ – кәсіби саясаткерлердің бұрыннан көтеріп келе жатқан мәселесі.

Бүгінгі келелі кеңесіміздің тақырыбы біздің бағыт Батыс па, Шығыс па дегенге саяды ғой. Батысқа қарай тоқта-

латын болсақ, болашақтағы Еуразия Одағы тікелей Ресеймен байланысты. Оның түпкі мақсаты Еуропаның өзінен басталады. Еуропада XIX ғасырда экономикалық дағдарыстар жиі орын алып, әлеуметтік дүмпулер жиі болып отырды. Еуропа ойшылдары сол кезеңді Еуропа өркениетінің құлдырау кезеңі деп үлкен еңбектер жаза бастады. Мәселен, Шпенглер «Еуropyң өшуі» атты еңбегінде әлемде бұрын-соңды 8 өркениет болды деп анықтады. Сонау Майядан бастап, Грек, Қытай, Үнді, Византия, Рим, т.б. өркениеттері болды, ал, болашақта Орыс-Сібір өркениетінің ақырын аю секілді орнынан көтеріліп келе жатқандығын айтты. Оның жазуынша, бұл Орыс-Сібір өркениеті орыстардың ерекшеліктерінен емес, I Петр бастаған Еуропаға ұмтылуынан туындады. Және Еуропа өркениетінің құшағына сыймауынан туындады деген ой жазады. Шпенглердің бұл анықтамасы орыстардың өздерін ерекше сезінулеріне, орыстың өз өркениеті бар деген идеяларға алып келді. Біз Еуропада, Азияда емеспіз, Еуразиялық құрылымбыз деген идея осыдан келіп шығады. Біздің халықтың 70 жыл бойы қалыптасқан орысшыл менталитетін Ресей саясаткерлері шебер пайдаланып, сонымен қатар бүгінде Ресейдің алып нарығы Қазақстан үшін жұмақ деген идеяны біздің санамызға сіңіруге ұмтылып отыр. Шын мәнінде, ол жұмақ емес. Сондықтан, біз Ресейге де, Қытайға да бағынышты болмай, Еуропалық өркениетті үлгі тұта отырып, елдегі демократиялық үрдісті мейлінше дамытып, коррупциялық ахуалды төмендетуіміз керек. Халыққа арқа сүйей отырып қана, бәрін қалпына келтіруіміз қажет.

Тоқтар Есіркепов: – Соңғы болып жатқан саяси жағдайларға қатысты көпшіліктің, әлеуметтік желілерде де айтылып жатқан Қазақстанның Кедендік Одақтан опық жеуі секілді мәселелер осыдан 3-4 жыл бұрын айтылуға тиіс еді. 2011 жылы осы мәселе туралы мен шырылдап айтқан болатынымын. Сол жылдары құйтырқы саясат жүргізілді деп ойлаймын. Мысалы, 2010 жылы Кеден Одағы жұмысын бастамас бұрын, 17 қараша күні «Коммерсант» газетіне сол кездегі премьер-министр Карим Масимовтың сұхбаты шықты. Сонда біз бірінші рет екі ел арасындағы Кеден Одағы туралы 17 құжаттың дайындалып жатқандығын

Келелі кеңес

естідік. Мемлекеттік БАҚ-тар бұл туралы бір ауыз сөз айтқан жоқ. Ешқандай ресми сайттарда, министрліктердің сайттарында келісімшарттардың мәтіндерін жарияламады. 2 жылдан кейін ғана аталған мәселені көтере бастадық, оның өзінде Президенттің бастамасымен. Бұл не деген жауапсыздық! Қоғам неге немкұрайлы қарайды?

Расул Жұмалы: – Токтар ағамен келісемін, аталған келісімдерге қол қоя салғанымызға қазір «қолымызды мезгілінен кеш сермеп» отырмыз. Бірақ, мұндағы өрескел жағдай әлі күнге дейін жалғасып келеді. Жоғарыда айтылған халықаралық деңгейдегі мұндай келісімдер міндетті түрде парламенттің, азаматтық қоғамның, сарапшылардың, халық сүзгісінен өтіп барып қана ойластырылып шешілуі керек еді. Ал, интеграцияға қатысты дүниелер міндетті түрде референдумға түсуі керек. *Ресеймен көрші ретінде әділ, тең дәрежедегі ынтымақтастыққа қол жеткізуімізге болады. Оған жалтақтаудың еш реті жоқ. Бұл айналып келгенде ішкі саясатымызға қарама-қайшы дүние. Ол мейлі әлемдік түрлі экономикалық ұйымдар болсын, Еуропалық Одақ, Дүниежүзілік Одақ болсын, оларға Ресейлік призма арқылы қарамай, шешім қабылдағанда ұлттық мүдделерді алға тартуды үйренуіміз керек. Мәселен, Дүниежүзілік сауда ұйымына Ресей бірінші еніп кетті де, ендігі кезде біз Ресейдің ұйымнан үйрену кезеңін өткергенін күтіп отырмыз.* Ол өтпей біз ене алмаймыз. Өзіміз тәуелсіз шешім қабылдай да алуымыз күмәнді. Он бес жыл бойы тиісті келісімдер жүргізіп келіп, нақты іске келгенде қауқарсыз болып отырмыз. Тәжікстан еніп үлгерді. Соғыс жүріп жатқан Ауғанстан бізден бұрын енетін болды. *Сондықтан, халықаралық байланыстарда өзіміздің ұлттық, мемлекеттік мүдделерімізді алға тартуымыз керек. Ол ешкімге қыр көрсету, сес көрсету емес.*



Сейілбек Мұсатаев: – Мен пікірсайысты мынадай деректермен қыздырғым келеді. Кеден Одағында тауар экспорттау жағынан озып тұрған Ресей Федерациясы болып табылады, кедендік статистика бойынша оның үлесі – 62,2 %, Беларусь – 26,6 %, Қазақстандікі – 11,2

%. Беларусьтардың үлесі қазақтардан екі есе көп болса, орыстардың үлесі беларус пен қазақтардың үлестерін қосқаннан екі есе көп. Яғни, солтүстік көршіміз үшін бұл одақ тиімді. Кеден Одағына кірсек, арзан тауарларға қарық боламыз деген үмітіміз ақталған жоқ. Керісінше, қымбатшылық күн өткен сайын қалтаны қазып, алқымнан қысып барады. Оның зардаптары қандай болып жатқанын көріп жүрміз, түптеп келгенде, бұдан мемлекет те, жеке азаматтар да зиян шегуде. Кедендік Одақ ауқымында автомобильдерді экспорттау саласында да Ресейдің айдарынан жел есіп тұр. *Қазақстандағы ең көп сатылатын ресейлік автомобильдер, Кедендік Одаққа кіргелі бері қазақстандық автосалондардың сату рейтингінде орыс автотехникасы бірінші орынды бермей келеді. Тек бір ғана «Лада» автокөлігінің қазақстандық автонарықтағы сатылу үлесі 52 % жетіп отыр. Бұған енді ГАЗ, УАЗ, КамАЗ сияқты таза ресейлік маркалар мен орыс жерінде құрастырылатын шетелдік маркаларды қоссақ, Қазақстандағы сатылатын ресейлік автоөнеркәсіп өнімдерінің біздің ішкі нарығымызда алатын үлесі бұдан да көп. Басқаша айтсақ, Қазақстанда сатылатын әрбір екінші жаңа автомобиль ресейлік болып отыр.* Бұл экономикалық экспансия емей немене? Негізінде, Кедендік Одақ құрудағы басты мақсат – оған мүше елдердің арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынастарды ашық, мөлдір және ешбір кідіріс-кедергісіз дамыту болатын. Бірақ, іс жүзінде бұл игі мақсатқа жету оңай болмай тұр. Бұл туралы қазақстандық кәсіпкерлер Кедендік Одақ жұмыс істей бастаған сәттен-ақ зарлап келеді. *Тіпті, Минскіде өткен басқосуда Қазақстан Президенті Н.Назарбаев бұл одақтың қызметін сынға алғаны белгілі. Әсіресе, жүк тасымалы, тауар экспорты, кедендік рәсімдеу салаларында кедергілер әлі күнге дейін көп екен. Мысалы, Қазақстанда өндірілетін алкоголь өнімдері Ресей мен Беларусь нарығына кіре алмай отыр. Ал, бұл мемлекеттерде өндірілген арақ-шарап еліміздің дүкендерінде толып тұр. Қазақстан Кедендік бақылау комитетінің төрағасы Ғұсман Әміриннің мәлімдеуінше, 2013 жылы ресейлік және беларустық алкоголь өнімдерінің біздің елімізге импорты 22 % артқан, сөйте тұра, қазақстандық спиртті ішімдіктердің Кеден Одағына*

экспортталуы 16,5 % кеміген екен.

*Қазақстандық ет-сүт өнімдерінің Кеден Одағы аймағына экспортталуы да мәз емес. Минскіде өткен Жоғарғы еуразиялық экономикалық кеңесте Елбасы Н. Назарбаев осылай деп сын айтып, мұндай кедергілердің Ресей тарапынан болғанын жасырған жоқ: «Қазақстанның ет өнімдері әдейі өткізілмейтін жағдайда тұр. Өйткені, Ресейде оларға Қазақстан Республикасының санитарлық сертификаттарында жоқ нормаларды қолданып келеді. Ал Беларусь елі жаңа техникалық регламенттің енгізілуіне байланысты азық-түлік тауарларын Ресей нарығына тиісті көлемде алып шыға алмай отыр. Бірыңғай экономикалық кеңістіктегі техникалық регламентті кеңейту бизнес ортаны жақсартқысы келетін Қазақстанның саясатына қайшы кетуде». Яғни, Ресейдің мүддесіне орайластырылған жасанды бюрократиялық кедергілер Кеден Одағының кеңіругінен қысып, өзге мүше мемлекеттер үшін тиімділігін төмендетуде. Экономист мамандардың жалпытанылған пікіріне сүйенсек, Кедендік Одақтың бірегей Кеден кодексі әзірленгенде Ресейдің мысы басып, ресейлік Кедендік кодекстің қағидалары мен талаптары негізге алынып кеткен. **Осыдан келіп, Кедендік Одақта Ресейдің мүддесі басым тұратын сыңаржақ жағдай қалыптасты. Бұрынғы фритрейдерлік бағыттағы Қазақстанның дербес Кедендік кодексі аясында кедендік алым-салық айтарлықтай төмен болса, Кедендік Одақтың біртұтас кодексі алым-салықтардың деңгейін айтарлықтай көтеріп жіберді. Өйткені, оның негізінде Ресейдің протекционистік сипаттағы бұрынғы Кедендік кодексі тұр. Кеден Одағының аумағында жүктасымалдаудың қиын екенін логистикалық тасымалмен айналысушылар да әуел бастан айтып келеді. Жүк тасымалымен айналысушылар кедендік рәсімдеуде әкімшілік қағазбастылық көбейіп кетуінен шекараларды кесіп өтудің қиындағанын, кедендік бюрократиядан көп уақыт жоғалтып отырғандарын айтып наразылық білдіруде. Мұның барлығы тасымалдау шығындарын арттырып, тауарлардың бұзылуына ықпал етуде, түптеп келгенде, тасымалданатын тауардың бағасы шарықтап қымбаттауда. Кеден Одағындағы Ресейдің жасап отырған озбырлығына Беларусь да наразылық білдіріп отыр. Бұл туралы 2013 жылғы қарашаның соңында Беларусь***

Республикасының Бірінші вице-премьері Владимир Семашко мәлімдеді. Оның айтуынша, Кеден Одағының заңнамасындағы шикіліктерден белорустық өнеркәсіп зиян шегуде. Әсіресе, белорустардың ауыл шаруашылық техникаларының Ресей нарығына енуіне тосқауылдар қойылуда. Оған қоса, Ресейдің ойлап тапқан импортталатын автотехникаларға салынатын «утилизациялық салығы» беларустың МАЗ авто техникасының құнына 18% пайыздық үстеме қосуына алып келіп, бәсекелестікке төтеп беруін төмендетуде. В. Семашконың айтуынша, мұның барлығы белорустардың шаш етекпен шығынға батуына ықпал етіп отыр.

Әбдірашит Бәкірұлы: – Өздеріңізге білгілі, Еуразиялық Одақты Путин Еуропалық Одаққа балама, бәсекелес ретінде көрсеткісі келіп отыр. Енді ЕуроОдақ пен Путиннің арасындағы қатынас қайтадан салқындай қалса, Қазақстанның ДСҰ-на кіруі сол салқындықтың температурасы қандай болса, сондай бағытқа кейін шегеріледі. Тағы бір мәселе, біздің фермерлер кез келген техниканы басқа елдерден емін-еркін сатып ала алатын. Кедендік Одаққа кіргеннен кейін, оларға төленетін баж салығы Ресейге төленетін баж салығымен бірден теңесті де, біздің фермерлер басқа елдерден Ресейдің баж салығымен сатып алуға мәжбүр болып отыр. Қазақстанның климаты шұғыл континенталды болғаннан кейін, бір жылы жемісті болса, екінші жылы олай болмауы мүмкін. Сондықтан, Ресей ең алдымен соққыны аграрлық секторға жасап отыр.

– Жалпы, Кедендік Одақтың алғашқы кезеңінен ұтылған тұстарымыз айтылды. Енді, біз, жағдайдың бәрін көріп білгеннен кейін бағыт-бағдарды қай жаққа қарата алуымыз керек?

Расул Жұмалы: – Әрине, ұлттық мүдде бәрінен биік тұруы керек. Қазақстанның сыртқы саясаты, халықаралық саясаты, оның ішінде интеграциялық саясат еліміздің ішкі жағдайына байланысты болуы тиіс. Неғұрлым мемлекет мығым, ұйымшыл болатын болса, сол мемлекеттің сыртқы мүмкіндіктері де жақсара түседі немесе керісінше. Сондықтан, не нәрсе болса да Қазақстанның ішінен бастау керек. Біздегі экономикалық, әлеуметтік жағдайларға байланысты, саяси бәсекелестіктен, жемқорлықпен күреспен, тағысын тағылар. Неғұрлым осы мәселелер айқын, демократиялық сипатта болатын болса, бәлкім Қазақстан мүдделеріне қайшы

келісімдер де қабылданбас еді. Яғни, айтпағым Қазақстан ішкі мәселелерді: экономика мен мәдениет жағы бар, тіл, діл, дін мәселесі дұрыс шешілуі керек. **Біздің билік басындағылар қоршаған ортамыздың Ресеймен ғана шектелмейтінін түсінуі тиіс. Біздің геосаяси жағдайымыз өте күрделі, ірі мемлекеттердің өз мүддесі бар, бұл заңдылық. Бірақ, қазақтың ертеден келе жатқан саясаты байсалдылықты ұстау, ара-қашықтықты сақтау. Қытаймен де, мұсылман әлемімен де, Америкамен де, жалпы барлық әлем елдерімен солай.** Кей жағдайда Қазақстанның ішкі қарым-қатынастарында шешім қабылдаудың айқын еместігі, шетел лоббиінің бар екендігі байқалып жатады. Өз күшімізге сенуіміз керек. Қарапайым ақпарат кеңістігіміздің өзінде қаншама ресейлік арна бар. Украинадағы жағдайға да Ресейлік призмадан қарап отырмыз. Бұл дұрыс емес. Көпвекторлы саясат ұстанғанымызбен, әрқайсысынан бірдей қашықтықта алшақ тұруымыз керек. Басқа елдердің амбициялары бізге қатысты болмауы керек. Үлкен саясатқа Қазақстан орта деңгейдегі мемлекет болғандықтан, араласудың қажеті жоқ. Бұл әлемдік практика. Өз мәселелерімізді түгелдеп алуымыз керек.

Тоқтар Есіркепов: – Кеден Одағы сырт қарағанда экономикалық одақ болып көрінгенімен, шындап келгенде, ол геосаяси одаққа айналып барады. Ресейдің ендігі көздегені көпполярлы әскери блогтар құру, ал, оның іске асырушысы Кеден Одағы. **Қазақстан секілді ортадеңгейлі дамушы елде даму потенциалы өзіне жеткілікті. Яғни, корпорациялық, интеграциялық байланысты мейлінше сақ жүргізуге тиіспіз. Біз тек шикізатты өндіруді дамытып, индустриялы бағдарламаларды енді ғана дамытып жатырмыз. Сондықтан, Қазақстанға қандай да бір одақтарға кірерде жан-жақты ойлану керек. Ал, бізге дамуға басты бағыт беретін Еуропа болар еді. Себебі, онда ең бастысы адамның құқығы, бостандықтары, еркіндігі, адам құндылықтары бірінші орында тұр.**

Әбдірашит Бәкірұлы: – Бір жағымызда Ресей, бір жағымызда Қытай тұр. Екі мемлекеттің сыртқы саясатында коррупцияға маңызды көңіл бөледі. Екеуі де шикізат алып отырған елдердің, мәселен, Қазақстанның коррупциялық жағдайын одан әрмен өршітуге, билігінің ұлттық мүддеден алшақтауына, оған тікелей ықпалын арттыруға тырысады. Біз сыртқы

емес, ішкі жағдайдағы интеграцияны дұрыс жүзеге асыруға тиіспіз. Сонда ғана алып мемлекеттермен интеграцияға бара аламыз.

Сейілбек Мұсатаев: – Минск саммитінде Кеден Одағына Армения кіреді, одан кейін Қырғызстан, сосын Украина кіруге ынталы, тіптен, Үндістан мен Түркия да кірмекші-мыс деген әңгімелер айтылғаны есімізде. Бірақ, іс жүзінде бұл аталған мемлекеттердің халқы Кеден Одағына кіруге қарсы екенін әлемдік қауымдастық кейінірек біле бастады. **Қазір Украинада «Евромайдан» деген атпен белгілі халық толқуы басылмай тұр, украиндықтардың талабы – Украина Евроодаққа кіруі тиіс, ал, Кеден Одағына кіруіне ол елдің халқы үзілді-кесілді қарсы. Украина билігі әскер мен полицияны барынша пайдаланып, қарсылық акциясын басуға ниеттенгенімен, қарулы қақтығыста жүздеген адам жарақаттанса да, түрлі-түсті «майданға» үйренген украиндықтарды алған бетінен қайтару қиын болып тұр.** Тіптен, күні кеше ереуілшілер Киев қаласының әкімшілігін, түрлі мемлекеттік ғимараттарды басып алып, президент әкімшілігіне шабуыл жасады. Евроинтеграцияны қолдаушылар Украинаның Кеден Одағына қосылуына қарсылық ретінде мезгілі шектелмеген қарсылық көрсететінін жариялады. **Олар Кеден Одағына кіруді – Ресейдің боданына айналумен тең деп түсінеді. Армения билігінің Кеден Одағына қосыламыз деген мәлімдемесі де ол елдің ішінде қатты наразылық туындатып отыр. Бұл шешімге қарсылық ретінде азаматтық ұстанымдарын білдіру мақсатында Армения астанасы Ереванда мыңдаған адам қатысқан үлкен митинг өтті.** Митингті ұйымдастырушы – Армения президентігіне үміткер кандидат болған Паруйр Айриқян армяндар евроинтеграцияны қолдайтынын айтты. Оның бастамасы қоғамдық қолдауға ие болып, «Абыройлы отан» азаматтық бастама ұйымы, «Мұра» оппозициялық партиясы, Армен Мартirosян және Давид Санасарян сияқты қоғам қайраткерлері бастаған мыңдаған еревандықтардың қарсылық шеруіне ұласты.

Кеден Одағына кірмекші болып отырған Қырғызстан 2015 жылы Еуразиялық экономикалық одақ жұмысын бастағанда оның толық мүшесіне айналады екен. Бұлай деп сәуегейлікпен айтқан – Ресей Президентінің кеңесшісі – Сергей Глазьев. Дегенмен, мұндай маңызды саяси шешімді қабылдау Қырғызстанға оңай болып отырған жоқ. Бір жағынан

қырғыздар 1998 жылғы 20 желтоқсанда Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіріп алған. Яғни, қырғыз ағайындар 15 жыл бойы ДСҰ қызығын көріп, нанын жеді, артықшылығы мен пайдасын көрді. Осы жерде: «Олай болса, Қырғызстан Кеден Одағына несіне кірмек?» деген сұрақ туындары сөзсіз. Оның сыры мынада болса керек. Қырғыз экономикасы негізінен Қытайдың тауарларын рэкспорттаумен (импортты үшінші елдерге қайта экспорттау, қазақша айтсақ, алып-сату) пайда табатыны баршамызға мәлім (Қазақстанға – «Дордой» көтерме базары, Өзбекстан мен Тәжікстанға – «Қарасу» көтерме базары арқылы). **Кеден Одағы құрылғалы қырғыз шекарасына «құлып» салынды. Оштағы қырғыз-өзбек арасындағы қантөгіспен аяқталған жанжалдан соң Өзбекстан мен Қырғызстанның қарым-қатынасы да нашар. Осындай қиын жағдайдан рэкспорттық сауда дағдарысқа ұшырап, Қырғыз экономикасы абдырап қалды. Енді олар орын алған қиындықтан шығудың жолдарын қарастыруда. Сондай жолдың бірі – Кеден Одағына кіріп, «үлкен ағалардың» қамқорлығын көру.** 2013 жылғы 19 қарашада Мәскеу қаласында өткен Еуразиялық экономикалық комиссияның кеңесінде Қырғызстанның Кеден Одағына кіруінің «жол картасы» мақұлданды. Қырғызстанның экономика министрі Темір Сариевтің айтуынша, «жол картасы» бұл ел үшін маңызды бес мәселені қамтиды: республика кәсіпкерлерін қолдайтын арнайы қор құру, еңбекті көп қажет ететін өндірістерді дамытуға тәжірибелік көмек беру, «Дордой» және «Қарасу» көтерме базарларына қолдау көрсету, еңбек мигранттарын қорғау туралы жеке келісім жасау, Қырғызстанның сыртқы шекараларын жарақтандыруға көмек көрсетілуі. Ең бастысы – Қырғыздар Кеден Одағына кіргені үшін оның мүшелерінен \$1,2-1,6 млрд. қайтарымсыз көмек алады екен. Алайда, билік қолдағанымен, Қырғызстанның ішіндегі бірқатар саяси күштер Кеден Одағына кіруге қарсылықтарын білдіріп, саяси шерулер өткізіп те үлгерді.

Сонымен қатар, Қытай Халық Республикасының (ҚХР) төрағасы Си Цзиньпин Бішкекке жасаған былтырғы ресми сапарында «Ұлы Жібек жолын» жаңғыртатынын айтып, бұл жобадан Қырғызстанның құр алақан қалмайтынын аңғартты. **Кеден Одағына кірсе, Қытаймен қарым-қатынастары қалай болары**

беймәлім. Кірмеске амалы тағы жоқ. Осылайша, Қырғызстанның не істерін білмей дал болып отырғаны, ал, Кеден Одағы болса, «экономикалық маска» киген Ресейдің саяси ойыншығына айналып бара жатқаны байқалады.

Ойымды қорытып айтар болсам, «Бақсам, бақа екен» демекші, Кеден Одағына кіру – пайдаға кенелу емес. Одақтың ішінде де өзара бәсекелестік пен ұлттық мүдде үшін күрес қызып тұр. Осындайда «Ортақ өгізден оңаша бұзау артық» деген аталарымыздың айтқаны тағы да ойыңа келеді. Бәлкім, Минскіде айтқан Елбасымыздың сынынан кейін Ресей өзінің амбициялық айылын жиып, Кеден Одағының жұмысы жақсарып кетер деген үмітіміз бар. Бірақ, біз мынаны ұмытпайық: болашақта құрылады деп отырған еуразиялық одақтың атына заты сай емес. Үш қана мемлекет біріккен шағын одақты «Еуразиялық» деп дабырайтып айтуға келіңкіремейді, Еуразияда қаншама мемлекеттер бар. Басқасын айтпағанда, Қытай, Үндістан, Жапония, Түркия сияқты ірі мемлекеттер. **Менің ойымша, Қазақстан үшін өзінің геосаяси жағдайы мен транзиттік әлеуетін ұлттық мүддеге сай пайдалана отырып, еркін сауда мен ашық қарым-қатынасқа негізделетін жан-жақты экономикалық даму анағұрлым тиімді болар еді. Кезінде, Қазақстанда «Еуропаға жол» сияқты мемлекеттік бағдарламалар болды, бізге сондай кешенді, кең ауқымды іс-қимыл керек. Әлде, біздің «Еуропаға жолымыз» Ресей мен Белоруссиядан әрі аспағаны ма?** Тағы бір назар аударатын мәселе, болашақта құрылады деп отырған еуразиялық одақтың атына заты сай еместігі. Дүниежүзілік сауда ұйымының (ДСҰ) жөні басқа, оған толыққанды мүше болуға ұмтылуымыз керек. «Дарияның түбінен құдық қазба» деген халық даналығын ескерген жөн. Әлемдік ауқымдағы сауда-экономикалық ұйым тұрғанда, Қазақстан қандай да бір аймақтық одаққа кіріп, кіріптар болмай-ақ, тәуелсіз ел ретінде ДСҰ мүше болып, Еуразия кеңістігі мен Орталық Азиядағы экономикалық хаб пен экспорт-импорт шлюзінің рөлін атқаруға, көлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыта отырып, ұтымды транзиттік дәліз бен ірі қаржылық орталыққа айналуға тырысқаны жөн.



Аманхан ӘЛІМҰЛЫ,
«Ақиқат»

ЕУРАЗИЯДА ҚАЗАҚҚА ОРЫН БАР МА?..

*Евразийство не удалось. Вместо пути
проложен тупик.
Он никуда не ведет. Нужно вернуться к
исходной точке.
И оттуда, быть может, откроются
новые кругозоры,
протянутся новые и верные пути.*

Георгий Флоровский.
«Современные записки».
Париж, 1928 г.

Сонымен, белгілі орыс дін зерттеушісі, философ және тарихшы Г.Флоровскийдің жоғарыдағы біз келтірген сөздегі болжамы дұрыс келіп, «Еуразия» және «еуразияшылдық» бағыт-бағдардағы ой-тұжырымдар іске аспады. Оның қоғамдық-саяси өмірде аз ғана уақыт болса да айналысқа түсіп, аяқсыз қалуына әртүрлі тарихи-әлеуметтік, мәдени-рухани жағдайлармен қатар, со кезеңдегі социалистік құрылыстың шетелдегі орыс эмигранттарына аса «сақтықпен» қарауларынан да еді.

Бүгінде сол идея мен идеология қайта көтеріліп, «Еуразия» және «еуразияшылдық» деген түсініктердің кеңінен талқыланып жатуы ТМД елдеріндегі өзін патриот санайтын саясаткерлердің ешқайсысын бей-жай қалдырып отырған жоқ. Өйткені, қашанда орыстың да, қазақтың да өзін ұлтынан тыс қоймайтын, өзінің Отанына жаны ашитын интеллигенциясы қоғамдық-саяси өмірдегі қандайда бір өзгеріске не құбылысқа болмасын немқұрайлы қарамаған. Қиындықты, әртүрлі бағыт-бағдардағы тарихи-мәдени, қоғамдық-саяси құбылыстарды олар өздерінің ішкі интуициялық күдіретімен сезініп, ол туралы өз ұлтына құлаққағыс етіп отырған... дабыл қаққан. Соған қарамай, оларды ел, сондай-ақ, мемлекет басындағы шенеуніктер тыңдаған десек қатты қателесеміз.

Мұны айтып отырған себебіміз, аталған

мәселе көтерілген кезден-ақ, орыстың белгілі философ сыншысы Ксения Мяло өз кезінде «Наш современник» журналында «Уже сама настойчивая тенденция к отождествлению понятий «Россия» и «Евразия», их взаимозаменяемость и прогрессирующее превращение «России» в «Евразию» говорят о многом» деген еді. Егер біз осынау «Еуразия» мен «еуразияшылдық» түсінігіне экономикалық жағынан келсек, жақтап, қолдап-қорғауға болар. Ал, енді, оған саяси-қоғамдық, мәдени-рухани, ұлттық түсінік-түйсікпен қарасак, онда Ксения Мялоның шырқырауының да мәні бар. Бір кездегі кеңес халқы деген сияқты Еуразия халқы десек, өзіне тәуелсіздік жариялаған ұлттардың егемендігі қайда қалады. Патриоттар мәселеге осы тұрғыдан келеді. Яғни, Еуразияда орысқа да, қазаққа да орын бар ма деген сұрақтың көтерілуі де негізсіз емес екен. Егер, ормандай орыстың кейбір философтары одан бас тартып, сақтық көрсетсе, онда біз олардан үш-төрт есе қырағылық танытуымыз керек. Өзін ерекше өркениет пен мәдениетке ие бөлекше әлем санап, өзін Еуропаға да, Азияға да жатқызбайтын, әрі ұқсатпайтын Ресей әлемдік тарихтан өзіндік орын алу үшін, тағы қайталап айтамыз, өзін «үшінші әлем» санаса, неге ерсі көреміз? Өзімізге келсек, біз, қазақтар дала әрі көшпенділер, сосын отырықшылар (Отырар, Сығанақ, т.б. қалалар) өркениеті мен мәдениетін, сондай-ақ, әр түрлі тарихи-саяси, тарихи-қоғамдық, тарихи-әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлармен еліміз бен жерімізді паналап, не зорлық-зомбылық көріп келген ұлттар мен ұлыстар өкілдерін сіңірген қадір-қасиеті, яки өзіндік тарихи-мәдени өркениеті бар алып кеңістікке ие «төртінші әлембіз». Ресей-Еуразия біз арқылы, сонау, I Петрдің кезінен-ақ Шығыс қақпасын ашпақшы болған. Ашты да. Ал, ендігі мәселе, тәуелсіздік алған кезде өзімізді ұлт ретінде қалай сақтап қалуымыз керек. Міне, гәп сонда.

Ал, енді, бір кезде жаңағы тарихшы Г.Флоровский айтпақшы, «тұйыққа тірелген» бағыт-бағдар, идея мен идеологияны қайта көтеріп жүрген философ А.Дугин болса

«Еуразияшылдық бүгінгідей басты да өзекті мәселе болмаған. Бұл өткен шағымыз емес. Бұл – болашақтың жобасы, әрі мүддесі. Бұл бұйрық райы. Бұл біздің ортақ міндетіміз. Еуразия біздің ой-жүйеміздегі, дініміз бен экономикамыздағы, философия мен саясатымыздағы негізгі межеміз. Сондай-ақ, мәдениет пен ғылымымыздағы жалғыз жолымыз, бірден-бір тәсіліміз» дейді. Сөйтіп, аталған мәселеде іргелі ел орыстың өзі екі жай бөлініп, қарама-қайшы пікірталасында тұрғанда, ұлттық егемендікке қатары сиреп қолы жеткен қазақ – бізге не жорық? Өйткені, тәуелсіздік алған мемлекеттерді қайтадан баяғы КСРО үлгісіндегі біртұтас «Еуразия ұлты» деп қарағаннан кім ұтып, кім ұтылады? Тіпті болмағанда, оның дұрысы Еуразия халқы емес пе? Осы тұста айтпай кетпеуге болмайтын бір жай, күні кеше ғана «31 каналда» Олжас Сүлейменов «Қазақстан ұлты» деген тіркесті пайдаланды. Дұрысы «Қазақстан халқы» ғой. Міне, бұл со «Еуразия ұлты» деген ұғымның жаңғырығы, жалғасы.

А.Дугин бастаған мүдделес еуразияшылдар жақында «Еуразия» қозғалысының құрылтай съезін Мәскеуде өткізді. Жалпыресейлік саяси-қоғамдық қозғалыс жиынына Еуразия саналатын континенттерден делегаттар қатысты. Тіпті, Ресей Президенті Путиннің өзі Ресейді «Еуразиялық мемлекет» дейді. Оның ұраны «Барлық елдердің дәстүршілдері, бірігіндер!». Бұл перде ғана. Өйтпесе, оның «Барлық елдің пролетарлары, бірігіндер!» деген коммунистік партия ұранынан несі артық-кем. Оның үстіне Лужковтың Мәскеу «Еуразияның орталығы» дегенін қоссақ, мәселе тіпті күрделене түседі.

Сонымен, орыс үкіметінің өз жаңа идеологиясын Еуразиядан іздеуінің сыры неде? Әлде, баяғы кеңестік кездегідей кеңістіктегі бір тіл, бір мүддедегідей ұлтты жұтып қоятын, не сіңіріп кететін, тіпті, ассимиляцияға ұрындыратын жалпыхалықтық интернационализм бе? Сондықтан, қазақ үшін ойланатын жағдай көп. Ендеше, Еуразияда қазаққа орын бар ма дейтініміздің де сыры сонда. Бір түскен ұйыққа қайта түсуіміз – күнә да кінә. Біздіңше, бұл тағы да кезекті бір саяси китұрқылық. Яғни, Батыстан басталған бір кездегі социалистік революцияны қайта еуразиялық ұғымда қайталау ғана.

Қашан да өзін Батысқа қарсы қойып отыратын патриот орыс саясаткерлері мен қоғам қайраткерлері, жалпы интеллигенциясының пікірі бір мәселеде тоғысқан. Ол – ұлт және мемлекет мәселесі. Сол Дугин қаншама ұлтшылдық пен шовинизм еуразияшыл-

дыққа жат дегенімен, оның арғы жағында орыс идеясы мен идеологиясының, арысы христиандық-православиялық бағыт-бағдардың көзге көрінбейтін, ісі білінбейтін қақпанды «батпан құйрықтың» китұрқы саясаты сезілмей қалмайды емес. Қазіргі Еуразия идеясын көтеріп отырғандар да кезіндегі еуразияшылдардың ой-пікірлерін қайталайды. Өткен жиырмасыншы ғасырдың бірінші жартысындағы Еуразия идеясын насихаттаушылар Ресейді Еуразияның тұтас бір мәдени негізі санап, оны Еуропа-американдық мәдениет қалыптастырған Герман-роман жұртшылығы әлеміне қарсы қойған. Олардың есептеуінше, Ресей – Еуразия. Ол – Еуропа да, Азия да емес, «үшінші әлем». Сондықтан, Ресей Византияның мұрагері ретінде өзгелер үшін православиялық Шығыс та, ал, христиандық Батыспен ішкі мәдени-тарихи кеңістікте бір мақсат-мүддедегі континент болып қалады. Міне, осындай жағдайлардан кейін Еуразияда өзін мұсылман әлемі санайтын Қазақстан, оның ішінде қазақ ұлты үшін орын бар ма? Біз мәселеге осы тұрғыдан келуіміз керек.

Еуразия ешбір мемлекеттің аты мен затына, идеясы мен идеологиясына, тәуелсіздігі мен территориясына, ұлттың діні мен тіліне, сондай-ақ, діліне нұқсан да зиян келтірмейтін құрылым ретінде қалыптасуы керек. Ал, князь Трубецкойдың айтып, жазғанына жүгінсек: «Эту нацию мы называем евразийской, ее территорию – Евразией, ее национализм – евразийством» болып шығады екен. Ендеше, өзінен-өзі туатын сұрақтың бірі, келтірілген түсінік-пікірдің кезіндегі Кеңес Одағынан айырмашылығы неде? Сосын қазақ ұлтының мән-мағынасы мен аты қайда қалады? Сонда, біз қай тілде сөйлейтін боламыз. Ал, ресейліктердің Шығыс пен Батыс, Батыс пен Азия континентінің аралығын алып жатқан кең байтақ географиялық, тарихи-мәдени жағдайында өздерінен басқа ешкімге бойұсынбай, «үшінші әлем» болып қалғысы келетіндіктері де сондықтан. Ал, біз сол «үшінші әлеммен» «төртінші әлем» болып тереземіз тең тұрғанда ғана оларға есемізді жібермей, өзіміздің географиялық, тарихи-мәдени, әлеуметтік-тұрмыстық, салт-дәстүрлік үрдіс-мүдделерімізді сақтап қала аламыз. Сонда ғана «Еуразия ұлты» емес, қазақ ұлты атанамыз.

Жалпы, Еуразия қозғалысының қайда қалыптасып, неге негізделгеніне келсек, оның қатарында эмиграцияның алғашқы толқыны, орыстың белгілі де талантты географы П.Н. Савицкий, философы Л.П. Карсавин, лингвист, филолог және мәдениеттанушысы

Н.С. Трубецкой, тарихшы Г.В. Вернадский, музыка және өнертанушы П.Л. Сувчинский, тарихшы, публицист Г.В. Флоровский, экономист Я.Д. Садовский, жазушы В.Н. Иванов тұрған. Оның орталығы Софияда, Прагада, Берлинде, Белградта, Харбинде және Парижде болды. Оның алғашқы көрінісі 1920 жылы Софияда (Болгария) жарық көрген Н.С. Трубецкойдың «Европа и человечество» деген кітапшасында көрініс тапты. Олардың қозғалыс ретінде алғашқы шығарған жинақтары «Исход к Восходу» еді. Тіпті, жүйелей айтып, нақтылай жазғанда алғашқы еуразияшылдық ағым Софияда да, Берлинде де емес, алғаш революцияға дейінгі патшалық Ресейде негізін қалаған болатын. Л.Гумилев еуразияшылдығы да со Еуразия идеясынан өреді. **Өздерін екінші санаттағы ел қатарына қосқысы келмеген орыстың алдыңғы қатарлы интеллигенциясы, сол Еуразия арқылы өздерін еуроцентризмге қарсы қойған еді.** Олардың идеясының орындалуына патшалық Ресейдегі Батыстан бастау алған революция кедергі болса, ал, одан кейінгі тарихи-қоғамдық қозғалыстарына большевизм идеялары бөгет болған. О бастағы еуразиялықтар большевизмді күйретуші күш десе, ал, еуразияшылдықты орыс, православиялық негіздегі жинақтаушы жасампаз құрылым ретінде қабылдаған. Сондай-ақ, большевизм олар үшін Құдайға қарсы атеизмді насихаттайтын қуатты құрал болса, еуразияшылдық қозғалыс діни, Құдай ұғымын асқақтатушы қозғалыс ретінде қалыптасқан. Еуразия концепциясының басты бағыты мәдени-тарихи «еуроцентризмнен» өзін арашалап қалу болатын. Кейін, ол келе-келе жалпыорыстық еуразияшылдыққа ұласып, өзінің православиялық діни бағытымен өзге ұлт өкілдерін екінші сатыға қоятын қозғалысқа айналды.

Еуроцентризм (Америка, Батыс Еуропа) мен Еуразия (Ресей түсінігінде) еңсесі көтеріп, етек алған сайын ұлттық мемлекеттер егемендігі мен өзін-өзі билеу аясы тарыла түседі. Бұл – әлеуметтік ең қатерлі құбылыс. АҚШ-тың Еуропамен араласуы, Еуропа елдерінің американизациялануы арқылы, Батыс Еуропа елдерінің бірлестігі құрылып, олардың кейбір ішкі-сыртқы саясатында әрі экономикасында тұтастырылудың жүріп жатуы, НАТО-ның Батысқа кеңейтілуінің де сыры сонда. Ал, Еуразия қозғалысы болса, соған бірден-бір қарсы тұратын күш ретінде қалыптасып келе жатқан қозғалыс. Ондағы қауіп, бұрынғы Шығыстағы ТМД елдері мен Еуропадағы бұзылмаған христиан, оның ішінде православие елдерін қосып Ресей-Еуразия

бірлестігі идеясының Ресей тарапынан көтерілуінің де сыры сонда. Оның үстіне Италияның саясаттанушысы Ф.Вильяминидің АҚШ-тың сыртқы саясаты Еуразия континентіне келгендегі ұстанғаны, соңғы он жылда **біріншіден**, Еуропаны шайқап, оның әлемдегі ролін кеміту болса, **екіншіден**, Ресейді әлсірету арқылы Орталық Азияда өз мәртебесін орнықтыру дегенге саятын пікірі тағы бар. Міне, осының өзінен-ақ бізге қаншалықты жан-жақты, әртүрлі қитұрқы әрекет жасалып жатқандығы байқалса керек. Сондықтан, қазақтың ұлт, Қазақстанның егеменді ел ретінде өзін-өзі сақтап қалуы үшін үлкен күшпен бірге, дүниежүзінде кең етек алып келе жатқан әлемдік ғаламдастыққа бірлесе, әр саладағы тұтастығымызды сақтай отырып, әрі ұлттық мемлекет мүддесінде қарсы тұрмаса болмайды. Яғни, біз қазақ ұлты үш үлкен алып күшті біріктірген (саяси-экономикалық, әлеуметтік-тұрмыстық, мемлекеттік-қоғамдық) мүддедегі ағыстардың бірін-бірі аңдыған, кейде ашық, кейде жасырын жүріп жатқан идеялар мен идеологиялары өтінде тұрмыз. Ендеше, қазір бізге бір-бірімен тарихи-табиғи процестің эволюциялық жолымен байланысып, дамыған, бір-бірімен кіріге сіңісіп кеткен Тәңірлік кейбір наным мен мұсылмандық ұстаным-сенім арасына сына қағушылардың шалағалымдық, шалатарихшылық, шаламәдениеттанушылық, шалаізденушілікпен арандатқан әрекеттеріне жол бермей, ұлт ретінде дініміз бен ділімізді тұтастықта ұстауымыз керек. Болмаса, Тәңір – Алла, Жан – Рух, Әруақ – Әулие деген қасиетті ұғымдардың бірін-бірі алмастыратолықтырып, бірі-бірімен астасып, үндесіп кеткеніне қаншама заманалар өтті. Сосын, кітап пен каноны бар, әрі әлемдік айналымдағы қасиетті дінді, арысы Алланы, Құранды жоққа шығару Құдайдан қорықпағандардың ғана қолынан келеді емес пе? Сондықтан, **ұлт интеллигенциясы ұлтқа жөн-жосық көрсетіп, жол бастаушы болмаса болмайды.** Тағы да қайталап айтамыз, біздің «кіші ғаламдастық» Ресей-Еуразия идеясында қазаққа орын бар ма деуіміздің сыры да сонда. Біз үшін қауіптісі де сол. Әйтпесе, біз ешқандай да экономикалық, адамдық, мәдени байланысқа қарсы емеспіз. Ол әр ұлттың өзіндік ерекшелігі арқылы табиғи да тарихи-дәстүрлі процесте жүруі тиіс. Осы жерде тарихшы Мәмбет Қойгелдиевтің **«мемлекет ұлтты қалыптастырмайды, керісінше, ұлт мемлекетті қалыптастырады»** деген пікірі орынды.

Еуразия қозғалысының ішкі құрылы-

мымен славянофильмдердің дәстүршілдігі үндесіп, негізгі бағыт-бағдарларын православияға түзейді. Сосын, Ресейдің географиялық ерекшелігі де олардың назарынан тыс қалмай, оның этникалық құрамы да ескеріледі. Сондықтан, оқиға өтіп жатқан кеңістік пен уақытта қазақ ұлтының саны мен сапасына, қазақстандықтардың құрамына келгенде біздің еуразияшылдық идеяға өте сақ қарағанымыз жөн. Тағы бір ескеретін жайт, орыс философтары мен тарихшылары ІХ ғасырдан бастап бар табиғатымен өздерін Еуразиялықтармыз деп есептеп, еуропалық скандинавтар мен азиялық хазарлармен тығыз байланыста болып, Х ғасырдан еуразиялық Византияның мұрагерлері санайды. Сондықтан, «нағыз еуразияшылдық» кімге бұйырады дегенге ойлана қараған дұрыс. Еуразиядағы кіндік ұлт рөліне таласқан ормандай орыс тұрғанда, біз – қазаққа Еуразияда орын бар ма деп ойлануымыздың да сыры сонда.

P.S. Біз осы бір материалды газет бетіне дайындап жүрген кезімізде «Литературная Россия» газетінің 2001 жылғы №20 санындағы «Дискуссия» айдарымен жарияланған белгілі орыс сыншысы Вадим Дементьевтің: «ЧТО ПЕРВИЧ-

НО: ЕВРАЗИЯ или РОССИЯ?» деген мақаласы қолымызға тиді. Міне, осының өзінен-ақ Еуразия идеясының Ресейде қандай талас-тартысқа түсіп жатқаны белгілі емес пе? Автор мақаласында: «...абстрактная Евразия включает в себя всех и вся, а напоследок, как довесок – Россию. Есть, дескать, географическая, геополитическая и этническая Евразия. А я хочу спросить: «А где же Россия?». Отвечают: «Россия – это часть Евразии». «Пусть будет часть, но я хочу жить в России, а не в Евразии», – дейді. Сөйтіп, Ресей зиялыларының Еуразия жайлы ой-пікірлері екіге бөлінген. Мұны айтып, келтіріп отырғанымыз, біз өзін «үшінші әлем» санайтын Ресей саясаткерлері мен мемлекет-қоғам қайраткерлерінің пікірлерін сарапқа сала, електен өткізіп, одан өзімізше қорытынды шығармасак болмайды. Бізге ұлт ретінде, өзі әлсіреген кезде қашан да жалпыхалықтық ұжым, яки ымырашыл-тұтастық арқылы түбі үстемшіл-жетекшілікке қол жеткізетін китүрқы саясат құрығына түсіп қалмау басты мақсат болуы керек.

«Қазақ әдебиеті».
15 маусым, 2001 жыл

ТАҒЫ ДА ЕУАЗИЯ ЖАЙЫНДА

«Дін құрыса, тіл сақтайды, тіл құрыса, үн сақтайды, бәрі құрыса, діл сақтайды (иәһудий-еврейлер мысалы). Діл, тіл, дін тізе қосқанда оны оқ қана жenedі». Бұл А.Сүлейменовтен қалған сөз. Түсінгенге, жетесіне жеткенге оқтың ар жағында өлім ғана жатыр емес пе? Ендеше, қазіргі екі топ – текке (генге) негізделген дәстүршіл топырақта өніп-өскен тиянақшылдар (кочевники) мен либерал-радикал, көзсіз, сана сарабына салмай елітіп, еліккіш батысшылдықтың «балалық ауруымен» ауырғандар арасындағы талас-тартысқа мұрындық болып жүрген кейбір интеллигенция өкілдерінің ой-өрісі оған жетпесе, кім кінәлі? Осы тұста ескертетін бір жай, біздіңше олардың сана-сезімі жетпейді емес, дұрысы өздері оған ойларын саналы түрде жеткізгілері келмейді. Өйткені, кеңестік кезеңдегі аяқ-қолын жылы суға малған, нақтылай айтқанда, «ішкені алдында, ішпегені артында» қызығынан айрылмасак дейді. Ол кезде ел-жерлік, салт-дәстүр, сана-сезімнен қол үзген орыс идеясымен суғарылған, жалпыорыстық-интернационалистік ассимиляцияға ұрындыратын идеологиямен

қаруланған мақсат-мүдде соларға қызмет ететін. Сөйтіп, оларды өз ұлтының ішіндегі «ақ қарға» ретінде ерекше ұстайтын.

Енді, қазір жеке мемлекеттер егемендігі мен тәуелсіздігінен кейін жалпыкеңестік – бір тілділік, космополиттік идеяға толы құндылықтардың орнына, бүтінде ұлттық құндылықтардың қадір-қасиеті артып, дәстүршіл-ұлттық ой сана-сезім идеологиясы мен идеясы алға шығып отыр. Міне, осының бәрі әкеліп, жаңағы біз тілге тиек етіп отырған либерал-батысшылдардың ой-тұжырымдарын іске асырмайтын бағыт-бағдарда дами келе, оларды тұйыққа тірмеді емес пе? Ал, ол тұйықтан шығудың бірден-бір жолы ұлттық мүдделерге өліспей-беріспейтін қарсылық тудыру. **Қазіргі масановшылдық пен ерғалиевашылдық, дін бұзар қодаровшылдық пен біләловшілдіктердің етек алуының да сыры осында.**

Қазіргі еліміздегі әлеуметтік-саяси және экономикалық-қоғамдық дағдарыстан енді-енді біртіндеп шығып келе жатқан жағдайда қалыптасып отырған текке

негізделген дәстүршіл топырақта өніп-өскен тиянақшылдар мен либерал-радикал, көзсіз, сана-сарабына салмай елітіп-еліккіш батысшылдықтың «балалық ауруымен» ауырғандар арасындағы пікір қайшылығы өзінің шарықтау шегіне жетіп, тіпті, соңғы кезде екіжүзділер мен патриоттар талас-тартысына айналып кеткен секілді. Бұл тұста соңғылар әлемдік тарихтағы қазақтың алатын орнын өзінің ұлттық кескін-келбеттегі, мәдениет пен өркениет үрдісінде жасампаздана жетілген, тілі мен дінін жоғалтпаған қалыптағы табыс биігінен көргісі келсе, ал, алдыңғылар болса, керісінше, модернизм кейпіндегі машиназациялау негізіндегі ассимиляцияға түскен пошым-порым, мән-мағыналы мазмұнда көргісі келеді. Олар, бүтіндей Еуропа мен Америка үлгісіндегі Қазақстан жасауға барынша тырысып бағып, оны кең-байтақ жерімізде сырт күш идея мен идеологиялар әрі жеке тұлғалар арқылы орнықтырмақшы. Сосынғы олардың тағы бір мойындағысы келмейтіні – философ Н.Бердяевтың **«...всякая нация стремится образовать свое государство, укрепить и усилить его. Это есть здоровый инстинкт нации. Государственное бытие есть нормальное бытие нации. Потеря нацией своего государства, своей самостоятельности и суверенности есть великое несчастье, тяжелая болезнь, калечащая душу нации»** дегені мен И.Ильиннің **«Всякое государство живое и действующее должно быть исполнено национализма. Это его душа. Это его сущность. Это его бытие. Космополитические государство аморфная, безформенная масса. Тоже и с человеком. Что такое человек без нации? Быть может это идеал. Но идеал в реальной жизни не что отвлеченное, бессильное и обречен на гибель. Человек без нации, – то же, что дерево без плода. Дерево – ни груша, ни слива, ни яблоня в природе не нужно»** дегені. Олар үшін жоғарыдағы толғамдарға қарағанда Хосе Ортега-и-Гассеттің мұсылманшылдыққа да, православияға да тән емес **«Семейный очаг – это тепло искусственное»** секілді ой-тұжырымдары мен пікірлері әлдеқайда артық. Бұл бір ғана мысал. Біздің қашаннан бері айтып та, жазып та келе жатқанымыз кез-келген Батыс не Америка, тіпті өз философтарымызды оқығанда да ескеретін жағдай, ғылыми-әдеби процесте кездесетін **«двойной стандарттың»** астарына үңіле білу. Олай болмаған жағдайда, іштен пісіп-жетілмей, сырттан телінген қандай да болмасын оқу мен тоқу, сондай-ақ, демократия – психологиялық-әлеуметтік, саяси-қоғамдық дерт. Біздің, тағы да, бір көз жеткізген жағдайымыз,

қашанда өзгенің ойын компиляциялау абырой әпермейтіндігі. Ал, оған компиляторлық етіп, «образованщиналық» алғырлық таныту одан да қауіпті. Оның типтенген өкілі өзін тарихшы, саясаттанушы санайтын Масанов. Әсіресе, ол және ондайлар ұлттық сана-сезім, ой-жүйе қалыптасып, оң-солымызды толық танып үлгермеген кезімізде тіпті қасірет. Кітаби күйретуші теория либерал-радикалдық, әлеуметтік-экономикалық, өзгелердің ой-жемісі – батысшыл демократияны насихаттаушылар қазақ тарихында сонау XX ғасыр басынан-ақ басталған. Оған кезінде Мұстафа Шоқай секілді зиялыларымыз ұлттық мақсат-мүдде тұрғысынан келіп, тиісті соққыларын да беріп отырған. Ал, олар қазір Масанов, Ерғалиева, Қодар, Біләлов кейпінде қайта бас көтеріп, біздің діліміз бен тілімізге, сосын дінімізге, айта берді әдет-ғұрып, салт-санамызға әсер етуде.

Жаңа ғана қаз-қаз тұрып, етек жайып келе жатқан мемлекетті құрап, оны қалыптастырушы халықтың болашағын ойлап, сосын оларды жөн-жосыққа салушы ұлттық сана-сезімі жетілген интеллигенция. Халық, көпшілік ретінде ұлттық сезіммен ғана өмір сүреді. Ендеше, ұлттық сана мен ұлттық сезімнің арасы жер мен көктей. Сондықтан, қазір біз жалпы ұғым халық деңгейінде қалып қоймас үшін ұлттық сана-сезімге қол жеткізуіміз керек. Оның үлгісі Прибалтика, сосын, іргелес Грузия мен Армения. Ал, ұлтшылдықтың кең және тар түрі бар. Соның кейінгісіне ұрынбасак, біздің шовинизмнен іргеміз аулақ болады.

Либералдық бюрократия өкілдері яки өздерін интеллигенция санайтындар жүйелі түрде ұлттық мүддедегі барлық құндылықтарды аяқ-асты етіп, талан-таражға салды. Оның мысалы, Қажыгелдин бастаған реформаторлардың оптимизациясы. Соның салдарынан интеллигенцияның озық азаматтарын тәрбиелейтін ұстаздардың, кітапханашылардың, әртүрлі саладағы үлкенді-кішілі архив қызметкерлерінің қадір-қасиетін кетірдік, оларды қысқартып, алақан жаймаса да жаярлықтай жағдайда қалдырдық. Енді, іргелі ел боламыз десек, алдымен солардың жағдайларын жасауға тиіспіз. Мұны айтып отырғаным, жақында Шығыс Қазақстан облысында іссапарда жүріп облыстық сотта істейтін, Мәскеуде жоғары оқу орнын бітірген архив қызметкерімен танысқан болатынымын. Ол облыстағы архив қызметінің жай-күйін жан-жақты айтып берді. Жоғарыдағы айтылған ойлар содан өрбіген.

Жақында, менің қолыма 2001 жылғы 28 қыркүйекте жарық көрген «Известия» газеті

тиді. Онда Евгения Доцуктің қазақстандық режиссер-кинодокументалист Эльза Ділмұхамедовамен жүргізген **«Лев Гумилев: «Я люблю на восточные зори, а западных только скорблю...»** деген сұхбаты жарияланған. Бір қарағанда ол өте қызық, көп мәселелердің басын қамтыған. Сөз жоқ, Лев Гумилев үлкен тұлға әрі өзіне дейінгі П.Савицкийдің орыс геосаясаты, сосын өзінің орыс этнологиясы, орыс лингвистикасының структурасы (структурализм), орыс социологиясы (әсіресе, элита теориясы) және Ресей мемлекеттілігін нығайтатын еуроазиялық идеяны дамытушылардың алдыңғы қатарындағы ғалым. Бірақ, ол біздің қазақ ұлты, қазақ мемлекеті үшін не берді? Және ол идея мен идеологиялардың бізге, біздің менталитетімізге қаншалықты пайдасы бар? Міне, мәселе қайда? Осыған көз жүгіртіп көрдік пе? Мұны айтып отырғанымыз, әлгі, жоғарыдағы келтіріп отырған сұхбаттың **«двойной стандартқа»** саятын астары барлығында. Эльза ханым мен Лев Гумилевтің **«На континенте Евразии мы все евразийцы – с общей ментальностью, с общим мироощущением»** дегенін мaldанып, өзі **«Однако этот «дуализм», по Гумилеву, будет временным, потому что в будущем, когда население Евразии оформится в единый народ, появится и единая вера. При этом сам Лев Николаевич был глубоко верующим православным человеком»** дейді. Мәселеге, Гумилев тұрғысынан келсек, ол өте дұрыс, ал енді, дәп сол мәселеге ұлттық-қазақ тұрғысынан келсек ше? Әрине, дұрыс емес. Сонда, біздің мемлекеттілігіміз бен ұлтшылдығымыз, тәуелсіздігіміз бен ұлттық болмыс-бітіміміз қайда қалады? Міне, бұл миссионерлік мақсат-мүдде, яғни, Лев Николаевич қалаған жол. Мұндай жолда мен өз басым Эльза ханым Ділмұхамедовамен бірге сапарлас бола алмаймын. Менің идеям мен мақсат-мүдде евразиялық емес, қазақтық. Жалпы, еуразиялықпен бір кездегі КСРО арасында ешқандай да айырмашылық жоқ. Еуразия православияға негізделген орыс отаршылдығының ең әдемі күйтырқы түрі. Біздің кез келген ғылыми-әдеби процестегі еңбектерде **«двойной стандарт»** болады дейтініміздің сыры да сонда. Оны Еуразия идеясын қайта тірілтіп, жаңғыртушы және жаңартушы философ А.Дугин «Мегаполис» газетінде тағы бір дәлелдеді. Сол газеттің №42, 24 қазан, 2001 жылғы санындағы Юрий Мизиновқа берген бұл сұхбаты ерекше көзге түсіп, көңіл алаңдатады. Біз ол туралы кезінде **«Қазақ әдебиетінің»** 15.06.2001 жылғы №24 санында жарық көрген **«Еуразияда ұлтқа орын бар ма?...»** деген мақаламызда шамашарық, қал-қадірімізше айтып жазғанбыз.

Енді, сол жоғарыдағы аталған сұхбатқа келсек, онда Эльза Ділмұхамедова өзінің Лев Николаевичтің ықпалымен православияны қабылдағанын айтады. Және атақты ғалым оны соған шоқындырып, осынау ерекше күн есте қалу үшін өзінің **«География поведения»** деген тақырыпта оқыған лекциялары жазылған аудиокasetасын сыйлапты. Міне, көрдіңіздер ме, сана сарабына салмай, көзсіз, елітіп-еліккіш батысшылдарға бұ да мәртебе, мақтаныш. Сонда, біз сол бір іс-әрекет, әркімнің өзіне қатысты жағдайдан сабақ, үлгі алуымыз керек пе? Режиссер-кинодокументалист оны бізге неге айтып отыр. Содан соң, Эльза ханым **«Он (Гумилевті айтып отыр. – А.Ә.) был уверен, что Евразия вот-вот даст некий новый тип людей, она уже готова этот тип произвести»** дейді. Осы бір сөздер менің есіме Тургеневтің **«Отцы и дети»** шығармасындағы нигилист Базаровтың бір кездері бүкіл адам баласы бақтағы ақ қайындардай бірдей болады деген пікірге саятын ойын есіме түсірді. Міне, осыны қалай қабылдап, қалай бойға сіңіруге болады? Жалпы, Еуразия идеясы абстракциялы ойда тұрып, санаға сіңбейтін ұғым. Ол егер экономикалық жағынан болса, онда оны қабылдауға болады. Ал, Эльза ханым трактовкасында ол абстракция ғана.

Сосын аталған «Мегаполис» газетіндегі сұхбатта журналист Юрий Мизинов ұлттық рухқа өзгерту мен ревизия жасау үшін ол қазіргі кезеңнің заңы мен талабынан шығуы керек дегенге саятын ой қозғаған. А.Дугинге қойған бір сауалында **«– Но в Казахстане есть дополнительные сложности. Казахстан многонациональное государство и казахская нация только недавно составила чуть больше половины населения...»** дейді. Осы тұста, Мизинов мырза қазақтардың өз жерінде ұлт ретінде неге азшылыққа ұрынғаны туралы жан-жақты ашып айтпайды. Яғни, бұл сұрақ қалай дегенде де Қазақстанға Еуразия идеясын экономикалық тұрғыдан емес, саяси-мәдени діндік тұрғыдан сіңіру болып шыққан. Ал, оған Дугин қалай жауап береді десенізші. Біз түпнұсқаның ойы мен астары бұзылмас үшін дәл сол күйінде беріп отырмыз. Онда ол **«..Если казахская демократия будет не этноцентрична, а станет воспринимать и осознавать себя через евразийскую демократию, она, естественно, создаст для русского населения те условия, которые не противоречат ни в этническом, ни в историческом аспекте интересам русских»** дейді. Былай қарағанда бұл ой өте дұрыс, қолдауға тұрарлық. Бірақ, біз осы жерде айтпай кетуге болмайтын жай, мәселеге (Евразия идеясы) Дугин көзімен

карасак, онда Қазақстанда кіндік ұлт – қазақ идеясынан бас тартуымыз керек. Сұхбат идеясы да тұтастай соған келіп тіреледі.

Мұның бәрін айтып отырғаным түнеукүнгі «Ұлт интеллигенциядан не күтеді?» деген сауалнама мақаламнан бастап, күні кешегі «Тағы да со батысшылдық туралы», «Еуразияда ұлтқа орын бар ма?» деген мақалама дейінгі аралықта бұ пендеңіз жайында не айтылып, қандай пікірлер жазылмады дейсіз. Ол пікірлер мерзімді орыс, қазақ басылымдарынан өріп, ауызша да талай жерде індетілді. Жә, оның бәрі со жұрт, со басылымдар еншісінде. Ең бастысы және басын ашып алар жай, мен олардың ешбір, ешқандай ой-пікір сөз-сарабынан өзімді ақтап, тіпті қорғамаймын да. Бірақ, сол көтерген проблемаларымды ақтап, қорғаймын. Өйткені, оларды мен емес, уақыттың, яғни, Қазақстанның тарихи-қоғамдық саяси өмірінің өзі қайта көтеріп отыр. Ендеше, бұ әңгіме бізге дейін де қозғалған, бізден кейін де талай қозғалады. Оған себеп, заман туғызған, тағы туғызатын тектен өрген, не топырақтан өнген дәстүршілдер мен «бүкіл әлемдік қалыпты модель» немесе бір үлгіге салу мен машиназациялаудың жемісі бізді кейбір көзсіз, сана сарабына салмай, елітіп-еліккіш батысшылдықтың «балалық ауруымен» ауырғандардың арасына қағылған сына. Оның бел ортасында қашан да интеллигенция жүреді. Оған негіз қоғам, мемлекет, ұлт, сосын солардан өретін, солар үшін өрілетін сан текті, әртүрлі мүдделер. Жалпы, ұлттық-мемлекеттік тарихты анықтайтын құндылықтардың негізі – сырттан телінген

әлеуметтік фактор және жай-күй, сондай-ақ, өркениет пен мәдениет немесе салт-дәстүр емес. Әйтпесе, қазақ интеллигенциясы батыс құндылықтарын: атеизм, социализм, материализм, модернизм, постмодернизм, қойыңызшы әйтеуір, қандай измдерге елітіп, қабылдамады. Содан шыққан қорытынды не? Оның жемісі қандай? Көріп-біліп бастан кешіп жатырмыз. Біз батысқа асықтық, ол бізге асығып-аптықпай-ақ ашық қоғам, адам құқы, жалпыхалықтық құндылық есебінде, түйіп айтқанда, «бүкіл әлемдік қалыпты модель» ретінде келді. Ендеше, Соростың «Глобальное экономика характеризуются не только свободным движением товаров и услуг, но, что более важно, свободным движением идеи и капитала...» дегені бүгінде дәл келіп отыр. Оған қарсы қоятын бізде қандай идея мен капитал бар? Бұл да ойланатын жай. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың жалпы ғаламдастыру (глобализация) туралы айтқан тұжырымдары біздің қай-қайсымызды да ойландыруы керек. Ал, Еуразия идеясы болса, ол кіші ғаламдастыру саясатының макеті. Сондықтан бізге әлі де болса ойланатын жайлар мен мәселелер көп-ақ.

Біздің ұлтымыз ағаштың бұтағы мен жапырағын болашақтың берекесіне теңеген. Бұл туралы әңгімеміздің басында сұңғыла философтар Н.Бердяев пен И.Ильиннің айтқандарын келтірдік. Ендеше, ағаш көркі – жапырақ. Өзің отырған бұтақты өзің кесуге болмайды.

«Ақиқат».
№10, 2003 ж.

БАЛЫҚТЫҢ ТІЛІН БАҚА БІЛЕДІ НЕМЕСЕ ДУГИННИҢ ДОСЫ КІМ?

Дугин түсінігіндегі «**Казахские нацисты**» маған неге ұнамай қалды? «**Нацистер**» мәскеулік десант – Дугин насихаттауындағы Еуразия идеясының ұлт үшін қаншалықты қауіпті екенін жақсы біледі. Білгесін со кісінің қатысуымен Алматыда өткен баспасөз мәслихатында және Болат Әбілов жүргізетін «**Өзіндік пікір**» бағдарламасында оған, яғни, оның Еуразия идеясы туралы айтқан ой-тұжырымдары мен пікірлеріне күйрете соққы берді. Әрине, сосын да о мырза талағы тарс айрыла, қазақты ұлтшыл деп айыптап отыр. Әрине, қазақтың «дым білмес» болғаны Дугинге ауадай қажет. Ол қазақ, жалпықазақстандықтар атынан мәселені

өзі-ақ шешіп қойған. Мысалы, өзінің «**Основы евразийства**» кітабындағы бір сұхбатында: «**Общая для всех казахстанцев национальная идея, может быть и есть. Это – Евразийство**», – деп бір-ақ қайырады. Сонда, біз неге басымызды тау-тасқа ұра, **Ұлттық идеяны** іздеп, мемлекет тірегін содан табамыз деп жүрміз? Иә, біздің Президентіміз кез келген ел-жермен экономикалық қарым-қатынаста болып, интеграциялық байланысты нығайта түсуіміз керек дегеннен бір танбай, өзі соның бастауында болып жүр. Біз де сол жағындамыз. **Бірақ, православиеге негізделген орыс космополитизмі мен шовинизмін насихаттайтын Ду-**

гин бағыт-бағдарындағы Еуразия идеясына еш мойынұсынуға болмайды. Бұл қолынан билік кеткендердің империялық пиғылын қоздыратын, яғни, кеткен есесін қайта алу үшін құрған реваншизм деп аталатын қақпан.

Естеріңізде ме, осы жылдың басында Ресейдің «Культура» телеарнасынан «Не істеу керек? Виталий Третьяковтың философиялық сұхбаты» атты хабары көрсетілген болатын. Оған біздің кейіпкеріміз Дугин мырза да қатысқан. Онда ол өзі басы-қасында жүрген Еуразия идеясының мән-мағынасын аша келе, еуразияшылар көксеген орыс мақсат-мүддесіндегі «Ізгілік мемлекетіндегі» – (Дугин сөзі – А.Ә.) ұжымақ туралы айта келіп: «Міне, Шыңғыс Айтматов дегеніміз кім? Ол кімнің жазушысы? Кеңестік классик пе? Қырғыз, Кеңес, орыс жазушысы – мұның бәрі келмейді. Ол еуразиялық ұлы данышпан. Демек, еуразияшылдық дегеніміз не дегенде – бұл Шыңғыс Айтматов демекпіз. Еуразиялық әдебиеттің классигі, еуразиялық данышпан. Бәрі де осымен түсінікті болады», – деді. Қандай жанға жағымды, жылы сөз. Ау, сонда бұл түсінік-пікірдің «Кеңес классигі», не «Кеңес жазушысы», болмаса «Кеңес данышпаны» деп қойылған көпшік-марапаттан айырмашылығы неде? Сонда, қырғыз классигі, қырғыз жазушысы, қырғыз данышпаны деген қасиетті ұғымдар қайда қалады?

Әлгі аталған хабардың жүргізушісі Виталий Третьяков өзіне дейінгі аға буын еуразияшылдардың идеясын тілге тиек ете келе: «...классикалық еуразияшылдар еуразияшылдық идеясының негізгі буыны Ресей екенін ашық айтқан. Сондықтан да, кім болса да, нені айтпасын, қандай модель қолдануға тырыспасын, осынау Еуразия одағының орталығы мемлекеттік құрылым ретіндегі Ресей болатыны көзделеді. Осыдан келіп, бірден бұрынғы Кеңес одағының бейнесі көлбендейді... өзін үшін осы кезеңде бұл кеудеден итеретін фактор емес, – деді. – Анығы да, қанығы да сол. Ал, сіздер Ресейдің орталықтығы жөніндегі идеяға қалай қарайсыздар?» – деп хабарға қатысушыларға сауал тастады. Міне, мұның астарында жаңа қалыпқа бейімделген орыс космополитизмі мен шовинизмі жатқан жоқ па?

Дугин мырза қазақ ұлтшылдығын қоздырып, қазақ мүддесін қорғап-қолдаған ұлт зиялыларына топырақ шашып: «Да, я патриот, но антисемитизм и расизм для

меня неприемлем! А здесь, Казахстане, это есть я вижу...» – деп көлгірсіп, жалпы қазаққа күйе жағып кетті. Сонда деймін-ау, қазақ азаматы Әзімбай Ғали, тағы басқа жігіттер қазақ мүддесін қорғаса, оңбаған екен де, ал, Дугин мен Третьяков патриоттар екен ғой. Міне, бұл таза кеңестік кезеңнен қалған айла-шарғы, адамды әлгіндей жаламен жасытып алатын амал. Сондай-ақ, ол Қазақстандағы «Навигатор» деген интернет-газетке берген сұхбатында: «Национальный состав Казахстана прямое следствие предшествующей исторической стадии, которую можно назвать «советским евразийством». «Советский народ» мыслился как евразийская общность нового типа», – дей келіп, ойын одан әрі: «Если закрепить за этносом территорию, мы приходим не к евразийству...» деп өзінің ұлы орыстық шовинизмін ашықтан-ашық білдіреді де, қазақтың классикалық дәстүрлі мемлекетке ие ұлт болғанын қаламайтынын тігісін жатқыза жеткізе отырып, пікіртұжырымын «Поэтому смысл евразийства в том, чтобы отделить юридически этнос от конкретной территории» деген «батыл шешіммен» аяқтайды. Сондай болған жағдайда, яғни «В Евразийском Союзе вопрос о русских и казахах будет немедленно снят», – болады екен. Енді, қараңыздар, сонда «казахский нацизм существует» деп Дугин айту керек пе, әлде, біз керісінше ғып айтуымыз керек пе?

Бұл жолда орыс идеясына көмектесіп, белсене іс-әрекет жасап жүргендер Қазақстанда жеткілікті екен. Енді, сіздер олар кімдер дейсіздер ғой, әдеттегідей? Сөзді Дугиннің өзіне берейік. Ол: «...в этом направлении работают многие видные политики, в частности, Балташ Турсумбаев», – дейді. Осыдан біраз уақыт бұрын Балташ Тұрсымбаевтың «Қазақстан Ресейден алыстап, оның қолынан сусып шығып бара жатыр, ойланыңыз, Путин мырза» дегенге саятын пікірін қатты сынға алған едік. «Балықтың тілін бақа біледі» деген нақ осы шығар.

Қайтеміз, «многие видные казахские политики», сіздерге көп үміт артылады. Дугиннің сенімінен шығыңыздар» дейміз де. Ал, қазақ ұлтшылдары болса, шабуылға қарағанда қашанғы әдетімен қорғаныстан танбас. Өйткені, сонау өткен ғасыр басындағы ұлт қаймағы болған зиялылардың өздері де сондай күй кешті емес пе?

«Жас Алаш».
8 қараша, 2003 жыл

ЕУРАЗИЯ ИДЕЯСЫ МЕН ЕУРАЗИЯ ОДАҒЫ ЕКІ БАСҚА ТҮСІНІК

Бұл мақаланың негізі бір кезде жасалынып, кейбір ой-тұжырымдарымыз мерзімді басылымдарда үзік-үзік жарияланып жүрді. Соған қарамай, үнемі ізденіс үстінде жүретін әдетпен көкейде көптен жүрген жайларды алдарыңызға тағы да тартсақ деген ой аяқ астынан келді. Оған себеп жақындағы Парламент депутаттары О.Әбдікәрімов, Ж.Тұяқбай, Ғ.Байназаров, Х.Ережепов, Ғ.Қалиев, Қ.Тұрысов, М.Сағдиевтің өз әріптестері Айталының тіл туралы көтерген мәселесіне өре түрегеле қарсы болуы мен күні кеше ғана «Литературная газета» 23 наурыз күнгі №10 санында жарияланған Александр Дугиннің православияға негізделіп, орыс шовинизмі құлық-ниетіндегі Еуразия идеясына байланысты **«Евразийство наследует дух и стиль Московской Руси. Это продолжение той Руси, того русского государства, где элита и массы говорят на одном языке и где этот язык национальный»** дей келіп, **«Сейчас наблюдается бум евразийцев в двух странах – в Казахстане и Турции. Там евразийцев не десять и не двадцать, там огромное количество людей в правящих элитах воспринимают евразийство как новый государственный курс»** деген ойды қозғай **«...в Казахстане это означает ускоренную реализацию Евразийского Союза – проекта Назарбаева»** деп айтқан пікір-тұжырымы болды. Бұлардың екеуінен де аңғарғаным Қазақстанды көптен бері космополитизм елесінің кезіп жүргендігі. Өйткені, әлгі, біздің депутаттардың өздерінің туған тілін жатсынып, оған оғаш мінез-құлық көрсетуі өзінің ел-жерін жокқа шығаруымен бірдей қасиет болса, ал, Дугин мырзаның әлімсақтан жалаулатып жүргені Азия мен Еуропа кеңістігін жайлаған аз ұлттарды жұтып қоятын идея. О мырза, қайда жүріп, қай жерде сөйлемесін кілең Президент Назарбаев ұсынған Еуразия одағын алға тарта береді. Және соны «көзір» етеді. Еуразия идеясы идеологының осы тұстағы білмейтін, не білсе де білмегендей кейіп көрсететін жағдайы, Еуразия идеясы патшалық Ресей кезінен бастау алатын империялық пиғылдан ерген Еуроцентризмге қарсы орыс шовинизмі бағыт-бағдарындағы ағым да, ал, біздің Елбасымыз ұсынып отырған Еуразия одағы болса таза тәуелсіз мемлекеттер арасындағы экономикалық байланыстан туған оң идея. Сондықтан да, Еуразия идеясы мен Еуразия одағын еш жаңылыстыруға болмайды.

Ал, біздің тарихшы, философ, сонымен бірге академик атанып жүрген енді бір қандастарымыз, білім саласын басқарып жүрген ана бір азаматымыз Еуразия идеясы мен Еуразия одағының ара-жігін ашып берудің орнына, оларды бірін-бірімен жаңылыстырып, қойыртпақ ете келе, қалың қазақты әрі-сәрі ететін мақалалар жазып, ойлар айтып жүргеніне таңғаласың. Академик Ә.Нысанбаев болса, Еуразиялық одақты **«...славяндар мен тұрандықтардың іс жүзіндегі ішкі менталдық бірлігіне негізделген»** идея деп ой түйетінін қайтерсіз. Біздің қайта-қайта Еуразия идеясы мен Еуразия одағын жаңылыстырмай, олардың ара-жігін қара ормандай қазаққа түсіндіре, ажыратып беруіміз керек деп қан қақсайтынымыз да сондықтан. Егер, сол тарихшылар мен академиктер жалпы Тұрандық идеяны қалыптастырып, оны Ұлттық идеямен байланыстыра, сонау патшалық Ресей кезінен басталған Еуроцентризм және Еуразия идеясымен бәсекелес, яғни, ұлттық мақсат-мүддені жұтып қоюға дайын жайын құлықты идеялар тудырған, бәсекеге төтеп бере алатын идея етіп қалыптастыруымыз керек десе, айналып кетпейсің бе? Жок, бізде бәрі керісінше, Еуразия идеясы мен Еуразия одағын араластырып, қойыртпақ құлаш-құлаш мақала жазылып жатқаны. Қайта, Елбасымыз анабір жылы Мәскеуде өткен Еуразия одағына байланысты дөңгелек үстелде мәскеулік Еуразия идеясын насихаттаушы философтар мен саясаткерлерге, оның бағыт-бағдарын барынша түсіндіріп, Одақтың экономикалық жағына баса назар аударған болатын.

Біздің жарғақ құлағымыз жастыққа тимей қашаннан бері жазып та, айтып та келе жатқанымыз, «Мәскеуді үшінші Рим» санайтын дугиншілдердің насихаттап жүргені Еуразиядағы аз ұлттарды түптің түбінде жұтып қоятын жайын құлықты, Еуразия идеясының басымызды зорға арашалап алған КСРО-дан бірде айырмашылығы жоқтығы мен оның православияға негізделгендігі. Сонымен айтарымыз, шынымен Қазақстанда еуразияшылдар **«огромное количество»** болып, ол идея республикамызда **«государственный курс»** болса, онда бізді шын мағынасында Құдайдың ұрғаны. Ондай бағыт-бағдарды шынымен темірқазық етсек, онда қазіргі бар тәуелсіздігімізден қол үзетіндігімізге сенім білдіре аламыз.

«Заң газеті».
31 наурыз, 2004 жыл



Жарас СЕЙІТНҰР,
саясаттанушы

Ресейдегі орыс ұлтының мүддесін Путиннің өзі қорғауда...

Биылғы жылдың қыркүйек айында көрші мемлекет Ресейдің Новгород облысында «Валдай» атты халықаралық пікірсайыс клубының он жылдығына арналған мерейтойлық мәжіліс болып өтті. Бұл клубтың осылай аталуы Великий Новгород қаласының жанындағы Валдай көлімен тікелей байланысты. Ресей тарихшыларының пікірінше, нақ осы жерде Ресей мемлекеттілігінің негізі қаланған екен. Клуб 2004 жылдың қыркүйегінде «РИА Новости» агенттігі, сыртқы және қорғаныс саясаты жөніндегі Кеңес («СВОП»), «The Moscow Times» газеті, «Россия в глобальной политике» және «Russia Profile» журналдарының бастамашылдығымен құрылды. Бүгінде ол ресейлік және халықаралық интеллектуалдық және саяси элитаның бас қосатын ерекше бір пікірсайыс алаңына айналып отыр.

Клуб мәртебесінің жоғары болуының бір себебі, оған әр жыл сайын Ресей Президентінің өзі дәстүрлі түрде қатысады. Үстіміздегі жылдың 16-19 қыркүйек аралығында өткен мерейтойлық мәжіліске де Ресей Президенті Владимир Путин қатысып сөз сөйледі. «Қазіргі әлем үшін Ресейдің әр алуандығы» тақырыбы аясында өткен пікірталас барысындағы Путиннің сөзі тыңдаушыларға күшті әсер етті. Кейбір шетелдік саясаттанушылар Путиннің бұл сөзін тіпті тарихта қалады деп бағалауда. Сонымен, клуб мәжілісінде Ресей Президенті не айтты?

В.Путин өз сөзінде, бұрындары талқыланатын аясы тар тақырыптар шеңберінен шығып мемлекет пен ұлтқа қатысты іргелі мәселелерді қозғады. Ресейдің ХХІ ғасырдағы болашақ стратегиясы, ел дамуындағы негізгі ұстанар құндылықтар қандай болу керектігі,

ашықәрі өткір түрде ұлттық сәйкестілік проблемасы сөз болды. Жаһандану үрдісі ресейлік сәйкестілікке қалай әсер етеді? Өзгермелі дүниеде оны қалай сақтаймыз? Әлемнің барлық халықтарының алдында тұрған бұл мәселені ресейліктер қалай шешу керектігіне тоқталды. Даму бағытын анықтайтын басты құндылықтарды анықтап алмаса, кез келген ұлттың дағдарысқа ұшырайтыны, рухани-моральдық жағынан құлдырайтыны белгілі болды. Ресей Президентінің сөзіндегі негізгі желі (лейтмотив): Ресейге ұлттық өзін-өзі айқындалу қажет! Жаһандық бәсекелестік жағдайында сыртқы және ішкі қауіп-қатерлерге қарсы тұру үшін мемлекет рухани, мәдени және ұлттық тұрғыда өзін-өзі нақты анықтамай ілгері жүре алмайды. 1917 жылға дейінгі Ресейді дәріптеуші, түп негізділік консерватизмді ұстанушылар мен батыстық ультралиберализмді жақтаушылар позициясын сынай отыра, олардың бүгінгі шынайы болмыстан ауылдары алыс екендігіне назар аудартты. Бүгінгі таңдағы бәсекелестіктің негізгі бағыттары экономикалық-технологиялық фактормен қатар **идеялық-ақпараттық** тараптан туындап отыр. Расында да мемлекетті шайқалту үшін оны мекендейтін халықтың санасын, құндылықтарын өзгертсе жетіп жатыр екен. Дәстүр мен тарихтан ажырау кез келген халыққа қауіпті құбылыс. Ал, Ресей мемлекеті ХХ ғасырда екі рет өз мемлекеттілігін ыдыратып алды. Ол орыс санасы мен сәйкестілігі үшін үлкен соққы болды. Алып империялардың ыдырауы тарихи заңдылық десек те, қармағындағы елдер мен жерлерден айырылу ешкімге оңай соқпайтыны анық. Тіпті, қазақтар өзімізде отар болғанға дейін 4,2 млн. шаршы км. аумақты алып жатқан Қазақ даласының бүгінде 2,7 млн. шаршы км.-ге дейін сығылып қысқарғанын өкінішпен еске аламыз.

Қазақтар тек бір XX ғасырдың барысында қаншама ата-баба қонысынан, құнарлы жерлерінен айырылып қалып отыр! Ағылшын және неміс тілді ғылыми әдебиеттерде (ағыл. *rump state*, нем. *Reststaat*, *Rumpfstaat*) «кесінді-мемлекет» деген термин қолданады екен. Бұл тұрғыда Қазақстан «рамп стэйт», яғни, кесінді-мемлекетпіз. Біздің ғалымдар болса «ирредент» сөзін, грекше – «қайта бірікпеген» деген терминді қолданғанды тәуір көреді. Ирреденттер – соғыс не аннексия, даулы шекара сызықтары немесе отарлау саясаты нәтижесінде қайта бірікпей, өз елінің шегінен тыс, тарихи автохтонды ұлттың шекаралас өлкелерде қалып қойған бөлшектері болып табылады. Өз ата-бабасының мұраға қалдырған жерінде отырған қазақтарды ирреденттер деуге болады. Ғалымдар ирредент қазақтарға Ресейдің Астрахан, Орынбор, Қорған, Омбы, Таулы-Алтай автономды облыстарын, Қытайдағы Алтай, Тарбағатай, Іле, Құлжа, Еренқабырға, Баркөл-Құмыла, Моңғолиядағы Баян-Өлгий аймақтары, Өзбекстандағы Сырдария, Шыршық, Қызылқұм мен Мырзашөлді мекен ететін қазақтарды жатқызып жүр.

Владимир Путиннің Валдай форумындағы сөзін саяси оппонеттері жаңа курсқа бетбұруды, оны өзгертуді саяси және идеологиялық тұрғыда негіздеу деп бағалауда. Ресей Президенті сөзінің кей жерінен түпнұсқада үзінді келтіріп кетейік: «Нужно быть сильным в военном, технологическом, экономическом отношении, но все-таки главное, что будет определять успех, - это качество людей, качество общества интеллектуальное, духовное, моральное. Ведь, в конце концов, и экономический рост, и благосостояние, и геополитическое влияние - это производные от состояния самого общества, от того, насколько граждане той или иной страны чувствуют себя единым народом, насколько они укоренены в этой своей истории, в ценностях и в традициях, объединяют ли их общие цели и ответственность. В этом смысле вопрос обретения и укрепления национальной идентичности действительно носит для России фундаментальный характер».

Путин XX ғ. 90-жылдары жіберілген қателіктерден сабақ алу керектігіне мән береді. Бізде жаңа ұлттық идеология, даму идеологиясы өздігінен туындай-

ды деген жаңсақ түсінік, иллюзия болды дейді. Мемлекет, билік, интеллектуалды және саяси класс өз еркімен бұл істен сырт қалды. Идеологиялық жұмыстан бас тарту мен шеттелу, оны өз бетімен жіберудің салдары ауыр болды. Ұлттық біртектестілікке, сәйкестілікке негізделген ұлттық идеяның жоқтығы капиталды ұрлап шетке шығарғанды жөн көретін, өз тағдырын, болашағын капитал тапқан елімен байланыстырғысы келмейтін элитаның бір бөлігіне (*квазиколониалды азгантай топ*) пайдалы болып шықты. Практика көрсеткендей, жаңа ұлттық идея нарық заңы, ережесіне сай өз бетінше туындамайды әрі дамымайды. Қоғамның, мемлекеттің идеологиялық жұмыстан бойын аулақ ұстап сырт қалуы және бөгде тәжірибені механикалық көшіру қате болып шықты. Ресейді сырттан танып өркениетті елге айналдыру талпыныстарын халықтың басым бөлігі қабылдамады. Өйткені, рухани, идеологиялық суверенитеттікке, сыртқы саясаттағы дербестікке ұмтылу – орыс ұлттық мінезінің ажырамас бір бөлігі. Владимир Путин, өмірді құрудың дайын үлгісін компьютерлік бағдарлама сияқты басқа мемлекетке орната салудың уақыты өтті деді.

Ресей Президенті патриотизм мәселесіне де тоқталып өтті: «Суверенитет, самостоятельность, целостность России - безусловны. Это те «красные линии», за которые нельзя никому заходить. При всей разнице наших взглядов, дискуссия об идентичности, о национальном будущем невозможна без патриотизма всех ее участников. Патриотизма, конечно, в самом чистом значении этого слова. Слишком часто в национальной истории вместо оппозиции власти мы сталкиваемся с оппозицией самой России». Рас, билікпен күресудің мемлекетпен күресуге айналмауы маңызды, саяси жүйені қиратамыз деп мемлекетті құртып алмауды ойлау кез келген оппозицияның кемелділігін көрсетеді.

Путин өз сөзінде тағы бір принципті мәселеге назар аударғанды. Ол мультикультурализм идеологиясының, моделінің Еуропа елдерінде сәтсіздікке ұшырағанына тоқталды. Мультикультурализм – бұл жеке бір мемлекетте мәдени айырмашылықтарды сақтау мен дамытуға бағытталған саясат. Алғаш рет «мультикультурализм» ұғымы 1957 жылы Швейцарияның жүргізген саясатын

сипаттау үшін қолданылды. Ал, ғылыми-саяси айналымға бұл термин 1971 жылы Канада үкіметінің премьер-министрі Пьера Э. Трюдо мультикультурализм туралы Ресми акт қабылдауымен байланысты енді. Бұл саясаттың басты мақсаты, басқа елдерден қоныс аударып келген иммигранттардың ұлттық ерекшеліктерін сақтауы, жергілікті автотон (жергілікті, тұрғылықты, ежелгі) халықтан тілдік, мәдени, діни бөлектенуі мен окшаулануын қолдау. Әр түрлі мәдениеттер бірікпей-ақ параллель түрде тіршілік етеді. Алайда, бұл практика мәдени сегрегацияға (бөліну, бөлу, ажырату) әкеледі және жергілікті халықтың ұлттық-мәдени сәйкестілігіне қатер төндіретінін көрсетті. Мультикультурализм идеологиясы сипаты жағынан әр түрлі мәдениеттердің еш жанжал, қақтығыссыз қатар өмір сүре береді деген утопиялық түсінікке негізделеді. Мультикультурализм саясатының міндетті бір белгісі (*атрибуты*) байырғы халық арасында толеранттылық пен тензофобияны тегеурінді әрі үздіксіз насихаттау. Бұл жерде тезенофобия (*лат. tendo, «тарту», «созу», «сүйреу», «күресу» + грекше «фобия»-үрейлену*) деп жеке немесе топтық қатынаста қақтығыс пен шиеленістен қорқу, одан кез келген тәсілмен қашуды айтады. Тензофобия капитулянттікке (*қиыншылықтан, күрделі мәселелерді шешуден қашатын су жүректілікке*) әкеледі, қақтығыс болмасын деп өз мүддесінен бас тарту, жол берушілік пен үркектік мінез қалыптастырады. Тензофоб, егер, мәселені көтермей немесе атын атап, түсін түстемесек, онда проблема жоқ деп санайды. Ақиқат шындыққа тура қараудан қорқады. Қылығы құмға басын тыққан түйеқұсқа ұқсайды. Тензофобия асқынған кезде ксеномания мен кириофобия синдромдарына айналады. Ксеномания (*грекше-«бөгде» и мания- «құмарлық»*) – басқаныкіне көзсіз табыну, өзгенікіне шамадан тыс ұмтылу. Біреудің қаңсығын керемет көру әдетін айтады. Ал, кириофобия (*от грекше кириос - «мырза», «ие, қозжа», «қозжайын» және фобос - «қорқыныш»*) – қонақтардың қожайындарға дұшпандық қатынасы. Үй егесі, қожайындарға үнемі талап қою, өз құқықтарын баса көрсетіп, ал, міндеттері мен жауапкершіліктерін мойындамаудан көрінеді. Кириофобия деп қожайындардың заңдары мен әдет-

ғұрыптарын көрінеу сыйламаушылық, қыр көрсетіп құрметтемеуден және қожайынға қонақ алдында жалған кінәлілік сезімін танудан тұратын іс-әрекетті айтады. Қазақ мұндайды «жаман үйді қонағы билейді» деген мақалмен түйіндеген. Еуропада мультикультурализм – тығырыққа апартын жол деп саналуда. Мемлекетте негізгі бір үстем мәдениет болуы тиіс, қалғандары мүмкіндігінше соның маңайында шоғырлануы керектің ұғыну орын алуда.

Ресей Президенті евroatланттық елдердің өз түп-тамырларынан бас тарту жолына түскенін қынжыла айтады. Нәтижесінде кез келген дәстүрлі біртектестілік, сәйкестілік жоққа шығарылады: ұлттық, мәдени, діни және тіпті жыныстық. Бір жынысты некеге рұқсат беру Еуропаны демографиялық және адамгершілік тұрғысынан дағдарысқа әкелді. Әлемдік діндерде негізі қаланған құндылықтардан, мыңжылдықтар бойы қалыптасқан мораль нормалары мен имандылықтан, адамгершіліктен бас тарту салдарынан адамдар адами қадір-қасиетінен айырылады. Сондықтан, бұл құндылықтар сақталынуы тиіс. Кез келген азшылықтың өзгеше болу құқығын құрметтеуге тиіспіз, алайда көпшіліктің де құқығы барын ұмытпауымыз керек.

Ресейдің зиялы қауымына, әсіресе, Путиннің орыс мәдениеті мен әдебиетінің рөлін қалпына көтеру жайында айтқаны айрықша ұнаған сияқты. Отанын сүйетін тұлғаны тәрбиелеу міндетін осылардан артық еш нәрсе орындаған емес. Ұлттық идеяны ұғынудың негізі, төл тумалықтың қайнар көзі ана тіліндегі көркемшығармаларда жатқанын қазақ зиялылары да үнемі айтып келе жатыр. Алайда, өздерін уақытша биліктеміз деп есептейтін еліміздің басқарушы табы оған құлақ түре қоймады. Ал, ел алдына енді шыға бастаған басқарушы жаңа корпусының ұлттың төл мәдениеті мен әдебиетінен қаншалықты хабардарлығы белгісіз. Ресейдегі сияқты қақ жарылу бізге де тән дүние. Жазушыларымыз «жармақ тұлға» феноменін бекер суреттеп жүрген жоқ қой. Ұлттың негізгі құндылықтары мен саяси курстың сәйкес келуі бізде мүлде мүмкін емес сияқты көрінеді. Өйткені,

«қазақтық» түсінігі элита санасында артта қалушылық пен өрлеудің тежегіші сияқты қабылдануда. Бұл алшақтықты жақындату үшін мемлекеттің кадр таңдау мен іріктеу саясатын күрт өзгерту қажет. Нағыз ұлттық бағыттағы элита қалыптастыру бағдарламасын жасау керек. Біз әзірге ұлттық тамырдан ажыраған технократтар даярлауды дұрыс көріп отырмыз. Қоғамның барлық салаларында ойланушылардан көрі орындаушыларды тәуір көретініміз еш құпия емес қой. Әсіресе, біздің шенеуніктердің қазақ ұлтына қарсы бағытталған бұйрықтар мен тапсырмаларды еш күдіксіз бас шұлғи орындауы салдарының зардабын тартып жүрміз. Оларда бір сәт ойланып көру деген жоқ қой. Бұл не, аңғалдық пен сенгіштік пе әлде мұрын астыдағыдан арыны көрмейтін келте ойлаушылық па? Әлде параның құдіреті ме? Кейде осындай антиқазақтық шешімнің артында белгілі бір күштердің бар екенін білсек те, оған қарсы тұруға талпынбайтын құлдық мінезімізге де қайран қаламын. Қазақтың мүддесін жеке мүддемізге жығып бере саламыз. Ұлтқа тиер зардабына мән беріп жатпаймыз. Талай жерде қазақ мүддесі аяққа тапталып жатыр. Ең өкініштісі, оны өзге емес, өзіміз жасайтынымызды айтсайшы?! Виктимология (латынша – құрбандық) ілімі бойынша қазақтар өзін құрбандыққа шалуға даяр ұлт тәрізді ұстайды екен. Не экономикамызды, не қазба байлықтарымызды, не ұлтшыл-патриот тұлғаларымызды, не тіліміз бен мәдениетімізді қорғай алмауымыз соның көріністері болып табылады.

Орыс журналистері Путиннің Валдайдағы сөзін медиа құралдары мен стратегиялық құжаттарды әзірлеуге қолдары жетпейтін үнсіз көпшіліктің ойындағысын білдірген орыс үні деп бағалауда. Міне, ақыры, орыс дауысы мемлекет басшысының аузынан шықты деп ризашылықтарын білдіруде. Ал, сарапшылар, аналитиктер тобы болса шынайы қоғам сұранысы мен талабынан үмітсіз артта қалып қойды делінуде. Көпшілік үшін президенттің сөзі экспертократтарға қарағанда анағұрлым жақын әрі түсінікті болып шықты. Сонымен, Ресей үшін ұлттық мәселені тура айтатын уақыт келіпті, ал, біз – қазақтар қашаңғы жабуды жаба тоқимыз?!...

● Керек дерек

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛЫ ТУРАЛЫ

2013 жылғы 1 қазанда еліміздегі халық саны 17 098,5 мың адамға жетті, оның ішінде қалалықтар – 9 403,3 мың (55 пайыз), ауылдықтар – 4 695,2 мың адам (45 пайыз) болды. 2013 жылдың қаңтар-қыркүйегінде жалпы еліміздегі халық саны 188,8 мың адамға немесе 1,1 пайызға, 2012ж. 1 қыркүйегімен салыстырғанда 242 мың адамға немесе 1,4 пайызға өсті.

2013 жылдың қаңтар-қыркүйегінде республика халқының табиғи өсімі 189,9 (2012 жылдың қаңтар-қыркүйегінде – 181,1 мың адам) мың адамды құрады. Бұл 1000 адамға шаққандағы табиғи өсімнің жалпы коэффициенті 14,9 (14,4) адамды құрады.

2013 жылдың қаңтар-қыркүйегінде АХАТ органдарында 293,3 (288,6) мың туылғандар тіркелді, бұл 2012 жылдың қаңтар-қыркүйегімен салыстырғанда 1,6 пайызға артық. 1000 адамға шаққандағы туудың жалпы коэффициенті 23,02 (22,95) туғандарды құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде қайтыс болғандар саны 103,4 (107,4) мың адамды құрады немесе 2012 жылдың қаңтар-қыркүйекке қарағанда 4 пайызға кем. 1000 адамға шаққандағы өлімнің жалпы коэффициенті 8,12 (8,54) болды.

2013 жылғы қаңтар-қыркүйекте республикада 1 жасқа дейінгі 3327 (2012 жылғы қаңтар-қыркүйекте 3995) нәресте өлімі тіркелді. 2012ж. қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда 1 жасқа дейінгі шетінеген нәресте саны 16,7% азайды. Нәресте өлімінің негізгі себебі перинатальдық кезеңде пайда болатын жағдайлар болып табылады, одан 2013 жылғы қаңтар-қыркүйекте 1939 (2333) немесе нәрестелер арасындағы өлім жағдайының жалпы санынан 58,3 пайыз (58,4пайыз) нәресте өлген. Туа біткен ауытқулардан өлген нәрестелер саны 589 (764) немесе 17,7 пайыз (19,1 пайыз), тыныс органдары ауруларынан – 226 (285), немесе 6,8 пайыз (7,1 пайыз) және жазатайым жағдайдан, уланудан және жарақаттан – 162 (159), немесе 4,9 пайыз (4 пайыз) адамды құрады.

2013 жылдың қаңтар-қыркүйегінде АХАТ органдарында 125,1 (122,5) мың неке тіркелді. Олардың саны 2012 жылғы сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,1 пайызға көбейді. 1000 адамға шаққандағы некенің жалпы коэффициенті 9,82 (9,74) құрады. 38,4 (36,1) мың ажырасулар тіркеліп, олардың саны 6,3 пайызға өсті. 1000 адамға шаққандағы ажырасудың жалпы коэффициенті 3,01 (2,87) құрады.

2013 жылғы қаңтар-қыркүйекте Қазақстанға келгендер саны 2012 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда 23,5 пайызға азайып 17193 (22465) адамды құраса, ал Қазақстаннан кеткендер саны 18,4пайызға азайып, 18 307 (22 437) адамды құрады, көші-қонның айырымы -1 114 (+28) адам болды.



Ербол ТІЛЕШОВ,
Тілдерді дамыту басқармасының
басшысы, филология
ғылымдарының кандидаты

Қазіргі қоғамдық санада «Ұлтшылдық» ұғымы жағымсыз реңкке ие болып, ол жөнінде айтыла қалса, ойымыз тіпті нацизмге дейін әлдебір сұрықсыз, тұрпайы құбылысты бейнелейтін деңгейге жеткен. XX ғасырда нацизмді басынан кешірген адамзат баласы ұлтшылдықтан үрейленетін шаққа жетіп, оны қабылдағысы келмейтіндей сыңай танытуда. Сонымен бірге, пост-кеңестік жас мемлекеттерде кеңестік идеологияның ұлтшылдыққа таңған ескірген ұғымдары әлі де сақталуда. Дәл осы арада біз Францияны, Германияны, Ресейді, Үндістанды, Иранды тағы да бүгінде қуатты мемлекеттерге айналған елдердің тарихи даму сатысында ұлтшылдық кезеңінен өткендігін, егер ондай кезең болмаса аталған мемлекеттер біртұтас саяси-қоғамдық құрылым бола алмайтындығын не ескергіміз келмейді, не болмаса олар жөнінде білеріміз көп емес. Жоғарыда аталған мемлекеттер сол елдегі барлық ұлттарды мемлекетқұраушы ұлттың төңірегіне топтастыра білді. Ондай топтастырудың амалдары бірде терең ойламаған саясатпен, бірде міндеттеумен шешілгені де тарихтан мәлім. Оны Алаш зиялыларының білгендігі Жүсіпбек Аймауытовтың: *«Ұлтын шын сүйіп, аянбай қызмет қылған азаматы көп жұрт күшті, өнерлі, білімді жұрт болып, күресте тең түсіп, басқаларға өзін елетіп отыр. Ұлты үшін құрмет қылмай, бас қамын ойлап жүрген азаматтардың елі артта қалып отыр. Ұлтшыл жұрттар, әне, Германия, Япония, Англия, Түркиялар, олардың баласы жасынан «ұлтым» деп өседі. Есейген соң бар білімін, күшін өз жұртының күшеюіне жұмсайды. Олардың әр адамы –*

ҚАЗАҚ ҰЛТШЫЛДЫҒЫ ҚАШАН, ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСТЫ немесе ұлтшыл дегеніміз кім?

мемлекеттің керегі, қызметкері» дегенінен аңғарылады. Кезінде бөленбай шағын ұлттық бірлестіктерден құрылған Италия мемлекеті жөнінде осы мемлекеттің тұңғыш Премьер-Министрі Камилло Кавурдың: *«Біз Италияны жасадық, енді итальяндықтарды жасайық»* дегенінде бірқатар еуропалық мемлекеттердің қалыптасуына тән тезис жатыр. Әлбетте, XVIII ғасырдан басталып XX ғасырдың басына дейін жалғасқан Еуропа мемлекеттерінің ұлттану үдерісінен бері ғасырдан астам уақыт өтті десек, бұл үдерістің мемлекеттердің қалыптасу дәуірі болғандығын ескергеніміз абзал-ақ.

Мемлекеттердің қалыптасуында, кейбір жағдайларда, олардың дәуіріне қарамастан ұқсастықтар бола береді. Әсіресе, әлгіндей ұқсастықтар саяси, экономикалық ерекшеліктерімен бірге, сол мемлекеттердің тілдік тұтастығынан, мәдени бірлігінен аса жарқынырақ байқалады. Тарихтың әлгіндей сабағы бізге де жат емес. Біздің ойымызша, ұлттар мен ұлыстарды сіңіріп жіберген Еуропаның отаршыл мемлекеттеріне қарағанда, қазақ ұлты XIV-XV ғасырлардан бастап дербес халық ретінде мейлінше алаңсыз қалыптасты. Оның жарқын мысалы, қазақтың алпауыт даласындағы дін бірлігі, тіл бірлігі, дәстүр бірлігі. Яғни, біз сонау хандық мемлекет тұсында қазақ екендігімізді қалай сезінсек, осы күнде солай түйсінеміз. XX ғасыр басындағы Алаш қайраткерлері күресінің басты мақсаты – егемен мемлекет құру еді. Осы күресті ірі қозғалысқа айналдырғандар Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған ұлтшыл қайраткерлер екендігі де аян. Қазақ қоғамында ұлтшылдықтың тууы және өрістеуі осы қозғалыспен тікелей байланысты. Түркі дәуірінен басталып, хандық дәуірге ұласқан ел болу, XIX ғасырдағы елдік, халықтық мәселелер XX ғасыр басында жаңа мазмұнмен толықты. Ол – ұлттық мазмұн. Сол себепті де, біз қазақ ұлтшылдығының тарихын XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі оқиғалармен байланыстырамыз. Осы кезеңге дейінгі қо-

ғамдық ойларға келсек, оларды таза мағынасындағы ұлтшылдық дей алмаймыз. Біріншіден, хандық дәуіріндегі жыраулар, би-шешендер шығармаларында айтылған ойлар ұлттың мүддесінен гөрі, сол кездегі хандық мемлекеттің, белгілі бір қоныстың, мекеннің мүддесімен немесе ел билеушілердің, белгілі адамның тұлғасымен болмаса жеке адамның қандай болмағы сияқты мәселелермен тікелей байланысты болатын. Айталық, Асан Қайғының:

*Ойыл деген ойыңды,
Отын тапсаң, тойынды.
Ойыл көздің жасы еді,
Ойылда кеңес қылмадың,
Ойылдан елді көшірдің,
дегенінде, Ақтамберді жыраудың:
Қоңыраулы найза қолға алып,
Қоңыр салқын төске алып,
Қол төңкерер ме екеміз?!
Жалаулы найза жанға алып,*

Жан қашырар ма екеміз?! – деп айтқанында, сол заманның қоғамдық санасының типтік көріністері бар. Одан берідегі Дулат, Махамбет, Майлықожа, Шортанбай, Әбубәкір, тағы да басқа Абайға дейінгі дәуірдегі әдебиетте хандық дәуірді аңсау, қоныстың тарылуы, адамның моральдық болмысы сияқты мәселелер молынан ұшырасады. Мұндай әлеуметтік мазмұндағы консервативті, дидактикалық ойларда жалпы ұлттық мәселелерден гөрі елдің жағдайын сөз ету басымдау. Сондықтан, біз оларды ұлтшылдық идеялар көтерді дей алмаймыз. Орыс отаршылдығының мейлінше асқынған тұсында, Ресей империясының 1824 жылғы, 1867-68 жылдардағы қазақ даласын басқаруға қатысты белгілі құжаттары жүзеге жедел асырыла бастаған заманда өмір сүрген Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай сияқты дәуірдің ірі тұлғалары да ұлтшылдыққа бара қоймады. Әлбетте, бұл олардың кемшілігі емес, кезеңдердің ерекшелігі. Егер, Шоқан Уәлихановтың табиғи дарынын ашқан, оның ғылыми ізденістерін қажет еткен орыс қоғамы десек, Ыбырай мен Абайдың отаршылдық саясатқа көзқарастары туралы Мұхтар Әуезов: *«Бірақ, бұлардың тобы саяси әлеуметтік құрылыста патша үкіметінен қысым көрмейді. Қайта содан сыбаға алып, соның өзіне қоңсы қонған тап. Сондықтан, ол тап ақындары төңкерісшіл қарсылық тақырыбы мен төңкерісшіл сарын сияқтының ешбіріне де жоламайды. Қазақ өлкесінің олар кезінде отар боп жатуы да бұлардың сана-сезіміне әсер етпегендей болады»* деп жазған болатын. Біздің ойы-

мызша, Мұқанның осы ойларына қосымша ретінде Алтынсарин мен Абайдың ұлттық мәселелерді өз деңгейінде көтермеуіне, сол кездегі қоғамдық құрылыстың тікелей ықпалы тиген. Атап айтқанда, ұлтшылдық атаулының феодалдық-аграрлық кезеңде емес, буржуазиялық қатынастар кезінде көрінетіндігінде, осы қоғамдық формацияда өрістейтіндігінде.

Феодалдық-аграрлық кезеңде қоғам ортақ жүйеге қандай да бір саяси күш болуға ұмтыла қоймайды. Ортақ жүйеге ұмтылудың аграрлық қоғам үшін аса қажеті де жоқ. Себебі, аграрлық қоғамда күнделікті өмір, кәсіп жалпы халыққа, ұлтқа емес өзін қоршаған айналаға ғана арналады, соған бейімделеді. Мәселен, мал бақса, өзінің отбасы үшін немесе қожайынының мүддесі үшін жұмыс істейді, егін ексе де солай. Қолөнерші болса, сол ауыл-аймақтың күнделікті ұсақ-түйек қажеттілігін қанағаттандыру үшін ісмерлік етеді. Оқыса да ауыл арасында молдалық қылу үшін білім алады. Абай осындай далалық көзқарастан қара үзіп шықты. Сондықтан да:

Баламды медресеге біл деп бердім,

Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім, дейді. Яғни, Абай үшін баланың алған білімі ауыл арасындағы ұсақ қызметпен, мансапқұмар шенмен шектелмеуі тиіс. Оның ұғымында білім адамшылық жолы үшін қажет. Ал, адамшылық жолы үшін игерілген білім аздың емес, көптің пайдасына қызмет етпек. Абайдың еңбек жөніндегі позициясы да осындай. Ол өзінің көзқарастарында ұлтшылдық тараптан емес, жалпыадамзаттық гуманистік кейінге көрінеді. Бұл Абайға ислам дінінен, мұсылман өркениетінен келген көзқарас. Оның тікелей тәрбиесін алған өмірдегі де, өлеңдегі де інісі Шәкәрім XX ғасыр басында ұлтшылдық жөнінде айтыла қалғанда, нақтылап айтсақ, Мәннан Тұрғанбайұлының «Абай» журналында жарық көрген «Ұлтшылдық» мақаласына осы журналдың бетінде «Ұлтшылдық жайлы» деген атпен жауап бергені белгілі. Осы жауабында Шәкәрімнің Мәннан мақаласындағы ұлтшылдық жөніндегі ойларымен қосылмайтындығы көрінеді. Осыдан да феодалдық-аграрлық кезеңде қалыптасқан ағартушылар ұлтшылдық идеяларына аса бейім еместігі сезіледі.

Қазақтың феодалдық иерархиясы ыдырай бастаған кезді көзімен көрген Абай сол ауыл-аймақтың ұсақ тіршілігіне көңілі толмай, алысты меңзеп жалпы халыққа, қазаққа сөз арнаған бірінші акын. Ендігі

жерде ол кәсіпті де, оқуды да көптің пайда-сына жұмсауды үндеді. Сондықтан, Абай ғасырлар бойы қалыптасқан феодалдық-аграрлық өмір салтына сыни көзбен қарап, осы заманның қайшылықтарын безбендеп, адам мінезінің философиясына барды. Сол себепті де, Мұхтар Әуезовтің Абай философиясын мінез-құлық философиясы дегені бар. Әлбетте, ұлы ақын өзінің осындай дүниеауи көзқарастарында, ілгеріде айтқанымыздай, өзі жақсы игерген, санасына сіңірген ислам қағидаттарын тірек етті. Елдік мәселесінде отаршылдық илеуіне толық түскен елдің кейпін Абай:

Өздеріңді ел болар дей алмаймын,

Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың, –
деп күрескерлікпен емес, өзіне тән сыншылдықпен қорытынды жасаса, енді бір тұста:

Көк тұман – алдыңдағы келер заман,

Үмітті сәуле етіп көз көп қадалған.

Көп жылдар көп күнді айдап келе

жатыр,

Сипат жоқ, сурет те жоқ, көзім талған,
– дейді. Абайдың қамығуы мен торығуы өз заманынан туған көңілдің күйі. Дегенмен, келер заманда сол Абайдың кемелгер ойларынан сусындаған білімді де алғыр, ұлтшыл жастар тарих сахнасына шығар еді. Олар отыздан енді асқан Әлихан, Ахмет, жиырмадан енді асқан Міржақып, Мұстафа, тіпті, бозбала буын Мұхтар, Қошқа, Смағұлдар. Тұтас лек. Тегеурінді топ. Әрекетшіл шоғыр.

Аграрлық қоғамда ұлтшылдық байқалмайды, байқала қалғанның өзінде айтарлықтай бедерлі де белсенді де емес. Бұл кезде ел қамы, жұрт жайы жөнінде айтылғандарды ұлттық идеялар деп емес, халықшылдық көңіл-күй деп бағалаған абзал. Әлем тарихы аңғартып отырғандай, ұлтшылдық, жалпы алғанда, аграрлық кезеңнің емес, буржуазиялық қоғамның жемісі. Буржуазиялық қоғамның экономикалық қатынастары, атап айтқанда, капиталистік қатынастар мемлекеттің бір жүйе екендігін, ортақ экономикалық һәм рухани-мәдени организм екендігін көрсетіп берді. Осыдан жалпықоғамдық ұжымдасу, бір халықтың өзара ішкі байланыстары, әрекеттесуі күшейді. Қоғамның таптық, нәсілдік қайшылықтары әртүрлі идеологиялық ағымдарды тудырды. Осындай ағымдардың ішіндегі ірілерінің бірі ұлтшылдық болды. Қазақ даласына капиталистік қарым-қатынастардың келе бастағанында қалыптасқан, осындай, құбылыс жөнінде Мұхтар Әуезов білгірлікпен: *«Бесінші жыл төңкерісінің артынан шыққан жаңа үлгідегі ақын-жазушы бұлар*

тобынан шықпайды. Оларды майданға әкеп шығарған қоғамдық, шаруашылық, саяси күйлердің басқаша боп жаңғырып өзгеруі. Сондықтан, олардың өздері де қыр үлгісіндегі қазақ емес, оқыған, еуропаланған, қызмет иесі боп жүрген қала туындысы болады. Олардың байшыл-ұлтшыл оқығандар боп қалыптасуларында таптық досы, тұстасы да сол қала туындысы, қала ықпалындағы жергілікті буржуалар болады» деп жазады. Қазақ ұлтшылдары әдепкіде ұлттың теңдігі мен бостандығын талап ету шарасынан бастап («Қарқаралы құзырхаты») ұлттық мемлекет үлгісін (Қазақ автономиясы) жасауға дейінгі аралықта саяси ұлтшылдықта болса, кеңестік дәуірде большевиктік саясаттың ықпалынан мәдени-рухани ұлтшылдық бағытына көшті. 1920 жылдары кеңестік платформадағы жазушылардың Мағжанды және тағы басқаларды ұлтшыл дейтіні осыдан. Қазақ ұлтшылдығының сипаты жөнінде олардың идеологиялық біржақтылығына қарамастан, Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романы да, Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» және «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Байшылдық-ұлтшылдық дәуір» кітаптары да мол ақпарат береді. Бұл арада Аханның және тағы да басқа Алаш зиялыларының туған халқы үшін ұлтшыл болғандығынан қорықпауымыз керек, қайта қазақ баласының ішінен ұлтшылдардың шыққанына қуанғанымыз абзал, сөйтіп ел мүддесі жолына риясыз қызмет еткен тұлғаларға тағзым еткеніміз жөн. Біз халқына қалтқысыз берілген азаматтарды айыптағандардан, сол заманның шындығын сараламай, ұлттың дәуірлік қажеттіліктерін ұғынбай, әлі де ескі сарын, баяғы түсінікпен жүрген, сөйтіп ұлтшылдардан ат-тондарын ала қашатын замандастарымыздан сақтануымыз керек. Өйткені, олар өз халқының тарихи даму жолын оның қажеттіліктерімен, сұраныстарымен терең байланыстырып қарай алмайды. Ол кешегі қазақтың көп мәселесі бүгінгі қоғамда да өзгеше сипатта, басқаша өңде әлі күнге дейін шешілмей келе жатқандығынан бейхабар немесе бейжай. Ал, ұлтшылдық – алдыңғы қатарлы зиялы азаматтардың ұлттың құқығы мен теңдігі ескерілмеген шақта туған халқын сақтап қалуға бағытталған мақсатты күресі мен әрекеті. Ұлтшылдық – сақтану инстинкті. Ұлтшылдық – ұлттың өмір сүру иммунитетін қалыптастыратын қадам. Сол себепті, қазақтың кешегі тарихын ескермей, бүгінгі қазақтың ұлт ретінде

өзінің даму жолы болатындығымен санаспай, оны жаһандану дәуіріндегі батыстық модельдің бір бөлшегіндей немесе сол әлемдік дамудағы маңызы болмашы тетіктей қарап, әйтеуір, ана деңгейге жетсек, мына деңгейді бағындырсақ дей берудің бар уақытта да дұрыс бола бермейтіндігін ұмытпағанымыз жөн. Бүкіл әлемге, кеше өзіне бағынған халықтарға әлі күнге дейін империялық көзқараспен қарайтын Еуропа, орыс тарихшыларының, саясаттанушыларының немесе басқа да жазармандарының ұлтшылдықтан үркітуінің ықпалына енудің, тарихи даму жолы басқа біздер үшін оларды басшылыққа алудың қажеті шамалы. **Батыстық өктем саясат үшін жас мемлекеттердің тым мемлекетшіл, ұлтшыл болуы тіптен қажетсіз.** Болып толған ел кезінде бола алмаған, енді болғысы келетін елді түсіне алмайды. *«Тоқ бала аш баламен ойнамайдының...»* кері. Сондықтан, сол Еуропаныздағы бүгінгі мықты мемлекеттердің саяси, әскери, мәдени қуатын жасаған ұлтшылдықтың үлгісі немесе Ресей империясының күшті идеологиясы болған орыс ұлтшылдығының қандай тарихи маңызы, өзінен кейінгі дәуірлерге қаншалықты ықпалы болса, қазақ ұлтшылдығының да сондай әсері де, дәстүрі де болмағы қажет. Қандай мемлекет болсын сол елге атау берген ұлттың төңірегіне топтаспағы жөн. Мұндай топтасу әртарапты болуы мүмкін, бірақ, ұжымдаспай, туыстаспай болмайды. Қазақстан да осындай болуға тиісті, өйткені ол табиғи үдерістен шет қала алмайды. Бұл ұлт өмір сүруінің, мемлекет қалыптасуының, сөйтіп әлемдік қауымдастықтан өзінің дара келбетімен лайықты орын алуының табиғи да берік кепілі. Әлем біртектілігімен емес, көпбояулы болуымен анағұрлым қызғылықты. Жаратқан иеміз бізді әр ұлттың, әр діннің, әр тілдің өкілі етіпті. Ендеше, әрқайсысымыз табиғи тумысымызға, шынайы болмысымызға сай болмағымыз шарт.

Әлемдік тарих тәжірибесі мемлекеттілік идеясымен бірге ұлтшылдық идеясының да туатындығын көрсетті. Бұл идеяны тудырғандар сол мемлекетті құрушы ұлттың озық ойлы өкілдері болды. Сондай-ақ, бұдан өзге де ұлтшылдық типі пайда болды. Ол тарих талайымен өзге мемлекет құрамына еніп қалған, сөйтіп отарлық езгіні басынан өткеріп, дербес мемлекеттілікке, тәуелсіздікке жете алмай отырған ұлттардың ұлтшылдығы болатын. Яғни, барша дүниеде ұлтшылдықтың негізгі әлгіндей екі

типі бар. Бірі – ұлттық астамшылдықпен байланысты империялық ұлтшылдық. Екіншісі – өзінің саяси, рухани тәуелсіздігіне ұмтылған табиғи ұлтшылдық. Оның түрлері бұдан да көп. Мәселен, азаматтық ұлтшылдық, саяси ұлтшылдық, әлеуметтік ұлтшылдық, таптық ұлтшылдық, мәдени ұлтшылдық, т.б.

Қазақ тарихындағы ұлтшылдықтың қайнар бастауында Алаш қозғалысы қайраткерлері тұрды дедік. Осы саяси-рухани құбылыстың тууында Ахаңның өз тұлғасының да, шығармашылығының да, күресінің де орны ерекше екендігі айтылған, айтыла беретіні ақиқат. Ахмет Байтұрсынұлының қайраткерлік ғұмырының өнегесі, шығармашылығының тағылымы бүгінгі қазақ баласына да шарапатын тигізбек. Саясат майданындағы қайраты да, қаламынан туған еңбектері де – Ахаңның ұлтына деген зор махаббатының көрінісі. Қазаққа деген ұлы құштарлық оны нағыз ұлтшыл етті. Халқына қам, еліне ем болған мұндай ұлтшылдық зор құрметке де, көрнекті үлгіге де лайық. Өйткені, Ахаңның ұлтшылдығы – қазақ болып қалуға, қазақтың басын қосуға, қазақ болып өркендеуге, қазақтың мәдениет басқышына көтерілуіне, қазақтың дербес мемлекетін қалыптастыруға негізделген табиғи ұлтшылдық болатын. Осы ұлтшылдық барша қазақты оятты, намысын қайрап елдікке шақырды. Ахаң бастаған зиялылардың біріге алатындығын, азаттық жолында күресе алатындығын Алаш қозғалысы паш етті. Дегенмен, Алаш қозғалысы тудырған ұлтшылдық дәуірі, ол қазақтың бойына ғасырлар бойы жинақталған орасан қуаттың жемісі болатын. Орыс отаршылдығына қарсы бағытталған әскери, мәдени күрес Ахандар заманында саяси күреске арналды. Алаш қайраткерлері қазақтың ұлттық мемлекеті орнатылмайынша, ұлттың мәселесі толық әрі түпкілікті шешілмейтіндігін терең түйсінді. Қазақтың азаттығын алып, құқығын шектеген Ресей отаршылдығы қазақ ұлтшылдығының қалыптасуына кең жол ашты. Міржақып Дулатовтың: *«Бізді ұлтшыл қылған – кемдікте, қорлықта жүргеніміз, көрінгеннен соққы жегеніміз еді»* дегеніндей, қазақ ұлтшылдарын туғызған отаршыл үкіметтің зорлықшыл тәртібі, үрейлі саясаты. Бұл саясатпен күресудің Кенесарылар бастаған қарулы жорықтары да, ағартушылар ұстанған насихатшылдығы да жеңіске жеткізбесін түсінген Алаш зиялылары жаңа жолды таңдады. Сондықтан, отаршылдық қамытынан тек күреспен

ғана арылуға болатындығын ұғынған қазақ ұлтшылдары күрестің амалдары мен мақсатын айқындады. Біздің ойымызша, мұндай амал екеу еді. Біріншіден, отаршыл үкіметтен халықтың құқығы мен теңдігін талап ету, оған қол жеткізу. Бұл – саяси жол. Екіншіден, халыққа өзінің құқығы мен бостандығын білдіру, санасына сіңіру еді. Бұл – рухани-ағартушылық жол. Алаш қайраткерлерінің күресін қарағанда олардың баршасы осы екі жолмен жүргендерін аңғарамыз. Саяси жол 1905 жылы басталса, рухани-ағартушылық жолдың басы демесек те, бедерлі белесі ретінде «Қырық мысал», «Оян, қазақ!» жарық көрген 1909 жылды атаймыз. Міне, осы кезеңнен бастап Алаш қайраткерлері қалыптастырған *Ұлы ұлтшылдық дәуірі* басталып, бұдан соңғы саяси хәм рухани күрестерге ұласты. Бұл күрестің үлкен қорытындысы – 1917 жылғы «Алаш» партиясының, Алашорда үкіметінің құрылуы, ең басты нәтижесі Алаш автономиясының жариялануы еді. Кеңестік диктатура Алаш автономиясын мойындамай, зорлықпен таратқанымен Алаш мұраттарына берілген Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұстафа Шоқай, Халел Досмұхамедұлы, тағы да қаншама абзал азаматтар өздерінің ұлтшыл платформаларында қалды. Оны жалаң интернационализм таңылып жатқан кеңестік дәуірдің алғашқы жылдарында жазылған «Қазақ қалам қайраткерлері жайынан» атты еңбегінде: *«Қазақ баласын ұлтым, жерұмтым, бауырым деп үйреніп қалған қазақтың бауырмал қалам қайраткерлері октябрь өзгерісі болғанда бірден интернационал (бибауырмал) болып өзгере алмады, өзгелердей «алымсақтан бері» коммунист, интернационалист елім деп айтуға аузы бара алмады»* деп жазғаны дәлел. Осы *Ұлы ұлтшылдық дәуірінің* мәдени-рухани дәстүрінің дәні қазақ топырағына мықтап егіліп, ол кейін кеңес дәуірінде Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Бауыржан Момышұлы, Әлкей Марғұлан, Ермұхан Бекмаханов, Ілияс Есерберлин, Рахманқұл Бердібаев, Алдан Айымбетов, Советқазы Ақатаев, Сейілбек Қышқашов, Жағда Бабалықұлы тағы да қаншама лек қазақ қаламгерлері мен ғалымдарына ықпал етті. Ахаң түрлеген ана тіліміздің табиғатын тануда оның ғылыми мектебі қалыптасты. Ол мектептен бүкіл қазақ тіл білімі тәлім алды деуге болады. Сондай-ақ, Міржақып Дулатовтың, Халел Досмұхамедұлының, Мұхамеджан Тынышбаевтың, Телжан Шонанұлының, Елдес Омарұлының еңбектері де кейінгі қазақ ғылым-біліміне өлшеу-

сіз ықпал жасады. Ал, қазақ ұлтшылдарының саяси күресі, ұлтқа деген риясыз адалдығы мен берілгендігі бүгінгі азат елдің ұрпақтарына тағылым мектебі боларлық. Әрбір ұлт өзінің ұлы адамдарымен, үлкен оқиғаларымен, ірі кезеңдерімен мақтана алады. Біз сан ғасырлық қазақ тарихына көз салғанда өзге де айбынды кезеңдерімізбен бірге Алаш дәуірімен мақтана аламыз. Өйткені, қазақ ұлтшылдары жасаған Алаш дәуірі – қазақ баласының бойындағы күрескерлік күшті, рухани қуатты, бостандыққа деген сенімді паш еткен, ең бастысы ұлттың азаттығына ұмтылған ұлы кезең.

Алаш қайраткерлері жасаған *Ұлы ұлтшылдық дәуірінде* өзге ұлттан кек алу, өзге халықты тұқырту немесе мұқату әрекеттері болған емес. Қазақ ұлтшылдары туған халқының теңдігі мен бостандығы үшін күресті. Ахандар ешқашан қазақтың өзгеден артықшылығын, ерекше болуын насихаттаған да емес, өзгелерге үстемдік етуді де мақсат етпеген. Ұлт көсемінің бірде бір еңбегінде қазақ халқы орыстан, я болмаса татардан, басқадан артық демейді. Ол қазақтың «қалпын» да, «салтын» да сынмен бағалап, халқын білімге, мәдениетке үндейді. Білімге, мәдениетке үндеу Аханда және басқа да алаштық қайраткерлерде XIX ғасырдың ағартушыларынан өзгекер сипатта. Өйткені, Ахаң қазақты өзгелермен білім мен мәдениет теңестіретінін, олардың ұлттың қаруы мен қорғаны екендігін жақсы сезінген. Содан соң да ол: *«Мәдениеті жоғары халық – мәдениеті төмен халықты аз-көбіне қарамай әсем қылатыны айдан анық, күндей жарық ақиқат. 200 миллион үнді халқын 50 миллион ағылшын әсем қылып отырғаны, 500 миллион Қытайды өзінен он есе аз жұрттар әжуалап отырғаны – адам баласының теңдігі-кемдігі мәдениетіне қарай екендігін сыйпаттайды»* деп жазды. Отаршыл саясаттың жетегіндегі қазаққа еркіндік болмай, азаттық берілмей оның халін түзеу мүмкін еместігін терең түсінді. Сондықтан, Ахандар тобы бұрынғыша ағартушылық деңгейде қала алмады да бостандық ұрандарын жариялап, саяси күреске шықты. Ұлттың құқығы мен теңдігін отаршыл үкімет өз еріктерімен бермейтін де еді, бермек түгілі, жылдан жылға қазақ даласына келімсектерді төгіп, бекіністерін көбейтіп, кең сахараның тынысын тарылта бастаған. Міне, осындай жағдайда жаппай билігін орната бастаған империя саясатына қарсылық жасау керек болды. Солардың алғашқы қадамы «Қарқаралы құзырхаты» болған-

дығын айттық. Мұндай талаптың орындалмайтындығын ұғынған қазақ ұлтшылдары ең алдымен қазақтың өз санасын көтеру керек екендігін, намысын ояту қажеттігін ұғынды. «Қырық мысал» да, «Маса» да осының айғағы. Сөйтіп, қайраткер Ахаң, ұстаз Ахаң ақындыққа барды. Болмысынан қызуқандылықтан гөрі сабырлы, төзімді, ақыл мен қайраттың адамы Ахаң поэзияны өлең-жырға әуес келетін қазақтың табиғатына жақын болғандықтан мақсатты түрде жазды. Болмаса, ол кісінің ақындығы Абайдай терең, Мағжандай көркем емес. Табиғатынан ақын еместігін, әйтеуір, қазаққа өлең-сөз татымды болғандықтан, насихат сөздерін ұйқас пен ырғаққа құрғандығын өзі де ескерткен болатын.

Кең сахараны, тұтас ұлтты ояту үшін газет керек еді. Ахмет Байтұрсынұлы бас болып, Алаш қаламгерлері бірнеше жыл әрекет етіп, әйтеуір 1913 жылы Орынборда «Қазақ» газетін дүниеге келтірді. Газеттің бағыты жөнінде сол заманның куәгері Мұхтар Әуезов: *«Қазақ» газетінің мезгілі әдебиетке ұлтшылдық туын көтерген мезгілімен тұстас. Ол уақыт қазақ жұрты 1905 жылдың өзгерісін өткізіп, ел дертінің себебін ұғып, емін біліп, енді қазақты оятып, күшін бір жерге жиып, патша саясатына қарсылық ойлап, құрғақ уайымнан да, бос сөзден де іске қарай аяқ басамыз деп, талап қыла бастаған уақытына келеді»* деп жазғаны мәлім. «Қазақ» газеті қазақ зиялыларының басын қосып, саяси күреске үндеуде ұлы миссияны орындады. Әсіресе, Ақпан төңкерісінен кейінгі кезеңде облыстық, уездік қазақ сиездерін ұйымдастыруда, қазақ комитеттерін ашуда, Бірінші, Екінші жалпықазақ сиездерін өткізуде осы шынайы ұлт басылымының орны да, рөлі де айрықша болды. «Қазақпен» бірге «Сарыарқа», «Бірлік туы» газеттерінде ұлт зиялыларының мәдени-ағартушылық ұлтшылдығы басымырақ байқалды. 1917 жылғы Ақпан көтерілісінен кейін осы мәдени-ағартушылық күрес, негізінен алғанда, саяси күреске айналды.

XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының еңбегінің арқасында қазақ халқы өзін тұтас ұлт ретінде бұрынғыдан да қатты сезінді. Мұндай өзін-өзі тану кезеңі Еуропада XVIII ғасырда және XIX ғасырдың бірінші ширегінде қарқынды жүргенін ілгеріде айтқан болатынбыз. Батыс елдеріндегі ұлтшылдық пен қазақ ұлтшылдығының айырмасы уақыттық жағынан да, саяси типі жағынан да, күресу амалдары жағынан да аса

үлкен. Батыс ғалымдары өз елдеріндегі ұлтшылдықтың формасына қарап, жалпы ұлтшылдық құбылысына баға беріп келеді. Ондай еуропалық ғалымдардың ұлтшылдық жөніндегі түсініктерін, ғылыми тұжырымдарын, қағидаттарын жалпы әдіснамасын біз қабылдай алмаймыз. Олардың мысалы Германиядағы, Франциядағы немесе Англиядағы ұлтшылдық типтері. Әлбетте, осы елдердегі ұлтшылдық ол француздың, немістің, ағылшынның үстемдігін насихаттау, Азия, Африка, Латын Америкасы халықтарының мәдени өресін төмен санау. Міне, осы ұлтшылдықты кешелі, бүгінгі философтар, әлеуметтанушылар мен саясаттанушылар, тарихшылар мен қоғамтанушылар сынап жатады. Бұл – дұрыс, себебі еуропалықтардың ұлтшылдығы, ол астамшылдық ұлтшылдық. Еуропалық ұлтшылдыққа берілген мұндай баға қазақ ұлтшылдығының табиғатына мүлдем келмейді. Себебі, қазақ ұлтшылдығы ол астамшыл, әсіре, радикалды ұлтшылдық емес, қазақты ұлт ретінде сақтап қалуды мұрат еткен, қайрат қылған табиғи ұлтшылдық. Басыну, асқыну емес, амалдау қадамы. Ал, Ахандар ұлтшылдығының мақсатында еңсесі түскен ұлтты өзгелерге тенеу, «айдауға түскен жанын, талауға түскен малын» қайтару талабы жатты. Ең бастысы Ахандар ұлтшылдықты халықты ұйыстыруға, оған өзінің абыройын білдіруге пайдаланды. Сондықтан, ол кездегі қазақ ұлтшылдығы ешқандай саяси доктрина емес немесе ұлттық астамшылық емес, тәуелділіктегі ұлтының жағдайын көтеру, оны бостандыққа жеткізу мұраты болатын. Қазақ ұлтшылдығының пайда болуы жөнінде Ахаң: *«Қазақ қалам қайраткерлері қайдан туған, қашан шыққан деп сұрау қойылса, жауап қиын емес. 1. Қазақ қалам қайраткерлері орыстың қорлық көрген, таяқ жеген, орыс табанында езілген жұрттан туған; 2. Қазақ қалам қайраткерлері қазақ басына қиын-қыстау зар заман түсіп, үстін торлап, қайғы бұлты қаптаған шақта шыққан. Құл болған халықтан туып, құлдыңтың қорлық, зорлығын көріп отырып, қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұлтының ауырын жеңілту, ауырын азайту жолына жұмсамасқа мүмкін емес; кемшілік көрген жұрттан туып, кемшіліктен құтқаруды мақсат етіп, ылғи сол жолда жұмыс қылған қазақ қалам қайраткерлері жұртшыл, ұлтшыл, яғни халқына жаны ашитын, халқының жаны ауырғанда жаны бірге күйзелетін, бауырмал болмасқа*

тағы мүмкін емес. Олай болмаған бол-маса, онда табиғат заңынан тысқары, адамнан шошқа, шошқадан күшік туған сияқты болып шығады» деп ұғындырған. Қазақтан туып қазақтың тағдырына жаны ашу табиғи іс, әрбірден соң сауапты шаруа. Әрбір ұлттың мінезі, дәстүрі, тілі, мәдениеті, дүниетанымы бір, ортақ десек, онда әр ұлттың сол әуелгі жаратылыстан берілген ұлттық ерекшелігіне сай болмағы және оны қаламағы табиғи қажеттілік. Алла, әу баста бізді, бір ұлттың ұрпағы етіп жаратқан соң, сол ұлттың тілінде сөйлеп, төңіректі танып, тіршілік етсек жаратылысымызға сай болғанымыз. Яғни ұлтты сүю дегеніміз, сол ұлтқа тән игі қасиеттерді, ізгі мінездерді ойға тоқып, бойға дарытып, қолынан келгенше бір шаруасына жарау десек, Ахан бастаған ұлтшылдар шоғыры отаршыл үкіметтің тосқауылы мен тыйымына қарамай жігерлерін жанып, күштерін сарқып ұлтқа қызмет етті де, бүгінгі біз үшін де, болашақ ұрпақ үшін де ұлтты сүюдің де, ұлт үшін күюдің де үлгісін көрсетті. Сол ұлттан туып, сол ұлтты сүймеу, сол халықтың өзгелерден көрген жәбірін біліп, жүрек сыздамау, бас ауырмау мүмкін бе, әлбетте, есі дұрыс, санасы түзу адам үшін мүмкін емес! «Адамдық диқаншысы» деп жыр жазған, тұтас халыққа сауат аштырған ұлттың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының ұлтшылдығын радикалды ұлтшылдық деп ешкім де айта алмас. Есесі кеткен, еңсесі түскен халыққа жалпы адамзаттың жағдайын ойла деген утопиялық ұсынысты ешкім де таңа алмас. Өзін жарылқай алмай отырған жұрт, өзгеге не деп бауырмалдық танытсын. Бұл жөнінде Мәннан Тұрғанбайұлы: «Қазақ қатарға кіріп жұрт болсын деген кісі тәрбиенің жолынан айрылмасқа керек, әуелі қазаққа өзінің кім екенін, адамиылық құқығын білдіруге, онан соң Отанын танытып, жақсы көргізуге, сонан соң дүниедегі барлық адам баласы бауыр екенін білдіріп, көпшіл адамды сүйгіш қылуға тырысу керек» деп, қазақтың алдымен кім болмағын дәл айтқан.

Ұлтшылдықтың негізгі мақсаты – ұлттың азаттығы. Алаш қайраткерлері сол үшін күресті. Олар жетпеген азаттыққа біз жеттік. Дегенмен, ұлт-азаттық алғанымен оның барлық мәселесі шешіле қоймайды. Сөйтіп, тәуелсіздік алғаннан кейін де ұлтшылдық жалғасады. Бұл ұлтшылдықтың негізгі мақсаты – мемлекетқұраушы ұлттың кешегі отар-

шылдық психологиядан арылуы, ұзақ уақыт отаршылдық заманында жоғалтып алған немесе көмескіленген ұлттық сананы жаңғырту. Бүгінгі сөзбен айтсақ, мемлекеттік ұлтшылдық, оны жұмсартыңқырап батыстық ыңғаймен мемлекетшілдік деп жүрміз. Тәуелсіздік алғалы жиырма жыл уақыт ішінде ұлт зиялылары көтеріп келе жатқан тіл мәселесі қазіргі кезде ұлттық сананы қалыптастырудың негізгі мәселесіне айналуға, сондықтан, бұған ресми билік бүгінгіден де белсене кіріскені жөн деген ойлар айтылып жүр. Қазіргі кезде қазақ зиялыларының ұлттық мәселелерді батыл көтеруіне мынадай нәрселер себеп болуда. Біріншіден, әлі күнге дейін халық санасының кешегі отаршылдық зардаптарынан арыла алмай жатуы; екіншіден, тіл мәселесінің толық шешілмеуі; үшіншіден, жаһанданумен бірге келіп жатқан жат жұрттықтар ықпалының күшеюі. Сондықтан, қазіргі кезде қоғамда азаматтық ұлтшылдық, этникалық ұлтшылдық, мәдени ұлтшылдық көріністерінің болуы әбден мүмкін. Өйткені, ұлт мәселесі егемендік тұсында толық әрі қарқынды шешілмеуі – мемлекет құраушы ұлттың өз мемлекетінің тағдырына алаңдаған мемлекеттік ұлтшылдығының өркендеуіне кеңінен жол ашуда.

Бүгінгі ұлтшылдықта саяси реңктен, саяси ұрандардан гөрі қазақ халқының тілінің, мәдениетінің, дәстүрінің өз елінде салтанат құрса деген азаматтық, моральдық құқы жатыр. Ұлттық мәселе көтеріп жүрген зиялылар қазақ халқының әлдебір басқа халыққа үстемдігі жөнінде емес, қазақ ұлтының осы елдің, жердің иесі ретіндегі құқының дұрыс шешілгенін қалайды. Сондықтан, бүгінгі ұлтшылдыққа саяси емес, рухани-моральдық мазмұн тән. Ол қазақтың тілдік, діни мәдени бірлікке ұмтылысынан байқалады. Яғни, қазақ дербес ұлт ретінде өзінің бірегейлігін өз елінде сақтауға ұмтылса, оның қандай әбестігі бар. Бүгін ұлт ретінде топтасудың да, бірлесудің де арқауы мен дінгегі – ана тіліміз, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Ендеше, біздің ойымызша, қоғамның саяси, экономикалық жаңғыруына ілесе алмай отырған қазақ тілінің қоғамдағы рөлі жөнінде өзін «қазақпын» деп санайтын әрбір азаматтың алаңдауы табиғи құбылыс. Мұндай азаматтардың қатары көбейген сайын ұлт та, мемлекет те күшеймек.



Сейілбек МҰСАТАЕВ,
саяси ғылымдарының докторы,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Саясаттану кафедрасының
профессоры

Көші-қон заңнамасындағы қайшылықтар мен шатасулар

2013 жылдың соңындағы қазақ ұлты үшін маңызды саяси оқиғалардың бірі – Парламент Мәжілісінің депутаттары «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасына Сенат енгізген түзетулерді талқылап, бірауыздан мақұлдауы болды. Негізі, құжаттың басты мақсаты – еңбек иммигранттарын заңдастыру, еңбек көші-қоны үдерісін мемлекеттік реттеудің мәселелерін жетілдіру болып табылады. Бірақ, осы заңның бір ұшы шетелде жүрген қандас бауырларымыздың Атамекенге оралсам деген өрекіпген көңілін су сепкендей басып, Елбасының өзі бастамашы болып отырған «Нұрлы көшке» нұқсан келтіріп отыр. Атап айтқанда, бұл заңның алғашқы жобасында шетелдік этникалық қазақтардың Қазақстан Республикасының азаматтығын алуы үшін елімізде міндетті түрде бес жыл тұру мерзімі белгіленді. Қоғамда қарсы пікірлер тудырған бұл мерзімді Сенат төрт жылға төмендетуді ұсынып, Мәжіліске кері қайтарғаны белгілі. Иісі қазақты шулатқан осы заң жобасының Мәжіліске қайтуына Нұрлан Оразалин, Қуаныш Айтақанов сияқты сенаторлар ықпал еткен еді. Н. Оразалин: «Бұдан қиын күндерде де алыстағы ағайындарымызды елге шақырып, жағдайын жасап, азаматтық бергенбіз. Енді, бүгін дамыған елдердің қатарына қосылып, тұрмысымыз түзелгенде, қазақ баласын екіге бөліп, жылатқанымыз

ҚАҢДАСТАРЫМЫЗ ҚАҒЫС ҚАЛҒАН ЖОҚ ПА?

елдікке жатпайды», – десе, сенатор Қ. Айтаханов: «Бұрынғы біздің заң жобасында жеңілдетілген тәртіппен азаматтық алу материалдарын қарау мерзімі 3 айдан аспайтын. Қазір 5 жыл дедік, енді 4 жылға түсірдік. Тым ұзақ емес пе? 1 жыл немесе 2 жылға түсіруге болады ғой. Неге біз оны 5 жылдан түсіріп, 4 жыл дедік. Неге оны бір жыл демейміз. Осыған біз түсінбей отырмыз» – деген болатын. Мәжіліс қайта қарап, оралман ағайынға Қазақстан азаматтығын беруді тарихи отанына келгеннен кейін төрт жыл өткен соң ғана беру керек деген ұсынысты мақұлдады. Қалың қазақ «Енді қалай болар екен?» деп дүдәмал күйге түсті. Оралмандардың азаматтық алуын бес жылға дейін созып, квотасын мүлдем жою керек деген Е.Досаевтың бастамасына зиялы қауым да, шеттегі ағайын да наразылық білдіріп, «Бұл заң жобасына қол қоймаңыз» деп Елбасыға ашық хаттар жазды, Атажұртқа қарай бәсеңдей бастаған көштің дамуына одан сайын кедергі келтіретін заңға Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың вето қоюын өтінді. Осылайша, қазақты шулатқан заңның тағдырын Президенттің қол қойып бекітуі ғана қалғанда, барша қазақ Елбасына үміт артып, ол оны кері қайтарады деген сенімде болды. Алайда, 2013 жылдың 10 желтоқсанында мемлекет басшысы еңбек көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіруге бағытталған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды. Сөйтіп, қазақтың үміті ақталмады... Бәлкім, Елбасымыз заң жобасын ұсынған министр мен екі палаталы парламент депутаттарының білімі мен біліктілігіне сенген болар, кім білсін. Енді күшіне енген жаңа заң бойынша тарихи отаны – Қазақстанға көшіп келетін шетелдік қазақтар төрт жылдан кейін ғана азаматтық ала ала-

ды... Азаматтықсыз, «ИИН»-ді алмай ешкім баласын мектепке орналастыра алмайтыны белгілі. Тұрақты тіркеусіз «Оралман куәлігі» жоқ. Ал, тұрақты тіркеуге тұру үшін түрлі қолдан жасалған кедергілер жетіп артылады. «Оралман куәлігін» болмаса, зейнетақы рәсімдеу, жаңа туған балаларына жәрдемақы төлеу, түрлі төлемақылардан қағылады. Оның үстіне, қолданыстағы заңнама бойынша «Оралман куәлігінің» мерзімі 1 жыл. Ол осы бір жылдың ішінде азаматтыққа құжаттарын тапсырып үлгеруі тиіс. Ал, азаматтық беру мәселесі 4 жыл қарастыруда болмақ па? Яғни, «Халықтың көші-қоны» мен «Еңбек көші-қоны» заңдары бір-біріне қайшы. Шетелдегі қандастарымыз Қазақстанға елім, жерім деп келгенде, төрт жыл бойы Қазақстан азаматы деген асқақ сезімді сезіне алмауы елдігімізге сын емес пе? Басқа ұлттарға бауыр-мал, жатқа қонақжай қазақ ұлты өзінің шетелдегі қазақ қандастарына неге кенеттен тасбауырлық танытып отыр?

Көші-қон заңнамасын өзгертіп толықтырудың бастамашысы – Экономика және бюджеттік жоспарлау министріміз Ерболат Досаев болса, азаматтық алушы адам 4 жыл ішінде балаларының оқу проблемаларын, орналасу, бейімделу сияқты мәселелерін шешетінін, осы заң жобасын әзірлеуде бірқатар шетелдердегі еңбек көші-қоны туралы заңдар мен олардың іске асырылу тәжірибесі зерттелгенін айтты. Өзі қамшының сабындай ғана қысқа өмір, оның 4 жылы азаматтықсыз өтсе не болғаны? Дәл осы жерде, Е.Досаев мырзаның еңбек көші-қоны мен этникалық көші-қонды шатастырып алғаны анық байқалады. «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Заңының 3-бабында көшіп келудің негізгі бес түрі айқындалған:

Қазақстан Республикасының аумағына келу және Қазақстан Республикасының аумағында болу мақсатына қарай көшіп келудің мынадай негізгі түрлері бар: 1) тарихи отанына оралу мақсатында; 2) отбасын біріктіру мақсатында; 3) білім алу мақсатында; 4) еңбек қызметін жүзеге асыру мақсатында; 5) гуманитарлық және саяси уәждер бойынша. Яғни, экономист-министр 3 тармақтың 1-ші жолында көрсетілген тарихи Отанына оралушы қазақ қандастарымызды 4-ші санамадағы

Қазақстанға жұмыс іздеп келуші еңбек мигранттарымен теңестіріп тұр. «Репатриация» дегеніміз – шетел территориясында өмір сүріп жатқан ұлтты бір қандастардың өзінің тарихи Отанына оралуы. Ал, еңбек мигранттары – жұмыс іздеп, бір елден екінші елге пайда тауып, күн көрсем деген ойдағы көшіп-қонушылар, яғни, «гастарбайтерлер» (немісше - *Gastarbeiter*; сөзбе-сөз: қонақ-жұмысшы). Репатрианттар тарихи отанына оралып, азаматтық алып, ел-жұртта тұрақтап қалуды армандаса, еңбек көші-қонымен келетіндер Қазақстанда уақытша жұмыс істеп, ақша тауып, кері қайтып кетуді көздейді. Сонда, оралман «гастарбайтермен» тең болғаны ма? Шетінен ғалым болса да, бұл қалай деген депутаттар жоқ, сөз бұйдамен бұрмаланған мәтіннің кесірі енді шетелден келуші қаншама репатриант қазаққа сор болары белгісіз. Осы заңның 26-бабындағы «Оралмандардың құқықтары мен міндеттері» жазылған 1 тармақшада оралмандар мен олардың отбасы мүшелерінің жеңілдетілген (тіркелген) тәртіппен Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға құқықтары бекітілген болатын.

Бұдан бөлек, «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» 1991 ж. 20 желтоқсандағы № 1017-ХІІ Қазақстан Республикасының Заңының (ҚР Президентінің 03.10.95 ж. N 2477 жарлығына сәйкес, сонымен қатар, 17.05.02 ж. № 322, 2004.20.12 ж. № 13-ІІІ, 2009.29.04 № 154-IV ҚР Заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар ендірілген) 16-бабында Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау шарттары айқындалған. Мұнда: «Қазақстан Республикасының азаматтығына:

1) Қазақстан Республикасының аумағында заңды негізде кемінде бес жыл тұрақты тұратын не Қазақстан Республикасының азаматтарымен кемінде үш жыл некеде тұратын адамдар қабылданатын болады.

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдаған кезде кәмелетке толмағандардан, пайым қабілетін жоғалтқан не Қазақстан Республикасының Президенті белгілейтін тізбе бойынша кәсіптерге ие және талаптарға сай келетін адамдардан және олардың отбасы мүшелерінен және Қазақстан Республикасы алдында ерекше еңбек сіңірген адамдардан, сондай-ақ Қазақстан аумағынан кеткен адамдар мен олардың ұрпақтарынан, егер олар тарихи Отаны ретінде тұрақты тұру

үшін Қазақстан Республикасына қайтып оралған болса, олардан осы тармақшаның бірінші абзацында көзделген шарттардың болуы талап етілмейді» – деп тайға таңба басқандай жазылған. **Сонда, еңбек көші-қонына ендірілетін өзгерістер мен толықтырулар азаматтық туралы заңнамаға да қайшы келмей ме?**

Ұлттық мүддеге сәйкес жүргізілген көші-қон саясатының арқасында тәуелсіздік алғалы бері шетелде жүрген миллионға тарта қазақ қандастарымыз тарихи Отанына оралып, Қазақстан Республикасының азаматына айналды. Оралмандар да **«Өзге елде сұлттан болғанша, өз елінде ұлттан бол»** деп, егеменді елімізді нығайтуға өзіндік үлестерін қосуда. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап биылға дейін Қазақстанға шетелдегі қазақ қандастарды жинау жүйелі және бірізді жүрді, мемлекеттік қолдау жасалғандықтан нәтижесі де айтарлықтай болатын. Ал, енді, оқыстан үркіп, шабысын кілт тоқтатқан ат сияқты, елге оралушы қазақтың көшін кідіртуге не түрткі болып отыр?

Тәуелсіз Қазақстандағы этникалық көші-қон саясатының сипаты

Қазақстанға бағыт алған этникалық көші-қонның тарихына қысқаша тоқталар болсақ, 1991 жылдың басында әуелі **«Қайт, қазақ Отаныңа!»** деп Қазақстанның зиялы қауымы бас көтерсе, ел Президенті Н.Назарбаев **«Алыстағы ағайындарға ақ тілек»** атты әйгілі хатын жариялады. Хатта: **«Атамекенге келемін деушілерге жол ашық, ата-баба аруағы алдарыңнан жарылқасын»**, – деген ақ тілек айтылған. Осы хат онсыз да елімізде, елегізіп отырған шетелдегі қазақ қауымын рухтандырды. 1992 жылдың 28 қыркүйегінде Президентіміздің бастамасымен Алматыда Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы құрылды. Тәуелсіздік алған тұста репатриация процесін реттеуші негізгі құқықтық құжат – 1992 жылғы 26 маусымда қабылданған **«Иммиграция туралы»** Қазақстан Республикасының Заңы болды. **«Иммиграция туралы»** заң этникалық қазақтардың көшіп келуінің ұйымдық мақсатын қамтамасыз ету және реттеудің, оларға жаңа жерде қолайлы жағдай жасаудың құқықтық негіздерін құрап, шет елдерде тұратын қазақтар үшін тарихи Отанына емін-еркін оралуға мүмкіндік берді. Тіптен,

сол кездегі Министрлер Кеңесінің **«Көші-қон туралы»** қабылдаған қаулысы бойынша ҚР Еңбек министрлігінің жанынан арнайы мемлекеттік орган - Көші-қон басқармасы құрылған болатын. Аталған басқарма шама-шарқы жеткенше репатрианттардың Қазақ еліне оралуына ықпал етті. Иммиграция заңының негізінде көші-қонның жыл сайынғы квотасы 1993 жылдан бастап белгіленді, оны Министрлер Кабинетінің ұсынысы бойынша Қазақстан Президенті бекітетін болды. Квотада келушілердің мемлекеті мен шектеулі саны, оларды қабылдаудың, орналастыру мен бейімдеудің жағдайлары, сондай-ақ, олар қоныстанатын аймақ пен шаруашылықтың түрі көрсетілді. Ал, ҚР Министрлер Кабинеті 1992 жылы 23 қыркүйекте қабылдаған **«Шет елдегі қазақ диаспорасының өкілдерін Қазақстан Республикасында болған кезінде әлеуметтік-экономикалық жеңілдіктермен қамтамасыз ету туралы»** әйгілі №791 қаулысы алыстан арып-шаршап жеткен ағайынның осы топырақта өсіп-өніп өмір сүруіне оңтайлы жағдайлар жасады. Оралмандардың көпшілігі үй-жай және басқалай жеңілдіктерге қол жеткізді.

Бірінші Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы 1992 жылғы 28 қыркүйек пен 3 қазан аралығында Алматы қаласында өтті. Құрылтайдың басты мақсаты – бүкіл әлемдегі қазақ қауымының болашағы жөнінде ойлау, ұлтымыздың тарихындағы осынау ерекше белестің тұсында ендігі тағдыр-талайымыздың қалай өрілетінін талқылау. Құрылтай барысында әлем қазақтарының ұйытқысы болатын қауымдастық құрылды. Ең бастысы – тұңғыш Құрылтай алыстағы ағайынның елге оралатын ұлы көшіне қозғау салып берді. Осы құрылтайда сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев: **«...Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – тәуелсіз Қазақстан. Біз туған мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне, халықаралық қоғамдастықта абыройының өсуіне адал қызмет етуге парыздармыз»** – деп, **«Бар қазақ – бір қазақ»** деген сарындағы жалынды сөз сөйледі. Көп ұзамай, 1993-1994 жылдары басталған экономикалық дағдарыс көші-қонның барысына кері әсерін тигізді. Сөйтіп, дабырамен басталған көш бір мезгіл саябырлап, кейбір жерлерде «кері көшу» орын алды. 1995 жылдан бастап қазақ көші түзелді. Президенті Жарлығымен 1996 жылы қабылданған **«Шет елдегі ағайындарға қолдау көрсету тура-**

лы мемлекеттік бағдарлама» және 1997 жылы қабылданған «2000 жылға дейінгі көші-қон саясатының негізгі бағыттары» туралы қуатты құжаттар жасалды.

1997 жылы Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» Жолдауында күшті демографиялық саясат елдің ұлттық қауіпсіздігінің басымдығы ретінде айқындалды. Соған сәйкес, 1997 жылғы 13 желтоқсанда «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасы Заңы қабылданды (2011 жылғы 22 шілдедегі «Халықтың көші-қоны туралы» № 477-IV Заңмен күші жойылған). Бұл заңда шетелде тұратын бұрынғы отандастармен және этникалық қазақтармен өзара қарым-қатынасты, оның ішінде, мәдени ынтымақтастық пен ақпараттық қамтамасыз ету саласындағы өзара қарым-қатынасты қолдау мен дамытуға, этникалық қазақтардың тарихи отанына қоныс аударуына жәрдемдесуге айтарлықтай көңіл бөлінді. 1997 жылғы «Халықтың көші-қоны туралы» заңда алғаш рет шеттен келген отандастарымызға оралман анықтамасы қолданылды. Мемлекет құрушы қазақ ұлтының саны мен сапасының артуы стратегиялық маңызы зор мәселе. Осылай бола тұра, Қазақстандағы өзге кірме ұлт өкілдеріне бауырмал қазақ шетелден оралған қандастарына «оралман» деп алабөтен қарайтыны түсініксіз. Бұл заңда айтылғандай: «Репатриант (оралман) – жалпы саяси қуғын-сүргін актілері заңсыз реквизициялау, күштеп ұжымдастыру, ізгілікке жат – өзге де іс-әрекеттер салдарынан тарихи отанынан тысқары жерге қуылған және азаматтығынан айрылған, Қазақстан Республикасына тұрақты тұру мақсатымен ерікті түрде қоныс аударған байырғы ұлт адамы, сондай-ақ, оның ұрпақтары». Осы жерде, «оралман» деп айтуды қате деушілер мен «репатриант» деген терминді өзгеріссіз қалдыру қажет деген пікірлер болғанын айта кеткен жөн. Сонымен қатар, «ирридента» терминін қолдануды ұсынушылар да болды. Мысалы, Қытайдың қазақ жерімен шектесетін Іле, Алтай, Тарбағатай, Еренқабырға өңірлерінде қазақтар ежелден бері тұрып келе жатыр, сол сияқты, Ресейдің Омбы, Орынбор, Астрахань, Саратов, Қорған, Таулы Алтай; Өзбекстанның Сырдария, Жизак, Гүлстан, Келес, Қарақалпақ сияқты шекаралас аймақтарындағы қазақтар өздерінің тұрғылықты жерлерін

ата-бабалар заманынан атамекен санайды. Олар өзге елдің азаматы болғанымен, туып-өскен жерлерін саяси-тарихи жағдайлар мен шекаралық межелеудің салдарынан басқа елдің шекарасы ішінде қалып қойған қазақ жерлері деп біледі. Мұндайларға қатысты ғылымда ирридента деген термин бар. Бұл жерде ешқандай арам ойымыз жоқ, Қазақстан көршілес елдермен шекараларын анықтап қойды, ешкіммен таласымыз жоқ, қазақ ирриденталары да сепаратизмнен аулақ. Біздің айтпағымыз - Қазақстанмен шекаралас болса да, шет жерде саны қалың диаспора, ирридента күйінде қалған, шалғайда тарыдай шашылған бауырларымыздың саны 1997 жылдың басында 5 миллион 400 мың болса, қазір жобамен 4,5 миллионнан асады екен.

Ал, 1998 жылы 16 қыркүйекте ҚР Үкіметінің № 900 қаулысымен «Этникалық қазақтарды тарихи отанына репатриациялаудың тұжырымдамасы» қабылданды. Тұжырымдамада этникалық қазақтарды тарихи отанына репатриациялау мен өңірлердің демографиялық және әлеуметтік-экономикалық даму мүдделерін ескере отырып, оралмандарды ұтымды орналастыруды ұйымдастыру Қазақстан Республикасының көші-қон саясатындағы басымдық ретінде айқындалған. Көп ұзамай, 2000 жылы маңызы зор тағы екі құжат: 17 тамыздағы № 1272 және 5 қыркүйектегі № 1346 Үкімет қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік демографиялық саясатының тұжырымдамасы» және «Қазақстан Республикасының көші-қон саясатының тұжырымдамасы» қабылданды. Бұл құжаттардан демографиялық даму экономиканың өсуіне, елдің қорғаныс қабілеті мен мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тікелей әсер етеді деген ұлттық мүддемен астасып жатқан қағиданы анық байқауымызға болады.

2001 жылғы 29 қазанда Қазақстан Үкіметі «Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2001-2010 жылдарға арналған салалық бағдарламасын» бекітті. Оның мақсаты – еліміздің бірқалыпты әлеуметтік-экономикалық, демографиялық дамуын қамтамасыз етумен қатар, мигранттардың құқықтарының орындалуына жағдай жасау, сондай-ақ, еліміздің қауіпсіздігін арттыру болып табылады. 2002 жылғы 23 қазанда Түркістан қаласында Дүниежүзі

қазақтарының екінші құрылтайы өткізілді. Бұл жиында оралмандар үшін өзекті көшіп келу, білім алу, еңбек ету мәселелері жан-жақты қаралды.

Дүниежүзі қазақтарының үшінші құрылтайы 2005 жылғы 28-30 қыркүйек аралығында Астана қаласында өткізілді. Бұл құрылтайда Елбасы Н.Ә. Назарбаев 1991-2005 жылдар аралығында елімізге барлығы 110 мың 591 оралмандар отбасы қоныс аударғандығын айта келіп, еліміздегі қазақтардың саны алты жүз мыңға жуық адамға көбейгендігін атап өтті. Елбасы әлемдегі әрбір үшінші қазақ шет елдерде тұратынын, қазақтарды тарихи отанға жинап, біріктірудің маңызын ерекше атап өтті. Сол кезеңдегі Көші-қон және демография агенттігінің мәліметтері бойынша, 1991-2006 жылдары шет елдерден келген оралмандардың жалпы саны 143343 отбасы шамамен, 565757 адам болған.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2007 жылғы 27 қыркүйектегі № 224-ө бұйрығымен Оралман мәртебесін беру ережесі бекітілді. Ережеде «Оралман» мәртебесін беру және оның тіркелуі туралы өтінішті беру тәртібі, оралман мәртебесін беру тәртібі айтылған. Оралман куәлігі қағаз есептіліктегі құжат және олардың мәртебесін растау үшін негіз. Қазақстан Үкіметінің 2007 жылғы 29 қыркүйектегі № 858 қаулысымен «Оралмандарды көшіп келу квотасына енгізу» Ережесі, 2006 жылғы 6 қаңтардағы № 15 қаулысымен «Көшіп-келу квотасы бойынша келген оралмандарға тұрақты тұратын жеріне бару және мүлкін (оның ішінде малын) апару жөніндегі шығыстарын өтеу, келген жері бойынша тұрғын үй сатып алу үшін қаражат бөлу және біржолғы жәрдемақыларды төлеу» Ережесі бекітілді.

Еліміздегі көші-қон процестерін басқару жүйесін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 тамыздағы № 399 жарлығымен «2007-2015 жылдарға арналған көші-қон саясатының тұжырымдамасы» қолданысқа енді. Мақсаты – еліміздің ұлттық бірдейлігі мен қауіпсіздігін сақтау және дамыту шеңберінде заңсыз көші-қонды барынша азайту және сұрыптаушылық көші-қонды қалыптастыру жолымен көші-қон ағынының келеңсіз салдарын азайту болды. Тұжырымдамада көші-қон саясатын басқарудың жаңартылған

стратегиясы анықталған: мамандарды іріктеу критерийлеріне негізделген көшіп-қонушыларды тарту тетіктерін әзірлеу; өңірлердің демографиялық және әлеуметтік-экономикалық даму мүдделерін, өңірлік еңбек нарықтарын негізге ала отырып, көшіп келушілерді ұтымды орналастыру тетіктерін әзірлеу; көшіп келушілерді заңдастыру, бейімдеу және кіріктіру жөніндегі шаралардың жүйелерін әзірлеу; шет мемлекеттердің практикалық тәжірибесін пайдалануды қамтиды, мұның өзі белгілі бір дәрежеде көшіп келушілерді кіріктіру контекстінде мемлекеттің саясатын күшейтіп, жақсарту.

Бұған қоса, Елбасының өзі оралмандарды Қазақстанға көшіруге жаңа серпін беретін «Нұрлы көшке» бастамашы болды. 2008 жылғы 2 желтоқсанда «2009-2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1126 қаулысы шықты. Бағдарламаны жүзеге асыруға 197 795,6 млн. теңге қарастырылып, бұл қаражат республикалық, жергілікті бюджеттерден және Қазақстан заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздердің есебінен берілетін болады. Үш жылдық бағдарлама аясында 60 мың отбасы, яғни, орта есеппен 300 мыңдай адамды көшіріп алу жоспарланды. Өкінішке орай, бұл бағдарламаның жүзеге асуында түрлі олқылықтар орын алды. ҚР Парламенті Мәжілісінде ҚР Үкіметінің 2011 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебіне қорытынды жасаған есеп комитетінің төрағасы Омархан Өксікбаев «Нұрлы көш» бағдарламасы тиімсіз жүзеге асырылып жатыр деп мәлімдеді. Мәселен, жалпы құны 2,6 млрд. теңгеден астам сомаға 3223 пәтер салынған болса, соның 622-не ешкім қоныстанбаған. Бағдарламаның орындалуы, оның аясындағы шараларды іске асыру барысында тиісті мониторинг және ведомствоаралық өзара іс-қимыл ұйымдастырылмаған. Жоспарланған 21 іс-шараның 9-ы орындалып, 3-уі орындалмаған, 9 іс-шара ішінара, кешіктіріліп және сапасыз атқарылған. Бұдан бөлек, салынған тұрғын үйлердің өз бағытты орнына пайдаланылмай отырғандығы анықталған. Жалпы, Есеп комитетінің қорытындысы бойынша «Нұрлы көш» бағдарламасы әлі де пысықтау мен жақсартуды қажет етеді. Соған қарамастан, 2011 жылғы 25-

27 мамырда Астанада өткен Дүниежүзі қазақтарының төртінші құрылтайында сөйлеген сөзінде ҚР Президенті – Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Төралқасының төрағасы Н. Назарбаев **«Нұрлы көш»** бағдарламасының екінші кезеңін жүзеге асыруды дағдарысқа қарамастан қолға аламыз деп мәлімдеді. **«Халықтың көші-қоны туралы»** Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Заңы да **«Нұрлы көшке»** игі ықпал ететіндей мазмұнда болатын. Оралмандар мен олардың отбасы мүшелерінің жеңілдетілген тәртіппен Қазақстан азаматтығын алу құқығы бекітілді. Алайда, «Үкіметтің 2011 жылғы 22 желтоқсандағы қаулысымен 2011-2014 жылдары жыл сайын 10 мың оралман отбасыға квота бөлінеді деп бекітілген болатын. Үкімет бұл қаулыны кері қайтарып алды», – деген Көші-қон полициясының хабарламасы талай қазақтың үмітін су сепкендей басты. 2012 жылғы 23 сәуірде Қазақстан Үкіметі бұл қаулыны кері қайтарып алды. Елбасының айтқаны неге іске асырылмай қалғаны беймәлім. Көші-қон органы қысқа ғана: «Квота дұрыс бөлінбеген, аймақтық ерекшеліктер ескерілмеген. Олқылық түзелген соң бәрі қалпына келеді» деген түсіндірме берді. Квотаға қол жеткізу мұң болып тұрғанда, жығылғанға жұдырықтай болып, оралмандарға азаматтық беруді 4 жылға дейін созатын жаңа талап заңды түрде бекітіліп кетті. Осылайша, тәуелсіздік алған кезеңнен бері бір ізді жүргізілген этникалық көші-қон саясаты сұйылып, **«Нұрлы көштің»** соңы сиыр құйымшақтанып, Ата жұртқа жол тартқан қандастарымыздың көші дағдарып қалды. Асылы, қазақтың санын өсіретін ұлы көшті тоқтатпағанымыз жөн еді. Осыған орай, **«Оралмандар Қазақстандағы қазақтың санын арттырып жіберетін болды деп қауіптенетіндер бар ма, қалай?»** деген күдік көңілімізге ұялайды...

**«Оралманофобия» немесе
«Күріштің арқасында күрмек су
ішедінің» кері**

Ащы да болса айтуға тура келетін шындықтың бірі – қоғамымызда оралмандарға қатысты жекелеген теріс пікірлердің болуы. Басқасы басқа, кейбір қазақтардың өзінің шетелдік қандастарына «оралман» деп, мұрын шүйіріп, кейбіреулері

күндеп, «Оралмандар жеңілдік алатындай Қазақстанға қандай еңбек сіңіріп еді?» – деп алакөзбен қарайтыны қынжылтады. Тіпті, «Оралмандар – қиын кезеңде елді тастап қашқандар» деп кінәлайтын «біздің» қазақтар баршылық. **Басқасы басқа, кейбір қазақтардың өзінің шетелдік қандастарына «оралман» деп, мұрын шүйіріп қарайтыны қынжылтады.** Қарапайым халық не айтса да, өзара күңкілдеумен шектелетіні белгілі. Қараша халық айтар да қояр десек, ресми адамдарға қатысты олай дей алмаймыз. 2011 жылғы 6 қыркүйекте Алматыдағы Дүниежүзі қазақтары қауымдастығында **«Этникалық көші-қон: құрылтай шешімдері және жаңа заң»** атты дөңгелек үстел өтіп, оған шетелдегі қазақтардың бірлі-жарым өкілі, көші-қон комитеті, сыртқы және ішкі істер, білім министрліктерінен қызметкерлер, қазақ көшіне алаңдап, алыстағы ағайынның атажұртқа оралуына атсалысып жүрген азаматтар қатысқан. Осы жиынды жүргізген **Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының бірінші орынбасары Талғат Мамашев арыз-шағымы бар оралмандарға қырын қарап, жекіп сөйлеп, тіптен дүйім жұрттың алдында қандастарымызға: «Оралмандарды ұрғаным бар. Сыйласып жүрміз бе, сыйласып, адам сияқты жүріңдер. Жөні жоқ есіріп, құтырмандар!»** деп кіжінгенін БАҚ өкілдері бүкіл елге таратып жіберді. «Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы» деген дардай аты бар ұйымда оралмандар осындай теперіш көрсе, өзгесін айтпай-ақ қойсақ та болар...

Жаңаөзен оқиғасының қарсаңында жекелеген ресми билік өкілдері де оралмандарға қатысты ойларын жария айта бастады. Тимур Құлыбаев 2011 жылғы 29 қыркүйекте Астанада өкен «Expert» пікірталас клубының отырысында Жаңаөзендегі ереуілшілерді **«Түркіменстан, Қарақалпақстаннан тұтас ауыл болып көшіп келіп жатқан оралмандар. Оларда өздерінің Қарақалпақстаннан бірге келген ресми емес жетекшілері бар. Ол жаққа келетін адамдар санын баяғыда-ақ шектеу керек еді»** деді. Т.Құлыбаев бұл ереуілге жергілікті қазақтардың еш қатысы жоқ екенін баса айтқан. Сөйтіп, қазақ қоғамында **«Оралманофобия» ашық бой көрсете бастады.** Сол сияқты, 2012 жылғы 12 қаңтарда Лондондағы Чатэм Хаус атты Корольдік халықаралық қатынастар институтын-

да сөз сөйлеген Қазақстан Президентінің саяси мәселелер бойынша кеңесшісі Е. Ертісбаев елдегі саяси-әлеуметтік ахуалға қатысты биліктің ресми ұстанымын жария еткен. BBC-дің орыс қызметінің жазуынша, бұл жолы Чатэм Хаус өз ережелеріне өзгеріс жасап, баяндамашының сөздерін баспасөзде жариялауға рұқсат берген. Азаттық радиосы осы кездесуге қатысқан Лондон университетіне қарасты Шығыстану және африкагану мектебінің доценті Бавна Давенмен қысқаша сұхбаттасқан. **Б. Давенің айтуынша, Е.Ертісбаев сараптамасының бірінші сөйлемінде-ақ, Жаңаөзендегі мәселелер қате көші-қон процесінің шарықтау шегі екендігін айтқан. «Сонын Е.Ертісбаев Жаңаөзен халқының саны соңғы 15-20 жылда Өзбекстан мен Түркіменстаннан келген мигранттардың себебінен екі есеге жуық өсіп кеткеніне баса назар аударды. Оның «мигранттар» деп оралмандарды мензеп отырғаны түсінікті» - дейді Б.Давен.**

«Арқада қыс жылы болса, арқар ауып несі бар» дегендей, алпауыт жұмыс берушілер мұнайшы жұмысшылардың табан ақы, маңдай терімен тапқан жалақысын уақытында беріп, қарапайым еңбекшілердің мұн-мұқтажын елеп-ескеріп отырса, кәсіподақ пен мемлекеттік билік тиісті қадағалауын жасаса, Жаңаөзенде қанды қырғын орын алмасы анық еді. Бұған оралмандардың қандай қатысы бар екенін дүйім жұрт сол бойы түсіне алмай қала берді.

Оралмандарға қатысты тағылатын «кінәлардың» бірі – квотаға бөлінген ақшаны алып алған соң, қайтадан шетелге қашып жатыр деген қауесет. Ойлап қарасаң, қисыны жоқ жала. Қазақстанға алғаш келген этникалық қазақ оралман мәртебесін алғанша шетелдік азамат болып табылады. Шетелдің азаматы қазақстандық заңнаманың қалтарысты тұстарын, бөтен елдің заңын бұзу арқылы алаяқтық жасауды қайдан білсін. Бірді-екілі жылпос оралмандар бар да болар, бес саусақ бірдей емес қой. Бірақ, «Бір құмалақ бір қарын майды шірітетіні» сияқты, кейбір оралманның қылмысы үшін бүкіл оралман қауымына күйе жағуға болмас. Бәленің бәрі өзіміздің ішімізден шығып жатыр. Яғни, «Күріштің арқасында күрмек су ішетін» жағдай қалыптасқан. 2003-2004 жылдары қабылдануға

тиіс 15 мың отбасының 13807 ғана оралғандықтан, Үкімет ел-елге бөлген квотаның шектеуін алып тастады. Бюджет қаржысы игерілмей қалатындықтан, квота бойынша баспана берілетін тәртіп те өзгеріп, үй орнына нақты ақша бөліне бастады. Оралман отбасындағы жан басына белгілі бір мөлшерде (1000 АҚШ доллары шамасында) қаражат тағайындалды, бір отбасы адам санына қарай орта есеппен 1 миллион теңгеге жуық жәрдемақы алатын болды. Бұл жемқорлыққа кеңінен жол ашты. Жалған құжат жасап, оралманға бөлінген ақшаны талан-таражға салу белең алды. Мысалы, 2008 жылы баспасөз бетінде Ақмола облысына келген 700 оралман отбасының жәрдемақы алысымен ізім-ғайым жоқ болып кеткені айтылды. Кейінірек, ол облысқа 700 оралман отбасының өздері емес, жалған құжаттары ғана барғаны белгілі болды. Бұл бір облыста кемінде 700 миллион теңге қолды болды деген сөз. Шетелдегі қазақтарды сыртынан квотаға енгізіп, заңсыз ақша табу әрекеті осы кезеңде көбейді. Ел ішіндегі кейбір жемқор қазақ пен шетелдік жылпос қазақ «тандем» құрып, қу құлқынның құлына айналды. Сөйтіп, «Нұрлы көшті» қожыратты, іргелі істі іштен ірітіп, кесірін жалпы қазаққа тигізді. Пәтер беруде алданған оралмандар да жетерлік. «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша елге оралып, квотамен Курчатов қаласынан пәтер алуы тиіс 10-нан астам оралман отбасы қағазбастылықтың кесірінен үйсіз-күйсіз арып-ашып, бүгінде Қытайға қайта көшіп кеткенін журналистер қауымы шулап айтты. Өз елі өзегінен тепкендерге оңай тиіп тұрған жоқ. Қазақ еліне «оралман» болып сіңбей, қайтып келгендерді Қытайда «қарабет» деп кемсітетін көрінеді. Оңтүстік Қазақстанда қаншама оралман отбасы жер аламыз деп алаяқтарға жем болды. Одан қалды, қарақалпақ, ұйғыр, дүнген, қытайды шетелдік этникалық қазақ деп рәсімдеп жіберу фактілері де орын алды. Тіпті, келенсіздіктің асқынғаны сонша, бұл мәселе туралы Елбасының өзі оқитын республикалық «Егемен Қазақстан» газетінде «Оралмандарды орналастырудағы оралымсыздықтар» (25.10.2005), «Көші-қон және жаңа заң» (25.05.2010), «Оралман көші: күдік пен үміт», «Адал жолдың азабы» (24.07.2012) сияқты түрлі материалдар жарияланды, телеарналарда небір репортаждар жасалып, Азаттық радиосы оралмандардың

алдануы жайлы арнайы зерттеу де жүргізді. Қайсы бірін тізе береміз, «Нұрлы көштің» соңы **«Біреуге мал қайғы, біреуге жан қайғы»** дейтін жағдайға ұқсап кеткені өкінішті-ақ... Қазақстан халқы Ассамблеясының XX сессиясында жазушы Д.Исабеков сөз алып, Елбасына оралмандарға қатысты орын алып отырған алаяқтық фактілерді жоюды, айыптыларға әділ жаза беруді өтініп сұрады. Д. Исабеков Моңғолиядан келген 800 қазақтың қайтадан Моңғолия азаматтығын сұрауының себебін оралмандардың квотаға алмақшы ақшаларын қазақстандық алаяқ азаматтар иеленіп кетіп, тақырға отырғызуы деп мәлімдеді.

Сондай-ақ, оралмандар есебінен жеке бастарын байытуға тырысатындар да жетерлік. Бір ғана мысал: Шығыс Қазақстан облыстық Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімін басқарған Жанэт Нұрлан деген шенеунік «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша «Шығыс» ауылындағы оралмандарға үй салуға бөлінген 500 млн. теңге қаржыны қалтасына басып, қашқаны белгілі. Тексеру барысында оралмандарға арналған 300-ге тарта жаңа үйдің 170-і жарамсыз екені анықталған. Кейін тергеуде жатқан күдікті ұрлаған қаржының 150 млн. кері қайтарып, «Шығыс» ауылындағы 70-ке жуық үй қайта жөнделген. Алаяқтар құрылыс бағасын арзандату мақсатында үйдің жылу жүйесін тұтынушыға қымбатқа түсетін электр энергиясына қоса салыпты. Қыс бойы азап көрген оралмандар көктемде Өскеменге кіреберіс жолды жауып тастаған соң ғана бұл қылмыстың беті ашылды. Ақырында, аңғал оралман ағайындар электр энергиясына 42 млн. теңге қарыз болып шықты.

«Іштен шыққан жау жаман» екенін осындайда түсінесің. Еліміз үшін стратегиялық маңызы бар салаларды жемқорлықтың жаулауы – ұлттық қауіпсіздігімізге төнген қатер болып табылды. Оралмандардың құқықтарын пайдалана отырып, алдау-арбау арқылы мал табуды үйренген бауқеспелердің кесірінен еліміз үшін мәні зор «Нұрлы көшіміз» дағдарып тұр. Ал, оралмандар болса, алданып сергелдеңге түскендері былай тұрсын, «пайда үшін отанын сатқан опасыз» деген қара күйені өздеріне қалай жағып алғандарын білмей абдырап жүр. Қысқасы, оралмандармен жұмыс істейтін өкілетті органдардағы сыбайлас жемқорлықтың салдарынан «Айран ішкен құтылып, қазан жалаған тұтыладының»

кері келіп отыр. Оралмандардың «нұрлы көшінің» тізгінін ұстағандар шеттегі қазақтарды елге көшірудің, құжаттандыру мен орналастырудың тиімді жолдарын қарастырмады. Сырттан келген қазақтарды ортаға үйлестіру, оларды бейімдеу және олардың интеллектуалдық потенциалын, білімі мен біліктілік қуатын, өзге де қабілеттерін ашуға күш салмады. Көшіп келген қазақтарды көбіне азаматтық беріп, аймаққа бөліп, тіркеумен ғана шектелді. Ары қарай білгенінді істе, өз күнінді өзін көр деген салғырттық әлі күнге дейін орын алып отыр. Жеңілдетілген азаматтық алу құқығы болған кездің өзінде оралман ағайындар уақытша құжат ұстап, бір жарым-екі жыл шамасында азаматтық ала алмай жүретін. Енді, бұл аз болғандай, түзде де, үйде де теперіш көруден көз ашпаған оралмандардың жағдайы одан сайын қиындамақшы. Бұған не себеп болып отыр? Енді осы сұраққа долбарлап жауап іздеп көрейік.

Бәрімізге белгілі, 2012 жылғы 22 қарашада Халықаралық көрмелер бюросының (ХКБ) жасырын дауыс беруі нәтижесінде Астана ЕХРО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі өтетін орын болып таңдалды. ЕХРО-2017 тендерін ұйымдастырушылар бұл көрмені өткізудің жалпы құны кем дегенде 2,3 млрд. доллар, яғни, қабылдаушы тарап осынша қаражат жұмсай алатындай болуы тиіс деген талап қойды. Экономикалық дағдарыс жағдайында қаржылық тәуекелге барудан Канада, Австралия, Испания, Франция, Норвегия, Сербия және т.б. елдер бас тартып, өздерінің көрме өткізуге берген өтініштерін қайтарып алды. Ақырғы дауыс беруге екі қала ғана кандидат ретінде ұсынылды: Астана мен Бельгияның Льеж қаласы. ХКБ-ге мүше 161 елдің өкілдерінің жасырын дауыс беру барысында Астананың өтінімін 103 ел қолдады. ХКБ талаптарына сай көрмені өткізуге белгіленген үш ай ішінде Астана қаласының әлемнің 100 мемлекеті мен халықаралық ұйымдардан кемінде 4 млн. адамды қабылдайтындай шамасы болу керек. ЕХРО-2017 өткізу ТМД аумағында тұңғыш рет Қазақстанға ғана бұйырып отыр. Бұл үлкен абырой әрі жауапкершілігі өте ауыр халықаралық іс-шара. Мемлекеттік бюджетке де айтарлықтай ауыртпалық салары сөзсіз. Осыған байланысты, Қазақстан экономикасы үнемдеу режиміне өтіп жатқан сынайлы. 2013 жыл зейнеткерлікке

шығу жасын көтеру, салық деңгейін арттыру, бұрын болмаған жаңа салық түрлерін ендіру, кейбір өтемақыларды қысқарту, оралмандарға азаматтық беру мерзімін ұзарту сияқты дау-дамайлы заң жобаларын талқылаумен есте қалды. Зейнеткерлердің ашу-ызасын келтірген Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі С.Әбденев отставкаға кетіп тынды. Ал, Экономика министрі Е.Досаев болса, заңнамалық бастамаларының бәрін қабылдата алды: салықтарды көтерді, жаңа салықтарын ендірді, қазақтардың ашуланғанына қарамастан, оралмандарға азаматтық беру мерзімін де төрт жылға дейін созырып бекіткізіп алды. Енді, Алла тағала қайырын берсін, Қазақ елінің мәртебесі арта берсін. Мың өліп, мың тірілген қазақ төрт жылға да шыдар. Бірақ, Атамекенді бағытқа алған шетелдік қазақтардың көші қожырап қалуы әбден мүмкін.

Жалпы, түйіндеп айтар болсақ, әлемдегі кез-келген Қазақстан секілді ұлттық унитарлы мемлекет үшін тұтастық пен тәуелсіздікті сақтаудың негізгі шарттарының бірі – азаматтарын біртұтас халық етіп біріктіру. Тәуелсіздікке қол жеткізгелі бері атқарылған ауқымды шаралардың бірі – қандас бауырларымыздың тарихи отанына оралуына құқықтық тұрғыдан негіз қалап, сыртқы көші-қон жұмыстарының қолға алынуы. Қазақ елінің болашағы үшін маңызды зор осы үлкен тарихи үрдістің, яғни, Ұлы көштің басталуына қозғау салған Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың игі бастамасы еді. Соның арқасында миллионға тарта қандасымыз елге оралды, бірақ, төрт жарым миллионнан астам қазақ шетелдерде тарыдай шашылып жүр. Олар осыншама уақыт жырақта жүрсе де, қазақ тілін, ділі мен дінін сақтап келді. Өкінішке орай, өзге елдердегі қазақтарға толыққанды қолдау көрсете алмай келеміз, олар қазақ тілі мен мәдениетін сақтап, одан әрі дамыту жағынан қысымшылықтар көруде, жымысқы ассимиляциялық саясаттың зардабын тартуда. Осылай жалғаса берсе, шет мемлекеттік қазақтардың келер ұрпағы ұлттық гендік қорын жойып алу қаупі бар. Сондықтан, шетелдегі этникалық қазақтарды барынша тез Қазақстанға жинауға күш салып, «Нұрлы көш» мемлекеттік бағдарламасын қайта жандандыру өткір қажеттілік болып табылады. Мысалы, Израиль «Алия» деген репатрианттарды еврей

жеріне жинау саясатын жүз отыз жылдан астам уақыт тоқтатпай жүргізіп келеді. XX ғасырда «Алия Бет», «Қыран қанаты», «Сиқырлы кілем», «Моше», «Соломон» сияқты арнайы операциялар жүргізіп, холокост, түрлі репрессиялар мен геноцидтерден еврейлерді аман алып қалды. Бір ғана «Қыран қанаты» операциясы барысында Израиль 1949-1950 жылдары Иемендегі 50 мың еврейді дамыл таппай, ұшақпен тасып алған. Бір заманда тоз-тоз болып, қайғы-қасірет шеккен еврей халқы қазір Таяу Шығыстағы жұмылған жұдырықтай мықты мемлекет. Әрқашан ұқыптылығымен ерекшеленетін неміс ұлты да репатриация мәселесіне асқан мұқияттылықпен қарап, 1990-2000 жылдар аралығында ғана 2 млн. аса неміс қандастарын ың-шыңсыз көшіріп алды. Жалпы, 1950 жылдардан бастап қазіргі кезге дейінгі статистика бойынша Германияға шет елдерден 4,5 млн. этникалық неміс оралған. Олардан қазақтың несі кем? Қазақстан алға басқан этникалық көші-қонды кері артпай, әлемдік тәжірибедегі осындай озық үлгілерден сабақ алуы қажет. Оралмандарға қатысты қабылданған қатал заң да қайта қаралатын сәт туар. Оралып жатқан қандастарымыз XX ғасырда орын алған кеңестік келеңсіз саясаттың құрбандары екенін ұмытпайық. Олардың елге оралуы еліміздің көркеюіне, біртұтас болуына игі ықпал етпек. Оралмандардың интеллектуалдық әлеуеті, біліктілігі, өмірлік тәжірибелері мен іскерлік қасиеттері Қазақстанның нығаюына қызмет ететін болады. Бұған қоса, мемлекеттік тілдің нығаюына, титулды қазақ ұлтының күшеюіне де айтарлықтай үлес қосылмақ. Шетелден келген бауырларымызбен бірге жаңа леп, жаңа рух келгенін көріп те жүрміз. Құдайға тәубә, оралман қазақтардың қатарында қаншама өнер саңлақтары, дарабоз спортшылар, ғалымдар мен шығармашылық қауым өкілдері, білгір мамандар мен кәсіпкерлер тарихи отанына келіп, Қазақстанның атын әлемге шығарып үлгерді. Олардың ғаламдық ақпарат айдынына тікелей шығуымызға, сол арқылы орыс тіліне деген тәуелділіктен арылуға да септігін тигізетініне сеніміміз мол. Кейбір ұмыт бола бастаған салт-дәстүрлеріміздің жаңғыруына қандастарымыз ықпалын тигізуде. «Бар қазақ – бір қазақ» деген ұстанымды дамытып, күшті ұлт болып ұйыссақ, елдігіміз баянды болмақ.



Жазушы, ғалым, қоғам қайраткері Сапарбек ӘСПҰЛЫ:

«ҚАЗАҚҚА ДА БІР КОЛПАКОВСКИЙ КЕРЕК»

– Сапарбек аға, қазір Сіз ел ағасы атандыңыз. Құдайға шүкір, жас болса біразға келді. Екі формацияның куәсі болдыңыз. Кеңестер Одағының ең ауыр кезеңін де, тіпті, оның мемлекет ретінде ыдырау кезін де көрдіңіз. Енді, капиталистік үлгідегі жаңа құрылымды да көріп отырсыз. Сонда көңіліңізге түйгеніңіз не? Өзіңіз куә болған, қазіргі болып отырған екі құрылыстың жақсы мен жаманын айта аласыз ба?

– Әрине, айта аламын. Біріншіден, мен Кеңестік дәуірде туып-өскен адаммын, 1925 жылы туғанмын. Кеңес өкіметі орнағаннан соң 7-8 жыл өткенде партия мүшесі болдым. Коммунистік партияға қызмет еттім, Маркстің, Лениннің идеяларын жүзеге асырып, коммунистік талаптарды орындау үшін жанымды салып, күрестім. Оған өкінбеймін.

– Әлі де сол партия мүшесісіз бе?

– Иә, коммунист болып қалдым. Қандай жағдайда болса да мен бұл көзқарасымды өзгертетін ойым жоқ. Сондықтан да, Кеңес Одағының жақсылықтарын көбірек айтамын. Карл Маркстің басты еңбегі – «Капитал». Онда «қосымша құн» теориясы туралы айтылады. Ол бойынша зауыттар мен фабрикаларда, өндірістік орындарда жұмыс істейтін адамдардың еңбекақысы төленіп, шығындарын өтеп, салығын төлеп болғаннан кейін белгілі бір сома артылып қалады. Міне, соны «қосымша құн» дейді. Ол бүкіл дүниежүзінде байлардың қалтасына түсіп отырған. **Маркстің ерекшелігі, сол қосымша құнды алуымыз керек те, халықтың игілігіне жұмсауға тиіспіз дегені. Халық игілігіне дегеніміз ол алдымен білім беру, балаларды тегін оқытып, емдеу, медициналық қызмет көрсету. Оның ішінде тегін пәтер беру де бар. Сонымен бірге мемлекетті қорғайтын, ел тыныштығына жауапкер әскер ұстау да соған кіреді.** Оған белгілі бір

шенеуніктерді қызмет барысына байланысты қаржыландырып отыру да сол қосымша құн еншісінде. Осының барлығы да социализм заманында, кешегі Кеңестік заманда шын мағынасында халықтың игілігіне жұмсалғанын көзіммен көріп, оның куәсі болдым.

– Оныңыз дұрыс, бірақ сол Маркстің «Дін-апиын» дегені де бар емес пе еді?

– Бар. Маркстілдер сол көзқараста қалды.

– Сонда, Сіз де атеистсіз бе?

– Ата-анам діншіл адамдар болды, мен өзім де дінді теріс көрмеймін. Бірақ, діннің асыра кетіп қалған жағдайларын қолдай алмаймын.

– Сіз Кеңестік кезеңнің жақсы жақтарын айттыңыз, ал, сол кезде егемендік жөнінде жұмған аузымызды аша алмайтын едік қой. Сол Кеңес өкіметі қазақ табиғатына тән елдегі мал шаруашылығын да құртты емес пе? Ұжымдастыру жасады. Ресейдегі шаруаларды жылы орнынан көшіріп, Қазақстанға қоныстандырды ғой...

– Жақсылығын айтатын себебім, адам баласы жаралғаннан бергі уақытының барлығы да бірі бай, бірі кедей болып арпалыста өтуде. Сондықтан, патша өкіметі шаруаларды шет аймаққа көшірейін деп көшірген жоқ. Бүкіл дүниежүзінде құлдар құлдықтан босатылып, еркіндік алып жатқан уақытта крепостнойлық құқықты жақтаған жалғыз Ресей болды. Ал, оның алдыңғы ойлы азаматтары болса крепостнойлық правоны жоямыз деп жанын салып күресті. Олар оған қол жеткізді де. Сөйтіп, 1861 жылы крепостнойлық право жойылды. Сол кезде Ресейде 140 миллион десятина егіншілікке жарамды жер бар еді. Оның 70 миллионы 30 мың помещиктің меншігінде қалды да, қалғаны он миллион шаруаның үлесіне тиді. Көрдіңіз бе, қандай әділетсіздік! Сонда помещиктердің меншігін тартып алып, шаруаларға үлестіру керек пе? Оған үкімет бармайды. Ендеше, шаруалардан қалай құтылу керек? Міне, мәселе қайда? Сондағы айтайын дегенім, соның көрінісі

ретінде орыс отарлауындағы қазақ жерінде әкімшілік реформа жүргізіліп, ол Орынбор, Батыс Сібір, Түркістан губерниясы болып бөлінді. Олардың ішінде алты облыс бар.

– Осы тұстан кара шекпенділердің қазақ даласына көшуі басталады емес пе?

– Иә, сол кезде белгілі генерал Герасим Колпаковский Жетісу өңіріне әскери губернатор болып келеді. Ол 1868 жылы губернаторлықты қолына алған бойда, «Крестьяндарды Жетісуға көшіріп, қоныстандыру туралы уақытша ереже» дайындау ісімен шұғылданады. Сөйтіп оны іске асыру жұмысына белсене кіріседі.

– Сіздің «Қазақстанда бір Колпаковский шықса ғой!» деп жүргеніңіздің сыры сонда болды-ау, сірә.

– Олай демегенде не деймін? Тәуелсіздіктің мақсаты да патшалық Ресейге кеткен қазақ еншісі мен есесін қайтару емес пе еді? Әзірше, ол өте ауыр жүріп жатыр. *Колпаковскийдің ұсынысымен орыс шаруаларын патша билігі қазақ даласына көшіре бастады. Жол шығынын мемлекет түгел өз мойнына алды. Барған жерлерінде баспана салып беріп, жер жыртып арнаулы құрал-саймандармен қамтамасыз етуді былай қойғанда, мал сатып алып та берді. Шаруашылық құру үшін үй басына 100 сомнан ақша берілді. Әрбір еркек кіндіктің 30 десятинадан жер үлесі тиді. Сол кездегі тілмен айтқанда «переселендер» 15 жыл бойы алым-салықтан, әскерден босатылды. Осыншама жеңілдік пен жанапшылықты ресейлік кедей-кепшіктер қуана қарсы алды. Сөйтіп Ресей губернияларындағы шаруалар Жетісуға лек-легімен ағыла бастады.* Ал, казактар болса құнарлы жерлерінен айырылып құмбасты, шөлді және шөлейтті өңірлерге еріксіз, тіпті күштеп көшірілді. Соның салқынынан қазақ әлі күнге дейін арылған жоқ.

– Сонда қазіргі жергілікті басшылар арасынан Колпаковский секілді әкімнің шықпағаны ма?

– Әрине, шыққан жоқ. Оны айтасыз, ұлттың сөзін сөйлеп, сойылын соғатын оқыған зиялы қауым және ақын-жазушылардың арасынан да ондай адамдардың некен-саяқ кездесуі көңілді қаузаиды. Сондықтан да мен «Қазаққа бір Колпаковский керек» дегенімнен еш танбаймын. Керек болса әрбір әкім Колпаковский сияқты ұлты үшін қызмет етуі тиіс.

– Сіз жақсылығын айтып отырған Кеңес өкіметі Қазақстандағы тың және

тыңайған жерлерді игеру керек деген желеумен, патшалық Ресей кезіндегі кара шекпенділердің ұрпақтарын өлкемізге қаптатып жіберген жоқ па?

– Сөйтті. Бірақ, оның жақсы жақтарын да айтпасақ болмайды. Жақсылығы, сөз басындағы қосымша құн теориясы арқылы шөл және шөлейт аймақтағы қазақтың жарлы-жақыбайларына ақ кірпіштен үйлер де салып берді ғой. *Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін дүние керемет өзгерістерге ұшырады. Сол өзгерістерді көп бастан кешірген елдердің бірі – АҚШ. Онда тұрғылықты халық – үндістерге көп қиянат жасаған, жерін тартып алған. Үнді көсемдеріне сый-сияпат беріп, сатып алғанды былай қойғанда арақ-шараппен улаған. Дәл сондай жағдай қазақ даласында да болды. Біздің де бай-манаптарымыз да сый-сияпаттарға алданып, ұлтын жерге қаратты.* Атақты Сұлтанмахмұт ақынның «Бір үйде жиюлы екен қазына-мал» деген өлеңінің айтпағы да осы. Сол өлеңінде ақын: «Кесені қолыма алып қарай бердім, Ішінде нақақ көзден жас бар ма деп», – дейді. Осының өзі талай сырды аңғартпай ма?

– Қазақтың ауқатты бай адамдары да халықты сатты дейсіз ғой сонда.

– Иә, сатты. Әзір де өз ұлтын сатып жүргендер жетерлік.

– Сол бір кезеңге таптық көзқараспен қараймыз. Ал, егер өзіңіз айтқан жанағы мәселелерге ұлттық көзқараспен қарасақ ше? Сонда мәселе қалай өрбіген болар еді?

– Бұл жерде де мен Ленинге сүйенемін. Оның ұсынған жолын кейінгі коммунистер өздері бұрмалап жіберді. Сол кезде бұрағана ұлттардың барлығы дербестік алып, жеке мемлекет болсын деген идея болған.

– Онда ол идея неге орындалмады?

– Ол қалай орындалады? Ол кезде де Ресейдегі орыс мүддесін ойлаған коммунистер де болды. Сөйтіп, партияның өзінің арасында да екі жік пайда болып, ұлт тағдыры талас-тартысқа түсті. *Міне, соның бәрі кешегі құлаған КСРО-ның жіберген үлкен қателігі еді. Онда ұлттық мақсат-мүддеге қарағанда, Кеңес Одағы және оның халқы деген жалпы интернационалдық ұғым түсінік кең етек алды. Аз ұлт өкілдерінің жаппай орыстануының да сыры сонда. Мысалы, бурят, якут секілді ұлттар мен ұлыстарды соған қосуға болады. Кеңес өкіметінің тағы бір кемшілігі кедей шаруаға қарағанда жұмысшы табының мүддесін жоғары қойды.* Ал, Орта Азия елдерінде пролетариат табы жоқ еді, тіпті болақалған жағдайдың өзінде әлі қалыптасып үлгермеген болатын. Соның зардабы көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын

қазақтарға өте ауыр тиді. Қазақстанда жаппай ашаршылықтың етек алуының бір сыры да сонда.

– **Өзіңізге берілген медальдан бас тартуыңыздың сыры неде?**

– Қалай бас тартпайын. Мен ойлағандай тәуелсіздіктің қызығын әлі халқымыз толық көріп отырған жоқ. Сондай кезеңде медаль алып жатқаным ұят емес пе? Қаладағы жұртқа қарағанда ауылдағы елдің тағдыры мені көп алаңдатады.

– **Онда ауылдағылардың барлығын қалаға көшіру керек шығар?**

– Жоқ. Мен оған қарсымын. Қазақ ауылда да тұру керек. АҚШ бастап Канада қостап, қиыр шеттегі Австралияға дейінгі бірнеше елдерде халыққа жан-жақты жағдай жасалған. Олар табиғат жағдайы қолайсыз ауыл-аймаққа 300 пайыз мөлшерінде төлем-ақы бөледі. Ал, Қазақстанда 72 аудан бар, бірақ соларға жоғарыда келтірілген мемлекеттердей жағдай жасалған ба? Әй, қайдам. Болса болар, бірақ көңіл көншітпейді.

– **Әңгімеден әңгіме туады. Бір кездері «тиімсіз ауылдарды» қысқарту керек деген де сөз болмады ма? Сөйтіп, оларды бір орталыққа көшіру керектігі жөнінде де мәселелер көтерілді ғой?**

– Ауылды «тиімсіз» деп қысқартпау керек. Оған жағдай жасалуы тиіс. Жақында «Нұрлы көштің» бағдарламасымен таныстым. Өкінішке орай, онда қазақтың басым көпшілігі тұратын шөлді және шөлейт жерлердегі ел-жұрттың тағдыры туралы әңгіме қозғалмаған. Табиғаттың адам өміріне әсері орасан зор. *Образбен айтсақ шөлейт дала – «аши ана».* Міне, сол «аши ананы» тойдыруымыз керек. *«Нұрлы көштің» бағдарламасы соны қолға алуы тиіс.*

– **«Аш ана» демекші, Қазақстандағы демографиялық жағдай әлі де болса нашар емес пе? Сапа болу үшін сан керек.**

– Демографиялық жағдай қалай болсын, Қазақстандағы жаңа туған 1000 сәбидің 30-ы бір жасқа жеткенше шетінеп кетеді. Газет-журналдардағы мәліметтерге сенсек, әйел өлімі жағынан Қазақстан бесінші орын алады.

– **Оны айтып, жазып жатқан ақын-жазушылар бар емес пе?**

– Бар. Бірақ аз. Қаламгерлердің көбісі жағымпаздық дертімен ауырып барады. Ол меңдеп қана қойған жоқ, билеп алды. Шындығын айтатын газет-журнал қалмады. Айтсаң шығармайды.

– **Бұл мәселені көтеріп, жазып жүрген жеке тұлғалар бар емес пе?**

– Бірақ, жеке тұлғалар шықпай тұр ғой. Карл Маркстің «Идея айтылып жатады, бірақ солардың ішінде халықтың санасын билеген, халыққа жеткен идея ғана нағыз идея

болып шығады» деген сөзі бар. Олай болса қазақ өз жеріне өзі ие болу керектігін түсінсе екен. Тұлғалардың өзінің айтатыны да болуы керек.

– **Зиялы деген кім өзі?**

– Ол – алдымен жақсы адам. Сосын ұлт, мемлекет қоғам мүддесін ойлайтын тұлға. Айта берді, билікке ой салатын зиялы қауым. Оның ішінде ақын-жазушылар да бар. Олардың ішінде Амангелді Айталы сияқты айттып жүрген азаматтар баршылық. Әйтсе де, олардың үні халыққа жетпейді. Бізде зиялының сөзіне құлақ асатын біреу бар ма? Қазақ жерінде қазақтың, мәселесі ғана айтылуы не деген масқара! Қазақ әлгі шөл және шөлейт жерлерде күнін кешіп отырған «аш ананың» балалары. Іште жатып тамаққа жарымаған жан туғаннан кейін де солай болады.

– **Баланы бесікте емес, құрсақта тәрбиелеу керек дейсіз ғой, сонда.**

– Әрине аш анадан туған бала көгермейді. Оны жазарымды жазып, айтарымды айтып жатырмын.

– **Есітер құлақ, көрер көз болса көпті көрдіңіз, кімнен не үйрендіңіз?**

– Менің бүкіл өмірімді өзгерткен адам Ыбырай Алтынсарин деп білемін. Оның арманы Торғай жұртын Қостанайға қалай көшіріп, егіншілікпен айналыстыру болды. Ол осы жолда қаншама бейнет көрді. Өз қатарымнан Рахманқұл Бердібаевты айтамын. Оның ұлтқа жанашырлығы қуантады.

– **Бүгінгі жастарға қандай ақыл айтасыз?**

– Дүниеде бай мен кедей болып бөлінуден асқан қасірет жоқ. Сол үшін ең алдымен ұлтқа жанашырлықпен қарау керек. Ал, бөліну адамның бір-бірін қанаушылығына әкеледі. *Адамды адам қанау – барып тұрған жасауыздық.* Бұрын коммунистер кісі еңбегін қанау дегенді білмейтін. Сол секілді жастар адал еңбекпен нанын тауып жесе деймін.

– **Қара аспанды су алдыра бермесеніз болмай ма, осы?**

– Сендер айтып отырған жақсылықтарды мен айта алмаймын. Билік білім, медицина саласын жолға қоюы тиіс. Бүгінгі студенттердің жағдайын қарасаңдаршы. Кеңес Одағында студенттерге тегін білім беретін. Ал, бүгінгі оның жағдайын сендер менен де жақсы білесіңдер. Қазақ әрқашанда білімді және дені сау ұлт болуы керек.

– **Десе де ұрпаққа сеніммен қараған дұрыс шығар, Сапабек аға?**

– Ол үшін әрбір қазақ өз құқығын бес саусақтай білсін.

Әңгімелескен, Жадыра МҮСІЛІМ.
«Заң газеті». 13 наурыз, 2009 жыл



Куандық ШАМАХАЙҰЛЫ,
филология ғылымының
кандидаты

«КЕМБРИДЖ БІЛІМ БЕРГЕНІМЕН, ҚҰДАЙ БЕРМЕГЕН ДАРЫНДЫ ДАРЫТА АЛМАЙДЫ»

- Күеке, Монғолияда ержеткен азаматсыз. Ол елдің демократиялық үдерісінің бас кезіне де куә болған шығарсыз. Демократияны еркін БАҚ жүйесінсіз елестету қиын, Монғолиялық журналистика біздікімен салыстырғанда қандай деңгейде? Білікке ықпалы қандай? Қоғамдық пікір қалыптастыру қауқары ше? Ол жақта қазақтілді журналистиканың дауысы шыға ма?

— 1985 жылға дейін кеңес баспасөзінің үлгісі негізінде дамыған Монғол журналистикасы ширек ғасырлық қысқа мерзімде танылмастай өзгерді. 1989 жылы өзім делегат ретінде қатысқан дарынды жастардың республикалық кеңесінде елдің қазіргі Президенті, сол тұстағы әскери-журналист Ц.Элбэгдоржының үндеу тастауымен басталып, 1990 жылы наурызда бейбіт жолмен жеңіске жеткен демократиялық революцияның басы-қасында болғаным рас. Осы бір дүбірлі қозғалыстан кейін Монғол қоғамы жаппай жаңарып, дамудың тың әрі еркін жолына түсті. БАҚ сан жағынан күрт өсіп, 3-4 есеге дейін көбейді. Бүгінгі Монғол басылымдары қоғамдық-саяси жалпы ұлттық сапалы баспасөз және «сары» газеттер деген екі ірі топқа бөлініп отыр. Онда ешбір газет мемлекеттік нысанға жатқызылмайды, 90-жылдардың ортасында жаппай жекешелендірілген. Заң бойынша үкіметтің баспасөз ісіне араласуына тыйым салынады. Өкінішке қарай, шу көтеру арқылы бизнес жасауды көздейтін сары газеттер Монғолия мерзімді баспасөзінің 60 пайызын құраумен қатар, елдің ақпарат кеңістігінде елеулі орын иеленіп отыр.

Монғолияда 1996 жылдан бастап интернет қоғам өмірінің барлық саласында дендеп енді. Журналистикада интернеттің кең өріс алуы шет елден ақпарат алуға, БАҚ-тың электрондық жүйесін жасауға және Web site жүйесін құруға, өз елінің жаңалықтарын әлем жұртшылығына

кеңінен жедел таратуға, маркетинг жүйесін кеңейтуге жаңа мүмкіндік жасады. Қазір аталмыш елдің барлық ақпарат құралдары мен газет-журналдарының онлайн үлгісі бар.

Монғолия журналист мамандарын әлемдік қалып (стандарт) бойынша халықаралық деңгейде даярлау, БАҚ жүйесін ғылыми-зерттеу жағынан дамушы елдер арасында алға шығып отыр. Монғолия мемлекеттік университетінде журналист мамандарын оқыту ісі 1960 жылдан бастап қолға алынған. 1962 жылы аталмыш оқу орнының қоғамтану факультетінің базасында журналистика кафедрасы ашылды. 1990 жылдан кейін журналист даярлайтын оқу орындарының саны күрт өсті. 2005 жылғы мәлімет бойынша елдің 19 жекеменшік, 4 мемлекеттік университет, институт, колледждерінде журналист мамандарын оқытып жатыр. 1998 жылдан бастап журналист-ұстаздар халықаралық «Сорос» қорының демеушілігімен «Журналистік білім берудің қазіргі жағдайы, алдағы бағыты», «ЖОО-да журналистиканы оқытудың мазмұнын жетілдіру жолдары» секілді жобалар жасап, жүзеге асыруларының арқасында Монғолия мемлекеттік университетінде (МУИС) қолданыстағы оқу жоспарлары, бағдарламалар, пәндер анықтамалары жаңаша жетілдіріліп, әлемдік қалыпқа (стандартқа) сәйкестендірілді. Нәтижесінде журналистік жоғары білім беретін барлық институттар бір ізді қалыпқа (стандартқа) көшірілді. Журналистика ғылымы бойынша философия докторлары (PhD) мен ғылым докторларын (ScD) даярлап, еңбектерін қорғататын диссертациялық кеңес профессор Зүлкәпіл Мәулетұлының басшылығымен Монғолия мемлекеттік университетінің базасында жұмыс істейді. Ғылыми журнал және арнайы басылымдардың сыртында оқулықтар, оқу құралдары, монографиялар бастырып жарыққа шығарады. Сондай-ақ, Монғолия журналистерінің екі одағы мен жеке Баспасөз институты журналистердің біліктілігін арттыру, қайта даярлау мақсатпен қысқа және ұзақ мерзімдік оқыту семинарларын тұрақты

ұйымдастырып келеді.

Моңғолиялық журналистиканы біздікімен салыстырғанда қандай деңгейде екендігін жоғарыдағы деректер арқылы байқайла беруге болатын шығар. *Ал, билікке ықпалы қандай дегенге келетін болсақ, олар кәдімгідей «төртінші билік» ретінде тең дәрежелі әріптес. Сондықтан да, қоғамдық пікір қалыптастыру қауқары айтарлықтай мықты. Ол жақтағы қазақтілді журналистиканың дауысы тым әлсіз. Шынай Рахметұлы, Асқар Шаймерден (Ататаным), Сұраған Рахметұлы сынды бірлі-жарым азаматтардың арқасында ілдебайлап, өлместің күнін көріп отыр.*

– **Қазақтілді журналист қана емессіз, сол саланың зерттеушісіз де. Елдегі екі тілді журналистиканы бір-бірімен салыстырып сипаттаңызшы.**

– Бұл негізі, бірер ғылыми-зерттеу институтқа жүк боларлықтай салмақты әрі өзекті мәселе. *Журналистика айналып келгенде, қоғамдық өмірді шынайы бейнелейтін айна іспетті дүние ғой. Сондықтан, қоғам қандай болса, журналистика да дәл солай. Бұл тұрғыдан келгенде, екі тілді журналистиканы бөле-жарып қарауға келмейтін тұстары да бар. Жалпы айтқанда, Қазақстандағы біртұтас журналистиканың орыс тілдісін зор, қазақтілдісін қор санау еш қисынсыз. Екеуі де бір деңгейде. Орыс тілдісінің бар артықшылығы – биліктегі «бизнесмен-шенеуніктердің» оларға бүйректері бұрып, астыртын қолдау көрсетіп тұратындығында ғана. Айталық, жарнамалық материалдарды, тапсырыстық мақалаларды, әртүрлі PR жазбаларды, өздерінің имидждерін қалыптастыратын немесе кланаралық қақтығыстарда бір-бірлерін қаралайтын дүниелерді соларға апарып тықпалайтындыры орыс тілді газеттерді керемет оқылымды әрі тартымды етіп көрсетіп жатуы әбден мүмкін. Құлдық сананың шылауынан шыға алмаған сол азғана билеуші топ өздерініе қазақтілді баспасөзге ғана емес, елдің титулды ұлтына мұрындарын шүйіре қарайтындары бәрімізге белгілі жайт. Қоғамдағы осындай кері психология өзгермейінше, оларды қазақтілді баспасөзбен санасатын жағдайға жеткізу қиын.*

Тағы бір мәселе, елдегі барлық ақпарат тек қана орыс тілінде таратылатындығында. Үкімет отырыстары, Парламент жиналыстары дейсің бе, барлық ресми іс шаралар орыс тілінде өткізілетіндігі қоғамды жаппай жат жұрттың тілінде таратылатын баспасөзге тәуелді етуге әкеліп соқтырады. Мұның өзге де сан қырлы факторлары бар. Оның бәрін ашып көрсету үшін түбегейлі зерттеу керек. Өз басым қазіргі таңда өзге салада жүрмін.

Бүгінде үкімет тендерінен қаржы алып отырған, баспасөз саласының осындай күрделі мәселелерін зерттеп тұжырымдауды мойнына алған елдегі бірден бір ұйым – профессор Намазалы Омашев басқаратын Журналистика ғылыми-зерттеу институты. Еуразия университетінің журналистика және саясаттану факультеті де айқарап отырмаған шығар. Негізі осындай мәселелермен айналысу солардың абзал борыштары. Тым құрығанда, мемлекеттік бюджеттен алып отырған қаржыларын ақтау үшін әрекет жасайтындықтарына сенгім келеді.

– **Қазақтілді сараптамалық баспасөздің дәрмені қаншалықты?**

– Сараптама жасау үшін ең алдымен заңдық кепілдік пен ақпарат алу және оны тарату бостандығының шынайы тетіктері керек. Ішкі, сыртқы және санадағы цензура атаулының бәрінен арылған абзал. Ол үшін сараптамалық жанрдың ең кең тараған түрі болып табылатын журналистік зерттеуге тоқталайық. *Журналистік зерттеудің бұлжымайтын рас дерекке негізделетіндігін айтпағанның өзінде, басты ерекшелігі – мәселенің астарына терең үңіліп, оның қыр-сырын толықтай ашып көрсететіндігінде. Мысалы, үкімет орны елдегі шаруашылық нысандардың кірістеріне салынатын салық туралы заңға өзгертулер енгізуді ұсынып, оны парламент арқылы бекіттіріп алды делік. Заңға неге өзгерістер қажет болды, кімнің мүддесі көзделіп отыр, оның артында кім тұр? – дегенді қазбалап, себебін толықтай табуға зерттеу бағытталуға тиіс. Ол үшін журналист заңдағы өзгерістер бірлі-екілі компания немесе азғана топтар үшін пайдалы құқықтық ахуал қалыптастыруы ықтимал деген болжам жасап алып, оны дәлелдеуді мақсат етеді деген сөз.*

Журналистік зерттеу белгілі бір мәселенің өзгеше тұстары мен ұқсастықтарын салыстырып, мәнін анықтауды мақсат етеді. Мәселен, банктерді банкротқа ұшырату үрдісі әр сатылап, үкімет орнының шешімімен жасалып келген болса, оны тереңдеп зерттеу арқылы оған кінәлі құрылым ба, әлде, атқарушы биліктің кері әрекетінің қайталануы ма? – дегенді объективті түрде анықтауға болады. Журналистік зерттеудің күш-қуаты – әлеуметтік төменгі топтарға, баспанасыздарға, жұмыссыздарға жанашыр болып, шынайы ақпарат берумен қатар олардың санасына сенім ұялата алатындығында. Осы мағынасына сай журналистік зерттеудің тақырыбы төмендегі басты факторларды өз бойында сақтайды:

– **жұртшылықтың сұранысына жауап беру, қажеттілігіне сай келу;**

– **саяси, қоғамдық маңыздылығы жоғары, елдің психологиясына ықпал**

етерліктей ауқымды болу;

– адамдарға әрбір өзгерісті, жаңа бетбұрысты өзіміз жасай аламыз деген сенім тудыру.

Олай болса, журналистік зерттеудің басты объектілері төмендегілер болмақ:

- үкімет орны;
- саяси ұйымдар;
- сыртқы қатынас;
- қарулы күштер және ұлттық қауіпсіздік;
- ірі бизнес орындары, олигархтар;
- білім беру саласы;
- әлеуметтік қамсыздандыру.

Оның сыртында паракорлық, сыбайлас-жемқорлық секілді экономикалық мәселелермен тікелей байланысты істер жан-жақты қарастырылады. *Журналистік зерттеу құпия қылмыстарды әшкерелеп сынағанымен, ол – сот емес, сондықтан, ешкімді айыптауға, жазалауға қақысы жоқ. Басты қызметі – белгілі бір әрекеттің салдарын, келтірген зиянын іздестіріп тауып, оны нақты деректермен дәлелдеп, жұрттың назарына ұсыну ғана.* Мәселені тиімді шешудің жолдарын журналистік зерттеу көрсетуі де мүмкін. Алайда, онысы – журналистің саяси көзқарасы емес, тек әртүрлі көздерден алынған ақпаратқа ғана негізделеді. Олай болса, қазақтілді баспасөздің дәрмені қаншалықты екендігін осы талап тұрғысынан қарасаңыз, бәрі белгілі болатын шығар.

– Қазақтілді баспасөздің дерті неде?

– Дербестік пен біліктіліктің жетіспеушілігі. Сонымен қатар жағымпаздықтың, жалтақтықтың тым белең алуы. Ең үлкен қасірет көбінесе саланы іскерлігі мен біліктілігінен гөрі билік басындағы жерлестеріне немесе таныс сыбайластарына сүйенген дарынсыздардың басқаратындығы. Мемлекет пен үкіметке оппозиция іспетті жұмыс істеп, қоғамдық мүддені ғана ұстанудың орнына биліктің құлақ кесті құлына айналып отырғандығы – қазақтілді баспасөздің дерті ғана емес, қасіреті.

– Қазақ тілінің ахуалы қазақтілді БАҚ жағдайына қаншалықты тәуелді, керісінше, БАҚ-тың бағы тілге қаншалықты қарайлап отыр?

– Тіл мәселесі БАҚ жүйесінде ғана емес, жалпы бүкіл қоғамның бас ауруына айналып отырғандықтан, оны бөліп қарауға келмейді. Ұлты үшін жаны ашитын барлық саналы азаматқа ортақ қасіретті қайталап айта берудің өзі жүрекке зілдей ауыр салмақ түсіреді.

– Біздің (әрине, әңгіме тек қана қазақтілді) БАҚ-тардың ақпарат өндіру, тарату, қаржы тарту қабілеттері қай шамада?

– Әлемде БАҚ-тың коммерциялық құрал ретінде көрініс табуы біршама күш алды.

Газет, журнал басу, бағдарлама дайындау үрдісі ақпараттық өндірістің саласына айналып, тұтынушылардың нарықтық талаптарына бой ұрған іскерлік сипат, тиімді жұмыс істеуге бағытталған менеджмент, маркетинг қалыптары (стандарттары) енгізілуде. АҚШ ақпарат саласы қызметкерлерінің «Американың ақпараттық өндірісі – бизнес» деп мәлімдеулері кездейсоқтық болмаса керек. Батыс Еуропаның өзінде БАҚ-ты – «медиа-өндіріс», журналистердің туындыларын нарықтағы өзге тауарлармен бірдей «медиа-өнім» деп атайтын болды.

Коммерциялық бағыттағы журналистикада (profit seeking) журналист пен баспасөз, ақпарат құралы белгілі бір нарыққа қызмет етуге тиіс деген дүниетаным орнықса, дәстүрлі журналистикада ең алдымен азаматтарға, қоғамдық санаға немесе жеке тұлғалар болып табылатын оқырмандарға жол тартуға тиіс делінеді.

Журналистиканың коммерциялық сипаты басымдық танытып отырған БАҚ кезеңде нарық механизмдері арқылы жүзеге асырылатын БАҚ пен журналистің қызметін экономикалық тұрғыдан үйлестіру маңызды міндет атқарады. Нарық қысымының өзі бәсекелестік аясында қызметін жүргізіп отырған БАҚ пен журналистің артықшылығын және «ойын ережесін» анықтап беретіндігімен ерекшеленеді. Коммерциялық фактордың қазіргі БАҚ-тың қызметіне қалай әсер етіп отырғанын Америка журналистикасынан анық көруге болады. Токсаныншы жылдардың ортасында аталмыш елдің газеттері өз бюджетінің 80 пайызын жарнамадан, 20 пайызын жазылушылар мен сатудан түскен ақшадан құраған. Яғни, жарнама берушілер мен оқырмандардың газет қаржы көзін құраудағы ара салмағы 4:1 болып өзгерген. Жарнаманың осыншама зор ықпалы баспасөздің мазмұнына да әсер етіп, мейлінше оқырман қауымның назарын аударатындай материалдар жариялауды көздейтін болды. Айталық, 90-жылдардың басында АҚШ газеті тілшілерінің 19 пайызы спорт, 8 пайызы қылмыс және сот ісі жайындағы мәселелер, 7 пайызы бизнес тақырыбы бойынша арнайы маманданған. Олай болса, қоғамдық, әлеуметтік және білім мәселелері бойынша маманданушылар небары төрт-ақ пайызды құраған.

– Қазақ БАҚ-тары менеджмент саласында артта қалып отырған жоқ па?

– Артта қалғандары соншалық, тіпті, жұртта қалып, жер шұқып отыр деуге болады. Егер, ондай болмаса, бәріміз газет сандарын кезекке тұрып сатып алатын, телеарналардың бағдарламаларын тамсана тамашалайтын жағдайға жетер едік қой. Біздің медиа-менеджерлер оқырманы мен аудиториясына мойын бұрудың орнына

құрылтайшы-қожайынның көңілінен шығуды, соларға жағынуды ғана жөн санайды. Себебі, оны шығармашылық ұжым сайлаған жоқ. Жем беріп отырған қожайын тағайындаған және оны қызметтен қуып тастау да бір адамның қолында. Көңілі қалағанда тағайындайды, ұнатпаған күні алып тастай салады. Бұл жерде іскерліктен гөрі басқа жағдайлар артығырақ рөл ойнайды. Ал, ұжымды басқарып отырған бас менеджер шынайы іскерлер мен қабілетті мамандарды өлсе де маңына жолатпайды. Себебі, оған жұмыстың мүддесінен гөрі өзінің лауазымы қымбат.

Менеджменттің шығармашылық жағынан ақсап жатуы қанша қаржы құйсаң да еш ақталмайтындығының бір ғана мысалын бүгінгі «Жетінші арнаның» кескін-келбетінен анық аңғаруға болады. Бүгінде оның қай елдің арнасы екендігін айырудан қалдық. Күнделікті жаңалықтарының уақыты бар-жоғы жырға минутты құрайтын, онысының жартысына жуығы аудармалық материалдан тұратын, қалғанын «бай іздеген кәрі қыздар мен қалыңдыққа зәру бойдақтардың» арзанқол әңгіме-дүкендерімен, жалған ұтыс ойындарымен, ресейлік арналардың хабарлары мен фильмдерін көшірумен жабатын дәл осы «Жетінші арна» менеджерлерінің қалай іштері нысып кетпейтінін, жұмыстың сегіз сағатын немен айналысып өткізетіндіктерін өздерінен сұрасаңыз өте қызық болар еді.

– **Отандық телеиндустрия қазақ көрерменіне не беріп, не бере алмай отыр?**

– Әлемнің өнеркәсібі жоғары дамыған елдерінің БАҚ-тың дамуындағы елеулі бір көрініс – олардың санаулы ірі концерндердің иелігіне шоғырлануы болып отыр. Олар әлемдік ақпарат нарығына ену мақсатымен іс қызметтерін еларалық бағытқа бұрған. Бүгінде ақпараттық қарым-қатынастың ең соңғы үлгідегі технологиясын пайдаланатын қаржы, экономикалық ірі базалы корпорациялар халықаралық ақпарат нарығында алдыңғы қатарда жүр. Олардың іс қызметінің бүкіләлемді қамти бастауы ақпарат өндірісінің жаһандануы болса керек.

Тоқсаныншы жылдардың соңында әлем ақпарат нарығында алға шыққан еларалық корпорация – «Тайм-Уорнер» болды. Оның аясында Тернердің «CNN News Group», көңіл көтеруге арналған телевизияның кабелдік жүйесі, HBO-ның ақпараттық және әдеби-көркем бағдарламалар арнасы, сазды әуендік «Warner Musik Group», «New Line Cinema» кино компаниясы, көптеген баспалар, кітап дүкендері, кітапқұмарлардың клубы, Интернеттегі

жүздеген онлайн басылымдар, Web сайттар қызмет жүргізеді. 2000 жылы қаңтарда «Тайм-Уорнер» мен «Американ Онлайн» корпорациясының бірігуі ірі мега-концернге айналуға жол ашты. Олар бірден XXI ғасырды «Интернет дәуірі» болады деп жариялаған. Жаңа концерннің қатарына 33 ірі журнал, HBO, CNN, TBS, TNT, Cartoon Network және өзге ондаған БАҚ, кино компаниялар, «CompuServe», «Netscape» секілді компьютерлік ақпарат қатынас жүйесі кіреді.

Екінші басты медиа-концерн – «Уолт-Дисней». Оның қатарына жүздеген ақпарат құралдарымен қатар әлемнің ең ірі телекомпаниясы американдық ABC кіреді. Жоғарыда аталған ірі алтаудың қатарына «Fox» тележүйесі, «Fox News Channel»-дің иесі Р.Мэрдоктың «Ньюз корпорэйшн», NBC тележүйесі, CNBC кабелдік жүйенің меншік иесі «Женерал Электрик» концерні, тәулік бойы хабар тарататын кабелдік телевизияның MSNBC арнаны меншіктейтін «Майкрософт» корпорациялары жатқызылады.

Журналистика «инфо-ноо» аясындағы көрініске айналды деген сөз жиі естілетін болды. Ақпараттық қатынас жүйесінің жаһандануы бүкіләлем халықтары мәдениетінің өзара ықпал етуіне, байытылып дамуына, ақпаратты дүниенің қай бұрышына да жедел жеткізуге лайықталған ашық қоғамның қалыптасуына қолайлы жағдай тудырып отыр. Сонымен қатар, елдер мен халықтардың мәдениетін, салт-дәстүрін, өзіндік ерекшеліктерін жосалтуына, санасын бір қалыпқа салып теңестіруіне ықпал етуі де ғажап емес. Ал, біз әлемдік көштің соңында жүрген ресейлік телеарналардың батыстық әріптестерінен көшірген арзанқол бағдарламаларына жатып кеп тамсанамыз. Ал, сонда оны өзіміз жасауға қарым-қабілетіміз жетпейтін болғаны ма?! Олай болса, отандық телеиндустрияның қазіргі өгіз аяңына қарап бізге бірдеме береді деп күтудің өзі әбестік сияқты.

– **Телеэкранға қарап, әсіресе, телемамандардың тапшылығына ойымыз ойыса береді. Шынында да солай ма, әлде барды келістіре алмай отырмыз ба?**

– Барды бағалай алмай, жоқшылықты қолдан жасап отырған шығармыз. Мен сондай ойдамын. Телевизияға маман таңдауға орасан көп қателіктерге жол беріледі. Әдебиет пен тарихтан бейхабар біреулер онан-мұнан көшіріп, телевизияға деректі фильмнің сценарийін жазады. Осыдан кейін көрерменге жететін туындының сапасы қандай болатыны айтпаса да түсінікті. Мұның бәрі маманның тапшылығынан болып отырған жоқ. Негізі, телемамандар-

ды газет, журнал редакцияларында жұмыс істеп, жазу-сызу шеберліктерін шыңдаған журналистердің арасынан іріктеп алған әлдеқайда тиімді.

– **Қазақ телеэкраны шәкірттік кейіп-тен қайткенде есейеді?**

– Адам баласының рухани сұранысына ешкім шек қоя алмасы айдан анық. Сол сұраныс ұлғайған сайын телеөнер туындылары мен шығармашылық иелеріне де қойылатын талап биіктей бермек. Сондай-ақ, адамдар рухани тұрғыдан байып, талғамдары өсумен қатар телевизия техникалары да қарыштап дамып келеді. Әрбір шығармашылық қызмет, соның ішінде телевизия журналистикасының нәтижесі де өз ісінің сипаттарын анықтайтын сапалық жаңа «өнім» болатындығымен ерекшеленеді. Телевизия өз аудиториясына позициясы тұрғысынан өзіне тән болмысы бар телетуындылардың жиынтығы ретінде жетеді. Оны даярлауға шығармашылық ұжым, түрлі саланың мамандары, инженер-техниктер, режиссерлер, теле-операторлар, қаламгерлер, тележүргізушілер атсалысады.

Эфирге шығарылған әрбір телетуынды қыруар дайындық жұмыстармен қатар оны жасау барысындағы «табан ет, маңдай тердің» арқасында пайда болмақ. Белгілі телекомпанияның бағдарламалық саясаты мен тұжырымдамасын жасау, материал-техникалық базасын қалыптастыру, ақпарат көздерімен байланыс орнату, шығармашылық ұжымды ұйымдастыру, олардың жұмыс бағыттары мен еңбек бөліністерін үйлестіру, ұтымды ұйымдастыру, ұстанатын ережелерді жасау секілді істерді сол шаруаларға жатқызуға болады.

Белгілі бір телехабарды дайындау үшін істі жоспарлау, түсіру тобының жұмысын ұйымдастыру, ақпарат жинау, туындының тұжырымдамасын жасау, сценарий жазып, оны редакциялау, монтаждау жұмыстарын бітіріп, бағдарламаға енгізу, аудиторияны зерттеу, олармен кері байланыс орнату өнерін игеру сынды қыруар шаруалар қарбаласып жатады.

Шығармашылық туынды – іс қызметтің іскерлік ізденіс пен қалыптасқан жұмыс формасын үнемі қатар қолданып отырады. Оның деңгейі журналистің шығармашылық қабілетіне, алған білімі мен біліктілігіне, машықтанған дағдысына, игерген тәжірибесіне, ішкі рухани қуатына қарай көрініс табады. Сонымен қатар, туынды жасаушылардың өзгелермен қарым-қатынасы да айтарлықтай рөл атқармақ. Журналистің шығармашылық ізденісі іс қызметтің барлық кезеңдері мен сатыларында, тіпті әр қадам сайын қажет етіледі. Ізденіс шығармашылықтың нақты

жағдайымен сәйкескен тәсілдерді талап етеді. Оның өзі жеке адамнан өн бойындағы барлық мүмкіндіктері мен әлеуетін барынша толық пайдалануына жағдай тудырады. Қысқасы, тележурналист бағдарламаға жан-тәнімен берілуге тиіс.

– **Әсіресе, мемлекеттік емес телеарналарда қазақтілді редакциялар неге 2-панда жүреді? Жетекші ұжым болатын уақыт қашан келмек деп ойлайсыз? Жеке телеарналар үшін қазақтілді көрермен жоққа тән, сыры неде?**

– Оның екі түрлі себебі бар. Ең біріншісі, қазақтың қолынан ештеңе келмейді деп орынсыз жоққа шығаруға бейім тұратын қоғамда қалыптасқан құлдық сананың салдары. Келесіде, қазақ редакцияларының өздерінің әлсіздігі мен шынайы шығармашылық ортаның жоқтығы. Жетекші ғана емес, көшбасшы ұжым болуға болады. Ол әркімнің өз қолындағы шаруа. Ал, бізде ешбір телеарна немесе ғылыми-зерттеу ұйым телесұранысты зерттеумен, көрермендер арасында сауалнама жүргізіп, мәселенің мәнін түсінумен айналыспайды. Мұндай жағдайда шығармашылық жұмыста қандай береке болмақ. Әркім өз білгенімен ойына келгенін істеп, енжар тірлікпен айналысып жүре береді де.


– **Қалай ойлайсыз: біздегі мамандардың қаншасы журфактан, қаншасы «көшеден»?**

– Санап көрмеппін (күлді). Қытайдың атакты реформаторы Дэн Сяо Пиннің (дұрысы: Дың Шоу Пин) «**Мысықтың түсі қара бола ма, ақ бола ма, бәрі бір емес пе, тышқан ауласа болғаны**» – дегеніндей, жазу-сызуға қабілетті болса, табиғи дарыны мен біліктілігі талапқа сай келсе мамандықта тұрған не бар. Журфактың дипломы мен берген дәрісі қарымды журналист болуға кепілдік болмайды. Табиғи түйсігі мен шығармашылық қабілеті, жан-жақты терең білімі болса жарап жатыр, ол мейлі, заңгер, қаржыгер, физик, математик, экономист болсын. Керісінше, жетік білетін салаларын солардың жазғаны тиімді болмай ма. Өз басым ешкімді бөліп-жарып қарамаймын. Кім тың ой айтса, елді елең еткізерліктей жақсы дүние жасап, тартымды етіп жазса – сол менің әріптесім.

– **«Журфактың орнына бес-алты айлық курстардан жоғары білімді жаза білетін жастарды оқытып шығару керек» деген пікірге қалай қарайсыз?**

– Батыс Еуропа жұртына кең тараған «Кембридж білім береді, ал, Құдай жаратпаған дарынды дарыта алмайды» деген сөз бар. Сол сияқты тумысынан ештеңе жаза алмайтын адамға ерекше дарын мен қабілеттілікті журфак та, курс те бере алмайды.

Сұхбаттасқан – А.ӘБДІРЕШ



Әбдірашит БӘКІРҰЛЫ,
философ

«Біздің қоғам небір оқыс жағдайды болдырмайтындай, оған қарсы тұра алатындай азаматтық қоғамды қалыптастыра алды ма?» деген сұраққа қарай ойысқаны байқалды. Оның бір көрінісі ретінде ұлттық-демократиялық қозғалыстардың бой көтере бастауын айтамыз. Жуырда ғана Алматыда «халық өкілдерінің құрылтайы» өтіп, онда осы мәселе терең талқыланды. Жалпы, Қазақстан қазақ ұлтының мемлекеттілік тарихының табиғи жалғасы саналатындықтан – ондағы көтерілген «қазақ ұлтының мемлекеттік жауапкершілігі» мәселесін заман талабынан туындаған десе болады. Яғни, бұл – ұлттық сананың өсуінің ғана емес, оның әрбір өкілінің азаматтық позициясының да нығая бастауының көрінісі. Бірақ, біздің «азаматтық өрісіміз» болашаққа бастауға дайын ба?

Ұлттық діл және азаматтық ұғым

Бұрыннан бері қазақы ділде «азамат» деп ел қамын ойлау деңгейіне көтерілген тұлғаларын атаушы еді. Яғни, осы мағынада «азамат» дегенде санамызда «бойына нағыз ер жігіттерге тән қасиеттерді сіңіруімен қатар, жұрт көшін бастай алатын даналықты да меңгерген» деген түсінік пайда болатын. Сондықтан, қазақта «азамат болу», яғни, «қоғамдық қайраткерлік» деңгейіне көтерілу ең биік мәртебе саналды. Әрбір отбасы «ұрпағым осындай болса» деп армандады, тәрбие жүйесі осыған бағындырылды. Алайда, кейіннен, біз «азамат» сөзін орыс қалыбына салып «азамат – азаматша» деп қолдана бастадық. Нәтижесінде біздің санамыздағы «азамат» ұғымының мағынасынан «қайраткерлік» шайылып (субъект), мұнда «мемлекеттің азаматы» (объект) мағынасы басымдыққа ие болып шықты. Себебі, халықтан жоғары тұрған, мемлекеттік істерді халықтан бөлек атқарып, ал, халықты тек басқару объектісі деп санаған билікке керегі осы ғана екен.

КОРРУПЦИЯ

«өзін-өзі басқару» деңгейіне жеткен бе?

Бұл жағдай кеңестік дәуірде үнемі болды және тәуелсіздіктен кейінгі 20 жылдан астам уақытта сақталып келді...

Қоғамда мемлекеттің дамуында шешуші фактор саналатын бұл түйінді мәселе төңірегінде толғаныс аз. Тіптен, билікке ұмтылушы демократиялық партиялардың өзі де бұл мәселеге жете назар аудармауда. Мысалы, оппозициялық күштердің билікке қойған талаптарының негізінде «азаматтардың заң алдындағы теңдігіне қол жеткізу» мәселесі өткір тұр. Әрине, бұл «азаматтықпен» тығыз байланысты. Бірақ, ондағы сөз «мемлекет азаматы» мағынасында, яғни, халықты саяси күреске тарту мағынасында айтылатын болғандықтан, ұлттық ділде басты құндылық саналатын «азамат» ұғымы екінші қатарға сырғып, саяси күрестің мақсаты ұлт түсінігіндегі «азаматтықпен» етене қабыспайды. Талаптар тек «билікті алмастыру» ретінде, ал, олар айтатын «азаматтық қоғам» соның бір тетігі деп қабылданып, халық өз жағдайының қиын екеніне қарамастан билікке ұмтылуды көздеген оппозицияға «халықтық қолдау» көрсетпей отыр (*Бұл жерде біз «халықтық» деп «көпұлтты мемлекеттің» халқын емес, объективті шындыққа сәйкес келетін «мемлекетті құрушы қазақ ұлты» туралы айтып отырғанымызды ескертеміз*).

Осы мәселенің себептерін іздесек, біз, шынтуайтында қоғамымызда К.Маркс айтып кеткен жағдайдың орын алғанын көреміз. Ол: «буржуазиялық мемлекет – өндіргіш күштеріне (қазба байлық, зауыт-фабрикалар және т.т.) иелік етуші үстем таптың, яғни, меншік иесі саналатын – өндіріс қожайындары мен ірі кәсіпкерлердің, қаржыгерлер мен жер иеленушілердің мүддесін қорғайтын саяси құрал. Ондай мемлекетте «азамат» деп байлыққа қол жеткізгендер мен соларға жақын топтар аталады. Мұндай мемлекет «байлар мен «қожайындардың» мақсатын іске асыра отырып, жеке адамдардың дамуына кедергі қояды, азаматтық қоғамның дамуын шектейді. Сол себепті мемлекет пен азаматтық қоғам арасында тепе-тең қатынас, не бір келісім болмайды» деген

еді. Өкінішке орай, біз осы айтылғанды қайталадық. Бұның зардабын біз енді ұзақ уақыт бойы тартатын боламыз. Себебі, «жабайы капитализмнің» бұл көрінісі ұлттық ділді өзгертіп, қанға сіңген «азамат» ұғымын өзгертіп қана қоймай, Отан мен Елге деген шынайы сүйіспеншілікті тәрбиелейтін жүйені де қиратуға жол ашты. Бейнелі түрде айтсақ, бұл – мемлекет байлығын ұқсата алмайтын байлардың қолшоқпары да, халық – күнкөрістің күнімен арпалысқан тобыр дегенге жақын болып шығады. Әрине, дәл солай болып кетпесек те, «дағдарыс жағадан, қымбатшылық алқымнан алғанда» – дәл соған айналудың шақ алдында тұрғанымыз анық дер едік...

Мұндай жағдайда жалпы «азамат» болудың қажеті шамалы да: әркімге де «мүддесі мемлекеттік тұрғыда қорғалатын» азаматтыққа – байлар мен олигархтарға айналу және оған сатылы түрде қол жеткізетін билікке бару маңызды болып шығады. Сөйтіп, ежелден бері «қасқалдақтың қанындай» сақтап, рухани болмысымыздың тірегіне айналған азаматтығымыз біздің қазіргі болмысымыздан қаша бастаған сыңайлы... Мұның нақты мысалы өмірде өте көп: бүгінде қазақ айтқандай «аузы қисық болса да байдың баласы сөйлесін» дегендей жағдай орын алып, одан «жуындымен жуыну» дегендей сөздерді естігеніміз өтірік емес.

Бұл қалай болды? Оның жауабы қилы-қилы: **біріншіден**, біздегі жағдайда орасан зор байлыққа ұлт түсінігіндегі «азаматтық» жолмен жету мүмкін болмады. Керісінше, «азаматтыққа» кереғар әрекеттерді неғұрлым көбірек игергенде, соғұрлым тез арада байлыққа кенелетін жағдай орын алды. Ал, бұл жолмен жүру қазақты түсініктегі «азаматтықтан» ада болғандықтан – ұлтты ұйыстырушы, болашақтың іргетасын қалаушы қасиеттердің құны көк тиынға айналады. **Екіншіден**, ұлттық ділдің өзгеруі үшін ұзақ жылдар қажет. Егер, ұлт даму барысында өз болмысынан алшақтамаса, онда ұлттың ділі сатылы түрде замана көшіне эволюциялық жолмен ілесіп отырады. Жаңарулар мен өзгерулер заманына сай біртіндеп жүзеге аса береді (*Алайда, ұлт ділінің аз уақытта түбегейлі өзгерістерге ұшырауы да мүмкін. Бұл – ұлт үшін «төтеніше жағдай». Мысалы, ашаршылық кезінде кездесетін сұмдық оқиғаларды осымен салыстыруға болады... Алайда, оның бетін аулақ қылсын, қазір біз биліктің ықпалымен және оның қателігінен туындайтын «төтеніше жағдай» туралы ғана айтып отырмыз.*

Қоғамда барлық нәрсе билік тарапынан қадағаланады, соған сәйкес – қоғамның өзі

билік сипаты мен тұрпына сай қалыптасады. Келеңсіз сол – қоғамға күштеп таңылған мұндай «құндылықтар» көп ұзамай-ақ қоғам санасында «мәңгілік құндылықтар» ретінде бағаланып, жаңа принциптердің іргетасы қалана бастайды. **Қазіргі кезде ол «бай-бақуатты бол!» дегенмен шектеліп тұр. Бүгінде Атаның балаға берер батасының басы – осы! Ал, «азамат бол» деп айтылуы – ілуде біреуде ғана...**

Әрине, байлықты құру оң құбылыс. Адамға материалдық жағдайды шешпей тұрып, басқа құндылықтарға қол жеткізем деу – бос әурешілік. Тіптен, ондай адамдарды «аскеттер» деп қоғамның өзі шеттетуге дайын! Бірақ, байлықты құрудың екі жолы бар: бірі – халал, бірі – харам. **Азаматтың қалыптасуы осы екі жолдың қайсысы тандалуына байланысты: харамдық ортада азаматтыққа есік жабық, ал, «халал байлық» – азаматтық жолмен ғана түзіледі...** Мінеки, бұл мәселе, сөйтіп, қоғамның іргелі мәселесі – «әділеттілікпен» ұштасарына көз жеткіздік. Бұдан шығар қорытынды: қоғамның гүлденуі әділеттілікті паш еткенде ғана мүмкін және кез келген азаматтың азаматтық деңгейге көтерілуі осындай ортада жүзеге асады. ...Олай болмаса – қоғам іштен іріп-шіріп ыдырайды, ал, қоғамның өзі болса **«азаматы жерге қарайтын, алаяғы «азамат ролін ойнайтын»** заманға келіп тіреледі. Бұл – тұйық.

Сонымен, «азамат» деген не, «азаматтық қоғам» деген не? Жоғарыда қазақты түсініктегі «азамат» ұғымына **«елінің мүддесін қорғайтын дәрежеге жеткен, ойы мен ісінің арасы ажырамаған тұлға»** деген анықтама берілді. Осы дұрыс, себебі, қазақта **«кенің баласы болма, халықтың баласы бол»** деген бата бар. Бұл сөз азаматтықты дәл бейнелейді, әрі, күні бүгін де мағынасын жойған жоқ. Алайда, қандай қоғамда болмасын, адамды азаматтыққа жетелейтін, парызын өтеуге мүмкіндік беретін орта керек. Бізде сол орта бар ма? Әзірге, ондайды таба алмадық. Бізде азаматтар әділетті талап етсе немесе биліктің қателерін ашық айтып сынаса «әлеуметтік тұрақсыздықты тудырушылар» болып шыға келеді. Оларды осы баппен жазалау әдетке айналды. Сонда «бұл елдегі тұрақтылық кепілі кім?» деген сұрақ туатыны анық. Оған жауап ретінде «коррупция ма?» деген қарсы сұрақ даяр тұр: себебі, «әділетті аңсағандарға» «әлеуметтік тұрақтылықты бұзушылар» немесе «конституциялық билікті төңкерушілер» деген «атақты» таңып берушілер де, қатаң заң баптарымен жазалаушылар да – коррупцияланған билік жүйесінің өзі болып отыр!

Жалпы, «билік атаулының бәрі қоғам

мүддесімен өмір сүреді» деуге болмайды. Әлемдегі талай елдердің билігі уақыт өте қандай жағдайға тап болғаны көз алдымызда өтіп жатыр. Оның дәлелі ретінде алыстағы араб елдерін, Сирияны, Африка немесе Азия мемлекеттерін емес, өзіміздің ең жақын туыс қырғыз елінің мысалын алсақ та жеткілікті. Олар бұрынғы президенттері жіберген «қателіктер» біздің қоғамға тән: мысалы, бізде биліктің «ережесін» (көп жағдайда әділетсіз) мойындағандар «азаматтар» да, мойындамағандар – «азаматтар» емес, «бұзақылар» болып шығатыны өкінішті. Яғни, біздегі жағдай жоғарыдағы Маркс ақсақалдың сөзіне дәл келіп тұрған сыңайлы: үстем таптың мүддесіне қарсы шығу – қылмыс. Мұндай билікке қазақтың сәл өзгертіп айтқандағы: «айдаладағы ақ отау, құлағы мен көзі жоқ отау» деген даналық сөзі дәл келетін сияқты. Ал, билік осылай болса, оның «өмір сүру тәсілі» де құпия емес, ол – азаматтықты шектеу!

Дегенмен, қазақы ділде «азамат» ұғымының мағынасы анық болғанымен, біздің ұлттың қанында «мемлекеттік азаматтық» қасиеттер аз екенін мойындауға тиістіміз. Себебі, осыған дейін небір әділетсіздіктерге ұшырап отырса да, халық үнсіздік танытуда. «Оян» деген сөзді Алаш қайраткерлері қалай айтса, қазіргі қайраткерлер де солай айтып жүр – жар салудан жалыққан емес. Бірақ... бірақ, халықтың оянар түрі байқалмайды. Мұны біреулер «құлдық сананын» көрінісі деп, қазақты «құлға» теңеп те тастады. Сонда да елен етпейміз... Неге? Мұның себебі тереңде: әрине, «жігіт» дегеннің не екенін жақсы білетін қазақ өз намысын қолдан бермеген! Алайда ол намыс жеке бастың намысына ғана қатысты. Ал, «мемлекеттік намыс» немесе қазіргі саяси тілмен айтқанда – «мемлекетшілдік» тәжірибе жоққа тән десек – өтірік емес. Себебі, қазақ үшін туыстық қатынас қашанда «мемлекеттік азаматтықтан» әлдеқайда маңызды болған. Сондықтан туыстық қатынас аясына жатпайтын ондай «азаматтық» оның сезімінен тысқары тұрады. Өз кезегінде ондай «азаматтықты» сезінбеу, оны мемлекеттік шаралардан тыс қалуға жетелейді – мемлекет оның намысына тікелей әсері етпейтін «объект» күйінде қалады. Содан болар, қоғамдық санада «мемлекет үшін жауапты адамдар бар» деген сенім бек орныққан. Сөйіп, қазақ бұл «қағидадан» ешқашан ауытқымайды және «жауапты адамдардың ісіне қол сұқпауға» әдеттенген. Міне, қазақтың осындай «азаматтығы» мемлекеттік тұрғыдан алғанда өзіне таяқ болып тиіп жатыр. Оны, әрине, халықтың

мешеулігі деп түсінбеу керек. Оны – 20 жылда «өз халқын мемлекеттің белсенді азаматтарына айналдыра алмаған, ондай тетіктерді іске қоспаған, тіптен, халықтың белсенді болуынан сақтанатын биліктің жіберген ең үлкен қателігі» деп түсінген дұрыс.

Шынында да, халық ұрпағын өз ділінде қалыптасқан азамат ұғымына сай етіп өсіруге жауапты, әрі солай тәрбиелеп те жатыр. Тағар кінә жоқ. Ал, «мемлекет ісіне жауапты» жақ ше? Ол жақ «мемлекеттік деңгейдегі қайраткер немесе азаматын» тәрбиелеуде жауапкершілігін сезіне ме? Сезінсе – Азаматтары қайда?

Шенеуніктерден азамат «жасауды» Елбасының өзі қолға алды

Азаматтық қоғамның өркендеуіне кедергі жасайтын бірден-бір кертартпа күш – коррупция. Әсіресе, оның белең алып кеткен түрі – сыбайласқан жемқорлық қауіпті. Жемқорлықтың осы түрі жайлаған мемлекетте «азаматтық», «ұлт пен мемлекет мүддесі», «әлеуметтік жағдай» және басқа даму негіздері шайыла бастайды. Қоғамдағы коррупциялық әрекеттер сыбайласа келе, адал қызметкерлерді биліктен ығыстыра бастайды. Ол орындардың барлығына дерлік өз сыбайластарын жайғастырып, өздеріне мейлінше қолайлы жағдай жасайды. Бұндай тамырласқан қорқау жүйені жеңу аса қиын. Өйткені, ондай ортада белгілі бір бетпер жоқ. Онда хамелеондай құбылып тұратын ауыспалы-өзгермелі бейне бар. Ол «бейненің» бар міндеті ұрлыққа, ұрлықты жымдастыруға және заңдастыруға, жауапкершіліктен қашуға, қарсы шабуылға шығуға және т.б. әрекеттерге бағындырылған. Оның ең қауіпті жағы мынада: бұл жүйе өздерінің қатарына мындаған адамдарды тез тарта алады: арбалмағанын – арбайды, көнбегенін – көндіреді, сынбағанын – сындырады, бүгілмегенін – бүгеді! Сөйтіп, сыбайласқан жүйе бүкіл қоғамды өз «принциптеріне» бағындырып – қоғамның тұтастай коррупциялық жүйеге жегілуін, коррупцияның үздіксіз жетілуін, көлеңкелі экономиканың ұлғаюын ұдайы қамтамасыз етіп отырады. Коррупциялық жүйеге халықтың тұрмыс-жағдайы маңызды емес. Оған тек жеңіс қажет, онда да – бүгінгі жеңіс! Ол «жеңістің» аты: «алар жерде – қарпып алу, алмас жерде – тартып алу!» Өкініштісі сол – осы жолмен түзілген байлықтың шыққан жері анық болса да, ал, барар жері құпия-құрдым екендігі...

Бірақ, бірақ... коррупциялық жүйе, осылай – тамырын тереңге жайып мызғымай, марқайып отырғандай көрініп еді, олардың ашық аспанында найзағай оты кенеттен жарқ етті... Оны «жаққан»

Елбасының өзі болды. Ол, алдымен, 10 қазанда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында үкімет жұмысын қатаң сынға алды. Одан кейін 17 қазанда Астанада өткен «А» басқарушылық корпусы мемлекеттік қызметшілерімен кеңесте, «Нұр Отан» партиясының қараша айында өткен съезінде ойларын одан әрі нығыздады. Н.Назарбаев мемлекеттік қызметшілерге: «Бізге мұндай мәртебені тағдыр жазды. Біздің парызымыз – ...жеріміздің тағдыры мен халқымыздың игілігіне жауапты болу. Сіздерге, «А» корпусының қызметшілеріне Қазақстанның алдағы тарихын жарқын ету мәртебесі бұйырды. Мұны ең алдымен бүкіл халқымыздың сіздерге артқан жоғары сенімі ретінде түсінуге тиіссіздер» деді. «Сіздер – «А» корпусы ешқандай да элита емес екенін әрқашан есте ұстауға тиіссіздер. ...Барлығыңыз да халықтың қызметшісі екендіктеріңізді ешқашан ұмытпаңыздар. Адамдарға немқұрайлы қарауға болмайды. Олардың проблемаларын біліп, оны шешумен күні-түні айналысу қажет! ...Сіздердің биік мақсаттарыңыз бен ұлы парыздарыңыз да осында!», – деп, шегелеп тұрып ескертті.

Әрине, Елбасы айтты деп «беріле салайын» деп отырған коррупция жоқ (*Өйтпесе, ол коррупция бола ма?*). Ол туралы Елбасының өзі былай дейді: «Үкіметтің кеңейтілген отырысында менің тарапымнан айтылған сындардан тиісті қорытынды шығарылуы керек. Бұл бағыттарда қандай жұмыстар жүргізіліп жатқаны, кімдер жауапқа тартылғаны және жазаланғаны туралы әрбір факт бойынша халық алдында есеп беріп, БАҚ-та жариялау жөнінде тапсырма берілген болатын. Мен айтқан сын бойынша тек «Тұрғын үй-құрылыс жинақ банкінің» жағдайы жөніндегі деректер ғана айтылды, өзге ешқандай ақпарат болған жоқ. Тіпті, бұл ретте менің тарапымнан айтылған сынды бір бөлігі газет беттерінде де көрініс таппаған және телеэфирден де берілмеген». Сөйтіп, біздегі билік жүйесіне ентелеп енген коррупциялық элементтер өздерін қорғау үшін қолда бар барлық «қорғаныс ресурстарын» іске қосудан тайынбайтындарын әшкерелеп алды. Олар ендігі жерде қажет болса Елбасының өзіне астыртын түрде «ақпараттық майдан» жариялай алатындарын сездірді. Сөйтіп, біз бұл мысалдан «Коррупция әлдеқашан-ақ «автономды өзін-өзі басқару» деңгейіне жетіп қалған ба?» деп еріксіз ойланасын. Содан кейін, әрине, әрбір адамның ойында мынадай: «Коррупцияны тудырып,

бакылап отырған күш қайда?», «Одан қайтсек құтыламыз?», «Коррупциялық механизмдердің тетіктері қайда?» және т.с.с. сұрақтар туатыны заңды да!

Әрине, бұл сұрақтарға құзырлы органдарда том-том болып жататын қылмыстық істерден адамның айызы қанатындай жауап алуға болар еді. Бірақ, оған шама қайда? Құпия! Дегенмен, коррупцияны тексеретін, жазалайтын органдардың өзі де коррупциямен бірігіп кеткені туралы да сыбыс бар. Тегін емес. Ал, мемлекеттік органдарда қызметтің барлық түрі сатылатыны бесенеден белгілі. Одан өзге: балабақшадан басталып, мектепте жалғасатын, жоғары оқу орнын тұтас жайлаған коррупция ұлттық қасіретке айнала бастады. Сөйтіп, азамат азамат болудан қалып, азаматтық «ерлікке» иенін жасуындай жер қалмай бара жатқанда – оған Елбасының өзі атойлап қарсы шығуы бұл зауалдан басқалай құтылу жолдары қалмағанына меңзейді...

Бұған бірнеше мысалын келтіруге болады. Бұрын мемлекеттік органдардың бірінші басшылары өздерін өздері жауапкершіліктен босатып, сатып алуға қатысты шешім қабылдаудан сырт қалатын. Ал, бұл тікелей коррупциялық механизмді іске қосатын тетіктің бірі болып шықты. Мемлекеттік сатып алу комиссиясы тендерлерді таныстарға үлестіретін жағдай жиілеп кетті. Сөйтіп, халық аузында «откат» деп аталып кеткен коррупция түрі пайда болды. Онда тамыр-таныстықпен алдын ала бірнеше фирмалармен келісім жасалынады. Жеңіске жететін фирма белгілі де, қалған жалған фирмалар соны бүркемелеу үшін конкурсқа қатыстырылады. Одан әрі, фирма жеңіске жетіп, бюджет қаржысын жеке қалталарға бөлу жүзеге асады. Сол себептен де, бөлінген қаржы жетіспейді де, құрылыс нысандары аяқталмайды, сапасыз салынады, сапасыз тауарлар алынады... Сөйтіп, мемлекетке үлкен шығын келтіріледі. Оның зардабына жауапкершілік болуы қадағаланбайды, не оны бюрократиялық тәсілдермен, кейде, тікелей қылмыстық жолмен жасырып-жабады да, есесіне, жоғары жаққа «қарқынды істер» туралы есеп жіберіледі. Осындай көзбояушылық ұзақ жылдар бойы жалғасып келді. Зардабы ұшан-теңіз. Қаншама қаржы қолды болғанын, не, желге ұшқанын айтпағанның өзінде, бұл еліміздегі адам капиталын нығайтуға басты кедергі болды. Мәселен, ондай жерде жұмысқа тек өзбек гастербайтерлерін алады. Олар аз да болса ақша тапқанымен қоймай, кәсіби шеберліктерін шындап жатты. Ақыр соңында «қазақтардың қолынан іс келмейді» деген пікір қалыптасты.

Сөйтіп, бұл ұлттық болмысымызды дамытуға, адамның өзін азамат сезінуіне, өзін қор санамауына зор нұсқанын тигізді... Осыған орай Мемлекет басшысы әкімдер мен орталық мемлекеттік органдардың басшыларына тендерлік комиссияларды өздері басқарып, олардың ауқымды көлемдегі мемлекет қаражатын шығындауға байланысты жұмыстары үшін толықтай жауапкершілік алуын тапсырды. Сондай-ақ, мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдіруге бағытталған заң жобасын Парламентке енгізуді тездеткен жөн деді. Енді, бұдан былай бұрынғыдай алдын ала ұйымдасқан қылмысқа жол тарылады. Себебі, біз осы уақытқа дейін, қаншама ақшаға құнықса да орынтағын өз еркімен, «бір асағанға» мәз болып «босатып» кете беретін немесе біреулердің жемсауы үшін торға түскісі келетін әкімдер бар дегенді еш жерден естіп көрмеппіз. Лайым солай болсын, бұдан былай, тіптен, естімей-ақ қоялық. Мүмкін, бұл өзгеріс қазақ жұмысшыларының да жағдайы мен статусын қалпына келтіруге, олардың қайтадан өнерлі-өнегелі азаматтарға айналуына ықпал етер деген үмітімізді ақтар деп ойлаймыз... Азаматтардың көптігі – мемлекеттің басты байлығы болары сөзсіз!

Өмірде мынадай бір заңдылық бар, ол – әрбір адамның өз еңбегінің еш болмауын қалайды: дихан – еккен дәнін жинауы керек, малшы – өсірген малдың ырысын көруі керек, етікші – елден алған алғысымен көгеруі керек дегендей... Бұл заңдылық адамзат баласына ортақ, президенттерге де! Сондықтан, Президенттің бүгіндегі өткір сынына түсіністікпен қарау керек. Себебі, еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі кезде Қазақстан мемлекетін нығайту жолында қаншама еңбек етілді, ұйқысыз түндер мен жұқарған жүйке болғаны рас... Енді, осының бәрі өз жағдайын ғана ойлайтын коррупция деген обырдың мүддесі үшін зая кетер болса не болмақ? Бүкіл өмір текке болғаны ғой, сонда? Жок, ондайға ешкім келіспес. Өмірде ештеңе мәңгілік емес. Ендеше, мүмкіндігінше артымызда сыз емес, жарқын із қалғаны жөн – өзін, болмаса, ұрпақ үшін солай болуы тиіс!.. Міне, мәселенің мәнісі қайда? Содан болар, жағдай қанша шиеленіскенімен, жұрт қазіргі жағдайды толығымен түзеуге, қоғамды өркениетті, демократиялық жолға бағыттауға президенттік әлеует жеткілікті деген үмітін үзбей келеді. Ендеше, осы үзілмеген үмітті тиянақты ету Елбасы құзырында деп білейік. Еш кедергі жоқ. Әрине, кімнің де болса беделін айрандай төгетін коррупция маңайды торлап, алдап-арбап алған заманда – бұл өте қиын жұмыс. Сонда-дағы, ол мақсатқа

халықты мемлекеттік істерге белсенді араластыра отырып қол жеткізуге әбден болады. Оны іске асыру үшін демократияны жаңа сатыға көтеруге, отансүйгіш, қолы мен ойы таза нағыз азаматтарды мемлекеттік іске көптеп тартуға тиіспіз. Бұл қазіргі заман талабы және болашақ дамудың кепілі. Сонымен бірге, бірінші Президенттің болашақта тарихымызда алатын орны мен беделі дәл осы мәселеге келіп тірелгенін ашық мойындауымыз қажет. Елбасының өзі де!

Мысалы, менің қалта телефоныма «Заң бұзушылық деректері жөнінде прокуратура, не қаржы полициясының қоғаммен байланыс телефонына қоңырау шалыңыз» деген хат түсіп тұрады. Сыйақы берілетінін де естіп жатамыз... Ондай хаттардың басқаларға да түскеніне күмәнім жоқ. Бұл ұсыныс ғаламтор жүйесінде талқыланып үлгерді. Кейбіреулер «бізден тыңшы жасамақшы» деп «жігіттік» мінез танытты. Алайда олар, мына, бір нәрсені – қоғамның әр мүшесі өзі өмір сүріп отырған қоғамнан тысқары бола алмайтынын ескермейді. Қоғам ауырса коррупциядан өзге ешкімнің жағдайы мәз болмақ емес. Осыны ұқсақ керек-ті! Ал, біздегі «жігіттік» мінез «азаматтық санамен» ұштаса ма? Мүмкін, «жігіттік» адал достықта, өз ортанда басты мінез болар. Бірақ, жоғарыдағы СМС-тегі хатта «досынды сат» деген емес, қоғам мәселесі көтеріліп отыр. Ендеше, қоғам ауру болса, ол аурумен бәріміз жұмыла күреспесек, онда ол ауруды өзімізге жұқтырып, ақырында мақтан ететін «жігіттік» қасиеттен де біржола ажырап тынбаймыз ба?! Сондықтан, ондағы «үндеуді» мен «тыңшылық» демес едім. Егер, халық сақтық танытып отырса, онда халықтан жеткен «деректер» құқықтық санамызды оятуға көмектесіп, біздің әділсіздік атаулыға қарсы қорғаныс иммунитетімізді күшейте түсер еді. Сонымен бірге, мыңдаған прокуратура мен полиция қызметкерлерін де коррупциядан аластап, олардың бойындағы «мемлекет үшін, халық үшін қызмет етудеміз» деген патриоттық көтеріңкі сезімдерін күшейтер еді. Нәтижесінде коррупцияның «бәрін де сатып аламыз!» деген «жеңімпаз» қағидасы күйреп, тамыры суала бастайды... Мінеки, осы бір қарапайым шындықтың өзінен-ақ біз қанатын кеңге жаятын АЗАМАТТЫҚ дегеннің не екенін, оны өз өмірімізде және бойымызда күнделікті шыңдап отырмаса болмайтынын ұғынуға, сезінуге тиіс екендігімізді анықтап алған сыңайлымыз. Іске сәт, Қазақ Азаматы!



Амангелді АЙТАЛЫ,
философия ғылымдарының
докторы, Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік мемлекеттік
университетінің профессоры

ҚОҒАМ – БІРТҰТАС ОРГАНИЗМ, ОНЫ СЫРТТАН БАСҚАРУ МҮМКІН ЕМЕС

Дін - өмірдің айнасы

Бүгінгі қоғамдық ғылымдар, соның ішінде дін социологиясы, дін психологиясы, дін тарихы, дін философиясы мен теология, дін географиясы тағы да басқа ғылыми салаларда дінге алуан түрлі анықтама беріледі, себебі, дін өте күрделі, көпастарлы құбылыс. Бір ақиқат анық: адамзат өмір, өлім, уақыт, табиғат, жақсылық пен жамандық туралы әрқашанда ойланған. Әлемнің жаратылысын, тепе-теңдігін, үйлесімін тамашалаған пенде осы жұмбақтың шешілуін діннен іздеген, дінге мұқтаж болған.

Дін—қоғамның айнасы. Ол бұқаралық деңгейде діни сана, наным-сенімнен көрініс алады. Екінші жағынан, дін діни институттардың, нақтылап айтсақ, діни бірлестіктердің қызметінен, беделінен, діни әдебиет, діни насихаттан, мемлекеттік органдардың дінмен қарым-қатынасынан, өзара сыйластығы, болмаса, біржақты үстемдігінен байқалады. Назар салып зерделесек, діни ахуалдың күрделілігін, өмірдің сан қилы астарларымен байланыстарын көреміз. Діни ахуалды діни бірлестіктерінің қызметімен, болмаса, дінді реттейтін мемлекеттік органдардың іс-әрекеттерімен байланыстыру келтелеу пайымдау болар еді. Сол себепті, діни ахуалға экономикалық, нарықтық қатынастардың дамуы, елдің бай мен жарлығы жіктелуі, діни басқа адамдардың ұлттық экономикадағы ролінің өсуі, шаруашылықтың тұтқаларының шетелдіктердің қолында болуы зор әсер етеді. Сонымен бірге, еркіндік адамдарды жаңа іс-әрекеттерге, әртүрлі ағымдарды таңдауына мүмкіндік туғызады,

итермелейді. Әлі де ысылмаған, оңын-солын танымағандар жетекке ере берді. Діни ахуалға ұлттық факторлардың тікелей ықпалы барлығы белгілі. Қазақстанда қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде әлсіздігі, Ресей телеарналарының үстемдігі, теледидардағы ислам дәстүріне жат зорлық-зомбылықтың, порнографияның кең тарауы бөтен тілдің, мәдениеттің өктемдігі ғана емес, бөтен діннің де мұсылмандарға шабуылы деп қабылданатыны анық.

Діни ахуалға мемлекетаралық, халықаралық қатынастар да ықпал ететіні сөзсіз. Әлемдегі, әсіресе, Батыстағы ислам дініне, мұсылмандарға деген қарсылықтан бөліп қарау мүмкін емес. Мысалы, Палестина мәселесі барлық мұсылмандар үшін маңызды мәселе.

2009 жылғы халық санағы бойынша, Қазақстан халқының 70,2%-ы мұсылмандар, 26,3%-ы христиандар, 0,1%-ы буддистер, 2,8%-ы ешқандай дінге сенбейтіндер, 0,5%-ы жауап беруден бас тартқан. Әдетте түркі тілдес халықтарды мұсылман дініне ойланбай жатқызады. Бірақ, халық санағы көрсеткендей, қазақтардың 0,4%-ы (39,172) адам христиан дініне, 1 923-і иудаизмге, 749-ы-буддизмге, 1 612 адам басқа діндерге өткен. 98 511 қазақ ешқандай дінде жоқ. 26 085 адам жауап бермеген. Сонымен бірге, өзбектердің де 0,4%-ы, ұйғырлардың – 0,5%-ы, татарлардың – 10,2%-ы, түріктердің – 0,3%-ы, әзербайжандардың – 2,5%-ы, қырғыздардың – 0,9%-ы христиандар екен. Сондай-ақ, орыстардың – 1,4%-ы, украиндардың – 0,9%-ы, немістердің – 1,6%-ы, корейлердің – 5,2%-ы, белорустардың – 0,8%-ы, поляктардың – 0,7%-ы, басқа ұсақ этностық топтардың 34,7%-ы исламды қабылдаған. Қазақстандықтардың дін таңдауында, сөз жоқ, аралас некенің де ықпалы бар. Тағы бір назар аударарлық мәселе: украиндықтардың – 7,3%-ы, немістердің – 14%-ы, корейлердің –

28,5%-ы, белорустардың – 7,8%-ы ешқандай дінде жоқ.

Әртүрлі этностар дін ілімін терең білмегенмен, «қазақ болғандықтан мұсылманбыз», «орыс болғандықтан православпыз» дегендей өздерін белгілі бір дінге, конфессияға жатқызады, сондай-ақ, дінге сенбейтіндер де бар. «Дүние – шыр айналған бір дөңгелек» дегендей, өзгермелі, құбылмалы заманда бірқатарымыз дүрмекке еріп, әртүрлі топтың жетегінде де кетіп жатырмыз. Қазақстандағы ислам дінін біркелкі, біртекті, бірыңғай және бір мазмұнда, мәнде, мағынада деу әртүрлі себептерге байланысты айту қиын. Қазақ елінде исламның бай тарихи дәстүрі болғанымен, постсоветтік бүгінгі кездегі үрдістер сөз жоқ ерекше ахуал туғызып отыр.

Бүгін Қазақстандағы исламды тек діннің өзінің ішінен емес, әлеуметтік, мәдени ортамен астарласып жатқанын ескеру жөн. Дін бүгінгі қоғамда адамдардың іс-қимылын, әдебін, тәртібін, адамгершілік келбетін айқындайтын, реттейтін құбылысқа айналып барады. Дін, сондай-ақ, нарық жағдайында «тауарға» да айналды: өлім-жітім атқару басқа да салт-жоралар атқару ақылы қызмет түріне де айналды.

Ислам ең бастысы, байырғы бабалар наным-сенімінің, ұлт болып ұюымыздың негізі болды. Дін адамдардың рухани тірегіне, бағыт-бағдарына айналды. Ислам елдерінің экономикалық дамуына (*«халық индустриясына»*), қаржы саласына ықпал етіп бизнеске, кәсіпкерлікке өз ықпалын тигізуде. Отбасын құрғандар жастар да азаматтық құндылықтардан гөрі мешітке неке қидырады. Киім киюлерінде жаңа көріністер бар. Жаңа жас мұсылман қыздар мен жігіттер өз қадірлерін біледі, өздерінің «нағыз» ислам екеніне сенімді, шет елде алған білімдері дүниетанымының, мінезінің ішкі негізіне айналған.

Конфессияшілдік қайшылықтар

Бірақ ислам дінінің «оралуы» тек Қазақстан емес, бүкіл постсоветтік кеңістікте өте күрделі болып отыр. Екінші жағынан, ел арасында «Қандай исламға ораламыз?» – деген сауал туды. Сондықтан, ғылыми әдебиетте 1980 жылдардың аяғы мен 1990 жылдардың аяғы исламның «қайта жаңаруы», 70 жылдық атеизм үстемдігінен кейін тарихи дәстүрлерді жаңарту кезеңі деп те аталынады. Бірақ, ХХІ ғасырдың басында «Қайта жаңарған ислам» революцияға дейінгі канондардан ерекше

болатындығына белгілі бола бастады. «Исламдық жаһандану» ұғымы өмірге келді. Түркі рухани кеңістігінің бұрынғы кеңестік аймақтарына исламның арабтық версиясы, қағидалары, шариғат үкімдері ене түсті. Шығыс ислам рухани ұстаздары мен уағыздаушылары, шет елдерде білім алған жас имамдар, молдалар, бабалар дәстүрлерін қайта қарап, нағыз, шынайы дін үлгісін сырттан іздеді. Исламның арабтық моделін ғана неофиттер, жаңа бағытты уағыздаушылар, діни ақиқат деп таныды. Сонымен, конфессияшілдік қайшылық бүгін алға шықты.

Бұл жерде Қазақстан, басқа да Орта Азия мемлекеттеріндегі ислам дін өкілдерінің кеңес заманында әлсіз, көп жағдайда биліктің сойылын соққанын жасыра алмаспыз. Польша католиктері, мысалы, сталинизмге, Кеңес Одағының өктемдік саясатына, неміс фашизміне қолына қару алып күресті осылай, ұлттың абыройына ие болды. Бүгін де католиктер Польшада зор беделге ие. Біздегі жаңа исламды уағыздаушылар, сондықтан кеңестік ислам отарлау саясатына қызмет жасады, атеистік саясаттың қысымымен ислам өзгерді, табиғатынан алыстады, күшпен орыстандырылды, делінеді. Кеңес заманында білім алған молдалар мен имамдар, болмаса білімі таяз, кейін дінге келгендер, сол бұрмалаған исламның насихаттаушылары, бақылауда болғандар деп шет елде оқыған жас исламдар олардан бөлініп бойларын аулақ ұстайды. Олардың өздерінің өз қауымдастықтары, әлеуметтік ортасы, мәжілістері, жиындары болуы да осыдан. Сонымен бірге, жас имамдар шет елдердегі мұсылмандардың күнделікті өмірімен біздің қоғамды салыстырып, бағалап, маскүнемдік, нашақорлық, жезөкшелік, жемқорлық пен ысырапшылдыққа жол берген біздің бүгінгі өмірімізді, әрине, қабылдамайды. Осыдан келіп рухани тазаруды, құтқаруды діннен іздейді. Бірақ, үлгіні дәстүрлі ұлттық салтымыз бен дінімізден емес, «шынайы» шығыстағы араб елдерінен алады. Осылай, дін ұлттық құндылықтардан жоғары қойылып отыр. Жаңашыл исламшылар ұлттық және діни феномендердің қазақ ұлт болмысында ажырамастай біте қайнасып, қабысып жатқанына, ұлттық дүниетанымын ескере бермейді. Діни ой-пікір, ұстаным, дүниеге көзқарас қазақ даласында ұлттық сана-сезімге, дәстүрге, наным-сенімге, үйлесімді бейімделгені тарихтан белгілі.

Біздің қоғам жаңа ағымды әртүрлі деңгейде қабылдайды, қолдайтындары да, қолдамайтындары да бар. Ол жастар өз ұстанымдарын әке-шешелеріне де танады. «Жас» уағыздаушылардың шектеулері, өздерін жоғары ұстауларын, ымыраға келмейтін тәртібі қалған елді бүгін ойландырып та отыр. Ұстанымдар қайшылықтары ұлттық салт-дәстүрлерімен араласып жатырған, әсіресе, өлікті жерлеу, ас беру, марқұмдарды есте қалдыруға арналған шаралар, үйлену, отбасы, ырым-нышандар төңірегінде жиі байқалады. Исламды «жаңаша» және дәстүрлі пайымдаудың астарында, өз орталарына ықпал жасау, бәсекелестік те жатыр. Бұрынғы имамдар билік пен тіл табысып қалған өз позицияларынан айырылғысы келмей, жастарды «уахапшылар» деп кіналауға үйір, тіпті, оларды қудалауды да қолдайтын сыңай танытатындар бар. Шет елден діни білім алған жастар қазақ халқының теологиялық мұрасына, дәстүріне мән берсе ғана ортодоксалдық пайымдаудан арыла бастар еді, ал, бұрынғы имамдардың да мұсылмандардың мүддесінің тұтастығын, бірлігін көздеуі парыз.

Еліміздегі діннің сөз жоқ аймақтық ерекшеліктері де бар. Кей тұста «Батыс Қазақстанда неге экстремизмнің көріністері жиі байқалады?» деген сауал туады. Күрделі аймақтың бірі-расында да Батыс Қазақстан облыстары. Батыс Қазақстан конфессияаралық өзара келісім, көп ұлтты еліміздің қоғамдық тұрақтылығының маңызды негізі болып отырған өлке. Тұрақтылықтың тамырын тереңдетуі үшін мемлекеттік органдардың, діни бірлестіктердің, қоғамдық ұйымдардың мүмкіндіктері де зор. Аймақта ислам, христиан, басқа да діни бірлестіктердің ғасырлар бойы жинақталған тәжірибелері, әлеуметтік, ұлттық, мәдени қайшылықтарды алдын алу жолдары айқындалған. Айта кету керек, діни бірлестіктердің беделі де жылдан жылға өсіп келеді. Аймақта ұлттар мен конфессиялар арасында ерекше сыйластық, бір-бірін қабылдайтын ортақ ахуал қалыптасқан, ашық өштесудің нышандары көрінбейді. Бұны әртүрлі дін өкілдерінің тарихи қалыптасқан тығыз әлеуметтік-экономикалық өзара байланыстарымен түсіндіруге болады. Өз діни ұстанымдарын сақтай отырып, аймақтағы дін өкілдері мәдени және әлеуметтік салада тіл табысып келеді.

Батыс Қазақстанда діндер арасында ерекше мәдениет қалыптасқан.

Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институттың «Білім мен тәрбиенің дүниетанымдық және әлеуметтік мәселелерін зерттеу орталығының» 2011 жылы зерттеулері мектеп мұғалімдерінің діни бағыт-бағдарын анықтауға арналғанды. Сұрыптау, іріктеу (выборка) толық деп айта алмаймыз, қазақ, орыс мектептерінің 196 мұғалімдерімен ғана жүргізген сауалнама. Жастары 40-қа дейінгілердің сауалнама жауап бергендердің 60 % жуық, қалғандары 40-нан асқандар, ауыл мектеп мұғалімдердің – 70 % құрайды, басқалары қала мектеп мұғалімдері. Мұғалімдердің негізінен дін жолында болмаса да, ізденіс жолында екендігін көрсетеді. Олардың арасында әсіресе жасы 40-тан асқандардың ішінде атеистер де бар. Ал, дінге бет бұрғандардың арасындағылардың басым көпшілігі ислам мен христиан дініндегілер. Осындай жағдай көрші ресейлік мұғалімдерінің ұстанымдарына да тән, оларда бірақ татар, башқұрт мұғалімдерінің православ дініне, орыстардың протестанттық бағытқа, кришнайттерге өткені байқалады. Орыстанып, тілінен айырыла бастаған башқұрт, татарлар, діндерін де ауыстырған. Бүгін ол республикалардағы православия шіркеуінің священниктерінің 10 % ұлты жағынан башқұрттар мен татарлар (1).

Сонымен бірге, мұғалімдердің дінге бетбұрысы олар дінді терең меңгерді дегенді білдірмесе керек. Сондықтан, олардың елге рухани ықпалы өсуде деп те айта алмаймыз. Ислам дініне іш тартатын мұғалімдердің әлі, суннит пен шиит ағымдары, әртүрлі мағзабтар, олардың ерекшеліктері туралы мағлұматтары өте тайыз. Бір жағымды жағдай, мұғалімдер әртүрлі дінге жатқандарымен, басқа дінге сыйластықпен қарайды. Ал, мысалы, Башқұртстандағы мұсылмандар, әсіресе, татарлар мен башқұрттар арасында қарым-қатынастар шиеліністі жағдайда, олардың астарында этникалық бәсекелестік те жатыр. Сондай-ақ, мұғалімдердің бір тобын діни бағыт-бағдарлары анықталмағанын, кеңес заманында атеист болып бүгін ізденіс, ой, күдік үстіндегілер, олар 10 % жуық құраса да, олардың болашақ таңдаулары бізді ойландырса керек.

Мұғалімдерге тағы да бір қойылған сауал «Сіздің көзқарасыңыз бойынша, бала тәрбиесінің негізі неде?» Олардың 60% бірінші орынға білімді қояды, 35% тек қана білім дейді, ал, 20% тәрбиенің негізі дін, жаратушыға сенім депті. Құдайсыз

адам, құдайдан қорықпаған адам адамгершіліктен аттайды, ондай адамда шек, тартыну жоқ дегенді меңзейді. Бұл пікір бүгінгі дінтану әдебиетінде үлкен талас туғызуда. Коммунистер, атеист болғандар адамгершіліктен аулақ болып, тек діндер адамдар мейірімді ме деген сауал төңірегінде алуан түрлі пікір айтылуда. Сонымен қатар, жастардың тәрбиесінде материалдық құндылықтар емес, мәдениет-әдебиеттің, өнердің ықпалына да мұғалімдер назар аударады, олар бірақ 5-6% аспайды.

Тағы да бір жағдай ойландырмай қоймайды. Сауалдар жүргізу барысында бүгінгі ақпарат құралдарында ислам дініндегілерді «экстремист», «вахабит» деп онды солды сынау, сот үкімін күтпей асығыс бағалау, бір жағынан, мұсылмандар арасында абыржулық туғызса, екінші жағынан осы ахуалды пайдаланып, кейбір шетелдік тіпті тіркелмеген топтар бедел алып, кейбір жастардың басқа дінге өтуіне негіз болып отыр. Егер бұл ахуал өзгермесе, басқа дінге өту жалғаса берсе, біз бара-бара мұсылман елі болудан, тұтас ұлт болудан қалармыз деген мазасыздану байқалады. Бұндай алаңдаушылық бүгін Ресейде, басқа да мемлекеттерде өткір қойылып тұр. Сонымен бірге, Батыс Қазақстан еліміздің өркениеттер қиылысындағы әртүрлі этникалық, экономикалық, саяси, мәдени процестердің астасып жатырған, геосаяси тұрғысынан маңызды аймақ. Бұл табиғи байлыққа бай өлкеде АҚШ, Қытай, Ресей басқа да ірі мемлекеттің мүдделері тоғысып жатыр. Сондықтан, еңбек қатынастары, өндірістегі еңбек бөлісі діни-этникалық сипат алуда.

Батыс Қазақстан табиғи байлығы мол өлке, бірақ, байлық шет елдіктердің қолында. Қасиетті кітаптар Таурат, Забур, Інжіл, Құран табиғатты қастерлеуге шақырады. Сонымен бірге, қазақ халқының табиғатты зор құрметтеу, онымен сүйсіну қазақ мәдениеті мен дәстүрінде терең орын алған. Табиғи байлықты ысырап ету, табиғатқа деген зорлық, оны ластау айналып келгенде сол байлықтың иесі ұлтқа, дінге деген зорлықтың көрінісі болып қабылданады.

Совет заманынан қазақ ұлты ауылдық жерде, негізінен мал шаруашылығында, білім, мәдениет қара қызметте болса, орыстар өнеркәсіпте, ғылыми-техникалық, инженерлік қызмет атқарды. Қазақтардың өнеркәсіптен алшақ болуы, кеңсе жұмысы,

мал шаруашылығымен айналысуы ұлттың психологиясына әсер етіп, тіпті, қазақтар табиғатынан ғылыми-техникалық мамандықтарға бейім емес деген пікір қалыптастырды. Сонымен бірге, өндірістегі ұлттық алалық қазақтардың қоныстануына, денсаулығына, материалдық және рухани игіліктерге қол жеткізуіне, түгелдей ұлттық болмысына жағымсыз ықпалын тигізді.

Табиғи ресурстары бай елде байырғы халықтың кедей болуы ойландыратын мәселе. Экономикалық және әлеуметтік салаларда қазақтардың үлес салмағы артпай, қазақ мәселесі шешілді, тұрақтылыққа қол жетті деу қиын. Кезінде Малайзия «бумипутра»-байырғы халықтың дамуына әдейі жағдай туғызған. Олардың білім алуына, еңбек етуіне, кәсіпкерлікке бейімделуіне, ақшаны тиімді пайдалануына, қолда бар байлықты ақылмен жұмсауына, уақытты бағалауға үйреткен. Байырғы халыққа өсімсіз кредиттер, пайдалы мемлекеттік тапсырыстардың басым көпшілігі беріліп, олардың ісін жолға қоюға көмектескен. Сонымен бірге, ағайыншылыққа, сыбайластыққа жол берілмеді. Мұндай шаралар отаршылдық заманында кемсітушіліктің орнын толтырып, қазақтарды да басқалармен тең етер еді.

Әлемде байырғы халықты қорғайтын басқа да тәжірибелер бар. Олар қоныстанған аймақтардағы табиғи байлықты игергенде әділдікті сақтап, мүдделерін ескеру заңдастырылған. АҚШ-тың «Арктик-слоп» компаниясы Аляскада газ құбырын жүргізгенде, сол жердің байырғы тұрғындары-эскимостарды – акционерлік қоғамның жарнашылары ретінде тіркеп, оны АҚШ-тың Конгресі бекіткен. «Арктик-слоп» компаниясында кез келген ұлттың өкілі жұмыс жасауға құқылы. Бірақ, оның акцияларын сатып алуға, табиғи ресурстан түскен пайдаға эскимостар ғана ортақтаса алады. Этностық қауымдастық бірыңғай қоныстанған территорияның жерлері сатылмайды, жалға берілмейді, олар салық төлемейді, мемлекеттен арнайы жәрдем, тегін медициналық көмек алады. Осындай жеңілдіктер байырғы этностар тұратын Канада да көзделген.

Қазақ ұлты резервация тұратын шеттетілген халық болмағанымен, мұнай, газ, басқа да табиғи байлықты игеріп жатқан өңірлерде олардың мүддесі резервация тұратын ұсақ этностардан төмен, қазақтардың маңдайына тек экологиялық ауыр жағдайдың құрбаны

болу жазылған сияқты. Ұлттың меншікке ие болуы деген ірі өндіріс орындары тек ұлт өкілдерінің болуы дегенді білдірмейді. Оны қаржыландыратын инвесторлар сырттан болуы мүмкін, бірақ, ол өндірісте жұмыс жасаушы, оның басты менеджерлері мен орта және төменгі деңгейдің мамандары, жұмысшылары негізінен байырғы елдің өкілдері болуы бүгін көптеген елдерде дағдыға айналды және өндірістің негізгі пайдасы осы мемлекетке қызмет жасауы тиіс. Шағын және орта бизнесте ұлттың іскер топтарының қалыптасуы оның тұрмыс деңгейіне тікелей әсер етеді. Бұл, әсіресе, мемлекет құраушы ұлттың ел халқының басым көпшілігіне айналған тұста маңызды мәнге ие болып отыр. Басқа ұлт, тіл өкілдерінің үстемдігі, табиғи байлыққа қожалығы, байырғы халықтың кедейлігі басқа мәдениеттің, діннің үстемдігі деп қабылдайтыны белгілі. Осы тұста халықты мемлекетке қарсы үгіттейтін «көсемдер» де табылады. Олар мемлекеттік құрылымды өзгертуге, біржақты, тек шарифатқа негізделген, «әділ» мемлекет құруға шақырады. Сондықтан, экстремизмнің себебін тек шет елдерде діни білім алған жастардан ғана көрмей, оның әлеуметтік-психологиялық себептерін де есепке алуымыз жөн. Мемлекет ішкі саясатты саралап, өзіне де сын көзбен қарамайынша, экстремизммен күрес тиімді болмайды.

Мемлекет пен дін қарым-қатынасы

Діни ахуалға дін мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастардың ықпалының зор екендігі айтылды. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында зайырлы мемлекеттің басты қағидалары айқындалған, бірақ, біз әлі де ізденіс жолындамыз, себебі, зайырлы мемлекеттің әртүрлі модельдері барлығы белгілі. Атеистік идеология үстем болған елдің дінге оралуы ерекше тәжірибе, оның үлгісі тарихта болмаған, сондықтан, оның өз ерекшеліктері барлығы сөзсіз. Соңғы уақытта, бір жағынан, қылмыстық іс-әрекеттер мен экстремизм арасын, екінші жағынан, экстремизм мен халықтың наным-сенімін, ажырата алмай келеміз, қылмысты іс-әрекетке діншіл адамдардың қатысы болса, діни экстремизм деп жатамыз, ел оның астарында экономикалық, әлеуметтік себептер, есеп айырысу, тіпті өш алу, ашу-ыза жатуы да мүмкін. Ал, экстремизм саяси мақсатты көздейтін іс-әрекеттер.

Ғылыми әдебиетте Орталық Азия

елдеріндегі экстремизмнің мынандай себептеріне назар аударады. **Бірінші**, рухани дағдарыс, сенім дағдарысы экстремистік идеяға бой алдыру мүмкіндік туғызады. **Екінші**, кедейшілік, жұмыссыздық әсіресе ауылдық жерлерде түрліше қылмыстық істерге, радикалдық әрекеттерге итермелейді. **Үшінші**, саяси биліктің бір қолда шоғырлануы, оппозицияны қудалау жасырын радикалдық топтардың пайда болуына әкеледі (2).

Экстремизм, оның ішінде дін атын жамылатындар да көбейсе, қоғамның өзінің саяси жүйесінде бір осал тұстары бар деген сөз. Тіпті, ғалымдар экстремизм организмдегі құрт ауруының таяқшалары сияқты мемлекеттің организмне іштей тән деп есептейді, қолайлы жағдайда тез тарап кетуі мүмкін. М.Вебердің айтуынша, мемлекеттің күш жұмсауға құқылығының өзі қарсылық туғызады. Ал, тек күшке салу, мәселені мылтықпен шешуге тырысу экстремизм мен жанжалдарды одан әрі өрбітеді. Ал, азаматтық қоғамның мүмкіндіктері, үкіметтік емес ұйымдардың ықпалын пайдалана алмай отырмыз.

Діни бірлестіктермен қарым-қатынаста әлі де олармен оркестрдің дирижеріндей билеп-төстеу, есеп алу, қадағалау, бақылау көріністері барлығы байқалып қалады. **Құқық қорғау органдарының қызметкерлері өздерін дөрекі, әдепсіз ұстаулары, өктемдікпен дауыс көтеріп сөйлеуі, адамгершілік қағидалары мен конституциялық талаптарға, азаматтардың діни сеніміне қарамастан құқын сыйламау дау-жанжалдарға да итермелеуі мүмкін. Діни бірлестіктердің ішкі ісіне араласу, азаматтарды заңсыз қамау, ұстау, үйін тінту, суретке түсіру, басқа да қудалау экстремистік психологияны қоздырады.**

Қоғам – біртұтас ажырамас организм. Оның бір бөлігінде болған өзгеріс тез, қалай болғанда да басқа бөліктеріне ықпал етеді. Рухани процестерде жеке адам санасынан тәуелсіз, үзіліссіз жүріп жатады, оны сырттан басқару мүмкін емес. Сонымен бірге, олар адамдардың іс-әрекетіне, тәртібіне әсер етеді. Елдің басын біріктіретін, мәдениетінің тірегіне, тәрбиенің негізі дін екенін талай ғасырлық тәжірибе дәлелдеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Религия и право» №1, 2012, 19 бет.
2. Экстремизм в Центральной Азии. Алматы, 2000 г. 13 бет.



Қуандық ТҮМЕНБАЙ,
жазушы

КӨЗБОЯУЫ ЖОҚ КӨРІНІСТЕР

– Әдебиетті әкендей көруші ең, не болды енді, әдебиетпен күн көре алатын түрің бар ма?! – деп, бір сығыр көз құрдасым уақыттың сыйын сығырайтып бетіме басты.

Мажығып қалдым.

– Бұған сен де, мен де, әкем де кінәлі емес. Әкем 37 жасында бәрін жолға қойып беріп, жөнep кетті, – деп өткенге топырақ шашпауға тырыстым.

– Сен түбі өсесің, – деп, мені келемеждей отырып, уақыттан алар өшінің мол екендігіне ешкімнің дауы жоқтығын тайға таңба басқандай дәлелдеді. Өзі де тек цифрлар мен фактілерді тізілтіп сөйлеуші еді. – Телевидение мен Интернет тұрғанда, – деп көзін ашқан 42 әріпке өшіге қарады.

Осылай боп кете берер ме екен?

Теледидардың өзі «Шындығы сол» деп шырылдап хабар жүргізіп, осы ауылға ат шоқытып келіп-кетіп жатқан жоқ па?

Құрдасыма кешіріммен қараймын.

Бір жылғы төлдің бәрі бірдей ауызданбайды ғой.

Біздің ауылда адасып жүрген жолаушы секілді.

Журфакқа соқпай-ақ қоюы керек пе еді...

– Көзбояуы жоқ көріністерің көптен көрінбей кетті ғой, – деді газет оқитын бір жігіт шын көңілімен. – Көп нәрсеге қанығамыз.

Ынты-шынтымен айтып тұр.

Осындай сөздерді естігеннен кейін уақытқа деген көзқарасыңды білдірмей тұра алмайсың.

Уақыт – төреші.

Адамдар ойыншы секілді.

Ойыншылар да әртүрлі.

Елді аузына қаратқан футболшы Стрельцов айдың күні аمانында сотталып кетті. Бірақ, спорт шежіресінде жақсы аты қалды.

Ел намысын қорғады.

Біз Ел мен Намыс деген жағалауға жете алмай жүрміз емес пе?

Біздің мемлекеттік тіліміз спорт құжаттары сияқты. Бекітіп аламыз да, аймақтағы оқиғалардың бәрін ұлтаралық немесе халықаралық тілде өткіземіз.

Біздің тілімізден ағылшыншаға аударып тұрса қазақ не істер екен?

Әуелі ұлтаралық тілді біржақты қылайық та.

Репортаж тыңдап риза боп отыратын күн де келер...

– Мен сізге сдаш қайтарып бере алмаймын.

Қаракөз қазақ қызы сақалымды сапситып қойып беттен алып тұр.

– Қызым, Тәшкенде де, Мәскеуде де сауда жасаушымен бұлай сөйлеспейді.

– Онда сол жаққа барып сауда жасаңыз, – деп мың теңгелікті лақтырып жіберді. Тап-тұйнақтай ғып сексен теңге бермегеніме мен кінәлі секілдімін.

Өзі тұрған үйге жанастыра соққан жеке дүкен.

Қыз Жерде емес, Көкте тұр.

Қазақ десең, өзіңе тиеді.

Қазақ демесең, жерге түспейді.

«Ағылшын және қытай тілдерін үйретеміз.

Айына 8000 теңге».

Абай мен Әуезов көшелерінің қиылысындағы биік мекеме алдындағы қос қабатты жарнама тек ұлтаралық тілде жазылған.

Сонда өгейсіп тұрған тек қазақ тілі боп тұр.

Біздің мемлекеттік деген мәртебесі бар тілімізге кім қамқор болар екен?

Қазір Алматыда ағылшын мен қытай тіліне деген ерекше бір емеурін пайда болды.

Мемлекеттік деп мегзеп қоямыз да, меңдуана жеген адамдай ештеңе естімей тұра береміз.

Түсіндірме сөздікте меңдуана улы өсімдік деп жазылған.

Әл-Фараби даңғылымен даңғыратып келе жатып, Фурманов көшесіне бұрыла бергенде жол жиегінде қаланың схема-картасы түзілген. Сонда «Орбита шығын ауданы» боп жазылып тұр.

«Шағын» деген сөзді сауатты жазатын бір адамның табылмағаны ма?

Қасындағы орысшасы оп-орнықты боп орнында тұр.

Алматының 70-жылдардағы келбеті қазақша еді.

Ол кезде Шәмшінің әндерін шырқайтын талғампаз рух болатын.

Қазақ болу үшін заң емес, ынта мен талғам керек.

Шағын аудандар да сол кездері сақауланбай таза сөйлейтін.

Қазір екі ортада қалған дүние-кезек дүбара тіл.

Жол үстіндегі келеңсіз көріністен кейін насыбай шақшаңа қол саласың.

Насыбайдың уытына шыдамы жеткендер ғана шыдайды.

Бұл – «кімге күлкі, кімге түрпі».

Үй түбіндегі аялдамада донер-кебаб деген түрік тамағын сататын қос қазақ баласының өмірі нағыз идеологиясыз өмір. Екеуі де жоғары оқу орнының география факультетінде күндізгі бөлімде оқиды, бірақ, таңнан кешке дейін осы бір үйшікте, күйбең тірліктің көлеңкесінде жүреді.

– Сендер сабаққа бармайсыңдар ма? – десем, «келістік ғой», – дейді. Тіл табысу керек-ақ, бірақ, сен ертеңгі күні елің аузына қараған маман емессің бе? Бұлар кітап оқымайды, газетті қолына алмайды, кітапхана деген ұғым санада жоқ, өмірде «Жас Алаш» деген газет барлығын естімеген. Бұлар тек қамыр жайып, ортасына ет салып

қуырып, ары-бері өткенге 300 теңгеден сатады. Арасында қалта телефонға ақша салады. Кешке қожайынға есебін береді. Бүгінгі қазақ студентінің кейпі осындай.

– Сендер сынақ тапсырмайсыңдар ма? – деймін өз кезеңімді – өткен ғасырдың 70-80-ші жылдарын еске алып.

– Тіл табысамыз ғой, – дейді аспай-саспай.

Бұлардан қандай маман шығады?

Елімнің ертеңін кім қолға алады?

Абайдың атын алған жоғары оқу орнында оқитын екі жігіттің ертеңі мені толғандырады. Олар тек өз күнімізді өзіміз көрсек деп, әке-шешенің иығына масыл болмауды мақсат тұтады екен.

Бұрынғы оқу бітіріп, өмірге жолдама алып, қол ұстасып қиырға кететін қазақ жастары қайда жүр?

Төрт бұрышты донер-кебаб үйшігі олардың өмірден тапқан мекеніне айналып отыр.

Жастың ертеңін кім ойлайды?

Елімнің ертеңі мына бір төрт бұрыштың ортасында қалып қойғаны ма?

Төрт жыл да өте шығар.

Түріктің донер-кебабының есігі ашық, Алматыда сатыла береді.

Диплом алған екі жігіт түбі не істер екен?

Олардың жолы қай жолдамаға қарай бұрылар екен?

– Ақындықтан ештеңе шығатын түрі жоқ, сосын драмаға ауыстым. Қалай жазудың қыр-сырын әбден үйрендік қой, – дейді бір шайыр өзіне-өзі ырза боп.

Бірақ, мен ырза емеспін.

Оның жазған пьесасы кімге ләззат сыйлар екен?

Осы жағын кім ойлар екен?

Ақын ба, режиссер ма?

Айналаның бәрі орысша. Жиналыс қазақша басталып, орысша аяқталды. Қыза-қыза қазақша орта жолда қалып, бәрі ұлтаралық тілдің шашбауын көтерді.

Керекуге не болған?!

Сұлтанмахмұт бастаған сұңғылалар әлдеқашан оянған жоқ па?

Оянған халықты неге ұйықтатамыз?

Ертіс сылқылдап ағып жатыр.

Ертіс өзіне-өзі күліп жатқандай.

«Ыстықта ерімейді,
Аузында ериді.
Тағт не в жару,
А во рту».
Қос тілділіктің көрінісін қарашы.
Осы бір жарнама үшін қаншама
тақтай мен бояу шығын.
Алматыда «ит жоқта шошқа үріп»
тұр.

Қазақ тілінің бағы жанбай тұр.
Кекештіктен арыла алмай-ақ қойдық.
127-ші автобусқа міне қалсам, «Объект
бейнебақылауда» деп жазып қойыпты.
Орысшасы дүп-дұрыс.
Қазақшасы әйтеуір жоқтан бардың
жоралғысы.
Бұл кезең де бастан өтер.
Өзімізді өзіміз кекеш қылған кез де
келмеске кетер.

Алматының қақ ортасында:
«Жүргіншілер
Соқыр жаяу
Пешеходы
Слепые пешеходы» деген белгі тұр.
Сөзбе-сөз аударма – екеуі де жетісіп
тұрған жоқ.
Өмірде бәріміз де жүргіншіміз. Бірақ,
соқыр жаяу деп бастан салып қалған
біртүрлі екен.
Ең болмаса, заңиптар мен көзі кеміс-
тер кесіп өтетін жер десе де сыпайылау
көрінер еді.
Соқырға таяқ ұстатқандай деген
осы шығар.

Қазақша күрестен «Қазақстан ба-
рысы» біріншілігі өтіп жатыр.
Демьяненко финалға шықты.
«Қазақстан» арнасының жүргізушісі
жанын шүберекке түйіп отыр. «Спорт
ұлтқа қарамайды, бізде ондай жоқ», –
дейді дызақтап.
Басқа елде басқаша айтылар еді, біз
өз елімізде өзімізді өзекке тебеміз.
Теріңнің кендігін бағалаған біреуді
көрмедім.
Демьяненкомен де мақтанамыз.
Бірақ, Үшкөмпіров тектес қара
көздер үшін өлердегі сөзді айтуымыз
керек қой.
Ұлт намысын қорғамасаң спорт
бола ма?
Спорт журналистер Несіптен көсіп-
көсіп алу керек ғой.

Астана күні қарсаңында Қызылорда
облысының әжелері ұршық иіріп, сырмақ
тоқып, ағылшын тілінде ән шырқады.
Оны «Қазақстан» арнасы айқайлап тұрып
көрсетті. Аз уақытта аулымыздың алысқа
кеткеніне қуандық, мақтандық, ұялып та
қалдық.
Ағылшынның кемпірлері де біздің
тілімізде ән салар ма екен?!

Жан дегендегі жалғыз ағам өмірден
озды. Кеш оқығанмен өз кәсібінің шы-
ңына шыққан қақсал еді. Жаназасының
алдындағы қаралы жиында осы жағы көп
сөз болды. Талай тосыннан басталған
тергеудің қорытындысымен тәнті еткені
жұрт аузымен айтылды.
Ағамның өмірін қысқартқан да
осы тосын тергеулер ме деп ойлаймын.
Кеңес кезеңі ыдырап, жаңа қоғам – жаңа
дүние есік ашқанда тұтқа ұстаған менің
ағам секілділер жағалауға жете алмай
қалды.
Юрий Бондаревтің «Жағалауындағы»
кейіпкерлер секілді жан-дүниесі мөлдір,
жұртқа имандай сенетін жанның бірі менің
бауырым еді.
Ол – айыптаушы прокурор болғанмен,
ақ-қарасына әбден көз жеткізіп алатын.
Ол – мәшине, трактор, комбайн –
бәрінің тізгінін ұстап, әбден өзіне-өзі
келгесін ғана заңгерлік кәсіпке бет
бұрды. Абайсызда комбайнмен біреуді
опат қылып, өмірдегі кездейсоқтық
дегеннің, тіпті, қылмыс атаулының
ойламаған жерден болатындығына да
көз жеткізді. Сонан ба, қылмыс негізі
қалай қаланатындығына аса қатты
мән беретін.

Алдымдағы асқар тауымнан айрыл-
дым.

Ол да соңынан ерген жалғыз тамшы
қанына жалтақтап қарай-қарай өмірден
озды.

Екеуміз де жақсының көзі едік.

Алдындағы жалғыз бауыры Уәлшерден
кейін тура жарты ғасыр өткесін артынан
кеткендігіне таң қалып отырмын.

Ағалы-інілі екеуінің рухы бір-біріне
жақын еді, енді құмшауыт жерді бірге
мекен етесіндер.

Өзіңді заңгер қылам деп армандап
кеткен бауырың да жарты ғасыр өткеннен
кейін қаралы жиындағы жақсы сөздерді

жанымен естіп, рухы аспандап жатқан шығар.

Екеуіңнің болмыстарыңның биіктігі менің мәртебемді аспандатады.

Бірақ, жалғыздық жанға батпай қоймайды екен.

Шығыс Қазақстанның «Көгілдір шығанақ» аймағында демалдық. Тұла денені құмға күйдірген, көгілдір жапырақтан көңіл тұнған жанға жайлы аймақ. Шерағаңша айтқанда, бірі кем дүние – қазақ аз, аз дейміз-ау, тіпті, жоқ. Демалушылар арасындағы бір-екілі қаракөз – олар да көзі қара болғанмен тілі орысша, әбден 2050-дің жобасына иліккендер. Иліксін-ау, өз елі мен өз жеріне шүршіт көзбен қарауға болмайды ғой.

Көбі ресейліктер. Үстеріне ілген курткасы мен бұттағы лыпаларына дейін «Россия» деген жазу тұр. Солар ит өлген жерден келіп тұрып қазақ жеріне табаным тиіп тұр-ау деп бір еміренбейді. Өскемен деген сөзді бір рет жөндеп айта алмайды, саналарында қазақ деген ұлт бар-ау деген ұғым жоқ, Қазақстан олар үшін бәріне құшағын кең жайған ыстық ұя секілді.

Құдай жерімізді кең ғып жаратқасын дауа жоқ.

«Кең болсақ, кем болмаймыз» деп қанша әуейленгенмен «мақал – сөздің мәйегі» болмай бара жатыр.

Біздегі «Ұшқан ұяны» Баукен (*Бауыржан Момышұлы*) жазған.

«Ұшқан ұяның» өзіндігін ол кісі қаламмен көрсетіп кеткен.

Өскеменнің түбінде он күн демалып едім, Өскемен деп таза қазақша айтқан бірде-бір не қазакты, не орысты көрмедім. Бәрінің айтатыны – «Ускаман», «Ускаман». Ең болмаса, Өскемен десе қайтеді.

Павлодар Кереку боп, Қызылорда Ақмешіт боп, Петропавл Қызылжар боп сұранып тұр. Семей деп жүрген Абай тұрған Семейіміз Семипалатинск боп айтылып та, жазылып та тұр.

Мен Шиелі деген жерденмін. Бертінде дейін Чиилий деп айтып та, жазып та келдік. «Дүниеде екі Чиилий бар» деп мақтаныш тұттық. Біз қазір Шиелі дегенімізбен, осындағы мұнай мен атом саласында жүрген шет елдіктер Чиили

дейді. Біз де солардың тілінде сөйлейміз.

Олар неге біздің тілімізде сөйлемейді?

Осыны кімге айтсақ екен?!

«Қазақфильм» шағын ауданында «Союзпечать» атын алған жалғыз дүңгіршек бар. Онда да қазақша газет некен-саяқ, тек «Сақшы», «Дат», «Сырласу» (жекеменшік журнал), «Жас Алаш» пен «Жұлдыздар отбасын» ғана көрдік. Сөйтсек, дүңгіршекті біреу жалға алыпты, иесі көккөз де, сатушы көкөрім қазақ баласы. Еліміздің бас газеті «Егемен Қазақстан» бұл жерде жоқ, оны қажетсініп тұрған ешкімді көрмедім.

Жалпы, орталық түгілі көне астананың ықшам аудандарында қазақша газет оқысын деген ешкімді көрмедім. Мен сені іздеп жүрмін деген де біреу жоқ.

Қазақ тіліндегі баспасөзді тауып оқу – ақірет.

Сонда оны кім үшін шығарып отырмыз?

«Қазақфильм» шағын ауданының ең түкпірінде кино түсіруге арналған хабарландыру ілулі тұр.

«Приглашаем всех желающих принять участие в съемках фильма «Ограбление по казахский» – «Қазақша кісі тонау». Ищем людей всех национальностей от 5 до 75 лет. Для отдельных сцен нужны китайцы и корейцы, и. т.д.».

Әрі қарай кете береді.

Біз не боп барамыз? Жеріміз де, тіліміз де осы екі елмен бірігіп кетіп жүрмей ме?

Әлгі хабарландырудың астында түскі ас тегін, кеткен шығын төленеді деп жазылған екен. Осыған елігіп, тағы да қытай мен кәріс мен болам деп біраз тыраштанамыз ғой.

Біз неге осындаймыз?

Онсыз да боларымыз болып біттік ғой.

Қызылордада Құмкөл мұнай кенішінде жұмысқа жарамай кетіп бара жатқан қытайлық жылап тұрып ашынып айтыпты: «Маған қазақтың бір қызын екіқабат қыл деген тапсырма бар еді» деп.

Біз неге өз тағдырымызға барынша

салдыр-салакпыз?

Өзбек неге өліспей беріспейді?

Тағдырдың тартуымен құдаларым жапоннан болып еді... Солардың еліне құдандалыққа барғанда көргенім – дәстүр мен салтқа беріктігі, дінінің қаттылығы, ділінің тазалығы. Жеті жасқа дейін өзге тілді бар деп білмейтін жапон елі кімнен кем, жері тар болса да көңілдері кең, есеп-қисап пен информатиканың құлағында ойнаған барынша сауатты ел.

Тәуелсіздік алғанымызға 22 жыл болған біз ше?

Біз де ешкімнен кем емеспіз, бірақ, біз ең әуелі бәрін тілден бастауымыз керек еді. Тілдің маңдайы жарқырамай ештеңе де шықпайды, тілсіз ел – мылқау ел.

Біз де соның кебін киіп отырмыз. Алматыда қайда барсаң да: **«Языковые курсы!!!»**

«ALEM»

Языковой центр

Английский

Казахский

10000-12000 тг. в месяц в группе

Подготовка к тестам TOEFL, IELTS.

Три богатыря, над кинотеатром «Искра».

«Ұшқыннан жалын лаулайды» деген осы болар. Қаланың қақ ортасынан тіл үйірмесінің өмірге келгенін қараңызшы.

Қазақшаны қарық қылмай жатып ағылшыншаға ауысқанымыз ба? Неге өзімізді ысырып қойып, өзге тілге құштармыз?

Әуелі тіл қадірін білу керек.

Білу үшін тілдің алдында асып-таспауымыз керек еді.

Үй артына бір дүңгіршек орнады. Аяқ киім шеберханасы екен. Дереву барып, тілдесейін десем, қиғаш көзді, кең иықты жігіт жауап бермей алдындағы ақ қағазға жортақтатып жаза жөнелді. Сөйтсем, мылқау екен. Үн-түнсіз аяқ киімімді тастап кеттім.

Ертеңіне берген ақшамның біразын кері қайтарды. Ақ қағазға: «Мен бәтіңкенің тек ұлтаны үшін ғана аламын» деп жазып қойды.

Етікшіге тәнті болдым.

Өзі Ауған соғысының ардагері екен.

Тілінен де сонда айырылыпты.

Оның ендігі құралы – қолындағы үшкір біз бен ақ қағаз. Маржандай тізілген әріптер адамдармен тілдесер қызыл тілі секілді.

Қалта телефоным шыр ете қалды. Дереву ашып қарасам, «Изучайте английский вместе с British... в зависимости от уровня сложности на номер 1515.

Стоимость 7 тенге» депті.

Жеті тенге садақа.

Бірақ, аржағында менің тілім тұр емес пе?

Ағылшын тілінің, тіпті, ауқымы кең.

Елбасы «Біз қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде құқықтық-нормативтік базасын жасап бердік, қалғаны әр қазақтың өз қолында», – деді.

Осы қазақтың не ойлағаны бар екен?

Тілдің қалтаға қол сала бастағаны ма?

Халықаралық тілді дамыту күн тәртібіндегі мәселе болды. Қарашы, Алматының орыс мектептеріндегі 5 сағат қазақ тілі мен 1 сағат қазақ әдебиеті қысқарып, 3 сағатқа түсті. Мемлекеттік тіліміздің мәртебесіне көз салыңызшы!

Ағылшын тілі қазақтың аузынан 2 сағатты жырып әкетті. Оқушының білімі де, қазақ мұғалімінің жейтін наны да қоса қысқарды.

Орыс мектептерінің 5-6 сыныптарына арналған қазақ тілі бағдарламасы Қ.Ибрагимовтың оқулығы бойынша деп берілген. Бұл оқулықтар мектептерге түспеген. Ата-аналарға сатып ал деп айтуға мектептің құқы жоқ. Сонымен, мұғалімдер де, оқушылар да екі ортада қалып отыр. Бұл кітаптың базардағы құны 1000 теңге. Кітап мектептерге таратылмаса неге бағдарламаны өзгертіп, екі ортада қалдырады?

Әуелі оқулығын дайындап, сонан кейін нұсқауды өзгертпей ме?

Ширек ғасырдан бері қазақ мектебінің дауы пісіп-жетілмей жатыр.

Қазақ тілінің дауы қашан бітер екен?



Сабырбек ОЛЖАБАЙ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі

АЛА СИЫР, АҚҒЫЗ ӘЖЕМ ЖӘНЕ ТҰЛЫП

Балалық деген базарды балағымызды түріп тастап армансыз, алаңсыз аралап жүргенбіз. Балауса балдәурен кезеңнің көктемесінде көңілдерге көк кептер қонып, ешнәрсенің парқын біле бермейміз. Таңертеңнен шешем ағарған ішкізеді. Кейде көгілдір қыраттарға шығып, шеңгел-шеңгелдің арасынан жуа теріп келеміз. Балалық шағыңызда айранға жуа араластырып ішкеніңіз бар ма? Бір жапырақ нан табыла қалса, бала үшін бұдан артық тамақ болмаушы еді ғой.

Жалаңаяқ жолдастарыммен жуа тере кеткенмін. Жолай бір бау балауса шөп жұлып алып тымпындап көтеріп келдім. Ондағым біздің асыраушымызға айналған ала сиырдың өзінен аумай қалған бұзауына беру. Оның енесі бізге ағарған сыйлап жүр ғой.

Иығымдағы шөпті тастай беріп денемдір етті. Кішкене ғана бұзау қозғалмайды, көздері бір нүктеге қадалып қалған. Ұстап көрдім. Қуыс кеуде, құр мүсін. Шошып кеттім.

— Апа! — деп қорадан атып шыққанымды білемін.

Әжем маңдайыма суық шүберек басып отыр екен.

— Қорқып қалған ғой, — деп таңдайымды көтерді.

Кейін білдім, ала сиырымыздың әдемі бұзауы әлдеқашан өліп қалыпты. Сиырды ідіру үшін әкем мен шешем бұзауды сойып, терісіне шөп толтырып қойыпты. Оны «тұлып» деп атайды екен. Байғұс сиыр сол тұлыпты бұзауым деп еміреніп иіскеп, емшегінен шелек-шелек сүт сорғалайтын көрінеді. Бос тұлыпқа еміренген ала сиыр бізді сүтке қарық қылғанмен, «бұзауы» өспей-ақ, ідіріп ембей-ақ қойды.

Күндердің күнінде өзінің құр тұлыпқа

алданып жүргенін сезді ме, бауырына жақындаған шешемді теуіп, сүзіп, ала-көздене өкіріп маңайына жолатпай қойды. Содан өрістен төрт емшегі сыздап тағатсызданып келмейтін болды.

...Көршіміздің Қорабай деген ұлы болды. Мектепте оқып жүргенде тентектігімен аты шықты. Жоғары сыныпқа өткен кезде шараптан дәм ауыз тиді. Сол, сол-ақ екен, Қорабай қарадай жүріп бүкіл ауылды қырып жіберетін «өнер» ашты. Мектептен соң училищеге түсіп, механизатор болып оралды. Кеңшар басшылары, комсомол комитеті оны әскерге аса «құрметтеп» шығарып салды.

— Әскерде танкі айдадым. Командирдің өзін танкімен тырқыратып талай құдым, — деп аузына арақ тигенде бөсіп отырғанын талай естідік. «ДТ-75» деген шынжыртабанды трактор беріп еді, көп ұзатпай оны нағыз «танкіге» айналдырып шыға келді. Ішіп алғанда адамдарды көше-көшемен трактормен тырқыратып қуатынын әлі ұмытқанымыз жоқ. Ошақбайдың шарбағын ойрандап кеткені бар, Маусымбектің қорасын бұзып кеткені бар, ауданға айдалып, он бес сөтке «қонақ үйге» жатып келген күндерінде есеп жоқ. Сонда да ес кірмеді Қорабайға.

— Бұл диюды үйлендірейік. Келіннен ұялар. Балалы-шағалы болса тентектігі тиылар, — десті үлкендер жиылып. Енді, Қорабай көкемнің өз тойында өзі төбелес бастап, бүкіл ауылды қырып кете жаздаған «концертін» қаз-қалпында қағазға түсірсек, төрт-бес парақ қор болады. Мелдебек жәкемнің қолының сынғаны, Сұлтан көкемнің басы жарылғаны, Түктібай ағаның иығы шығып кеткені, Тоғызбайдың тепкінің астында қалып, бет-ауызы көнектей болып ісіп, адам танымастай күйге түскені, бүкіл ыдыстың сынып-күйрегені сияқты «ұсақ-түйекті» айтсақ та жеткілікті. Айтпақшы, учаскелік инспектор Қарасарт Жаңбырбаев Қорабай көкемді сол күні ауданға айдап, көзін бақырайтып он бес сөткеге жауып-ақ тастайтын еді, ауылдың ақсақалы, қарасақалы түгел жиналып, «бүгін ғана шаңырақ көтерді, тойдың бәлесі ғой, «қол сынса

жең ішінде, бас жарылса бөрік ішінде», ағайын араз болмасын, тентегімізді өзіміз тезге саламыз. Бір жолға кешірі» деп жата жабысып жалынбағанда. Сөйтіп, Қорабай көкеміз туралап келген «тажалдан» осылай аман қалды.

– Ой, атасына нәлет! Төбелеспесе тойдың несі қызық? Қатып кеткен төбелес ұйымдастырдым-ау. Әттең, өз тойым болып, қолымның қышуы қанбай қалды, – деп жүрді бұл дүлей көпке дейін. Қолының қышуы қанбай қалған төбелесі осы болса, қанғандағысы қандай болар еді?! Құдай сақтасын!

Үйіне тезек түсіріп, сексеуіл түсіріп жүрген Қорабайды ел «түзелдіге» санап-ақ қалған еді. Қайдағы?! Бір күні тракторын жау қуғандай безілдетіп келе жатқанын көріп үй-үйге, қора-қораға тығылды. Сол түні көршіміздің иті үріп, сиыры мөніреп, балалары ұлардай шулап, жеңгіміз асаудай тулап шықты. Көкеміздің үйіне әлдекімдердің кіргенін, оны ұйықтата алмай алысып шыққанын бала болсақ та көзіміз бақырайып жатып білдік. «Біздің үйге кіріп кетпесе екен» деп Құдайға жалбарынып, көрпе астына жасырындық. Кішкентай жүрегіміз бүлк-бүлк соғып жатып: «Қорабай көкем бұдан кейін арақ ішпесе екен, балалары қояндай қалтырап отырмаса екен» деп тәңірден тіледік. Бірақ, біздің бұл тілегіміздің де, Аққыз әжеміздің көкке емшегін сауып жалбарынғанының да шапағаты болмады. Тозақ уының ащы тырнағына тұсақталған Қорабай көкемнің көздері ештеңені көрмей, ақыл-есін тұман торлап, ібілістің соңынан ере берді (әжем солай айтады ғой, ол кезде біз ібілістің не екенін қайдан білейік). Шайтан судың құлына айналған көкеміз қарайғанды қас дұшпан санап, қарадай-қарап соқтығысатын. Соңғы кезде көзіне белгісіз елестер еніп, түні бойы аласұрып шығады екен дегенді еститінбіз. Жеңешеміз темірден жаратылған жан-ау, сірә. Көкемнің қолақпандай жұдырығына көпке дейін шыдап бақты. Бет-ауызы көкала қойдай болып ісініп, ел көзіне қарауға шамасы келмей, бұқпантайлап, жүзін орамалмен орап үйде көміліп отырды. Ешкімге, тіпті, төркіндеріне де тіс жарып шағым айтпады.

– Маңдайыма жазылғаны осы шығар. Құдай салды, мен көндім, – дегенін естіп, апам талай рет риза болып келген. Сөйткен солдаттың етігіндегі сірі жеңгем де бір күні сөгілді. Қатты бір тепкенде бүйрегі езіліп, аудандық ауруханадан бір-ақ шықты. Емделіп, беті бері қараған соң шаңырағына

оралар деп ойлағанбыз. Шашы жалбырап жүгіріп жүрген жапырақтай қызын да, кішкентайынан булығып өскен, оңайлықпен сөйлей қоймайтын қарадомалақ баласын да көргісі келмей, төркініне тартып кетті.

– Енді көрмегенім Қорабайдың үйі болсын. Балалар есін жинаса, шешелерін бір күні өздері-ақ табар, – депті.

Бұл соңғы сөзі.

Ал, ағамыздың «арақты қоямын» деген сөзінің шет-қиыры болмады. Оның «қойдым» дегені енді бізге «тойдым» дегендей естіле бастады. Бірақ, ол ешқашан ішімдікке тойып көрген емес. Маскүнемдікке салынған адамдар ұмытшақтық дертіне душар болады деседі ғой. Бәлкім, ол осы кеселді жұқтырған шығар. Әйтеуір, қазір айтқанын қазір ұмытады. Әйтпесе, өткенде ғана жылап отырып: «Арақты біржолата қойдым» дегені қайда? Көкеміздің психикасында да да біз білінкіремейтін бірдеңелер байқалды. Кейін білдік, мұны «психоз» дейді екен. Жүйке жүйелері жұлым-жұлым болып зақымданған көкеміздің құлағына түрлі дауыстар естіліп, көз алдына қорқынышты елестер көрініп, арақ ішкен түні «шайтандармен шайқасып» шығатын болды.

Күндердің күнінде ағайындар жиналып Қорабай көкемнің қол-аяғын тұтқын секілді тарс байлап, әлдеқайда алып кетті. Алқаштарды емдейтін арнайы ауруханаға жатқызған ба, бірер айдан соң ағамыз меңзең күйде қайтып келді да араға көп уақыт салмай «ескі досымен» қайта қауышты. Дүрбелең қайта басталды. Көкемді тырп еткізбей қол-аяғын арқанмен байлап, емші-тәуіптерге емдеуге әкетті. Осы сапардан ол кәдімгідей оңалғандай болып оралды. Жүзіне қан жүгіріпті. Бір таң қалғанымыз – қолынан құман түспейтін болыпты.

– Иә, аруақ! Ұзағынан сүйіндіргей, – деп қариялар қуанып жүрді.

Бір күндері болғанда Қорабай көкемнің көздері тұманданып, қолына құманды алып Қойбағар жәкеме тұра ұмтылды деседі. Сол сол-ақ екен Қорабайдың бәз-баяғы бозборан бей-берекет әрекеті бұғып жатқан жыландай басын көтеріп, цунами желіндей сумандата, солқылдата соқты дейсіз бір. Ол жолындағының бәрін жайпап бара жатты. Әжемізді ескі қорымдағы ағамыздың қасына табыстап, үйге келгендер жағаларын ұстапты деседі. Үйде іліп алар ештеңе қалмапты. Қора тып-типыл. Ағайын-туыс жылу жинап, әжеміздің жетісін, қыркын өткізді.

– Сорлы Акқыз, қу тұлыпқа телміріп өтті. Осы жалғыз адам бола ма деп арқа еті арқа, борбай еті борша болып ғұмыр кешті. Жастай жесір қалып, бір баланың соңына қарап қалып еді, қараң қалғыр Қорабай, шешесіне не жақсылық көрсетті? Енді, бұл алқаш не істер екен? – деп үлкендер жиналған кезде аһ ұрып отырғанын бала болсақта естідік. Сонда кішкентай жүрегіміз атқақтай соққан.

Бір күні жеңешеміз келіп, ұлы мен қызын алып кетті.

– Үлкейген соң елін табар. Әзірге Қорабайдың тепкісін көрмесін. Жанымды жалдасам да жаутаңдатпай жеткізермін, – депті жеңешеміз. Сөйтіп, айдың-күннің аманында бауырларымыз басқа жұртқа кетті. Жылай-жылай кетті. Жаутаңдап кетіп бара жатқан көздеріне қарай алмадық. Жүрегіміз қан жылады. Тірі тұлыпқа айналған Қорабай көкем де бір күні біржола тыныш тапты. Үрейге бой алдырған ол қораға барып арқанға мойнын салыпты.

Бірақ ұлы мен қызының басына бір уыс топырақ салмағын қатты батты.

Енді, кім іздейді, сізді көке!

Жуырда баспасөз беттерінен мына мәліметті оқып жағамды ұстадым. Ресми дерек бойынша, республикамыздағы наркологиялық мекемелерде 235416 адам маскүнемдік дерті бойынша есепте тұрады екен. Демек, маскүнемдік 100 мың адамға шаққанда 144,2 жағдайға айналған. Бір адамға күніне 12 литр арақ, 31 литр сырадан келеді екен. Еліміздің тұрғындарының 33,3 пайызы, яғни, үштен бірі арақ ішеді. Жас ерекшеліктеріне келсек, 40-49 жастағылар көш бастап, 20-29 жастағылар одан кейінгі орында. Ал, 18-19 жастағылардың үлес салмағы 37,7 пайызды, жасөспірімдердің үлесі 22 пайызды құрайды екен. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының сарапшылары ішімдікті шамадан тыс тұтыну ұлт денсаулығы үшін қауіпті, ұлттың тегін құртады дейді.

Ұлттың тегін құртқаны емей немене, Қорабай көкемнің басынан өткергендерінің өзі талай қасіреттің өзі емес пе? Қай қазақ баласын қаңғытып жібереді? Қай қазақ отбасының берекесін кетіреді? Шариғат та өзіне-өзі қол салғанды хош көрмейді. Оларға, тіпті, жаназа да шығармайды деседі. Шешесі қолы – көсеу, шашы – сыпырғы болып жүріп ит

өліммен өлді. Әйелі босағасын аттағалы рахат, отбасы қызығын көре алмай-ақ кетті. Ұлттың тегі құрымағанда енді несі қалды?

Ер-азамат әрбір отбасының ұстыны, тірегі. Әр әке-шеше өмірге ұл бала келсін деп тілегенде «соңымда ізім қалсын» дейді. Адам ұрпағымен мың жасайды. Әрбір шаңырақ өмірде өз орнын тапқан ұлы – ізбасарымен мақтанады. Ал, сол ат тұяғын басар тайдың тағдыр талайы бұралаң жолмен өтсе ше? Онда отбасы үмітінің өшкені. Арамызда қаншама отбасы өз шаңырағын ортаға түсіріп, ішімдіктің құлына айналып жүр десенші. Өткенде өмір бойы жоғары қызметте істеген бір кісінің жалғыз ұлы ең ауыр індет – есірткіге елтиді деп естігенде не айтарымды білмедім. Сол жалғызбен бірге жалқы үміт те жалп етіп сөнді. Ендігі әке тағдыры не болмақ? Ол да құр тұлыпқа иіген біздің әлгі ала сиыр сияқты өлімтік ұлға үміт артып келді ғой.

Қызық. Сиыр ғой – мал. Түйсік атаулыдан жұрдай. Құр тұлыпқа алданды. Ал, адамдар ше?..

Адамдар алданбайды. Бірақ, үмітін өшіре алмай өтетіндері өкінішті.

Ей, адамзат баласы! Сен де бір үйдің үкілеген үмітісің. Әкең мен шешен, туыстарың, бауырларың құр тұлыпқа емес, тұлғаға қарап қуансын.

Тұншығып ояндым. Біреу алқымымнан сығымдап қысқандай, алқынып тұрмын. Түс көріппін. Баяғы бала кезім екен деймін. Ала сиыр аларып қарайды. Үйге қарай айдаймын, қашады. Арғы жақтан Акқыз әжем көрінді. Көзінде мұң. Жанарында жас. Бір уыс болып бүктетіліп қалыпты. Айтпақшы, соңғы кезде оны «бүкір кемпір» дейтін. Қолын мандайын қойып ту-у алысқа қарағыштайды.

– Қорабай, а, Қорабай, қайдасың?

Әне, ана қыраттан Қорабай көкем көрінді. Қап-қара болып түтігіп кетіпті. Артына қарайламайды. Жападан жалғыз жалаңаяқ от кешіп бара жатыр. Осы оттың шетіне келгенде Акқыз әже состиып тұрып қалды. Алаулаған от өткел берер емес. Бүкір кемпір бүк түсті.

– Қайт, балам, қайт!

Акқыз әженің ащы айқайы екен мені оятқан.

Сол күні Акқыз әжемнің бейітінің басына барып Құран оқыдым. Қүтімсіз қорымның үстін арамшөп басып кетіпті.



Есенғали РАУШАНОВ,
ақын

Үш өлең жаздым. Қызық болсын деп.

Үшеуінің де аты «Мысық», яки, үшеуі де мысық туралы. **Әуелгісін** Қадыр Мырзалиев «болып», **екіншісін** Тұманбай Молдағалиевтің, **соңғысын** Сағи Жиенбаевтың үлгісімен жаздым. Қадыр Мырзалиевтің «авторлығымен» жазғаным мынадай болды.

Шатырға өрлеп тырмысып,
Көзіндегі от қандай,
Келе жатты бір мысық.
Көздегені көп торғай.
Тайып кетіп табаны,
Мысық кенет секірді.
Домаланып барады,
Бейне шарик секілді,
Жорыған-ды ел өлдіге,
Қарай гөр сен мықтыңды,
Шыр айналып келді де,
Аяғымен тік тұрды.
Жаралған ба құрыштан,
Акробат нақ дерсің.
Шыға келіп бұрыштан,
Бір ит сол сәт тап берсін.
Жымырылды қос құлақ,
Айқастың ба, бол епті.
Тырнағымен осқылап,
Жолатпады ол төбетті.
Айтам сөздің турасын,
Әлсізге өмір – зор қайғы.
Мысық болып тұғасын,
Пысық болмай болмайды.
Ал, мынау, «Мысық» Тұмағанның
шекпенінің етегінде ұйықтаған мысық.
Өзімдей жетім едің, сенгіш едің,
Және де аңқау едің, ергіш едің.
Жетімді жетім ұғар, бала мысық,
Көргеннен досың болғым келді сенің.
О, менің, зарлы күнім, жарлы күнім,
Бар еді-ау, кереметтей бал қылығың.

ЖҰМСАҚ

Дәуреннің пластмасса мысықтарын,
Немерем менікі деп алды бүгін.
Көңілдің жығылмады бәйтерегі,
Апаршы сол күндерге қайта мені.
Сені бір сипай салса несі кетті,
Мені бір мақтай салса қайтер еді.
Жетімдер жетіледі дедің маған,
Жүрдім зой ақтаймын деп сенімді
амән.

Алатау оған куә мына тұрған,
Алматы біледі оны менің қалам.
Жылдар- ай, жылдар, жылдар бара-
ды

ұшып,

Өлең деп жан берістік, жан алы-
сып.

Жетімдер жетіледі деп келемін,
Мен сені ұмытқым жоқ, бала
мысық.

Сағи ағайдың «Мысығын» былай
жаздым:

Сонау бір бала шағымда,
Жұп- жуас өзі әдемі,
Жемнің бір арғы жазғында,
Мысығым менің бар еді.
Жекіріп кенет қуса кім,
Қойныма оны тығар ем.
Жұп-жуас менің жұмсағым,
Жұмсағым менің бір әлем.
Болмаса- дағы жырынды,
Алдынан құс та өтпеді.
Құс түгіл, ұшқан шыбынды,
Қағып-ақ түсер епті еді.
Оймауыт бүгін жырақта,
Жабайы мысық көп дейді.
Көп болса болсын, бірақ та,
Бірақ та саған жетпейді.
Асығам ылғи ауылға,
Ауылдың жөні бір бөлек,
Жемнің бір арғы жазғында,
Жұмсағым күтіп жүр ме деп.

Заман-ай десеңізші, ол кезде үшеуі де тірі, үшеуіне де оқып бердім. «Әзілің жарасса...» дегенге жығып. Бірақ, әзіліміз жараспады, әсіресе, Тұмағанмен. Шалың шамданып қалды. «Сен, бала, менімен қалжыңдаспа. Жасыңда

қалжың болсаң, өскенде мылжың боларсың» деген бар. Сен менің Құралайыммен қатарсың ғой. Онсыз да...» деп сөзінің аяғын жұтып қойды. Не айтқысы келгенін білемін, алдында ғана Жарасханның Тұмағаға арнаған ашылау эпиграммасы жарияланған. Жығылғанға жұдырық, менің мынауым онсыз да құлазып қалған ағама ауыр тиді білем. Осы жерде айта кеткенді жөн санап отырмын, эпиграммаға келгенде менің мұным да, басқалардың бұрын соңғы әзілдері де, тіпті, Есенбай Дүйсенбайдың жалаң ұйқасқа құрып бүгінгі жазып жүргендері де Жарасхан жазған қалжың өлеңдердің қасында жіп есе алмайды, қазақта эпиграмманы Жарасхандай жақсы жазған ешкімді көрмедім. Жә, тақырыбымызға оралайық, жақсының ашуы шәйі ормал кепкенше деген, кешке Тұмағағның өзі звандады. «Сен, бала, ененді... неге маған жазасың-дағы, ала қойды бөле қырыққандай, Қадырға жазбайсың?» деп бастап еді, «жаздым, ойбай, Қадырға да, Сағиға да» деп шыр ете қалдым. «Ал, кәне, Қадырға жазғаныңды оқы!» деді. Оқыдым. Тұмағаң көңілденіп сала берді. «Жақсы екен. Енді мұныңды ағанның өзіне оқып бер, сосын не дегенін маған айт» деді. Қадекене бардым, ол тыңдап алды да «Мұны сен Тұманбайға оқыдың ба?» деп сұрады. «Оқыдым» дедім. «Не деді ағаң?» «Жақсы екен» деді. «Е, оның әдеті, жақсы өлеңнің бәрін не Қадыр жазады, не Қадыр туралы жазылады деп ойлайды».

Екі ағаммен солай тарастым. Үшінші Сағи ағаға оқыдым. Жұмсақ жымып күлді. «И-и-и, тұқымың көбейсін, тұқымың көбейгір, әйтеуір қарап жүрмейсіңдер ғой. Дегенмен, анау «шыбынды да жібермейді» деген жерді алып таста, оны сен емес, әуелі Қадыр айтқан, тұқымы көбейсін...» деді. Кейін «Мысықты» Өтежан Нұрғалиев, Мұхтар Шаханов болып та жаздым. Көшіп-қонып жүргенде ол «дүниелерімнің» қайда қалғанын білмеймін, алда-жалда табылса, оқырманға ұсынсам ба деп те ойлап қоямын кейде... «Бабамыздың бабасының бабасы сонау көне қыпшақтар заманында, Таңғажайып Отырар алабында, Бір керемет ақылды мысық бопты, Ақылдысың десе жұрт ісіп-кепті. Ісіп-кеуіп жүргенде қара

басып, Байқаусызда құдыққа түсіп кетті...» деп Мұхтар Шаханов «болып» бастағаным өзіме ұнап еді, таба алмай жүрмін.

Ол кезде біз ауылдан енді келген баламыз, заман басқа, заң басқа, біздің жастығымыз шын мәніндегі жастық болып өтті, қамсыз қарекетсіздігімен, қателік кемшілігімен, аңқаулық албырттығымен, еркелік, еріншектігімен... Ол кезде жастар арасында бүгінгідей сауда-саттықпен айналысу, амалдың жоқтығынан тамыр- таныс қуалау, ағайын-жекжат жағалау, өзінді өзін насихаттау деген ілуде біреу болмаса емге жоқ, есіл дертіміз – Өлең. Дүниеде өлеңнен басқа қызық жоқ. Дүниеде Өлеңнен басқа азап та жоқ. Сол азапқа азат басыңды өзін апарып құл ету неткен ғанибет еді десеңізші. Ағаларымызға қатты еліктейміз, олардың қай қайсысы да өз алдына бір төбе. Қай қайсысының да біз оқымаған өлеңі жоқ. Қай қайсысын да біз, әлбетте өз отырыстарымыз да жеке-жеке талдаймыз. Біздің отырыстар Жазушылар Одағынан гөрі сыраханаларда, қыздардың бөлмелерінде, жеке пәтерлерде, аялдама, жатақханаларда... өтеді. Кейде оларды «Абай жолындағы» кейіпкерлердің атымен атаймыз, ал, кейде өзімізше ат қоямыз. Мысалы, анау бір «көке» Тәкежан, қасындағы тоқашқа тойып алып Одақта алшандап жүретін семіз кедей Әзімбай, анау сұрамсақ, Жұман кырт секілді, мынау Бөжей, анау болса Шұбар, ортаға пәлен деген жазушы ағамыз өткен ғасырда туса кім болар еді деп сауал тастап, соған таласа-тармаса жауап тауып жатамыз немесе түген ақынды жеңгелері бала кезінде қалай атады екен деп өзіміз ойдан шығарған сұраққа өзіміз жауап іздейміз және табамыз да. Лақап есім дейсіз бе, псевдоним дейсіз бе, ол «аттардың» кейбірі болмаса көбі бүгінде ұмытылды. Ал, Сағи ағамызға бірауыздан қойған атымызды ұмытқан емеспін, ұмытпайтын да шығармын. Ол «Жұмсақ» деген ат. О баста бұл «атты» ойлап тапқан кім екені есімде жоқ, өз басым «авторлыққа» таласпаймын. Менің «авторлығымдағы» бір-екі «есім» болғаны рас, бірақ олардың өте-мөте «бездарный» болып шыққаны сонша, араға бір-екі күн салмай-ақ ұмытылды, содан бастап бұл «ойынның» менің қолым емес екенін түсіндім де іргемді аулақ сал-

дым. Қалай десек те Сағи марқұмның екінші есімі оның мінезіне, болмысына, жүріс-тұрыс, жұртпен қарым-қатынасына, ең бастысы өлеңде ол жасаған Мінезге байланысты дәл қойылған ат еді. Бірде қызып алған бір жас ақынның оған, Сәке не Сағи аға деудің орнына шатасып Жұмеке, Жұмаға деп қалғаны да бар. Ертесіне қатты ұялып, қалай кешірім сұрағын білмей «Баспалар үйінің» бесінші қабатында қипақтап жүргені әлі көз алдымда. «Мына тұқымың көбейгір маған Жұмеке дейді, Жұмағали Ысмағұловпен шатастырып жүрсе керек, жоқ Жұмекен деп ойлап қалды ма екен, қасқаның баласы» деп күледі ештеңеден хабары жоқ ағамыз.

Сағидың өлеңдерін неге ұқсатуға болады? Бұның жауабы әрқилы болуы мүмкін. Меніңше оның өлеңдері жаңбырдан соңғы жұпар иісі бүркырап шыққан далаға ұқсайды. Жеп-жеңіл, тап-таза бір әлем. Оны азыңқырап, қажыңқырап жүрген кездерде қолға алатынымыз да содан болар. Қара көлеңкеден жарыққа, лайсаңнан көкорайға, ызғардан шуаққа асыққан адамның жансерігі болатын поэзия.

Сағиды, қысқа қайырып айтсақ, Таза-ру үшін, арылу үшін оқу керек.

Балалық шақтары соғысқа тұспа-тұс келген ақындардың бәріне тән бір ортақ қасиеттер болады. Олардың қай қайсысы да жыл мезгілдерінен Көктемді ерекше шабытпен жырлайды. Әсте, тұмай жатып қара суыққа ұрынып, қиын-қыстау, аш-жалаңаш тар жол, тайғақ кешулерге тап болғандықтан ба қайдам, әйтеуір Жылылық маусымы олар үшін ерекше қадырлы. Көктем, әлбетте бірінші кезекте Тұмағанның маусымы, тіпті лирикадан гөрі салмақты ой айтуға машық Жұмекен мен Қадыр ағамыз да жазғытұрым десе сені бұзылған дариядай жібіп сала береді.

Сағи ағаның көктемі оның жанынан өмірбақи кетпейтін мәңгі бірге маусымы еді.

Сағи ағаның көктемі нұрлы көктем, жылы көктем еді

Әсте адам жасы ұлғайған сайын Жылылықты ұнататын болуға керек.

*Жап-жасыл...дүниенің жасыл бәрі,
Жап- жасыл бұлттар да анау
асудағы.*

*Осынау кереметті көргісі кеп,
Дертін тұр жасыл бүршік
ашылғалы.*

Немесе

*Көктем зулап өтіп жатыр
төбемнен,*

*Көкшіл булар көшіп жатыр
белеңнен.*

*Белді буып бір жұлдызды бетке
алып,*

Бір сиқырлы жолға түсіп келем мен.

Осы жолда өтеді енді өмірім,

Осы жолда қартаяды серігім.

*Менен бұрын кеткендер көп бұ жол-
мен,*

*Мен бұ жолға түскендердің
соңымын.*

Немесе

Көктемде бір көк тоғай

шуылдайтын,

Көктемде бір тұла бой дуылдайтын

Бетке жұққан даланың ақ тозаңы

Ақ жаңбырмен жумаса

жуылмайтын.

Көңілдің де,беттің де кірі кетіп,

Ағушы едік даланы дүбірлетіп,

Ақ найзағай секілді айқыш ұйқыш,

Ақ жауынның арасын тіліп өтіп.

Немесе

Көктемдей нәзік сезіммен,

Кеудені күйлер тербейді.

Қара бір жердің өзін де,

Қаттырақ басқың келемейді.

Сағи ағай, бәлкім алқын-жұлқын асау өлеңдер жазбаған болар, қолдан жасалған патриот ақын, ұлтшыл ақын деген анықтамалықтарда оның есімін кездестірмесеңіз таңқалудың керегі жоқ. Ондай қасиетті атты бүгінде екінші бірі егіздің сыңарына тели салуды дағдыға, әдетке айналдырдық, сондай «тізімге «оның аты ілікпеуі әбден мүмкін, бірақ «ұлтшылмын»деп айқайламай-ақ ұлы істер тындыруға болатынын бір үйренсек Сәкеңнен үйренуге болатын еді. Ертеректе оның Жем өзені туралы бір шағын өлеңі болды. Бұырқанып, бұсанбай-ақ, тасып-төгіліп, орай шауып, ойқастамай-ақ, тып-тыныш қана шымырлап ағып, талай мекенге нәр беретін, әр беретін дала өзенін әдеттегідей әдемі суреттеген еді. Бүгін қарап отырсақ, сол момақан өзен туралы жыр Сәкеңнің өзі туралы өлең екен ғой.

Мен ұлтшылдық туралы сөз болғанда бүгінгі екі иығын жұлып жеп, бара

жатқанның балтасын, келе жатқанның кетпенін алып қалардай аласұрып жүрген көзі тірі «жанкештілерден» гөрі өмірден өтіп кеткен момын ағаларымды көбірек ойлаймын. **Адамды жас ұлғайған сайын сағыныш... ия, сағыныш** деген бір дерт діңкелете түсетіні рас екен, қайран көкелерімнің қай қайсы да сағыныш туралы өлең оқысақ, неге ойланып қалатынын енді түсініп жүрмін. Ол кезде біз кімнің қадырын білдік, ненің парқына жеттік?!

Мен оның Әже туралы шағын ғана өлеңдерін басқалардың арыстандай ақырған, өлі әруақтарды шақырған «ұлтшыл» дастандарының ешқайсысына да бермес едім. Ол қазақ поэзиясында Әже бейнесін қайталанбастай ғып сомдай білді. **Оның әжесі сенің де, менің де, оның да әжесі секілді әсер қалдырады. Ескі мақал «аспанда ай ортақ, көкте күн ортақ» дейді. Жерде жақсы адамдар ортақ. Таныс образ. Әлсін-әлсін қайталап оқып тұратын өлеңдерің болады емес пе, мен үшін сондай жырлардың бір оның «Ауылға барғанда» атты Әже туралы баллада-сы.**

*Өзімнің ғана балам деп,
Өсірген мені бауырында,
Бетімнен туган анам кеп,
Бір сүйген емес алдында.*

Бар жоғы бір-ақ шумақ. Осы төрт жолда қазақ деген ұлтта ғана болатын Әже бейнесі бар. Көп сөз, артық бояу жоқ. Әжесінің бауырында өскен бала оқудан ауылға қайтып келеді. «Жеткізер емес жол да әлі, Жүрісі шабан нардың да, Ақ қайың құсап жондағы, Ақ әжем отын алдымда. Билік жоқ бала шағаға, Болады соның айтқаны Барыпты сонау қалаға Өзі алып мені қайтқалы» дейді. Кенет түтіні шұбап ауыл көрінеді. Етегіне сүріне-қабына бір әйел бұларға қарай жүгірді. Жолсерік пошташы шал «**құдай біледі, шыдамай жүгіріп келе жатқан мынаның шешесі шығар**» дейді. Айтса айтқандай, алқынып жеткен ана нардан домалап түскен ұлын құшағына қысып «құлыным» деп жылап қоя береді. Ана жүрегi деген осы. Ол керек десен тау бұзады, тас қопарады. Бірақ... Сол сәт түйе үстінен түйіле қараған кемпір:

*– Болды ғой, деді соншама,
Қамкөңіл жандай зарыққан,
Күлмей ме мынау ел саған,*

*Ұялсаң нетті халықтан.
Алқынып сонша ұшпай-ақ,
Ауылда күтсең не етеді.
Белгілі сүйіп құшпай-ақ,
Баланың сенікі екені.
Біледі бүкіл қауым да,
Ашуы жоқ-ты мұншалық.
Қарамай тартты ол ауылға,
Қамшымен нарды бір салып.*

Осындағы «белгілі сүйіп құшпай-ақ баланың сенікі екені» деген сөздің қаншалықты салмақты екенін сезу үшін Қазақ боп туу керек. Әйтпесе, «онда тұрған не бар, шыны сол емес пе?» деп желе жортып, сыдыртып өте шығуға болады. Ұлт ерекшелігі деген осы сынды өте нәзік пірімдерден құралатын болуға керек. Қазақ деген кім десеніз, қазақ деген осы Әже. Оның осы бір сырт қарағанда зілсіз ашуында дүниені теңселтер күш бар. Оған қарсы тұру мүмкін емес. Ұлтымыздың ұят-иман, обал-сауап дейтуғын рухани әлемдік институттарын қалыптастырған да, оны ғасырлар бойы өзгерту, құбылту, модернизациялау сүргілерінен аман сақтап келе жатқан да сол күш. Сол күшті сезінбегендерді, сезбей өскендерді аяу керек. Түптеп келгенде әңгіме ұлтты сақтап қалу туралы болып отыр.

Арада жылдар өтті. Бала есейіп ер жетті. Әже о дүниелік болды. Кешегі келіншек бүгінде Әже. Кезекті сапардан ауылға оралған баланы тағы да ауыл қыр басынан қарсы алады.

*Аймалап жатқан көппенен
Анам да бірге ұмтылды.
Қинады-ау, сол шақ өзін де,
Құшаққа мені ала алмай.
Аймалап жатқан кезінде,
Ақ әжем көріп қалардай.*

Оның Әже туралы тамаша өлеңдері тек мұнымен шектелмейді. Әже туралы әрбір өлеңі ескі тақырыпқа арналғанмен шын мәніндегі жаңа дүниелер болды.

*Әжесінің жасайлы арқасы,
Секілді мамық құстөсек.
Жабысып қолдар, айқасып,
Ертеден кешке түспес ек.
Шешеге бір сәт ұнамай,
Түнере қалса бұлт келіп,
Әжесінің бауыры ұядай,
Кетуші ек оған зып беріп.
Сәні еді ауыл үйдің де,
Жүруші ек оны пір тұтып.
Жеткізген бізді бұл күнге,*

Жабағы жұлып, жүн түтіп.

Шынында, соғыс жылдары есейген акындар үшін Әже ерекше тақырып. Мұқағали айтады:

Жетер енді, жел сөзді желпіді інің,

Жолаушы аға барсың ба, мен тірімін.

Атын былғап аман-сау жүрсің бе сен,

Қазақтың қасиетті кемпірінің.

Жүмекен ағамыздың әжесі әуелі өлеңдерінен көрінсе, кейін келе проза-сына көшіп оқыған адамның жадында мәңгі қалатын образға айналды. Қадыр ағамыздың Әже туралы өлеңіне Нұрғиса Тілендиев ән жазды.

Күнделікті өмірде ыңғайға көнгіш, момындау, қақ соқпен ісі жоқ, дау-дамайға араласпай тыныш өмір сүретін «жұмсақ» ағамыздың қайыңның безіндей қатты, қара емендей қайсар мінез танытатын тұстары болды. Ол кезде былайғы жұрт Сағи ағаны тани алмай қалатын. Әңгіме қазақ өлеңінің тазалығы туралы болып отыр. Ол «Жазушы» баспасының поэзия редакциясын басқарып отырғанда қаптаған қалың халтурамен аяусыз күресе білді. Бұл айтуға оңай сөз. Принципті басшы болу деген қай кезде де жау көбейту дегенмен бірдей. Сол заманда әдебиеттің маңында жүретін кісілердің бәрі білетін бір акын болды. Ешкімге залал-зияны жоқ жақсы кісі еді марқұм. Әттең, өлеңі өте нашар болатын. Соған қарамастан қалай да кітап шығаруды мақсат тұтып, түрлі айла-шарғылар жасайтын. Оның қай қылығына да төтеп берген Сағи аға болды. Сағи аға бастаған поэзия редакциясының әділдігі арқасында ол кісі «заманның ұлы халтурщикі» атанды. Бірақ, ол бұл атаққа намыстанбайтын, күліп қойып, «шедеврларын» әрі қарай туындата берді.

Сондай бір «ұлы шығарманы» талқылауға қатысып отырсыз делік. Мынадай қойылымды көзіңізге елестетіңіз. 1980-жылдар... «Жазушы» баспасы. Поэзия редакциясы. Кезекті арыздан соң арнаулы комиссия құрылып, «ұлы акындардың жаңа шығармаларын» талқылауға жиналған жұрттың арасынан, әлбетте бірінші боп Ғафекең, Ғафу Қайырбеков сөйлейді. Сөйлегенде не дейді?

– Сен, Сағи қарағым, қандай жігітсің

өзің, сені біреулер қой аузынан шөп алмайтын жуас деуші еді, біреулер жуас қашаған деді, екеуі де емес, қолынан іс келмейтін бозбас біреу боп шықтың ғой. Егер поэзия редакциясын басқару қиын боп жүргенін өзің айтуға ұялсаң біз айталық Есағаңа (*Есағаң – Есет Дүкебаев, «Жазушы» баспасының сол кездегі бас редакторы*) ертең-ақ приказ шығартады, – деп қаһарлана бастайды сөзін. Кең бөлме құлаққа ұрған танадай тып-тыныш. Сағи ағамыз сыр берер емес, төмен қарап жымыған қалпы міз бақпайды. Аға буын даудың арты не болар екен деп аңысын аңдып үндемесе, біз сияқты жастар бір бұрышқа тығылып демімізді іштен алып үредектеніп отырмыз. «Шырағым Сағи», – деп жалғайды сөзін Ғафекең, біз сені бұл араға халтурамен күреседі деп отырғыздық, ал сен болсаң құлыңнан сақау, құнаннан тісеу қалдырмай ойдан қырдан, Еділ, Жайық, Сырдан тіпті, понимаешь жерден көктен бүтіл халтураны жиып әкеліп біздің алтын уақытымызды алып талқылауға саласың. Алтай-Атырауда «Жазушыны» жағаламайтын халтөрішк қалды ма өзі? Неменеге алыстан іздейсің ондайды, алыстан арбалағанша, жақыннан дорбала дегенді айтқан ата-бабаң сен екеумізден гөрі ақылды кісілер еді десем бұған да дау айтатындар бар ма, со принциппен келгенде мына ортамызды толтырып отырған қадырлы Әбекең, Әбулақап Райымбеков ағаң кімнен кем, жоқ сен айт, сен айт қане, айтқанда дар алдында тұрғандай төмен қарап міңгірлемей, ар алдында тұрғандай басыңды көтеріп тұрып айт, естілік бәріміз, естісін Алаштың азаматтары, қайсысынан кем солардың мына отырған есіл Әбең? «Азаулының Стамбұлдан несі кем», безобразие, арғы бергінде қырық мың жол жазған кімің бар, көлем жөнінен Гомеріңнің де енесін ұрып жібермей ме, Әбулақап ағаң. Жоқ, шырағым Сағи, сенде аға силау деген болмаушы ма еді, а?» деп бір қайырғанда зал толы жұрт не күлерін, не күлмесін білмей аңырып отырып қалады. Әбекең марқұм қожанасырлау кісі **«Ғафеке, мен туралы Сағиға Хаман да (Хамит Ерғалиев) айтқан, бұлар Хаман да құлақ аспай отыр ғой?»** деп арқалана бастап еді, жұртқа ілесе Сағи ағай да күліп жіберді. Ғафекең болса, **«Әне, Әбулақап, көрдің ғой, күлгені келіскені, басылады кітабың, басылмаса Хаманды қоттап-қоттап қайта**

саламыз, қорықпа» деп тағы күлдірді. Кейін Сәкен осы тақылеттес ситуациялар туралы: *Бар екен гой қызық қызық тіршілік, Тұр екен гой сәуле шашып, күн шығып. Өмір бойы жүріпін гой, обалай. Әбулақап арызына тұншығып* деп жазды. Өмірінде кісінің бетіне жел боп тимеген момын ақынды осындай қатқыл шумақтар жазуға мәжбүрлеген нендей жағдайлар еді? Осыдан-ақ ахуалдың қаншалықты күрделі болғанын аңғару қиын емес.

Әлбетте, қысыр сөз күлмекке жақсы, анығында сіз бен біз тоқырау кезеңі деп есекке теріс мінгізіп қойған сол заманда әдебиеттегі халтурамен күрес аяусыз жүрді. Бармақ басты көз қысты, басқаны білмеймін, әдебиетте жоқ еді. Бәлкім қызметтен өсуде, ақша табуда, орден, атақ, шен шекпен, қаламақы, пәтер, саяжай, машина алуда заңсыздықтар болса болған шығар, бірақ Әдебиетті бағалауда халтураға жол берілмеді, поэзия ағайыншылық, жерлестік, жікшілдік деген дерттерден таза болды. Нәтижеде, қазақ әдебиеті осындай биік дәрежеге көтерілді, әсіресе поэзия жанры қатты өсті. Образ жасауда, көркемдік көкжиектерін кеңейтуде, техникалық, формалық ізденістерде бұрын-соңды болмаған табыстарға жетті. Сол екпінмен өткен 90-жылдардың орта шеніне дейін келдік, одан бергі жерде өз басым ілгерілеуді көріп отырғам жоқ, баяғы шалдар салып берген ескі сұрлеуді шиырлап келеміз. Қатал сын, әділ таразы жоқтың қасы. Есесіне бұрын соңды болмаған, көз көрмек түгілі құлақ естімеген артық бағалау, асырамақтау, біржақтылық, одашылдық, ұраншылдық басым. Бұрын мұның бәрі ұят саналатын. Қазір осы тақылеттес өлең жазбасаң ұят. Шаруаң ілгері баспайды. Шалқаңнан түскенінді аңғармай қаласың. Ең жаманы осындай моральдағы тұтас жас буындар қалыптасты. Ол кезде қазақ әдебиетінде жалғыз Әбулақап болды, бүгінде әр облыс, әр аудан, әр ауылдың өз Әбулақабы өсіп жетілді. Біздің Әбулақап жасамыс кісі еді, бүгінгі әбулақаптар жасарып келеді. Бұлардың біреуіне сын айтсаң, қалғандары Р. Киплингтің «Мауглиіндегі» бандерлогаларша шу-

ылдайды. Ол кезде әдебиетке байланысты әрбір сыйлықтың өз салмағы болды, бүгінгідей балық үлестірген сынды қарбалас ол кезде болған емес. Әдебиет Әдебиет еді.

Қалай болғанда да, Сағи ағамдар бақытты ғұмыр сүрді. Мәнді, мағыналы Өмір кешті. Ол жаман өлең жазуға алдындағы Қуан ағаң Шаңғытбаевтан ұялды. Себебі Қуан ағаң қазақ жырына адал боп өтті. Оның кітабына «АР» деп ат қоюуына моральдық та, шығармашылық та толық құқы болды. Ол туралы кезінде Ұлы Мұхаң, Мұхтар Омарханұлы Әуезов айтты. *«Сағиларға жүрмей-ақ аға болып, Өле өлгенше өтсем гой бала болып»* (Қ.Шаңғытбаев).

Мұқағали халтураға бармады. Алдында *«ашулы Грозный патшаға ұқсап»* Әбекем, Әбділдә Тәжібаев тұрды. *«Жаман жыр жазған күні ақ таяғың, Арқамда ойнар ма деп қауыптенем»* (Мұқағали).

Ия, олар бақытты адамдар еді. Мен суретші емеспін, суретші болсам таңғы таза ауамен тыныстап, жаңбырдан соңғы шықты кешіп келе жатқан, ақ көйлек киген бір топ адамның бейнелерін салар едім.

Сол кезеңнің ақындарының қай-қайсы да өзінен үлкен ағаларын кереметтей сыйлай білді. Сәкен Сырбай ағаға арнаған өлеңінде аға сыйлаудың қандай болуға керегін көрсете білді. Ал Досхан Жолжақсынов әнге қосып айтып жүрген *«Ауыл қарттары»* бүгінде классикалық туындыға айналғанын бәріміз де көріп отырмыз. *Дүниеге келер бір рет, Дария – кеуде, тау мүсін. Құрыштан құйған құдірет, Қарттарым, есен-саумысың? Өздерің болсаң жанымда, Ел іші – жомарт, еңселі. Дән исі жүрген бұрқырап, Даламның бір-бір бөлшегі. Арада жылдар жөңкіліп, Алыстан кеттім біртіндеп. Айта алмай ауыз толтырып, «Ассалаумағалейкүм!» деп...*

Мен Сағи ағамен көзі тірісінде көп араласпадым. Таныс-білістігіміз аман-саулық сұрасудан әрі асқан жоқ. Бірақ, неге – дүр, жыл өткен сайын, ағам алыстаған сайын мен оған жақындап келе жатқан секілдімін. Неге бұлай екен, а?



Сәрсен Бек САХАБАТ,
ақын, түріктанушы, Ресей
халықаралық психология
академиясының
мүше-корреспонденті

Аян көкем

Атасын керек қылмайтын тентек неме, Шерағаң айтпақшы. Абай, Шоқан, Хафиз, Сағди, т.б. дегендей Шығыстың шалқымасын ұстанғысы келгені ғой, Аян көкемнің. Алдына арыз айтып келген немені Шерағаң мақтамен бауыздаған: «Аяндай болу Шығыс салтын білмейтін сен немеге қайдан» десе басы дауға қалмақ. Ақылды, көпті көрген Шерағаң әзілмен әдемі құтылып кеткен. Аян елдің жанын, дәстүрін, ақыл-ойын тереңнен түсінеді. Ал, елі оны түсіне ме? Ағасы текті Тәкен тұспалдап кеткеніндей тағдыр мен пенде арасындағы бұл өмірі бітіспейтін дау-дамай көкемді қайбір жетіскен пенде дейсің. Ата-анасы Алладан сұрап алған, зарығып көріп бетіне қарамаған бір жапырағы, ұлдан жеке кіндік. Аллаберген, Тәңірберген, Құдайберген, Берді, Әзіретберген, Қожаберген – бере салған қарасирақ аз ба?

Аянсейіт – Шаянның бір сейіті бере салған, әрине, аян білдіріп, бір бала ғой. Атасы қан майданға аттанғанда іште қалып, аянымен дүниеге келген де шығар. Аянсейіттің түсіндірмесі осы! Ал, Аянсейітхан ше, хан, бай, бек – тым шымкентше шұбыртпалы тіркемелер ғой. Арасын бөлсең – Аян, Сейітхан. Ақынның ойыны ғой, әсіресе. Аяулы мезірет-мағыналы, әдемі, ұлттық; Сәкен Сейфуллин де ұлына Аян деген есім берген. Аян, Баян, Саян – сырт ұқсастығы болмаса, мағынасы білем-білем жеке білек.

Аянсейітхан – азан шақырып қойған аты, төлқұжатқа солай түскен. Ата-анасының қалауы солай өздері ұйғарған

АҚЖЕЛЕҢ

шәріп есімі. Аян қысқа-нұсқа, ерке балалығын еске салып тұратын. Ата-анасы еркелетпей біреу еркелетті деймісің, міне, осыны ұмыта алмай жүр. Аянсейітхан – Аян, Тәңірберген – Тәкен, эне, кімге ұқсағысы келеді.

Апайтөс Аян көкем. Айт-айтпа нағыз супер. Ақын деймісің. Ақылды тентек деймісің. Алашапқын эстет, әсеист деймісің. Аяннан аяғанды қызыл ит жесін! Абыздарға іні, шәкірт, ізінен ергенге сыйлы аға: Исраил, Нармахан, Сағынтайға құрдас. Атақтары осындай тым қарапайым. Аян көкем де қызық: «Мына Нармаханның айтулы ақын болғанын мен сіздерге айтайын, ол өйткені маған жиен» дейді. Айнала беріп басқа бір жердегі кездесуге барғанда: «Нармахан менің нағашым» дейді. Аян көкеме, әлбетте өкпе мен сын жүрмейді.

Адастыра салуы оңай.

Ашуына тисең ақ дүлей болатын баяғыда, бұл күнде әбден басылған ақ желең. Ана бір жылдары:

Құрақ көзін тұр ілмей,

Саф ауасын сіміртіп.

Ағып жатыр білінбей,

Оңтүстіктің ымырты – деп жазған, алқымы ісінбейтін Аян ақын. Ағыс ақпа заманды алысқа алып кетті. Адамзатқа, қазекеме, әдемілікке, ойлылыққа сөз арнаған ақын аман қалды. Ара-арасында заманына да зерде салған. Айыбы жоқ.

Айдай ақ әлемге жар салып,

Шықтың алып тынымы жоқ

жолға ауыр.

Асқынбапты, заманына күйлеген күйкі пенделікке. Аузын толтырмапты. Артынан қуа бермепті, пәршелеп форматқа сіңістірмепті.

Алдияр уақыт, аялап,

Қарайыншы жүзіңе бір, аяулы-ақ,

Ғашығыммен жүздескендей

бетпе-бет,

Отырайын сырымды айтып, ой аулап.

Аян көкеме бәрібір, уақытқа да ғашық бола салатын. Алайда, мұнысы дұрыс хәм ішті іңкәрлік. Айтары жоқ, ой аулаудың өзіндік қарым-қабілеті. Ақжелең деп ек мінезі аңқылдаған. Ол оқыған-тоқығаны мол, тіпті, «оқу өтіп кеткен» ерекше мінезді ақын. Ауылда жүріп орысша оқуға қолы жетпей Мәскеуде жүргенде соның есесін қайырам, орнын толтырам деп көңілі өреки берсе керек.

*Борышым көп,
Жетпейтіндерім бар әлі.
(Ойлап келем соны өтеудің амалын)
Бірінен соң бірі сан ұрпақ
Эстафетаны алады.*

Аянға дейін бұлай айтылмайтын. Анығы солай. Азаматтық лирика дейтін айқайлауық поэзия бар еді. Айтатыны – Күнкөсем, Мәскеу, КПСС, ВЛКСМ. Ал Айкең «Менің өмірім күрделі өмір, түсінем» деп анығын ашық айтып отыр.

*Үнсіздіктің тілін өзім білемін,
Нәресте үнсіз күнге созды білегін.
Сүйгенімен көзі арқылы ұғысқан
Қарашы әні, ару қыздың гүл өңін.*
Арқалы Аяннан мұндай нәзіктік күтудің өзі қиын. Алайда, адам жаны жұмбақ. Ақын дегендерің сынапша сырғый береді.

*Анда-санда ойға шомып аламын,
Бірақ үнсіз қала алмайды жүрегім.
Алдыңғы шумақ та әсте осал емес:
Сезімді сақтап тұрған өткір ең,
Үнсіздікпен кездесесің көп кілең.
Бәрі соның құр мылқаулық емес қой,
Кезі келсе сөйлеп кетер шетінен.*

Аян көкем өрелі ақын. Айналаға жалтақтамайтын. Асау тентек, оны оқуға интеллектуалдық дайындық хәм пенде мінезін тереңнен таныр байқампаздық керек. Аңырай соғатын көкемнің сыртына сала қоятын мінезі, ал, іші жұмбақ.

*Күн өзіне, өзі күнге ғашық па,
Бозторғайдың көмейі күй төгеді.
Екі ынтызар бір-бірінен қашықта,
Сұлулыққа дүние тұнып келеді.*

Аманбай мен Алмакүлдің ынтызарлығы десе өз басым сенбес ем, тіпті, мазақтап күлер ем.

*Жер бетіне, көк күмбезден нұр құлап,
Қандай нәзік алтын шашақ жіп өрді.
Жалбыздардан жұпар иіс бұрқырап,
Дүниені сергітті де жіберді.
Дәл бұл шақта толықсыған реңі,
Сол самалдың құшағында гүл әлем.
Соңы жырлап титтей құстың,*

Жүрегі жарылып кетпей тұр әрең.

Алқына кетпейтін Аян көкем-ай. Алғырлығың бөлек, соны бағалайтын сыншы жоқ. Ақынға «сен неге пайласуфсың» деп саусақ безеуге ешкімге хақы берілмеген.

*Күй тынды үнін жайып қасіреттің,
Ол тапап жүрегімді басып өтті.*

*Қапыда жазым болған құралайдың
Мөлтілдеп жанарымда жасы кетті.*

«Атаққұмар болмаңдар» дейтін Тәкен Әлімқұлұлы, төңірегіндегілерге. Айнытпай құлағына құйып алыпты осыны. Аян көкемді айтам. Алдын термелеген өлеңдер көкемнің он алтысы мен жиырма бесі аралығында жазылған. Албырт жастағы «самородный сары алтын». Ауыртпалықта ерте есейгендер, өзі айтпақшы:

*Болашаққа бет алып, белін бекем
бузғандар,
Нартәуекел, алға тарт, қырқынышы
жылы туғандар.
Айтқыш-ақ, супер көкем!
Көркем көктем аралап аулымызды,
Қырда түнеп қалыпты
жылқышымен.*

Айтары жоқ, ұлттық нақыш-әсіресіз қарапайым. Ақын әманда әмбебап, сөзбен сурет сала беретін сезімтал:

*Бір жақтан тіршілікті
бұйықтырып,
Бұлақтар жатады бір күй ұқтырып.
Өмірдің шоқтығынан дүниеге,
Адамдар қарайды екен биік тұрып.
Аянның пәлсапасы қызық-тура сілте-
мейді, табиғатты көзінен тізбейді, бірақ,
көз алдында тау суреті тұнып тұр.
Сызылтып жсел ойнаса сыбызғысын,
Билейді өрімталда уыз пішін.
Ақиық жіпті шолып жем іздесе,
Білдірмес тау тағысы
жымысқы ізін.*

Ақ жанын алақанға жайып салған Аян көкем. Ал, таңданбай, сұлулықтан сімірмей көр.

*Сыршыл түн де бейне сылқым
келіншек,
Судырлатып жүрген көкіш көйлегін.
Аңсарыңды арбаған, сұлулыққа
сүйінген жаны нәзік.
Ақырын тербей береді.
Туған жер, баса алмаймын
құмарымды,
Сағындым жанға шәрбат
бұлағыңды.
Кім деме саған дәйім талтынатын,
Өзіңнің қара балаң бұл кәдімгі.*

Ақпейілдің анық сөзі, қанық бедері.
Алдамайтын, өтірікті соқпайтын, құрақ
қиыстырмайтын. Адам баласына тән се-
зім пернелерін басса да:

*Жақсы күні кез болдым ба,
Жат мінезді көрмедім.*

*Жігіт үнсіз жапырақты жұлмалап,
Жүрегіннің дірілдерін жүр санап,
Сағат тілі өте баяу жылжыды,
Бойындағы бар сабырын ұрлап ап...*

*Көңілімнің әнші құсы едің сен,
Күлкіге толы көмейі.*

Ат шаптырып, аттан жарыстырып
өзін көтермелеген той бермепті. Ада-
лынан таймағасын болар. Атаққу-
марлықтан бойын таза ұстаған Аян-
ның қарапайымдылығы. Ауылға
келеді. Аздап еркелейді. Аунап-қунап
қайтады. Ақындық – кие, байлық,
бардамға бой бермейтін. Асып-таспай-
тын Аян ағамыз қарақан басын күйт-
темейді.

Аспан айналады – дүлдүл дәуірлер
дүмеп өтеді. Ақындар өмірге келеді хәм
кетеді, өміршең өлең қала береді. Ақиқат
солай.

*Бозамық таң... Бозторғай безілдеді,
Боз жусанның дір етті сезімдері.
Алмағайып кешеміз.*

Атаққуарлықтың алдамшы екені
осыдан. Аян көкем қалай ой тудырады
екен.

*Тағдыр сенен көп сұраман тілекті,
Азын-аулақ көрдім де сый-сияпат.*

Аспайды шектен өкіре қоймайтын
өзімшілдік. Азын-аулақты місе тұтқан.
Астамшылықтың мойынына асыла кет-
пеген.

*Түнжыр аққан өзендей өзгеріпін,
Өмір, сенен көп алып, аз беріпін.*

Аян ақын аяғынан шалдыратын
емес. Ары басқан құрлы құлпыра
бермек, қызықтыра түспек. Айшығы
анық, өресі өріс, машығы – миықты.
Алып та, шалып та жығатын әмбебап.
Ақын пайласуф, өзіне сын көзімен қа-
райтын сарабал. Ақынның қызық-
пайтын, оқымайтын кітабы жоқ – бұл
ерекше мәдениет.

*Біз өскеміз ертегілер ішінде,
Тәтті қиял кешпейтін күн кем еді.*

*Әлі күнге балалықтың түсіне,
Экзюпери шаһзадасы енеді.*

Аян көкеме тән тағы да бір ойлы
образ: «Ақ далада аңқылдаған ақ са-
мал». Аумаған өзі. Автопортреті дерлік.
Ауыр да емес анау айтқан. Айыбы – жау-
ыр, өлместің күнін кешкен өлшемдерге
сыйысқысы келмеген асау жанында.

*Тереңдерге үңілеміз, дегенмен
Қайда да бар набыт заман нышаны.
Қадыр жайлы қам-қарекет*

жсегенмен,

*Баурап жатыр беймәлімдік құшағы.
Апыр-ай! Атақсыз да өлмеген ақыннан
бәрін күтуге болады. Ақиқатты ең алды-
мен. Аласармайтын қазақы өр мінезден.*

«Ақындар аллеясымен» ақырын аян-
дап қыдырып келе жатқан Аян көкем:

*Анау тұрған от шайнаған Қасым ғой,
Толқын шашты Абдолла тұр*
қасында.

*Әне, Илияс әлденеге шұқшиып,
Тұрды қыран қабағымен түксіп.
Шабыт шоғын үрлетіп бір иінде,
Сұлтанмахмұт сол жап-жас тұр*
күйінде

*Әріректе сұсты Абай асқақтай,
Қарап қапты барлығына қас қақпай.
Одан әрі дауаламай жүрегім,
Әрі-сәрі тұрып қалдым білемін...*
Арқа-жарқа ақ шуақ. Айтарын бетіне
қарап тура айтатын Аян көкем ғой бұл
кәдімгі!

Ақын жалғыз қалмасыншы...

*Қинап ішкі жан дауысы,
Жүреді ол жалғыз кейде.
Көңіл құсы самғау үшін,
Шұғылалы таң іздеді ме.*

Алдыңды ораған ақжелең Аян бола
біліпті Тәңірден.

Аян ақын. Абай атындағы «Ақындар
аллеясын» шіркін қайта жазар ма еді!
Ағама ақыл айтып өле алмай жүр деп
едің. Азғырмандаршы үйтіп. Аянның өзі
сол аллеяда тұруға тиіс Ақынның бірі.
Айтпағым осы әл-Фараби аудармашы-
сына. Аудармаға тым құнықпапты. Ата-
сының бәсін бұлдыратпайтын дегені
шығар. Ақылды менің Аян көкем. Аз ай-
тып, жаз жайдары назымен есте қалған.
Ақ болмысымен.

*Асырмадық-жасырмадық.
Ақылымыз жетсе Аянды оқиық!*



Дулат ТҰРАНТЕГІ,

Талғам мен таным таразысы (Әдеби сын - эссе)

Ең бастысы әдеби орта болса немесе Тәкен тағылымы

Баяғыдан қалыптасқан әдетіміз әлі де сол қалпында. Анау-мынау ұрыс-керіске бергісіз қызу пікір талас кейде мойын тамырлар білеуленіп, шеке таспалары шодырайғанша толас таппайтын. Алдында әдемі әдебиет кештерінен басталған сыр-сұхбат айлар өте айбарланып, салихалы ізденістерге ұласып, құныға-құныға кітаптар ақтарып кететінбіз. Басшымыз да бастаушымыз да ақын Бәтимә Батырбекова болатын. Ол бізге әдебиеттен сабақ берген. Келе-келе бұрынғы талпыншақ шәкірттері тырнағы өскен тірек қыраннан топшысы бекіген мұзбалаққа айналып тұғырын тастап, шырқау биікке самғап кетер хәлге жетті. Бұдан әрі ұстаздың өзі шәкіртке айналып, талантты түлектердің қарым-қауқары, ой-өрісі, біртін-біртін өз заманының ортақ зердесі деңгейіне жетіп, кейде тасып төгіліп сапыру бермей буырқанып қайнап жатқанына тәнті болатын. Енді, ақын қыз өзі де ширығып, жазғандары мен жазар өлеңдерін әбден иі қанып, көңілінен шыққандары болмаса, бірлі жарым олпы солпылау дегендерін жалаулата бермей, қымтай бастаған. Мыналардың беті жаман. Олардың ондайлығын шығып жатқан кітаптарды талқылап, жүндей түтіп, ұнамды-ұнамсызын, тақырыбы мен тілін, баяндау, уақиғаны өрбіту машығы – түптеп келгенде автор мен кітаптың жетер мәресі мен шырқау биік арман-аңсарын алақандарына салғандай ғып жіліктеп тастайтыны сұмдық. Сонда, олар кітаптан кемшілік іздеп, сынап-мінеуді мақсат етпейді, өздерінің алып ұшқан асау көңілдеріне қанат бітірер қасиетті Музаны іздеп, сөздер мен сөйлемдерден тұшымды тың өрнектер, әсерлі бояулар күтетін.

Топ басшысы Төлеген Токбергенов. Мұның стихиясы – сыншы В.Белинский, Әуезов пен Шолоховты пір тұтады. Онан соң Мырзабек Атепов, Жанғали Меймандосов. Арасында біз де бармыз. Бұлардың бәрі де өлең жазады. Түбітiek бозбалалық шақ өтіп, қылшық мұртымыз тебіндей бастаған. Бір жазда Мәскеуден ауылға Тәкен Әлімқұлов келді. Жанында қосағы Эмма бар. Екеуі аппақ боп, жеңіл киінген. Қос аққудай боп

қатар жүріп Шолаққорғанның шығыс жағындағы Өрқақпаның түбіндегі Бибі Майрам бұлағына келіп тамсана дәмін алып, ұзақ су ішті. Бізге бәрі таңсық. Жүргені, тұрғаны, сөйлеген сөзі, тамақ талғағаны бәр-бәрісі. Мырзабектің үйіне түсіп, сол кезде ауыл кеңестің төрағасы болып істейтін Әтепов Мел-декеңе ат тауып беріңіз, біраз сергіп, серуендеп қайтайық деп қолқа салған. Ал, мына кітапшыл топқа ол кісінің әңгіме айтқаны қызықты. Көбіне үндемейтін адам, енді кілең жас жігіттер айнала қоршап алған соң көсіліп бір кететін шағы болатын. Көбіне Абайдан бастап, орыс әдебиетіне, одан Еуропаны аралап, А.Пушкинге келіп тірелетін. Ол кезде Пушкиннің туғанына 150 жыл толып, оның қазақ тілінде қалың кітабы шыққан кез. Сол кітаптағы Тәкен аударған бірнеше өлеңдер бар. Төлеген мен Мырзабек сол аудармаларды дауыстап жатқа оқып берді. Мақам басқа, өздері көп оқыған қиссалардан, он бір буынды қара өлеңге келмейді. Біртүрлі жаңаша ырғақ, екпіндетіп, қолды сермеп оқығанды қалайтындай. Жастарды осы жаңа леп қызықтырады.

*Құшады мұнар, ышқынып теңіз,
Жағаға шыға келеді ойнап.
Толқынға төніп шыңда тұр бір қыз,
Аққудай түнгі қанатын қомдап.
Жарқ та жүркі етіп қанаты жалын,
От нәзжағай тартады қызды.
Ұшырып қыздың орамал шәлін,
Ұйтқиды дауыл теңселтіп құзды.
Бозғылт бір тартып, жылтылдар*

аспан,

*Тұманда сұрғылт тамаша теңіз!
Дауыл, көк толқын, бәрінен асқан,
Емес пе гажәп шыңдағы сол қыз!*

«Құшады мұнар...» деп аздап пауза сақтап, одан әрі әр сөзді мәнерлеп, өздері өмірі көрмеген, бірақ, өлеңнен танып тұрған теңіз тынысын сезгендей.

– Бәрекелді! Әдебиетке бет қойғандарың жақсы екен!

Онан кейін жазушы ағамыз ұзақ-ұзақ әлем әдебиетінің классиктері жайлы әңгімелер, ән жалғастырып кететін. «Жас кезде оқығанның пайдасы көп, біріншіден уақыттан ұтасындар, ойынның есебінен, екіншіден осы кезде оқығандарың ойда ұзақ сақталады. Ал, сендер оның үстіне оқығандарыңды ортаға салып талқылайды екенсіңдер, бұдан өте жақсы талғам қалыптасады».

Қазақ ақындарынан Қасым Аманжоловты, Қуандық Шаңғытбаевты, ерекше бөліп айтатын.

Гали, Мұзафар, Тақауи, Қалижан ақындардың аударма жасаудағы ізденімпаздықтарына тәнті екендігін жасырмады.

– Аударма жасау кісіні, ақынды дегенім ғой, қатты өсіреді. Сендер кітап оқумен қатар айналаны мұқият зерттеп, зерделеуге мән беріңдер. Қандай шөп өседі. Мысалы қырғыз ақыны Молдақұлыштың «Шу баяны» дастанында тізбектелетін өсімдік атауларына ғалымдар таң қалған. Жұсан мен бетегеден басқаны білмейтін жазушы төл туындысында табиғаттың нендей өрнегін жасамақ. Оқушыны осымен де ынталандыруға болады. Төрт түлік малдың атаулары ше? Білетіндер түйенің жүз атауы бар дейді. Қыран құстар ше? Олар сұңқар, жағалтай, күйкентай, тұрымтай, қырғи, тұнжыр, түйғын, лашын, қаршыға, ителгі, бидайық, самұрық болып кете береді. Қара бүркіт, көк бүркіт, сары бүркіт болса, бұлардың әр қалай мінез, ерекшеліктері бар. Тау қыраны, түз қыраны құм қыраны дегендей... бұлардың да айырмашылықтары бар. Оқу бар да, ой өрісті кеңейту бар. Қазақ әдебиетінің майталманы М. Әуезов Еуропалық әдебиетте Виктор Гюгоға ерекше ден қояды. Оның «Абай жолы» романының ұзын ырғасында бейне жүйесінде, сөйлем ырғағында, иә, иә, балалар, прозалық шығармаларда да сөйлем ырғағы болады, міне сонда романтизмнің бой көрсетуі тегін емес. Мен М.Әуезовтың кең тынысын, зор серпінін ұнатамын – деген.

Ағаның дәрісінен кейін бұлар мүлдем құтырып кетті. Өз ойларының тым қарабайыр емес екендігіне көз жеткізгендік, жазушы ағаның батаға бергісіз «бәрекелді»-сі оларға қанат бітіргендей еді. Кейінірек бұл ортаны бала Асқар (Сүлейменов) жағалап жүрді. Бірақ, ол әлгіндей әңгімелерге араласқан жоқ. Көбіне сырт көз, бақылаушы есепті, қызығушы, тыңдаушы қалпында жүрді.

– Жазушы ең алдымен мәдениетті, аса білімді болу керек – деген еді – Тәкен аға. Онан соң бой күту, өзінді өзін ұстай білу. Бұл – сыртқы көрініс, одан сөйлеу мәдениеті, ішкі мәдениет деген аса маңызды, бұдан ойға берілу, қиялға да ерік берген жөн. Жаңа сендер Пушкинді оқығанда тәп-тәуір өнер көрсетгіңдер. Оны қайдан үйреніп жүрсіңдер?

– Радиодан, кинолардан...

– Ираклий Андронниковтан.

Тәкен аға қалың қастарын кербез керіп танданып қалған. Әсерленген шақтарында есі есіп әлем жазушылары, олардың романдары жайлы әңгіме айтады. Міндетті түрде оқу керек деп Гюгоны, Флоберді, Бальзакты, Вальтер Скотты, Толстойдың «Война и мирін», Әуезовтың барлық жазғанын қалт жібермей оқып отыруды ұсынатын. Кейін біз қызмет істеп жүрген кездерде әлгі Созақтың Бердяевына алып бар деп Сапарбек інісіне тапсырма беретін. Ол кім еді десе, ой саған не болған Әлгі кім еді, е е, Дулатты айтам, сол балада білім бар. Айтпақшы Чех сырасынан біраз әкеп таста дейтін.

Алғашқы келгенде бәрімізді әуес көріп, орыс жеңгіміз көздері күлімдеп, жоқ оттай жанып, әрқайсымызға кезек қарап таң қалып, аузы ашылып қалған. Ұзақ-ұзақ жүрістерден шаң жұтып аңызак қауып тау асып әзер жеткен бір қиырда қара домалақ жасөспірімдер Пушкинді жатқа айтып тұрғанына мүлде сенетіндей емес. Сонада, елге барып қайтайық дегенде қуана мақұлдаған еді. Еділден өтіп Ақтөбеге жеткенде пойыз терезесінен ұзақ қарап неткен ұшы-қиыры жоқ шексіз дала деп жалыға бастағанын айтып жатыр. Одан Арал, Шалқар, Қызылорда..

– Әй, Тят! Сенің елің өзі СССР-ға жата ма, өзі? – деп әзілдеген.

– Күте тұр, Ұлылықтың, кеңдіктің не екенін сезесің әлі.

Енді, міне, өзі таңдаған қосағының неге жазушы болып кеткенін, керемет ақындығын Мәскеудегі небір сұңғыла білгіштер зор бағалағанда жаңылмаған екен. «Ақынды туған жерінен таны деп не еді Гёте. Мына жігіттер ше! Жанып тұр ғой, жанып тұр. Қандай таза өздері» – деп түйген.

Көзқаракты оқушылардың есінде болар, (біз алға озып кеттік-ау, осы) кейін бұлардың қай-қайсысы болсын аға жазушының үмітін әркім өз хал-қадарынша ақтағандай болды. Төлеген жұрт таныған әдебиет сыншысы болса, Жанғали белгілі композитор, әрі уыты бөлек сықақшы ақын, ретінде танылды. Мырзабек те қара жаяу емес, екі үш эссе кітаптың авторы. Өнер мен әдеп жайлы ағымдағы көзқарастарға үн қосып отырады. Сол өнерге сусаған топтың өмір сүру дәстүрі ісі әлі күнге дейін сорабынан жаңылған жоқ. Арасынан анау айтқандай қадау-қадау, бүкіл ел танырлық тұлғалар шыға қоймағанымен өздерінің күнделікті өмір салтының өзімен өзгелерге, сол өздері күн кешіп отырған орталарына талғам-танымның дұрыс қалыптасуына ықпалы болмай қалған жоқ. Ең басты нысана әдеби сауаттылықты көтеріп, көркемдіктің не екенін біліп, талдай алуға жетісу болатын. Жақсы мен жаманды ажырата білудің өзі адамдық кемелдіктің бір белгісі деп саналған. Олардың айнымас досы кітап, ұстазы Тәкен еді.

Иә, бүгінгіге қарағанда жұтандау ақпарат қоры. Ол кезде орайы келсе арғы бергіден көсілтіп әңгіме айтатын шежіре қариялардың алдын көрудің өзі бір ғанибеттің. Әйтпесе, сөзден басқа, кітаптан басқа рухани алданышы жоқ, балалық деп аталатын, бірақ, оның қызығын емін-еркін бастан кешірген біздер үшін Тәкендей тірі жазушымен кезігіп, оның дәрісін тыңдау өте сирек олжа болғаны рас.

Айдың сәулесі, білте шамның жарығымен танды таңға ұрып кітап оқыған көздер бұл күнде кенересі қырауланып, қалың-қалың шынылардың ар жағынан парактан парак оздырып, әріп қуалаудан әлі де жалығар емес

*Кім болсаң да үлкенің, кішің мейлің,
Бастан асып жатса да ісің мейлің,*

*Бір мезгіл кітап бетін ашпайтұғын,
Адамдарды мен мүлде түсінбеймін. Де-
генді уэр тұтсақ, Бұл да Тәкеңнің ғибратынан
болар.*

Иә, бұл күнде кітап оқып отырған бала көрсек сүйсінетін болдық. Біртүрлі ішкі жылып, алғіні жақын тартасың.

*Қауіп санар құс келіп, құс қайтымын,
Білесің кемтар да өзін қыйнайтынын.
Көзі жоқтар қолымен кітап оқып,
Қолсыз жан тіспен қалам ұстайтынын.*

Иә, әркімнің әрқалай айналысар ісі бар, бірақ, біздер баяғыша ауық-ауық бас қосып жаңа кітаптар жайлы, әдебиет пен өнердің жай-күйі жайлы пікір алмасуды естен шығарған емеспіз. Келісім былай: Мен бір екі газет, бір екі журналға жазылсам, сен одан басқасына, ал, анау, одан да басқаларына жазылып алып тұрамыз. Кітап та сондай. Кейін ауысып оқып, пікірлесіп, өз ойларымызды ортаға саламыз. Кейін бұған интернет қосылды. Бұл нарық заманына бейімделудің бір жолы. Мүмкін болғанша жаңа кітаптардан қапы қалмау. Соңғы қатты талқыланған кітап Ш.Айтматовтың «Таулар құлағанда» немесе «Мәңгі қалыңдық». Одан бері де біраз уақыт өтті. Қазір М.Мағауиннің «Шыңғысханына» шұқшиғанбыз. Бұл шығарма хақында пікірлер екі жарылып, әзірше келісімге келе қоятын түріміз жоқ. Жо, жоқ, шығарма жайлы емес, Ұлы қағанның өз басы туралы.

– Шыңғысханды қазақ қылудың қажеті қанша? Алдымен түрік қылып алайық-та.

– Түрік екенінде шүбә болмасын. Мына Азиялықтар түгілі қазір анау балтық жағалауы елдері де түрік тектілерге кіреді екен.

– Мынауың қызық екен.

Осы төңіректегі ізденістер мен мақалаларды қуалап тауып оқып жатырмыз. Алда әлі талай шайқас болары хақ.

– Бұл – жалғыз біздер емес бүкіл қазақ зиялыларын екі топқа бөліп тынатын шығар. Жә, оны қоя тұралық, бұл тарихи зерттеудің еншісі.

Қазіргі кездегі талас-пікір эстрада, ондағы әндер мен әншілер жайы, қатын дауыстылар мен кызтекелер. Мағауиннің зерттеуінде Шыңғысхан мұндай сұмдықты қатаң жазаға тартқан көрінеді. Табылған Жасысында (олар 64 баптан тұрады екен) табиғатқа сай емес жыныстық азғындау өлім жазасына лайық деп көрсетілгені.

Жер жүзін жаулап келе жатқан жаһандану мен оның әсері. Аз ұлттардың жойылып, жұтылып кетпеу, қорғаныс иммунитеттік қауқары мен оны нығайтудың шаралары. Бәр - бәрісі әңгіме дүкен арқауы. Міне, бүгін тағы да Сәбет екеуіміз концерт тыңдап отырып, көңілге түйгендерімізді ірікпей айтып отырмыз.

– Осы да сөз бе? Ән бе осы да? «Билеші, билеші, қабағыңды түймеші».

– Жә, бұл пікірді айтып жүрген жалғыз сен емессің. Өлденеше мәрте айтылып келеді. Мәселе соның қанша айтылғанымен одан шығып жатқан қортынды жоқтығында. Әлгі И.А. Крыловтың «Вася, мұның қалай, ұят емес пе? Ет,

балық ұрлап жегенді қою керек қой. дегеніндей; Ал, мысекең болса тыңдап жатып жей береді, жей береді».

– Жалпы, байқайсыз ба, адамдар бұл күнде өзгеріп кеткен. Адамдарды бұрынғы айтылғандармен ұялта алмайсың. Вася мысық жесе жей берсін, И.А.Крылов айтты екен деп ырзығынан қағылу керек пе? Мәселе мысықта емес, аспазшыда ғой, бәрін көріп, біліп отырып, Вася мысықтың күнде ұрлық жасап жүргенін көріп тұрып еш шара қолданбауында ғой деймін. Тап қазіргі біздегідей. Ұрлық болып жатыр, жемқорлық асқынып барады, адамдар азып барады. Әдеби процесс те сондай. Адамына қарай заманы. Енді не қыл дейсін. Жаман шығармалар қаптап жүр, оларға қанша айтқанмен сынның қауқары өтпейді.

– Үйткені оны тыңдамайды. Жалпы, айтшы өзің осы күні кімнің айтқанын кім тыңдап жатыр.

– Ала-құла дүние, ала-құла адамдар. Құндылықтарға ала-құла түсініктер. Осы мидай араласып кеткен қоймалжың дүниеден жақсыны аман сақтап қалу, оны көпшілікке паш ету, жақсы деген мынау деп шұқып көрсету, жинақтай айтқанда көркемдікті насихаттау керек қой.

– Меніңше осы тұста үлкен бір пәлсапалық мәселені шешіп алған жөн ау.

– Шешіп алу емес, назар аудару десенші.

– Дұрысы солай шығар. Авторитарлық дәуір өткен. Бедел, әлдекімдерді пір тұту. Олардың айтқанына тақ тұру деген қалған сияқты. «Болмашы еншіл, болсаңшы көпшілдің» постиндустриялық заманда дәурені өткен сыңайлы. Жекелік алға шыққан кезеңде қоғам өмірінен сырт, әлеуметтен, көпшіліктен тыс тұлға қалыптаспайды. Жекенің бір өзі өзін тұлға санайды да шығармашыл ортада бір өзін бір стиль сезінеді. Бүгінде ол елдерде (батысты айтсам) тұлғаға - геройға сусап отырған қоғам жоқ. Оның бәрі қиялы шығармалар мен анимациялық балалар фильмінде ғана. Найтмэн, человек паук деген сияқты. Кейде Гераклды да шақырып қояды.

– Оның біздегі көрінісі бәлкім кентаврға бет бұруымыз ба екен?

– Пассионарлық тұлға керек қой, әсіресе үлкенді сыйлап үйренген бізге. Қазіргі тұлға өркениеттіліктің үлгісін көрсететін, жылжып бара жатқан уақытты алдын-ала сезінетін, парасат, пайымы мол жаңашыл болуы керек шығар. Үміт, харекет, білік. Міне бізге не керек! Ал, кентавр мен көк бөрі тамырларымыз.

– Тұлға керек екені рас. Бірақ, бізде жақсы бір нәрсе ойласаң қазақ қылығымыз қосарланып қалмайтыны бар. Ау салсаң шылауға ілікпей қалмайсың. Тұлға деп біреуді шығара бастасаң, мен содан кеммін бе дегендей іштарлар қоса көтеріледі.

– Немесе руластар өздері-ақ әлгі адамынды көре алмаушылыққа ұшыратады.

– Жә, аржағы белгілі «етекбастылық»

кой. Бәрібір елге тұтқа, жұртқа серке керек. Әлеуметте де, саясатта да, әдебиетте де сында да.

Биікке бастаған екенсің, тау соқпағының қақпа тастары мен еңістің шенгелі етекке жармаспай қалмайды. Шыдас керек, алған беттен қайтпау.

– Міне, міне...

Өлеңнің көркі өрнегінде болар

Айтпаса сөздің атасы өледі. Міне қараңыз: әдейі сынның объектісі етейін деп тұрғаным жоқ, кезі келген соң айтуға тура келді. «Қазақ әдебиеті» газетін әрдайым күтіп аламыз, ең бір жақсы көретін, көп жылдан бері үзбей оқитын басылым ғой. Міне, сол газетте сын туралы әр нөмір сайын ашы-ашы сөздер айтылып, сөйтейік, аямай сынайық, жауырды жаба тоқу болмасын деген сарындағы мақалалар үлкен-үлкен сыншылар мен жазушылардың аузымен айтылып жатады. Енді қараңыз, сондай, әдебиетке жаны күйзелген мақалалар басылған нөмірдің өзінде талғамы төмен өлеңдер жарық көріп жатады. Ау, мен не деймін, домбырам не дейдінің кебі дерсің. Қайда еді, алып қойыпем ғой сол газетті.

– Раушан! Оу, Рәкесі! Менің мына жерге қойған газетім қайда?

– Тұрған шығар орнында.

– Қанша рет айтам, менің қағаздарымды жинамай-ақ қойыңдаршы осы. Ө, міне таптым.

Міне, мына газетте (01.03.2013 № 9) бір-екі автордың топтама өлеңдері жарияланды. Сол өлеңдердің бір екеуін оқып көрейік;

«Ортақ бағыт» деген өлең
*Барлық жанға бұл дүниеде
Ортақ екен бір бағыт.
Ол бағытты айқындайтын
Күндіз-түні тоқтамайтын уақыт.
Уақыт өте, өсіп, ер жетерсің,
Мүмкін кемел жасқа келерсің.
Бірақта бір сәтте бөгелмей,
Мәреге жетіп, дүниеден өтерсің.
Толассыз жалғасады уақытпенен
Адамдардың өмірдегі көш жолы.
Бағыт бізге ортақ болғанымен
Болады әр адамның өз жолы.*

Өлеңді біз түгел келтірдік. Ішінен іріктеп алынған әлжуаз шумақтар екен деменіздер. Бәрі осы. Ақын не айтқысы келген? Немесе осы айтқандарында қандай поэтикалық сезім, әйтпесе әсер бар?

Автордың тағы бір өлеңін алып көрейік «Толық адам» деп аталатын өлең былай басталады.

*Орта жастаң асқанда
Келесі жартыға аяқ басқанда,
Өтті деп қалай, кеткен жарты
Есен беру бізге керек сияқты.
Одан әрі;
Келтіре алмассың өткенді
Қайтара алмассың кеткенді.
Негі сен орындай алмадың?
Негізі осы болу керек сұрағың.
Бұдан әрі жалғастырудың керегі жоқ*

шығар. Не жөнді ұйқас жоқ, не буын буынақ жағы ретті емес. Кейде буыны асып кетеді, кейде жетпей жатады. Бәрі де сын көтермейтін дүние. Ертеректе мұндай туындылар республикалық мандай алды басылым түгіл аудандық газетте де жарық көруі екі талай болатын. Бұл әлде көркем өнердегі демократия ма? Кім не айтқысы кесе айта беретін. Біздіңше, әдебиетте мәселе жәй ғана айтуда емес, қалай айтуда емес пе еді? Поэзия бейнелі ойлау емес пе еді?

– Түү, Дүке, сонша күйіп-пістіңіз ғой – деді Сәбет. – Мұндай өлеңдер кез келген облыстық газеттерде, тіпті, республикалықтарында да жиі кездеседі ғой. Тіпті алтындатып, жалтылдатып кітап етіп бастырып жатқандар қаншама.

Айтпақшы, бұл Сәбет дегеніңіз замандығы басқа болғанымен қазақ әдебиетіндегі жағдайларды бір адамдай білетін, өнердің шын жанашыры десе болғандай. Оның әдебиетшілерді бір қызықтыратын ерекшелігі Тәкен шығармаларын бүтешігесіне дейін білетіндігі. Және ең бастысы «Абай жолы» романын жатқа айта тындығында. Талай тексергенбіз, сол қалың кітаптың кез келген томының кез келген бетін ашып, оқыңыз да ар жағын Сәкеннің еркіне беріңіз, сіз тек кітаптан қарап салыстырып отырыңыз. Ары қарай жатқа айта береді. А.С. Пушкиннің айтатыны бар еді. Талантты ақын болу бар да жақсы оқушы, талантты оқушы болу бар, ал, оның өзі үлкен өнер деп. Мынау тап соның өзі. Сол үшін де оның Сәкенді айтам, қазіргі әдебиет өнер жайындағы пікірлерін тыңдап онымен санасудың, сырласудың өзі бір ғанибет.

– Иә, баяғы аталарымыз қырманды істеп жаңа бастырылған дөңді күректеп, қызылдап жататын еді. Сол сияқты рухани ырзықты да жел шақырып қызылдап, тазалап алу қажет-ақ. Ығырмағы, шөп-шаламы, ұшығы дегендей, қажетсіздің, керек еместің бәрі желмен ұшып кетуі керек. Оған бұрқыраған мінезді жел емес, жайлап, екпіндеп соққан самал болса жетіп жатыр. Айтып отырған самал мен күрегіміз бүгінгі сынымыз бен талғам тазалығы.

– Әлгі көп оқудың қажеттігі де осы тұста керек. Әйтпесе, сендер ақын жазған нәрселерді талдауға тиіс емессіңдер, ол ақынның туындысы, ол солай жазды, солай қабылданыңдар, талдамандар! – дейтіндер де бар. Олардың ұстанымы да ұғынықты. Ол шығармашылық еркіндік. Бірақ, еркіндіктің жөні осы деп бүгінгі поэзия биігінен төмендемеу керек қой. Онсыз да кітап аз оқылатын кезде талғамсыз оқушының қолына әлгіндей нашар кітаптар немесе топтама өлеңдер кездесіп қалса, оқы, оқы дегендерің осы ма, мұндай әдебиетіне болайын деп мүлдем жеріп кетпесіне кім кепіл?

– Иә, әр нәрседе де біліктілік керек. Өнер мен әдебиетке тіпті де талғам қатал жоғары болғаны жөн. Үйткені ол рухың, зияткерлігің мен, өрең. Мұны тәрбиелейтін сын. Әдеби көркем сын. Өне, анау тұрған кітапты алыңыз-

шы. Гегель. Эстетика. Мына бір жерінде айтады: «Критика – самовыражение литературы». Әдебиеттің қандай болса сының да сондай. Немесе керісінше сынның деңгейі қандай болса, әдебиеттің де сондай деген мағынада.

– Негізі, әдебиетке де Д.Менделеев керек-ау. Әр шығарманың салмағын, қасиет ерекшелігін көз алдына кесте ғып жайып салып, әркім көрсін өзінің қай жерде, қай деңгейде тұрғанын.

– Солайы солай ғой, реалды шындыққа жақындасак, осы кезде кез келген өнімнің сапасын анықтайтын сарашылар, экспертиза, бар емес пе? Өнер саласында да осы күні ән байқауларында талапкер әншіге сенің ана жерің анандай, мына жерің былай болса дұрыс болар еді деп, соңында баға қойып жатады ғой. Оған әншілер пәлендей мінез көрсетіп жатқан жоқ. Үйткені сын айтып отырғандар сол саланың ең білгірлері. Ал, әдебиетке келсек, сөзге тұрмайды. Сын айтсаң сотқа беріп жатады. Бұл қалай, сонда қамбаға салар астықты ұшық пұшығымен шөп шаламымен үйіп соған малданып отыра беруіміз керек пе? Ішкі мәдениет жалпы адамзат жеткен деген деңгейді мойындау деген болу керек қой. Сондай тазаланудың жоқтығынан әдебиетті көркем сөзді, оның киесін қадірлеуден сөз арасы былғанып жатқанына көп болды. Натура бар, тұрмыстық сөз қолданыс бар, көркем тіл бар, көше тілі, жаргон бар бәрін араластыра беруге бола ма екен.

– Онан соң, эротика тағы бар. Неғұрлым еркін болам деп, анайылыққа, тіпті боғауызға барудың қажеті бар ма?

– Осының бәрі батысқа еліктеудің салдары. Олардың көптеген фильмдерінде боғауыз сөзді шімірікпей соға беретін тұстары аз емес.

– Эротика болған, оны батысқа апарып жапсыра берудің керегі жоқ. Бұрыннан бар, тіпті, ауыз әдебиетінде де кездеседі. Бұрындары сауықшыл халық қандай бір жиын тойларда пәленшемен түгеншені айтыстыру керек, деп акын қыздарды сөзшен жігіттермен ұштастырып қызығына бататын. Сонда жеңіліп бара жатқан жігіт осылай айтсам қыз бәлкім тосылып қалар деп тұспалдап та, ашық та, көбіне жұмбақ түрінде айтылмайтын сөздерді айта бастаған. Оған ыға қоятын қыз жоқ. Ә десе мә деп жауап қайтарып тастайтын. Ауылда өскен баланың көрмейтіні жоқ. Жыныстық деген таңсық емес. Мұның акыры қыз ағаларының жігітті таяққа жығуымен тойдың шыркы бұзылатын. Бұған мысалды кез келген ауылдың әңгімесінен акын қыз бен акын жігіт боқты, олар сондай-сондай сөздер айтып ұтып кетіпті деген сияқты деректерден қанығуға болады. Бірақ, ақынның шын ақындығы онымен өлшенбеген. Қайта абыройына дақ түсіретін шалалық, тілі ащылық деп бағаланған.

– Бүгінгі сынарезулікті пайдаланып, енді баспа жүзінде өздерінің өнерін эротикамен, жалаңаш тәндікпен көрсетіп жүрген жағдайлар орын алуда. Бірер жыл бұрын газеттердің бірінен сондай бір топтамаға кезіккенім бар. Ақын қарындасымыз бұл

жолы құштарлықты жыр етемін деп мүлдем нақтылыққа барған екен.

«Бал бұлақтан құныға бір жұтамыз,

Қызу айқас, жеңілеміз, ұтамыз.

Алқын әсұлқын шабыттанданған шақтарда

Білмей қалдық, қайда қалды лытамыз».

Рас, кей сөздердің оралымы дәл сондай болмағанымен негізгі сөздер сол қалпында алынды. Одан әрі акын қыз «Жайрап қалдым қауындай боп қақ жарылып» деген бейнелеуге дейін барған. Сезім қуалау, гедонизм.

Негізі, эротика кез келген ақында бола береді. Үйткені ол өмір, ол шындық. Ес білген адамның бір қызығы осы емес пе? Сол шындықтан әсерлену нәтижесінде акын өз ішін бір мезгіл босатып та алғысы келетін шығар. Ол Абайда да бар. Басқада да бар. Осы кезеңде Исраил да сол тоғайға біраз ат шалдырғанын оқырман ұмытпаған шығар. Осыдан он шақты жыл бұрын белгілі акын Иран Ғайып

«Айқайласа бірігіп,

Үстімізбен кірігіп,

Жанып күйіп жайланып.

Астымызбен байланып» деп жазған-ды.

Кезінде Мұқағалиға сол дәуірдің поэзиясы туралы баяндама жасатқан екен. Көптеген ақындарға талдау жасап, қазақ поэзиясы Қадір, Сағи, Тұманбай, Жарасқандармен шектелмейді, әлі талай жаңа есімдер келер соларға үлгі боларлық жол ұсынылуы керектігін айтқан. Махаббат лирикаларына тоқтала келіп, Жарасқанның «шторм» атты өлеңін ерсі көргенін айтады. Өлеңнің шторм аталуы бой бермей тұрған құштарлық.

«Қолымды апардым дірілдеп

Үстіне жұп-жұмыр тізеңнің».

«Меніңше деп жазды Мұқағали бұл өлең ешқандай талдауды керек етпейді. Бәрін де өзі айтып тұр. Қазақша айтуға ұят. Жас ақынның мұншалықты әбестіктен аулақ болғаны жөн. Сын қайрақ. Сын әдебиеттің құмшарығы. Сынды қылыш деп ұғыну ұшқарылық. Оның от шашқан шақпақ шарығына түскен қару өткірленіп, үшкірленіп жалтырап тұрмақ».

Өлеңшілдік қазақтың негізгі қасиеттерінің бірі, бірі ғана емес-ау бірегейі.

«Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денен» деп, Абай атам содан айтқан болар. Сол ақындық, өлеңшілдік келе-келе заманның ыңғайына ығысып:

«Ақын ғаріп емес пе,

Заман ғаріп емес пе,

Байды өтірік мақтаса.

Әділеттен аттаса» – деп ақындық қуатын теңбіл жоталы жолбарыс жетелеген Жамбыл бабамыз айтқандай «Асыранды ақындар» көркем сөздің тұқымына тұз құйып жүргендердің шығар жері екені белгілі.

– Бірақ, билік соны қажетсінеді ғой. Қайсы бір патшаның болсын өз сұрқылтайы болған. Орыста сонау заманда М.Ломоносов Екатерина патшайымға небір одалар арнады емес пе! Және көркемдік деңгейі де тәп-тәуір.

– Бұл екеуіне де керек. Ақын патшаның ықыласына бөленіп, шығармашылықпен еркін айналысуға мүмкіндік алады. Ал, билік дуалы ақын аузымен өз дегенін іске асыруда жәрдемші деп табады. Эзотеризм.

Ақындардың бұдан басқа да түрлері баршылық. Өлеңді кәсіп қылуы өз алдына, оны қызықтап, ермегіне айналдырып, бір нәрселерді ұқсастырып, ұйқастырып жататындары да бар. Әлеуметтік тәп-тәуір мәселелерді қозғай отырып кейде шалқып кеткенде қалыптан шығып, ақындық қабілетті қызық-қызық өлеңдер құрауға жұмсайтын кездері де болады. Тәуелсіздіктің 20 жылдығына орай көптеген ақындар өздерінің мадақ жырларын жазды. Соның бірі «Үш қоңыр» газетінің 2011 жылғы № 33, 28 қыркүйекте жарияланған Серік Қапшықпай ұлының тәуелсіздік жыры айдарымен көлемді толғауы жарияланыпты. Автордың өлең жазуда едәуір тәселіп қалғандығы көрініп тұр. Техникасы, сөз соншылығы, ұйқастары ешбір мынау деген ақыннан кем емес. Сол жыр-толғауда еліміздің ұшан-қиыр даласын, әсем табиғатын жырлай келіп, кейде сабадан асып, тасып, төгіліп кетеді. Сондай шалқымалы тұстарда

*Дәнін көр ау, қай маңның,
Бәрін де кіл ім.. әлгі!*

Бидайыңнан айналдым

Ұрғашы адам сыңайлы, – деп дәннің болмыс бітіміне қарап отырып әйел мүшесіне ұқсатып отырғанына жолықтық. Бірақ, бұл бір байқаусыз айтылған тосын теңеу емес екен. Одан әрі жырлай келіп:

*Бәрінде бар қай маңның
Собығы ұзын бұл әлгі...*

Құрайыңнан айналдым

Еркек адам сыңайлы, – деп, тағы да бір анайылыққа, қарабайырлыққа ұрынады. Біз сөзіміздің бас жағында «Қ.Ә.» газетінде жарияланған Ғалым Мұтановтың топтамасына біраз көңіліміз толмағанын білдірген едік, Маралтай ақынның сөзімен айтсақ, өлеңдік деңгейге көтеріле қоймаған дүниелер. Одан эротикалық шумақтардың авторы болған Салтанат қарындасымыздың әдеттен тыс қатты құштарлықты жалаңаш суреттеген тұстары да аз кем сөз болды.

– Оу, Дүке, интернетті қайтпексіз? Ғалам-торда небір айтуға ауыз бармайтын өлең жазып жариялап жатқан қыздар шықты ғой.

– Ойбай, айтпа! Жыныстық қатынасты қызықтап жазып, қайткен кезде тәнің қандай сезімде болды... деп, ауылдық жерде хайуандық әрекеттерді көріп тұрғандай сәттерді өлеңге айналдыруда. Және ең жаманы мұнынды қой, ұят емес пе деп сайтқа шыққандар да айтпайды. Қайта, молодец! деп қолтығына су бүрке түсетіндер бар.

Бір өкілдірер жері мұндай өлеңдердің (прозада да баршылық) бірен-саран емес, көптеп кездесетіндігінде.

Кезінде ұлтымыздың ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Әдеби еңбекті ешкім мақтаныш үшін жазбайды, шығарма мінезден туады.

Ұлтымыздың қажетін өтейді сөйтіп» деп жазған екен. Өкінішке орай, ұстаздың бұл айтқандары іске асып жатқан жоқ. Керісінше, ақындықты мақтан тұтатындар баршылық. Бұл күнде қаржыларына әдемі өрнектелген кітаптар шығарып, ауыл елде кездесулер өткізіп беріндер деп қиғылық салады. Одан келесі жылдары тағы да кітап үстіне кітап шығарып (ол кітаптарында байшыкештерді мақтап, бірдеңе дәметіп, өлеңнің құнын түсіретін жағдай бар) ал, енді не дейсіңдер, міне төрт бес кітап шығардым, Жазушылар одағына қабылдандар деп есік тозыра-тындар бар. Өкініштісі сол, кейде солардың кейбіреулері қабылданып та жатады.

Ақындар тұрасында сөз болғанда ең алғы шарт – өлең, өлең болуы керек қой. Онда ырғақ, өлшем, әуезділік, тағы да бір және міндетті түрде бастысы – ұйқас мінсіз болуы. Одан басқа ақындық көңіл-күйдің құбылуына орай интонация, тегеурін, шарықтау-шалқу дегендей де болуы мүмкін. Бұл көбіне француздар мен орыстар верлибр деп атап кеткен еркін өлеңдерде көбірек бой көрсетеді. Тәңірінің өзінен дарыған қасиет – ол көркем өнер туындысы. Сондықтан, көркемдік, сұлу, бейнелі сөз айшықтанып көрініп тұрғаны абзал. Баяғыда әжелеріміз ұршық иіріп, мақтадан немесе қойдың жүнінен алаша тоқитын. Төсеніш үшін болсын, іргеде тұту үшін болсын жиектеріне өрнек салып құстабан, құс тандай, қошқар мүйіз сынды әсем бедер салатын. Тағы да сондай өрмек құрып жәй теру жасайтын. Мұны қара теру деген. Одан көбінесе қап тігетін. Бұл енді әсемдік бұйымға жатпайтын.

Заманға лайық постмодерн жыр көкжиегі

Жазбамыздың бас жағынды айтып едік қой. Біздер бірнеше достар кейде, ыңғайға қарай, ауық-ауық жиылып, өз ара кенесіп, замана туралы, мәдениеттің, әдебиеттің қайда бара жатқаны жайлы пікір алысып тұратын едік. Кеңес соңында тапсырма берілетін. Жинала қалған жағдайда жай ойға келгенді экспромттық жолмен, алдын ала ойланбай айта салмау керек делінген.

– Бұл өзі қиындап барады ғой, баяғы ХІХ ғасырдың соңындағы орыс композиторлары мен суретші, әдебиетшілерінің «Могучая куча»-сы сияқты ма?

– Ондай болу қайда, бірақ болмасаң да ұқсап бақ, деген емес пе?

– Ешкімге ұқсаудың керегі жоқ. Жәй, өзіміздің достардың келесі шәй ішуіміздің үстінде не болса соны айтып немесе өсекке жол бергенше баяғы өзіміз жақсы көретін қоңыр әңгімемізді жалғастыра берейік – деді, бүгінгі асаба Сексенбай.

– Келесі жолы, Дүке, сіз осы тақырыпта бізге әңгіме айтып беретін болыңыз. Сол тапсырмамен мен бұл тақырыпты мақала сияқты жазбақ болдым. Тек өзіміз ғана болмай, басқалар да аралассын, сырлассын дегендік.

Бүгінгі күн санаға үлкен жүк түскен кез. Тау суындай арындаған, келе-келе бой бермес үлкенселге ұласқанақпараттасқынырыққа көнер емес. Ол сол өзінің ырыққа көнбейтін еркіндігінен қуат алып еркін жайылуда. Ғылыми техникалық төңкерістер үсті-үстіне жаңа серпін тауып, барған сайын өндірістік инновациялық сипат алып қарқындай түсуде. Пост индустриялық өнім өндірудің шарықтап өсуі экономикалық еркіндіктің, трансконтинентальдік корпорациялардың жалпыға бірдей қанағаттандырушылық, тұтынушылық қажеттердің мейлінше тез әрі кең көлемде сұраныстарға жауап беру ісіндегі үстемдігімен ерекшеленеді. Бұл үде-мелі өркендеу тек материалдық игіліктер өндірумен шектелген емес. Ол бүкіл ақыл - ес, сананы қамтып бәрін де өз бауырына басып алуды көздеуде. Бұл айта беретін жаһандандудың көрінісі. Бұған қарсы тұрар қуат күш жоқ. Үйткені ол капитал заңына сәйкес соның өзімен құрсақтанған. Осылайша өркениетке, зайырлы қоғамға қарай жыл-жудың объективті заңдылығы іске асады.

Жаңа заманның, жаңа, бұрынғыға ұқсамайтын дәуірдің өз құндылықтары болады. Ақыл, ой, сана, рухани дүние бәр-бәрісі астасып араласып, өндіріспен де кірігіп кеткен. Жаңа дәуірге жаңа көзқарастар, жаңа құндылықтар мен сол құндылықтар турасындағы пікір пайымдаулар болуын қажетсінеді. Бүкіл адамзат сөйтіп мәдениеттің жаңа сатысына қадам басты. «Мәдениет, оның тарихы дегеніміз диалектиканың атасы Гегель айтқандай рух қозғалысының талпынысы». Осы заңдылық біздің қазақ қоғамын да толық қамтып отыр. Әу баста «Алаш» арыстары, одан бері қарай С.Қожанов, С. Садуақасовтар қозғаған ұлт мүддесі, әдебиетте қызыл империяның әлі күш қуаты сарқыла қоймаған өткен ғасырдың сексенінші жылдарының екінші жартысында А.Сүлейменовтердің, Т.Әбдіқовтердің, т.б. ұстанымына айналғанда былайғы шыбындағыш жұрт үрпісіп қалғанды. Жаңа дәуір өзінің рухани саладағы, санадағы барлық жағымсыз, кесір кесепатымен бірге, оған қарсы тұрар ұлт туын ардақ тұтатындардың қарасын көбейте түсті. Соданда болар, бұл алаш азаматтарына деген қазіргі жұрттың сағынышы солғындаған емес. Үйткені қандай да болмасын үстемдікке қарсы тұрып ұлттық болмысты сақтап қалудың ішкі қуаты осы тектес тамырлардан нәр алады.

– Иә, қиын шақтарды бастан кешудеміз. Бір жағынан бұрынғы, сан ғасыр жинақталған рухани құндылықтар өз мәнінен айырыла бастаған, ал, оның орнын толтыратындай, жанына жақын жаңа құндылықтар қалыптасып болмаған кез.

«Дәуірлер ауысып жатқан заманға кез келгейсін» деп қытайлықтардың көне қарғысына ұшырағандаймыз. Ұлттың ұлт боп қалуы үшін қызу майдан басталды. Осыған дейін кем тұтып, біздер сияқтыларды жетекке алып келеміз дейтін ықпалды ұлттар әлі де райынан қайтар емес.

Рас та шығар біздер бірнеше ғасыр талпыншақ, үйренуші ұлт болып келдік. Бұған Абайдың өзі бас болып, орыстан үйрен деп жол сілтеді. «Біздің мәдениет үйренуші мәдениет екеніміз рас, бірақ үнемі соны ұстана берсек, оның зардап зиянын тартуымыз мүмкін. Бұлай ете берсек, түп-нұсқалық өз мазмұнымызды әлсіретіп алуымыз мүмкін (М.Қойгелдиев). Қазақта үйрен де жирен деген жақсы сөз бар. Ұлт қамы деп өз шеңберімізде тұйықталып қалуға тағы болмайды. Ұлтсыздануға қарсы әрекет аса парасаттылықпен жүргізілгені абзал. Батыс мәдениеті қаншалықты тағылымды болғанымен оның ұлттық мәдениетімізді әлсіретуге, аздыруға бағытталғаны көпшілік немесе бұқаралық деп атап жүргеніміздей, арт музыка, арт поп, арт искусство күйедей жайпап келеді. «Транс-корпорациялар ұлт мәдениетін өз қолбаласына айналдыруға бағытталған, бұл жаһандану» (Дос Көшім).

Ауыспалы кезеңдер, өліара шақтар бұған дейін болған.

Өткен ғасырдың басында капиталистік дүниеде болған жаппай тоқырау, санаға үлкен салмақ салып, мақсатсыздық, идеясыздық тоқырауға ұшырағаны белгілі. Содан дүние екіге жарылып, жаңа саясаттанған жүйелерге жол ашылды. Бұл еркіндік үшін күрес тарихының жалғасы, сана бостандығы үшін күрестің қызу басталғаны еді. Коммунистік идеяның белең алуы дәл сол кезде оған қарсы тұра алатын әлеуметтік күштің жоқтығынан болатын. Мынадай шарасыздық пиғыл соның салдары болатын. «Бірге тұрып, бірге өмір сүргенімізде ортақ мақсат болмаса мұндай өмірде мән жоқ». Бұл пікірді сонау дүниені түгел шарпыған индустрияландыру, АҚШ-тың экономикадағы үстемдігі мен мәдени, рухани салада да өз тәртіптерін, бұқаралық поп музыкаларын тықпалап жатқан кезеңде Француздардың қарсы тұрған кезеңінде дербес, ерікті, еркін бағыт ұстанған «Экономика және гуманизм» журналынан кезіктірген едік. Бірақ, бұл қарсы тұрушылық тек тар шеңбердегі – олар адамдарының шығармашылық еркіндік талап еткен қарсылығы ғана еді. Онда әлеуметтік мүдделер қорғалған жоқ.

Алла тағалаға мың мәртебе шүкіршілік! Елбасымыздың реформалары арқасында осындай өліара шақты бастан кешіріп жатқанда біздер алдыға үлкен мақсаттар қойып, ұлттың, халықты біріктіретін үлкен стратегиялық мәні бар көп жылдарға арналған жоспар программалар қабылдап жүзеге асырып жаттық. Алдында 2030 стратегиялық жоспар, одан, міне, енді 2050 программасы! Бұл «ешқандай измдерге» ұрынбай-ақ өз жолымызды – Қазақстандық өркендеу жолын тапқандықтың нәтижесі еді. Бұл таза прагматикалық жол; алмағайып сәттерде аяққа нық тұруда бірден-бір тиімді жол еді. Мұнда рухани салаға мемлекет тарапынан басымдық берілуі екінші қатарға шегеріле тұратыны өзінен өзі аян. Осының әсерінен қоғамда саяси ауа жайылушылық, торығу, рухани дағдарыстар түрлі

деңгейде көрініс табуы заңдылық.

Сол жаппай индустриализация қарқын алып келе жатқан өткен ғасырлардағы кезеңде оған қарсы тұрып, қабылдамаған ағымдардың бірі экзистенциализм (*лат. существование - өмір, тіршілік, күнелту*) еді. Бұл саяси қарсылық емес, шығармашылық жолындағы адамдардың абсолюттік еркіндікке ұмтылу қозғалысы болатын. Оның пайда болуы өткен ғасырдың басында, тіпті, одан алғы ғасырда буржуазия философы Кьеркегордың ойларымен дүниеге келген. Кейін ол кеңінен жайылып искусство, әдебиет, жалпы шығармашыл интеллигенция арасында танымал ағымға айналды. Сюрреализм (*фран. сверхреальность*) де осыдан көректеніп, рухани тірек алыпты десе болады. Ол кейін АҚШ-та кең өріс алды. Әлемге танымал белгілі өкілдері Сартр, Камью, суретші С. Далилердің арттағыларға жасаған ықпалыда зор болды. Олар шындығында шеберліктің шыңына шығып, формадағы, бояудағы неше түрлі бұрын қол жетпеген құбылыстардың сырын ашып шын мәніндегі шедевр туындылар жасады. Бірақ, одан бір мән, мазмұн оқиға, сюжет іздеп зуре болмаңыз. Бәрі абстрактылық. Мысалы, Сальвадор Далидің, басқасын қояйық, «автопортрет» деген туындысына көз тоқтатсаңыз адам ақылы жетпейтін қызықты кескіндерге кезігесіз. Сәл сәл өзіне ұқсай ма, ұқсамай ма адам кейпі қолданылған материал құралы бояуларының өзгешелігімен тандандырады. Бәрі ағып, тамып, ашыған қамыр сияқты тасып немесе кофенің қоюындай қоймалжың дене жылжып ағып бара жатып адамның иегін бейнелеген. Енді, тез тіреу қоймаса ағып түсетіндей. Дереву қураған бұтақтан тіреу қоя салған. Сонымен, адам иегі тоқтап тұр. Енді, ары қарай бет сұлбаны түгелдей қарасаң қас қабат та сондай, тырыған арық қолы да тіреу таянышқа сүйеніп әрең тұр. Алдындағы сағат та сондай. Дөңгелек кейпі еріп ағып сопайып барады. Бәрі де ағып, тамып, еріп тұр. Бірақ, осының бәрі үлкен өнермен ыждаһатты, нәзік те жарық етіп жасалған. Бояулар жібек сияқты. Түк мән жоқ. Үлкен шеберлік қана бар. Қап! дейсің ішіннен. Есіл еңбек нені айтқысы келді екен? Бірақ, бұндай шығарма сол өзінің құпиялылығымен де өте әсерлі.

Болмысты адамның өз ішінен іздеуді ұсынады. Экзистенция, яғни, жеке адам өзі арқылы дүниені және өзін таниды. Шындық пен ақиқатты мифтерді пайдаланып, түс көруден, қиял-елестен, абстракты ойдан, дерексіздіктен іздейді. Поэзияда, қылқалам шығармаларында шындықты, болмысты мағынасыздыққа, жетелейді. Экзистенциализмде дінге сенушілік, кейбір тармақтарында атеизм басым болып келеді. Әлгінде айтылды ғой, бұл сананың, рухтың тоқырауға ұшыраған шағында сүйенер идея таппай күйректіктен, дәуірлердің өліара шағында пайда болған ағым.

Біздер де бұл күндері өліара шақтан өтіп барамыз. Осыған дейінгі қаншама ғасырлар бойы жинақталған рухани құндылықтарды

мансұқтаған кездерді бастан кешірудеміз. Бұл кезеңнің ерекшелігі шығармашылық ортада күйректік пайда болғандығы. Солай болмағанда ше? Болмыста, тұрмыста бұрынғы дәстүрлер, тәртіп пен тыйымдар өзінен өзі жоққа шықты. Әдеп, инабат, ұят, ар делінетіндер ысырылып тасталды. Әркім дара-дара, құдай пана принципі белең алған соң, алдымен күн көрісті ойлап, жұрт ақша үшін, баю үшін не бір сұмдықтарға бара бастады. Ел басқарады, халықтың қамын ойлайды дегендер парақор, жемқор, ашкөздік танытуда. Жұрттың көз алдында мемлекеттің беделі түсуде. Ай сайын, апта сайын не бір лауазымды адамдар қылмысқа ұрыныпты деген хабар естіп жатамыз. Заңдар аяқ асы болып тапталып жатыр. Онан соң, тәуелсіздіктің келуімен бұрын жабық болған архивтер ашылып, жұртшылық кеңес кезіндегі небір сұмдықтарды біліп, қатты торығып, түңіліп ашу ызасы да шектен шыға бастағанын аңғарды. Бұл жағдай жалғыз біз емес пост кеңестік елдердің бәрінде бар екендігі байқалды. Ақындар мен ғалымдар без теріп кетті дегендей күндерді бастан кешіріп жаттық.

Не навизуэ этот XX век,

Не навизуэ его кровавый рек.

Зачем мне закон о праве человека

Я давно уже не человек, — депті А. Соколов деген акын.

Өнерде талғамсыздық етек алып, батыстың бейбастақ музыкасы мен санадан аулақ түйсікті ғана қоздыратын күмбілдек билері жастардың есін жаулап алды. Осындай шақта әлгі жоғарыда айтылған өмірден түңілулі медет тұтқан экзистенцияның ұшқындары бізге де жетіп күйректік бой көрсете бастады. Алғашқыда осындай жылауық поэзия белең алғаны рас. Бірақ, бұған Мұқағали сияқты ақындар тобы көп бой алдыра қойған жоқ. Туған жерді сүю, оның табиғатын, әлеуметтің өршіл рухын жырға қосу, ел жер, азаматтық парыз жайында тебірене толғау, өрнекті ой кешулер өрісін таба білді. «Еңкейген қартқа таяныш, жылаған балаға жаялық етіп» өленнің азаматтық рухын түсірген жоқ.

Ойлы жас!

Өлең менің сырласымдай,

Сырласам да құмарым жүр басылмай.

Айтып өткен ақында арман бар ма,

Жүрегінің түбіне кір жасасырмай.

Немесе:

Сәби халқым, сарыла сыр ақтарам,

Жалған ой, жасырын күй жырақ маған.

Сенің үнің мендегі, сенің жырың,

Сенің ойың мендегі тұрақтаған.

Бұл өмірді жырлау. Қандай жағдай болмасын акын елінің өмірге құлшынысын бәсеңдетпей, тұйықтан алып шығуды өзіне міндет санайды. Қадыр, Тұманбай, Сәкен, Рафаэль, Несіпбек, Фариза, Ақұштап т.б. өздеріне тән азаматтық, адамгершілікті арқау еткен позицияларында қалды да, Темірхан, Иран Ғайып, Маралтай тектес ақындар тегеурінді түрде ұлттық намыс-

ты қайрау, ояту бағытындағы күрескер, адуын жырларын өмірге әкеліп жатты. Сонау Көк бөрілер мен Күлтегіндермен үндесіп, қайсар бабалардың рухын шақырып, туларын көтерісті. Ал, ақындардың бір тобы өз ішіне үңіліп, дүние сырын іштей ұғынуға талпынуы абстракцияға, әлгі айтылған экзистенцияға, дерексіздікке берілуі бекер емес. Осы тұста поэзия іштей түлеп, жаңа жағдайларда жаңа форма табуға талпыныс жасағаны да байқалды. Ішкі драманы беру, адам жан дүниесінің құпия қалтарыстарына үңілу сияқты психологиялық тігіреністер шеберлене түскендей. «Өз заманының шындығын көрсете алмаған, сезіндіре алмаған поэзия бос қиял іспетті» депті В. Белинский сын жоқ жерде өнер де жоқ депті тағы да.

Бірте-бірте өмір қалыпты арнаға түскеннен кейін күйректік, мұңшылдық сарын жайлап сейіле бастар ма екен? Әй, қайдам. Бұл заманның сұрқы бөлек. Халық ретінде, ұлт ретінде жойылып кетпедің жолын қарастыру керек. Осы бағыттағы тегеурінді күш ұлттық рухқа мін боларлық тоғышарлық, рухсыздық, намыссыздық шалақазақтық пен ашкөздік енжарлық пиғыл-мүдденің өрісін тарылта түсу ісінің зәрулігін ұғындырудың мәні зор. Бұл ардың ісі, әдебиеттің ісі болса керек. Әйтсе де, пендешілік мұң жуық аралықта тарқай қоймайтын түрі бар.

– Бұлай таусыла сөйлеудің керегі жоқ. Мұңның да мұңы бар. Қара бастың, ішіп жемнің мұңы басқа, бүкіл ұлттың жоғын жоқтап, тілеуін тілеген мұң басқа. Шынтуайтына келгенде осы мұң, қасіретке бой алдырғандық кей ақындарда жасандылық емес пе екен деген ой да келеді. Ал, жасандылық қашан да болсын эстетикалық шөл қандырып, жағымды әсер етеді дегенге сену қиын. «Жер наны үшін ұн керек, ел қамы үшін мұң керек» деген ғой Асқардың сыныптасы Разық.

Рас, көне заманнан, Эсхил дәуірінен, тіпті, одан да әріде трагедиялар мен небір ғылыми трактаттарды өлеңмен жазып, сағнаны алға сүйреген керемет үлгілері болған. Одан, тас қашап, мүсін жасау, қала салу, сәулет, сурет өнері өз алдына ғажайып дүниелер. Адамзат мәдениеті мен өнерін алға сүйреуде Леонардо да Винчи, Микеланджело, Рафаэльдердің, Тициан, Рембранд, Рубенстердің өнегелі істері небір керемет жолын қуушы қылқалам шеберлерін тудырғанын ешкім жоққа шығара алмайды. Қайта өрлеу дәуірінен кейін өнердегі нағыз бәсеке өзінің шырқау шыңына жеткені аян. Әр бір жұрттың өнер туындыларына аялы көзбен қараған жөн деген екен Гетеннің досы, Берлин университетінің ректоры Г.Фон Гумбольдт.

– Әлемдегі қай халықтың болмасын өнерінің бір қылы қисайса, ол бүкіл адамзат мәдениетіне келген нұқсан деп ұғу керек, – деп. Мәдениеттерді қарсы қоймау керек. Олар бір-бірімен көзге көрінбейтін жіптермен байласып жатыр деп жалғастырады ойын әлгі ғұлама қария.

Көшпенділер мәдениеті өз алдына бөлек

бір әлем. Далиған даланың қалалары мен темір мен алтыннан түйме түйген өнеріне қызықпаған көрші қалмаған. Сансыз соғыстарды бастан кешіріп жатқан дала өлеңді жанына жан серік еткені мәлім. Ол қаласа қару, жанына от салар ұран, толқыған көңілге тоқтам айтар аталы сөзі, қамыққанда жан сергітер жақын сырласы болды. Ақ өлең тектес әрі өсиет, әрі ұран тектес. Тоны көк, Күлтегін жырлары соның айғағы. Жыр дастандар, толғау сөз, батырлар жыры, қисса, шежірешілер сөзі, жыраулар тебіреністері, дастандар мен лиро эпос, айтыс, терме өнерлері еш бір халықта біздегідей кемелдікке жете алмаған. Қазақтың қара өлеңі поэтиканың нағыз академиясы десе болғандай. Ал, өрнекті сөз - жыр нұсқалары күйлермен астасып жатады. Осыларды еске ала отырып, бүгінгі қазақ өлеңі туралы ренішті пиғыл танытудың өзі артық сияқты. Сол мол дүниеден басқа елдердің кең хабары болса, олар әлдеқашан өлең құрауда кімнен үлгі аларын айтқызбай ақ сезер еді. Үйткені ол түп нұсқа. Үйткені ол түп-тамырдан нәр тартқан текті сөз. Үйткені ол ешқашан өңі солғын тартпайтын киелі дәстүр.

Бұдан біздің ақын-жазушылар ешкімнен ештеңе үйренбесін деген сөз шықпайды. Жағымды, көңілге қолай, жаңа заманға сай ырғақты болсын, басқа болсын өнер туындылары бізге де жат емес. Дегенмен, батыста пәлен ақын бар екен деп тықпалай берудің де керегі шамалы. Бар екенін білгеннің өзі де жеткілікті, онда да оларды қайталамау үшін. Тіпті, кей жазушыларды әлдекімдер мақтады екен деп, біздер де дүрмекке ере бермеуіміз керек сияқты. Осы Г. Маркес дегенді жиі ауызға алады. Оның «...Жүз жылы...» батысқа әлдеқандай болғанымен біздерге пәлендей өнегелік те шеберлік тұрғысынан да мәні шамалы сияқты. Кейіпкер әйел пәлен еркекпен әуіі болғанын мақтан етсе, төбесінен ұрғашы торғай өткізбейтін еркек мауығы мүңкіген шақтарында, тіпті, өз бауырларына, ет жақындарына да көз сүзетіні қай бір адамдық қасиет? Әйтеуір, батыстағыларды жақсы біледі екен дегенге мәз болмай, еліктеуді де пір тұтуды да талғам таразысынан, өз ұлт дәм татымымыздан күтуіміз керек қой.

Ақындығымен де сыншылығымен де ерекше көзге түскен Иосиф Бродскийді көп айтады. Талант екені даусыз, тума талант. Әйтпесе, сонша атақ алып, пәлен университетте профессор болып жүргенде оның нақтылап алған жалпыға міндетті он жылдық білімі де жоқ. Бар болғаны сегіз класты Кеңес елінде жүріп зорға алған адам. Ал, оның ақындығына, талантына дау жоқ. Осы тұста оның СССР-дан қуыларда сотқа берген жауаптарына назар аударып көрелік.

Сот: Сіздің мамандығыңыз?

Бродский: Ақын, аудармашы.

Сот: Сізді ақын деп кім айтқан? Қалай білуге болады?

Бродский: Кім болушы еді? Мені адам деп кім таныды?

Сот: Сіз ақындықты оқыдыңыз ба?

Оларды даярлайтын... оқытатын жерде...

Бродский: Мен оны білім, оқу арқылы берілетінін естімеппін.

Сот: Енді немен беріледі?

Бродский: Құдайдан ғой деймін.

Сот: Сотқа қандай талап, тілегіңіз бар?

Бродский: Маған не деп айып тағып отырғанына түсінбедім (Фрида Вигдо-рованың интернеттегі жазуларынан).

Ақынды еркіндігі үшін, шығармашылықта тым ерік еркіндігі үшін сотқа тартты. Еркінмін деп, ауа жайылушылықтың жақсылыққа апармайтынын Кеңес үкіметі ерте түсінді.

Міне, осы керемет ақынның өлендері, эсселері батыста кең таралып, үлкен бағаға ие болды. Сол үшін де оған Нобель сыйлығы берілді. Бірақ, ол солай жазды екен деп, атағына құлдық ұрып, қазақ ақындары оған еліктей қойған жоқ. Оның өлендері абстрактылы, өзін өзі іздейтін, мәнге көп мән бере бермейтін стильде жазылған. Мысалы «Ария» деген өленінде

Полдень в комнате: тот покой

Когда низы как во

Сне пошевелив рукой

Не изменил ни чего, – деген жолдар бар.

Мұнда Бродский дәстүрлі өлең жолдарын бұзып, қалыптасқан тұрақты сөз тіркесін (во сне) үзіп ұйқас үшін екі жолға бөліп тастайды («как во» мен «ничего» ұйқасуы үшін ал, во сне басқа жолға жер аударылады). Келесі бір шумақты талдап көрелік:

«Муха» деген өленінде де осындай жағдай.

Теперь ты медленно ползешь по глади

Замызанной плиты, не глядя

Туда, откуда ты взялась в апреле.

Теперь ты еле

Передвигаешься. И ничего не стоит

Убить тебя.

Немесе:

Трудным для подражания

Птичкиным языком

Лишь бы без содержания («Рождественские стихи» 2008 ж. С-Петербург кітабы).

Міне, көріп отырсыз мазмұн, мән дегеннің керегі жоқ деп ашық жазып отыр. Өлеңші қазақ үшін мұндай әрекеттің еш өнегесі жоқ.

– Айтпақшы мен бір қызық айтайын. Сіз айттыңыз ғой, әлгі Бродский айтыпты «шебер ақын болса торғайдың шырылын салсын» деп. Бізде бір бала бар қарлығаштың шырылын айнытпай салады, міне былай – деп Сәбет сөзді бұрып жіберді.

– Қане, қане?

– Тіцә, тіцә! Шіррә әә.. ли, шіррәә! уағалайку уәлайку..уәлику, ашыри машыри, чыррр!

– Келеді әй, хе хе! Уағаләйку уәли, ә?

– Хе, хе, хе! Қызық ә?

– Жалпы, қарлығашты мұсылман құс дейді ғой, Періште мен пенденің арасында жүретін.

– Солай болса солай шығар, тілі мұсылман сөздеріне келеді екен.

– Иә, Бродскийді айтам-ау, Жалпы бұл ақынның көп өлендерінде осындай тіркес бұзу, мәнсіздікті өлең еткен жағдайлар едәуір баршылық. Тегі, батыс елдерінде шығармаға

әлеуметтік мән жүктеуді дұрыс көре бермейді. Біз әлемдік классика деп, жатып жаста-на оқитын Бальзактар мен Стендальдарды Фрацияның өзінде өткен ғасырдың ортасында-ақ оқымайтын болғандығы хабарға кезіккенім бар.

Махаббат мұны

Тоқтаусыз тамшылаған өмір тамшыларында махаббат дәмі сезілмесе, сылдырап ағып кеткен лайсаң судан айырмасы қайсы? Бірде есінді алардай тым тәтті балдай, бірде ащы, бірде кермек сол тамшылар махаббаттың тылсым сырымен ақындар жырына арқау болғалы қашан. Сол сезім тамшыларының ең ескісі де, сағыныштысы, ащысы да тәттісі – мұң. Іңкәрлік, ынтықтық сағыныш тудырады. Мұның ұыты мұң. Адам атадан бермен қарай жұбын іздеу, теңін табу, сүйгеніне жолығу Тәңірінің өзінен. Қаншама ғасырларда қаншама ақындар жыр арнамады. Жұбайын өзіне қаратсам деп, қайтсем көңілін өзіме бұрам деп, тотықұстар мен тауықтар қауырсындарын түрлендіріп, бүлбүлдар құйқылжыға ән арнады. Тау соғыс-қандай болып, небір нән пілдер мен мүйіздері қарағайдай бұлан мен бұғылардан бастап, титімдей масаларға дейін өз сүй-гендерін иемдену үшін өлімге бас тігіп бітіспес шайқасқа түсті. Серігінен айырылып қалған күнді қайғының басы болған күн деп, аққулар көлде мұнайды. Ал, адамдар оның асқынған түрін Ләйлі мен Мәжнүнге теңеді. Әлемдегі ең ұзақ та шытырман ертегі «Мың бір түн».

Махаббат машақатынан басталғаны белгілі. Жұмыр басты пенде қай заманда да махаббатсыз күнді күн демеген. Махаббат – мәңгі, ол ешқашан ескірмейді. Кім де болсын, мейлі ол патша, мейлі пақыр болсын өз махаббатын аялап өтуге құмбыл. Көбіне жыр жазады, ән арнайды. Серілер майданға, жекпе-жекке шығады. Жүйкеге салмақ түсіп, айықпас дертке ұшырайды. Бәрі де жүректен өтеді ағымы осы дегендей қадірін кетіре бастаған кез туды. «Махаббат ғадауатпен майдандасқан. Енді міне ең асыл қасиеттердің бірі тұтқан махаббат сезіміне де қаяу түсіп, замана тұр.

«Қайран менің жүрегім мұз болмай ма» деген Абай атамның мұны адаспай келіп жүректі тұмшалады. «Махаббат пен құштарлық» та екеуі екі жол екенін енді ұғынғандаймыз. Еркін заман ерік еркіндігін ала келді. Бұл өз кезегінде махаббат еркіндігі дегенді жетелеп жүр.

Бұрындары «мен не болсам, болайын, сен аман бол» немесе «Дүниеде сенен артық жар жоқ маған, саған жар менен артық табылса да» деп үздігетін еді. Жәй үздігіп қана қоймай, жарға деген адалдығын қорғайтын еді.

Енді: ...Бір жерден оқығаным бар еді.. Мәдина Омарованың «Қарғалар» деген әңгімесі, жарық көргеніне біраз уақыт болса да, осы заманғы, мына жолдар өмірі есімінен кетпейді.

«...Ол не себепті әке шешесінің алдында борышты сезінуі керек, түсінбейді. Жоқ түсінетін,

бірақ, осы жерден әлдебір әділетсіздікті сезетін. Не себепті еркін өмір сүруден қысылуға тиіс, неге олармен бірге тұрып, олардың алдындағы «перзенттік парызын» өтеуі керек. Және барлығын бақытқа кенелту үшін жақсы біреуге тұрмысқа шығуға міндетті.

...Бір қызығы, оларға маған жарық дүниені көрсет деп жалынған жоқ. Өле өл-генше қарыздар болайын деп келісім берген шартқа отырғам жоқ. Туса өздері үшін туды. Ал қалғаны әркімнің өз еркі емес пе?...» Одан әрі қарай оқи түсейік;

- «Сәлем!
- Сәлем!
- Жалғызсың ба?
- Иә.
- Маған келсеңші.

Бір сәтке үнсіз қалған Айжан «жақсы» деді (Бұл Айжанға жігіті Бағланның телефон соққан сәті).

— Келді. Бағлан жалғыз емес екен.

— Танысып қой, менің жолдасым, бірге жұмыс істейміз.

- Марат.
- Айжан.

Марат ұзын бойлы арық жігіт екен. Күлгенде әппақ тістері жарқ ете қалады. Әдемі.

- Не ішесің?
- Сыра.
- Онда мен қазір барып сыра алып келейін, сендер дастархан жасай беріндер. Ол шығып кетті. Содан Бағлан жоғалып кетті.
- Бағлан келмейді деді Марат.
- Қалай келмейді, сыра ше?
- Сыра тоңазытқышта толып тұр.

Айжан Бағланды іздеп телефон шалады. Аржақтан басқа бір әйелдің даусы. Бағлан келмейтін болды. Айжан жылай бастады.

— Айжан, неменеге жылайсың, саған қандай айырмашылық бар, бәрі бір емес пе?

- Ие, әрине, әрине.
- Неге жылайсың, әйелдер осы қызық, онда тұрған не бар.
- Иә, дұрыс. Ол тез шешінуге кірісті.

Тәңіртөн тұрып айнаға қарап еді, жүзі әлем тапырық екен...»

Бұл бүгінгі жастардың махаббатының айқын көрінісі. Обалы не керек, әңгіме жап-жақсы жазылған. Бүгінгі шындықтың суреті қаз-қалпында мөлдіреп тұр. Ел жұртымыз болып, ақындарымыз болып, аза бойымыз қаза тұрып безінетін нәрсеміз осы. Мәтіндегі «...қандай айырмашылық бар, бәрібір емес пе» деген жолдар менің есімнен мүлдем кететін емес.

Е.Тұрсыновтың «Келін» фильмі одан әрі жалаңаштана түскен. Мейлі ондағы кейіпкерлер бүгінгі қазақ болмағанымен өзге жұрт оларды қазақ деп таниды. Махаббат тұрақсыздығы. Сүйгенін аңсап, мұңға толы өлеңдер жазғанда ақындар осындайға кезіктірмесе екен деп, дүниеден, іріп бара жатқан қоғамнан жерігенде өмірді мансұқтап, мұңға күйректікке түсетіні осыдан емес пе? Содан болар қазіргі махаббат туралы жазылған өлеңдер бұрынғыша жалаң «күйдім», «сүйдім» деп емес, терең психоло-

гиялық толғанысқа түсіп, іштей үгіліп, аңсағанынан көз жазып қалғанына өкініп, көкіректерін сағыныш оты өртейді. Махаббатқа адалдығын, өліп-талып күтіп жүргенін ішкі жан-дүниесінің бүкіл күйзелісімен, ішкі драмасымен шынайы сезіндіруге ұмтылады.

«Жұлдыз» журналының 2013 жылғы №3 санында бір топ ақын қыздардың лирикалық топтамаларына кезіктік. Кезіктік те бас ала алмай құныға оқыдық. Бәрі шындық. Сезім де, күйзеліс те, сағыныш та, өкініш те бәр бәрісі шынайы.

Ақсүйрік Ізмұханова «Бала талдар иіскейді жылы ауаны» атты топтамасында сол біз айтып отырған шынайы мөлдір сезімнің сырын шерткен. Өлеңдер әп-әдемі, шып-ширақ жазылып, алғашқы тармағымен ақ өзіне баурап алады.

«Ерте көктем» өлеңін оқып көріңіз:

*Ерте көктем,
Ала келді жұпарын ерте кеткен.
Бала талдар иіскейді жылы ауаны,
Лебімен аймалап еркелеткен.
Сүйісуде
Көгершіндер махаббат мүйісінде.
Бір белгі бар құстарда маған таныс
Бір белгі бар көктемнің иісінде.
Ағын өктем,
Әкелгендей жанымға тағы көктем.
Балғын иіс сеземін, көкірегімді
Сенің иің секілді жарып өткен.
Бұралады
Тал қайыңды тербетіп бұлақ әні.
Мен өзіңді сағынып тұрмын жалғыз,
Үнсіз жұтып жұпарлы жылы ауаны.*

Көктем жайлы өлең жазбаған ақын жоқ шығар. Әр кім өзінше көңіл ауанын жасарып жаңарып келе жатқан дүниенің құлпыруын өзінше жырға қосады. Ал, мына қарындасымыз әдетке айналған, көп өлеңдерде кездесе беретін, қайталанан беретін «Жайнаған», «Құлпырған» есімшелері мен көсемшелерінен немесе «қызыл, жасыл, әдемі, сары, көк» сияқты сын есімдерден ада, ішкі сезімге үңіліп, бір кезде жанын жадыратқан бір иісті есіне алып, сол иісті мына көктем енді тағы да ала келіп, бала талдардың ырғалуымен есіне салып тұр.

Өлеңнің құрылымына да өзгерістер енгізіп, белгілі он бір буынды қара өлеңді жеке, бастапқы тармақтарынан қысқа бунақты жолға көшкен. Көп сөзділіктен, артық анықтауыштардан қашып, тек керек сөздерді ғана, сезімін жеткізеді-ау деген сөздерді ғана сұрыптаған. «Сүйісуде көгершіндер махаббат мүйісінде...» қаншалықты таныс болса да соншалықты тосын, жанға жылы махаббат идиллиясы. Біртүрлі елжіреген күйге еніп айта түссе екен деп, жо жоқ, енді ештеңе айтпаса екен деп, әлдебір түйсікпен өз басындағы сондай сәттерді іздестіре бастайсың. Жарайсың, қарындас, сезіміңнің мөлдірі былғанбасын.

*«Күннің күркірі мұңды қозғасын,
Өзгесі бізге лайық деп пең?
Сенде ақ жауын, менде көз жасы,
Келші қосылып жылайық. Көктем!
Келші, қосылып вальс билейік!*

*Жауынның қандай жағымды әуені!
Ешқашан енді құлай сүймейік, жарай ма?
Мұң ғой сезім әлемі...*

Бұл музыка. Жүрек лүпілдеп асау сезімге не бола алмай, көктем мен бірге билеп, көктем оятқан ару жанның сүйгенін аңсаған жанның ішкі сезім бұлқынысы. «Ешқашан енді құлай сүймейік, жарай ма?» Құлай сүюдің дерті мендеп үлгерген. Бұл әлгі өнер сарапшыларының өнерпаздың еңбегін бағаларда айта беретін «қауіпті сызығы». Дертке кезіге бастаған махаббаттың шек сызығы одан да қауіпті.

Атын асфальтқа жүректің қызыл бояуын жазып қоямын, сен жаңбыр өшіріп кетші, себелеп! Деп назданғанымен, өлең жолдарына симап, симап емес-ау, әдейі жазбай кеткен ішкі інкәрлігі бар. Ол өшіріп кетпеші дегені еді. Оны оқушы өзінің әлде бір беймәлім жетінші түйсігімен сезінгендей болады. Ішінен өшіріп кетпесе екен деп тілеуін тілегендей.

Ә-ә, ұмытып барады екенбіз ғой. Бұл тебіреніске толы әдемі жыр жолдары **Жадыра Байбуланова** атты ақын қыздың өлеңінен үзінділер. Бұл да қара өлең емес, 10 буынды ерекше ырғақпен оқылатын өлең. **Өлеңнің бұл құрылысын біреулер Тұманбай ақынға телиді.** Сол алғаш пайдаланды деп жатады. Бірақ, ол көп қолданғанымен алғаш поэзия әлеміне енгізген Қасым мен Тәкен ақындар еді ғой. Тәкен аға А.С.Пушкиннің «Дауыл» өлеңін қазақшалағанда осы тәсілді алғаш рет қолданды. Тармақтағы бунақтар 3+2, немесе 2+3 бунақтардан құралып, 5+5 болып жаңа екпінді ырғақ табады. Бұл ішкі сезімнің ерекше көтеріңкі қалпын беруде аса қолайлы құрылым. Жадыра қарындас мына өлеңінің ішкі интонациясын беруде осы өлшемді алғаны қолай көрген екен.

Мәселе, әйтсе де, мұнда емес. Кей сыншылардың қазақ өлеңдері сол қара өлең төңірегінен шыға алмайды, ескіден жалықпайды дейтін ренішті сөздерінің жаңсақ екендігін көрсетуде. «Поэзияның соры – ауыл арасындағы болмашы ғана оқиғаны сөзге тиек етіп ұсақтап бара жатқан ақындардың адасуында» (Жұлдыз, 2013. № 3. 146 бет).

Ал, махаббат лирикасы үф етсең ұшып кетердей, нәзік, тым нәзік сезімдерден сүзіледі емес пе. Оны ірі, ұсақ деп айта алмайсың «айдың мүйізіне ілініп тұрған тамшы нұрдың қашан үзіліп түсерін күтіп» шыдас табатын, я тағат таусылатын шақтар болады. Сол сәттерді ұстап қалсам деп ақындар жан таласады. Ақ тер, көк тер болып сөз сараптап, сезім сүзгісінен өткізеді. Жадыра қыз сол тақылетті ақындар санатына жатады.

Сөз саптасы да осы заманғы жастардың ауызекі тілінен алынған. «Сынсам да өзімнен сынамын бірге» Сынды, өкінді, опынды, енді қайтпек? Мұны ақын «Шаттықтан кетті шұғыла ғайып» деп, өзін сабырға шақырып «Ерегіскенде мына өмірге қосылып бірге күліп алайық» деп түйіндейді. Иә, бұл күнәһар көктем. Ақынның бұдан әрі

«Жыныма тимеші», «Жүрдек пойыз», т.б. өлеңдерінде алабұртқан көңіл-күйі іштей ширыға түседі Бұл сәт көбіне ежелден таныс суретті көз алдына алып келеді. Дала гүлін құшағына алған ғашық жан қауызын жарып шыққан нәзік желбезектерді бір-бірлеп «сүйеді», «сүймейді деп жұлып тастап тұрған қобалжыған сәтін көргендейсін.

Бірақ қыз өз махаббатына берік.

«Бақытты болмайсың сен» – деп күз

Жылайды төгіп қанша мұң.

Жаңбыр!

Оған сүйетінімді жеткіз

Сезбеген болса әлі...

Ақын қыздың шын сүйген арудың қалпына еніп, жаңбырмен сырласқаны қызықты-ақ, әрі сондай нанымды. Бұл өлеңдетіп отырған жоқ сияқты. Жәй сырлас досымен етене беттесіп іштегі жан сырын жеткізші оған деп арзу тілегін, ең қимасын айтып отыр.

Жаңбыр! Сен оны айма!!

Жақындай алмаймын енді мен...

Онан әрі сүйгенін ақ жауынға теңейді. «Тұп-тұнық көздері үнемі, Ақжауын! Аумапсың екеуін. Білсең ғой оның да жүрегі дәл сендей мөп-мөлдір екенін.

Бақытқа сол гана лайық,

Қуанса, шаттыққа куә бол.

Дәл сендей бір кезде мұңайып

Жыламасыңшы бірақ Ол...

Міне, сүйгеніне деген адалдық! Өлең өріле береді. Жан-жүйкені қоса тарамдап өріміне сіңістіріп жіберген. Ендігі өмірі жыр боп құйыла береді.

Өлмейді сөз де, үміт те

Өзгесі өледі шын.

Өмірің өзгелік те

Сен менің өлеңімсің.

Қыздың махаббат мұңына елтіп, бірге мұңдасып, оның жүрегін құлыптап, қаламын бос қойғанының куәсі боласың. Одан әрі белгілі ...сағынып, жанды жегідей жеген арылмайтын сары уайым мен оның серігі сағынып. Осының бәрі өлеңмен өрілгенде жон арқан шымырлап жыбырлап шығарып өріп кеткендей сезінесің. Солайша ақын бастан кешкен хал енді сенің халіңе айналады. Үйткені бәрі рас, сенімді, сен енді Ол болып, Ол сен боп кеткендейсің. Өнердің өлеңнің құдіреті осы болар. Ақын топтамасында «Тағдыр деген...», «Мен енді», «Қара сыз...» «Көңілге тағы келген бе», «Өткелсіз» өлеңдері мұң мен тебіреністің тұманында бір батып, бір шығып, көңіл көкжиегін көлбеңдетіп өз тұңғығына жетелей береді. Сен оқи түсіп ере бересің.

Енді, бірер сөз ақынның шеберлігі жайлы болса. Ең алғашқы байқалатын жай – өзіндік стилі, мақамы бар. Сөзге сараң, сезімге бай. Өлең құрылысы да көңіл-күйге қарай ширатылып, ширығып, көп сөзге ұрынбай сезім толқыныстарын дөп басып орын орнында тұрғандығы. Ұйқас та, ырғақ та солай. Көбіне арзан ұйқас емес тереңде жатқан ішкі иірімдер де үндеседі.

Қара сөз
Қалтырай үн қаттым.
Шарасы
Шыға алман шырқап тым.
Тербеген тәтті мұң жүрегін
Меңдеген сағыныш сырқаттын.

Мұнда үндестік заңына лайықталған дыбыс қуалаушылық, диссонанс та алғашқы сөздері мен соңғы сөздері өз ара ұйқасып көңіл-күйдің тұтас қалпын қапысыз жеткізіп тұр. Шумақта ұйқаспаған сөз жоқ. Бәрі ұйқасып тұр. Бұл тәсіл әсіресе «Өткелсіз» атты өлеңінде қатты байқалады.

Заңына тағдырдың көндігі,
Тағы да мұң тербеп, өлді үміт...
Жыр шыққан жүректі емдедім
Тұншыққан сезімді сөндіріп.

Өлеңді соңына дейін оқысаңыз да сол бір қалып. Алғашы сөз екінші тармақта да сөздің соңында да бір-бірімен ұйқасып, біріне бірі сезім мен байланған. Тармақтың алғашқы жолы «Заңына» болса келесі тармақ «Тағы да» болып ұйқасып басталады да соңғы сөздер тағы да «өлді үміт» «сөндіріп» болып үйлесіп көркемдік шешім табады.

Жалпы, сөздің басында да айтқан едік, қазақ өлеңдері бүгінгі таңда шеберліктің шырқау биігінде. Көп оқимыз, шет елден де, көршіден де хабар алып тұрамыз. Өлең өлкесі қандай деңгейде білгің келеді, біртүрлі қызық. Сонда байқағанымыз, сол баяғы екпін түсетін буын бунактар ұйқастың айнымас қазығы. Ақ өлеңі, тіпті, ұйқасты қажет етпейді. Ырғақ пен екпін болса болды. Ол солай, ұйқасқа мән беріп жатқан ақын жоқ. Ал, көршілердің өлеңі сол баяғы бір буынды сөздердің ұйқасынан көп ұзап кетпеген. Ал, біздерде ұйқас екі буыннан болса, әйтеуір ұйқас, көбіне үш буын, ең көп қолданылатын қара өлеңде төрт буын болып келеді де, кейінгі кездерде бес буынды, тіпті, кейде үйірлі ұйқас, қопарыла бүкіл тармақ болып ұйқасып келетін өлеңдер баршылық. Бұдан бір сөзді қосып, не алып тастай алмайсыз. Бұл нағыз шеберлік, мінсіз ақындықтың белгісі деп білу керек.

Оның үстіне өлеңнің түр формасын, құрылымын жаңаша қиыстыруды өзіне міндет етіп қойған, сүйгіп байырғы баяндауға бейім қара өлеңнен өзгешелеу немесе сол қара өлеңді екпін, ырғақ, ішкі динамикаға қарай бейімдеп жаңа жол тапқан ақындар легі де көптеп кездесе бастады. Оны мына **Айжан Табаракқызы** атты ақын қыздың өлеңдерінен қапысыз аңғарамыз.

Алакеуім...
Жатыр әне ішке тартып дала демін,
Бүгін тағы...
Келмедің...
Үміт жылап
Жалғыздық құшағында қала бердім.

«Күз» деп аталатын бұл өлең үзілмейтін үміт жайында. Табиғаттың тылсым сырлары ақын қызға ой салады. Жаны кең терең түкпіріндегі қатпар-қатпар сезім қабаттарын оятып, күзгі

әуенге орай мың құбылып, бұрын белгісіз қалып келген пернелерді ашып, үнге қосады. Қапелімде қолдан шығарып алған бақыт құсын өз махаббатын көп аңсап, тебірене күтіп, қайтсе де қолда қалған үміт жібінің бір ұшынан айырылғысы жоқ. Енді, сүйгенінің өз тұлғасы түгіл, оның тыныстаған ауасы, табаны тиген топырақтың өзі бұған аса ыстық.

Жүрегімнің емдей ме жарасын күз,
Санай берем бір күннің арасын жүз.
Келесің ғой сен ертең..

Қандай жақсы,
Бір қаланың жұтатын ауасын біз.
... Жел ұшырса көңілдің жатырағын,
Мұңмен мұңдас боп тағы отырамын.
Сен келесің... біз енді бұрынғыдай
Бір қаланың басамыз топырағын.
Мына өмірге қайта ораласың.

Үзілмейтін үміт, сарқылмайтын сағыныш өз махаббатына деген шексіз берілгендік.

Көңілің әлі де елеңдей ме екен мен десе,
Сезімнің исі жұпарлы еді өзгеше.

...Жаның жабырқап өткен сайын сен жалғыз.

Кінәләй ма екен мен мұңлықты сол көше.

Жалғызбын...

Солай...

Күндер де құрғыр өтпейді.

Бір көрсем екен...

Мәңгіге сосын кет, мейлі.

Жапырақ үміт ілініп үнсіз мүлгиді

Тағы бір күзге жетеді, бәлкім жетпейді.

Бұл мәңгіге берілген махаббат. Осы тектес махаббатты көп іздейсің, аңсайсың, мәңгі солай болса екен деп іштей батанды беріп, адалдыққа мінәжат еткің келеді. Тағы да көркем әдебиеттерді ақтарып кетесің. Мына өмірге қайта ораласың. Теле хабарларды көресің. МузТВ, ХитТВ, тағы сондай каналдарды көресің. Жап жақсы әуендермен араласып, көрерге зауқың соқпайтын би рәңгілері ерсі қылықтар, хайуандық әрекеттерді көріп тағы түңілесің. Жаныңдағы жастар болса үздігің, аузының суы құрып көзін алмайды.

Осыдан келіп кітап ұстаса Д.Досжановтың «иненің ұшында» хикаяты қолыңа іліксе, әбден тоят тілеп, есіл дерті сол болып, ындыны қанбайтын Ая қыздың әтешке ұқсап кетіп бара жатқан жігітінің көлігіне қарғып мініп, тал түсте машиненің ішінде абыл ғұбыл тоятын қандырғысы келіп тұратын жиіркенішті көріністерге кезігесің. Содан жағанды ұстайсың. Бала-шағамнан аулақ болғай деп тілейсің. Ал, әлгіңде оқыған ақын қыздың махаббатқа соншалықты беріктігі туралы өлеңін үздеп қайтадан журналыңды іздей бастайсың. Ала-құла дүние. Ала-құла адамдар. Ала-құла сезімдер. Осылардың арасынан жаныңды жадыратар жаймашуақ жылы сезім, әсерлі, қайғылы болса да бүкіл тұла бойыңды тербетер тәтті мұңды аңсайсың. Махаббат мұңы да көркем мұң. Сондай жырлар, сондай әндер іздейсің.



Бақтияр СМАНОВ,
ҚР Ұлттық ғылым академиясының
корреспондент-мүшесі,
Халықаралық Ш.Айтматов
академиясының академигі,
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор

ТАРИХИ ЖЫРДЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ

Көне тарихымызды зерделеп, халыққа таныстыруда өткен ғасырдың басында академик Н.Н.Веселовский жазып алып, қағазға түсірген акын Молда Қалыбай Мәмбетұлының «Орыс әскерінің Түркістанға тарихтың 1853-1866 жылдарында жасаған басқыншылығы» атты дастанының орны ерекше.

Молда Қалыбай Мәмбетұлы 1856 жылы Оңтүстік өлкенің Ақжар болысындағы Шарбұлақ ауылында (қазіргі Қазығұрт ауданы) туылған. Ташкентте оқып, сауат ашқан ол, кейіннен өз ауылындағы оқыған адамдардың арқасында білімін толықтырған. Қалыбай жастайынан өте зейінді де зерек болған. Көптеген тарихи оқиғаларды, дастандарды, халық ауыз әдебиетінің үлгілерін терең меңгеріп, кей кездерде оларды жатқа айтып жүрген. Әкесі Мәмбет пансат (пансат – 500 адамдық әскерлердің басшысы) кезінде Шадманқожа мыңбасының жауынгері, жүзбасы қызметтерін атқарған. Кейіннен Ташкент қаласы орыс билігіне көшкен тұста Мәмбет пансат әмірләшкер Әлімқұлдың әскерінің құрамында ту ұстаушы болып қызмет еткен.

Қалыбай 1888 жылы Ташкент түбіндегі Бостандық ауданының Іскендер елді мекеніндегі Іскендер арығын қазып жатқан уақытта көзі ашық, сауатты меценат Ақрам Асқаровпен танысады. Оның өтінішімен әкесі Мәмбеттің көрген-білгендерін, куәсі болған оқиғаларын хатқа түсіреді. Соның нәтижесінде аталған тарихи дастан дүниеге келеді. Академик Н.И.Веселовский өзі жақын танысып, жақсы араласқан азамат Ақрам

Асқаровтан осы жырды алып кетеді де, «Киргизский рассказ о русских завоеваниях в Туркестанском крае» деген атпен 1894 жылы Санкт-Петербургте кітап етіп бастырып шығарады. Онда дастанның орыс тіліндегі көркем аудармасымен бірге, араб жазуындағы нұсқасы да берілген. Бізге қолжазбаның негізгі нұсқасы жетпегенімен Н.И.Веселовский жазбасы арқылы онымен танысуға мүмкіндік алдық.

Осы жерде тағы бір ескерте кететін нәрсе – қағазға қазақша түскен аталған жыр-дастан бізден бұрын өзбек тіліне аударылып, «Түркістанды басып алу» (Туркистон босқини) деген атпен 2009 жылы Ташкентте жеке кітап болып жарық көргені.

Атақты шығыстанушы ғалым жариялаған бұл тарихи жырдың баспадан шыққанына биылғы жылы 120 жыл толады. Оңтүстік өлке, Жетісу, Сыр бойы, Өзбекстан, Қарақалпақ жеріндегі қазақтардың тарихи көркем бейнесін жырмен баяндаған осынау әйгілі дастанның бүгінгі күнге дейін (120 жыл!) қазақ тілінде басылмауы ұят-ақ. Өзбек тіліндегі кітапқа ұсынылған белгілі өзбек тарихшысы, тарих ғылымдарының кандидаты Зияуиддин Илхамовтың «Шайқаста көрсетілген тарих» атты кіріспе мақаласында дастан деректеріне сүйене отырып, Қокан хандығына қарайтын бірқатар қалаларды, елді мекендерді орыс басқыншыларының басып алғаны жайлы, Әулиеата, Түркістан, Шымкент, Пішпек, Ташкент, Алматы шаһарларындағы патшалық Ресей империясының жаулап алуына қарсы жергілікті тұрғындардың жүргізген елді жаудан қорғау күрестері, онда қаһармандық көрсеткен халқымыздың бірқатар ержүрек азаматтары мен қазақ руларының, қырғыз, өзбек, тәжік жұртының беделді өкілдері жөнінде өте құнды мағлұматтар келтіреді. Ол мұнда: «– Бир ойдан сунг Авлиёота тарафидан тахминан турт юз

урис Чимкентга келди. Мирза Давлат [бошчилигида] Қаландар ботир, Художёрбек, кенагас Темир додхох, Исламқұл додхох, Анорбой додхох, Мулла Қушук ботирбоши, Мухаммад қировул беги, нашхили [уруғидан] Хайит ботир, Сазо додхох серкали [уруғидан], Шукурали додхох, Қуролбой додхох, Олашбой ботир, Будабой ботир [кангли] каби мазкур ботирлар чор қушинларига қарши жангларда катта қахрамонликлар курсатдилар» (6-б.), – деп Түркістан өлкесіндегі ел қорғаушы батырлардың есімдерін атайды.

Ақын Қалыбай Мәмбетұлының тарихи шығармасында бейнеленген осыдан бір жарым ғасырдан астам уақыт бұрынғы «Арғымақтың тәуірі арбада кеткен, ер жігіттің тәуірі арманда кеткен» (сол кезеңнің мақалы – Б.С.) замандағы бүкіл түркі ұлысының қалың қолын басқарған қыпшақ Әлімқұл Әмірлешкердің тарихи тұлғасы жырда сәтті шыққан. Оның Қоқан хандығының ішкі саяси жағдайын жақсарту мен сыртқы саяси ұстанымдарын нығайту мақсатында жасаған игі қызметтері хандықтың әскери күш-қуатын дамытуға ықпал еткені мәлім. Соның нәтижесінде ол Қоқан билігі әскери құрылымының кәсіби даярлығы мен қару-жарақ қорын өз мүмкіндігінше жетілдірді. Осы тұрғыда біршама жеңістерге жеткен Әлімқұл Әмірлешкер патшалық Ресейдің отаршыл басқыншыларының Түркістан, Әулиеата, Шымкент, Токпақ, Пішпек, Алматы қалаларын жаулап алу үшін жүргізген сұрапыл соғыстарына берік қорғанысты қамтамасыз етуге және белгілі бір дәрежеде жетістіктерге ие болды. Алайда, оның жеке-дара жеңістері мен жетістіктерінен соң қайта шапқан жаудың – бақайшағына дейін қисапсыз қаруланған күш-қуаты мол отаршылдардың толассыз жойқын шайқастары, батыс пен Сібірден ағылып келіп, қосылып жатқан қарулы күштері қорғануға мүмкіндік бермеді. Бірақ, сонда да ел тәуелсіздігін сақтап қалу үшін ішкі және сыртқы жағдайларды реттеуге әрекет етіп, патша әскерлерінің басқыншылығына қарсы қалың жұрттың басым бөлігін жұмылдыра білген әскербасы халық тарапынан ерекше қолдау тапты. Сөйтіп, ол әскери және саяси саладағы жіберген кемшіліктеріне қарамай, Түркістан өлкесін мекендейтін халықтардың үлкен құрметіне ие болды. Сондықтан, сол заманның тарихшыла-

ры, жылнамашы-хаткерлері, ақын-жазушылары өз еңбектерінде Әлімқұл Әскербасының атқарған қызметіне жоғары баға беріп, айтулы тарихи тұлға, саяси және әскери қайраткер болғандығына айрықша назар аударады.

Ақын Қалыбай Мәмбетұлының тарихи дастанының негізгі кейіпкерлері – Қоқан ханы Мәллахан тұсындағы қыпшақ Молда Әлімқұл Ләшкербасы (Әскербасы) бастаған иісі түркі жұртының, оның ішінде, әсіресе, қазақ халқының елі мен жерін отаршылдардан қорғау жолында ерлік көрсеткен ер-жүрек батырлары. Жырда сол кездегі ел басшылары мен олардың ұжымдық бейнесі шынайы сомдалады. Шығарманың басқа түркі тарихи туындылардан басты ерекшелігі әрі артықшылығы – оның поэзия тілімен қазақша жырлануында дер едік. Онда дагер азаматтардың жанқиярлық ерлік істері, ата-баба аманат еткен ұлан-ғайыр жері мен туған елін қорғаудағы әрекет-қимылдары тарихи деректер ізімен жүйелі баяндалған.

Дастанда тағы бір жиі аталатын кейіпкерлердің бірі – Молда Қошық датқа Тоқбайұлы. Ол 1796 жылы қазіргі Ташкент қаласының аумағындағы Дархан ауылында туған. Қошық алдымен Ташкенттегі «Көкалташ», одан кейін Бұхарадағы «Мірараб» медреселерін тәмамдаған; ислам шариятын, әдет-ғұрып заңдарын, құран-хадис ұстанымдарын жетік білген. Ол Орта Азияға келіп, сауда-саттықпен айналысып жүрген орыстың көпестерімен, іскер-саудагерлерімен аралас-құралас бола жүріп, орыс тілін жетік меңгерген. Молда Қошық датқа 1814 жылы Қоқан хандығын Омархан билеп тұрған шақта, он сегіз жасында, датқа лауазымына ие болған. Хандық дәуірдің бұл кезеңі оңтүстік өлкеде рулық басқару жүйесінің қаймағы әлі бұзылмаған кез еді. Сонан дарынды жас шанышқылы елінің мыңбасысы қызметін де қоса атқарған. Тарихи деректерге қарағанда, Молда Қошық екі жыл (1844-46 жылдары) Қоқан хандығының Ресейдегі елшісі, Хан әскерінің Бас қолбасшысы (Әмір-Ғаскер яғни Батырбасы, 1859 ж.), Ташкент қаласының даруғасы (басшысы), алғаш Түркістан генерал-губернаторлығы ұйымдастырған қалалық әкімшілік деңгейіндегі «Мекемеде» Ташкенттің бас биі (1866 ж.) қызметтерінде болған. Ел ара-

сында ол – Датка, Ләшкербасы, Батырбасы, Молда-би сияқты лақап аттармен танылған кісі. Мұны халық арасында кең тараған өлең-жырларда, аңыз-әңгімелерде, Майлықожа, Сүйінбай ақынның жыр-толғауларында, айтыстарында келтірілген деректер де айғақтайды.

«Елдестірімек – елшіден» демекші, ол өз заманының сарабал саясаткері, мәмілегер елшісі ретінде екі-үш рет Бұқар әмірлері Насрулла мен Мұзаффардың тұстарында олардың қабылдауларында болып (А.Кенесарин т.б. деректері бойынша), Қоқан хандығының ұсыныс-тілектерін жеткізген, бауырлас халықтарды береке-бірлікке, ынтымаққа шақырған. Датка – өмірінің соңғы жылдарына дейін жанқиярлық күрескерлікпен өткен қайсар қайраткер, бәһадүр батырбасы. Ташкенттің он екі қақпасының әскери күзетінің басшысы кезінде оның Қоқан билігіне наразылық ретінде хан тағайындаған Ташкент бегі Қанағатшахқа қарсы 1859 жылы халықтың көтерілісін басқарғаны, сонан (ханға) бүкіл елдің талабын орындатқаны, өзі әмір-ғаскер (Батырбасы) дәрежесіне қол жеткізгені, сондай-ақ, Шымкент, Ташкент қалаларын қорғауда, Түркістан маңындағы Иқан жерінде, Алматы жанындағы Ұзынағаш түбінде болған орыс басқыншыларына қарсы сұрапыл соғыстарға Нармұхаммед күшбегі, Қанағатшах, Әлімбек датка, Ниязқұл пансат, Керімқұлдармен бірге қол бастап келгені, соңғы шайқаста Сыпатай, Сұраншы, Тайшық, Сыздық, Тойшыбек, Байсейіт сынды т.б. халқымыздың елі мен жерін қорғаған батырларымен бірге ерлік көрсеткені бірқатар тарихи құжаттарда аталады.

Молда Қошық 1866 жылдың басында, патшалық Ресейдің Ұлы Императоры Александр Екіншінің арнайы шақыртуымен бүкіл түркі жұртының жақсы-жайсаңдарын (7 адамды) Санкт-Петербургке бастап барған. Онда патша ағзамға аса маңызды талаптар қойып, сол ұсыныс-тілектерін мүлтіксіз орындатқан саясаткер. Атап айтқанда, патшалық Ресейдің жаулап басып алу мақсатындағы әскери қимылдарына қарсы Түркістан жұртының ғазуат соғыс жариялап, шайқасқа шығуының негізгі себебі – қанқұйлы генерал Черняев әскерлерінің жауыздығын, отаршыл қолбасшының шектен тыс қатыгездігі мен имансыздығы, иісі мұсылман

жұртына ортақ қастерлі діни орындарды қиратуы болғандығы; сондықтан, оны кері шақыруын, одан соң жергілікті халықтардың діни сенім-нанымдарына тиіспеу, оны шектемеу; олардың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін бұзбау, оған араласпау, оларды пайдалануға мүмкіндіктер жасау; қазақтардан әскерге адам алмау; соғыс зардаптарын көрген елден алынатын салықтардың көлемін азайту; жергілікті елдің азаматтық құқықтарын шектемеу; орыс отаршылдарына қарсы күрескен, соғысқа қатысқан адамдарды жазадан босату; тұтқынға түскен ел қорғаушы түркі жұртының азаматтарын тұтқыннан босату; абақтыға жабылған, қуғын-сүргінге ұшырап, жер айдалған ел қорғаушы жауынгерлерді туған жеріне қайтару; діни-ағарту орындарын, мешіттерді, медреселерді, қасиетті кесенелерді қиратпау секілді маңызды талаптар еді.

Ақ патша Молда Қошық датқаның тілегін қабыл алып, 1866 жылы 8 ақпанда генерал Черняевті кері қайтарып, орнына жиені, князь, генерал-майор Д. И. Романовскийді жібереді. Мұны патшалық Ресейдің әскери тарихшысы, генерал-лейтенант М. А. Терентьев «Орталық Азияны жаулап алу тарихы» атты үштомдық еңбегінде: «...Соңынан 475 рубль зейнетақымен отставкаға жіберілген Черняевтің тамаша мансабы осылайша аяқталды», – деп жазды (СПб, 1906. 1-том, 335-бет). Онда Батырбасы (Молда Қошық датка) да аталады (216-бет). Бұл туралы өткенде «Егемен Қазақстан» газетінде жазылды (2 наурыз 2013 жыл).

Біз әңгіме өзегі етіп отырған Қалыбай ақын Мәмбетұлының дастаны Қоқан ханы Құдиярдың билік құрған тұсындағы 1853 жылдың бір күнінде Ақмешіт қаласын орыс әскерлерінің қоршап алғаны жайлы хабардан басталады. Сол жайтты ақын дастанда былай баяндайды:

Әмір қылды ханымыз:
Үш күнге шейін жиылғын,
Дін-мұсылман бәріңіз,
Үзгірлер мен сарқордар (әскер басшылары – Б.С.),
Жақсыларым келіңдер,
Бір маслихат беріңдер.
Жақыпбектің үстіне,
Батыстан жау келіпті,
Дін-исламды бөліпті.
Жақыпбектен хат келді,
Еліме қатер төнді деп,

*Бір күн ұрыс қылдым мен,
Сол бір күннің ішінде,
Жүз елу жігіт өлді деп,
Келген хат-тіл бізге сол
Кім барады енді деп?*

Содан Қасым мыңбасы бас болып, Жалау күшбегі, Әлімбек, Сейітбек, Молда Сапар пансат, Ғазизбек, Жұматай пансат, Есенгелді датқа, Мұхаммед жүзбасы барлығы ханнан бата алып, отыз мың әскермен жаумен соғысуға шығады. Ол кезде Ақмешіт қаласының әкімі қыпшақ Жақыпбек болатын. Оның алдында Жақыпбек Ташкентте әкім болған. 1864 жылдың соңында әмірләшкер қыпшақ Әлімқұлдың бұйрығымен ол Шығыс Түркістанның Жетішар қаласына әкім етіп жіберіледі.

Ақмешіт үшін болған соғыста түркі жұртынан жиылған әскер үш күнге жетпей жеңіліп кері қайтады. Ал, олардың басшысы – Қасым мыңбасы Бұқарға қашып тынады. Содан қаланы отаршылдар басып алады. Арада екі жыл өткен соң Құдияр хандықтан қуылып, орнына (анасы бөлек) ағасы Мәлліхан таққа отырады. Осы тұста ол Алматыға Атабекті әкім етіп тағайындайды. Алайда, арада көп уақыт өтпей (1860 ж. Н.И. Веселовский) отаршылдардың әскерінің Алматы қаласына да жеткені жайлы хабар келеді.

Мұнда да ел қорғаушы жауынгерлер мен халық басшыларының отан қорғау үшін сапарға шығуы Мәлліхан құзырында болған мәжілістен өрбиді:

*«Бір мәслихат етпек керек,
Ғазауат айтып көп дұшпанға,
Біз мұратқа жетпек керек.
Әркім болсын тәуекелшіл,
Қырық мың қолға басшы болып,
Алматыға кетпек керек.
Алматының жолы қысқа,
Ер жігітке сөзім нұсқа...
Алматыға келді орыс,
Қылар қайрат қайсы батыр.
Алдын алып біз бармасақ,
Мұнда бізді қоймас ақыр».*

Осыдан соң, яғни, Мәлліханның сөзінен кейін, Рүстембек орнынан тұрып, қылыштарын беліне байлап, Ғазизбек, Шүкірәлі, Жұматай, Саза пансаттар, Молда Қошық батырбасы, Мұхаммед қарауыл бегі, Егемберді, Молда Хуш датқалармен бірге хан әмірімен отан қорғау соғысына аттанады. Бұл көрініс дастанда:

*«Астарында бедеу аттар,
Дұшпандарды болып таптар,
Қоқаннан шыға жөнелді,
Сол заманда азаматтар.*

*Молда Қошық, Жұматай,
Молда Сапар, Молда Хуш,
Шүкірәлі, Мұхаммет бай,
Бұлар өтті тобыменен,
Қоқанның даңғыл жолыменен» (5 бет)*

– деп баяндалады.

Аталған әдеби дереккөз орыс мұрағаттарының мәліметтерімен де сәйкес келетінін байқаймыз. Мұны Алатау округі бастығының Сібір корпусы қолбасшысына жазған ресми құпия хатының мазмұнынан аңғарамыз.

Бұл жайтты Верный бекінісіндегі Алатау округінің бастығы подполковник Г.А.Колпаковскийдің Сібір корпусының қолбасшысы генерал Г.Х.Гасфордқа 1860 жылы 8 қыркүйектегі №2147 «Өте құпия», «Аса маңызды» деген белгімен жолдаған хаты дәлелдейді. Онда: «Аса жоғары мәртебелім! Сізге осы құпия хатты қолма-қол жіберіп отырғанда, Пішпекті алғаннан кейін, Тоқмақтың бұрынғы әскери комендантының әскери тұтқыны, Ұлы жүз Суан болысының қазір Верныйға отбасына басқалармен бірге қайтқан сарбаз – қазақ Әлжанбай Биболовтың жаңа хабарын естідім. Осы аталған қазақ Әлжанбай Атабектің тапсырмасымен біздің отрядтың Шудың арғы жағына келгені туралы Ташкентке хабар жеткізген және ол мынадай мәліметтер әкелген: Қанағатшах Ханның (Құдиярдың – Б.С.) тапсырмасымен құрамында ташкенттіктер мен көшпелі Құрама рулардан тұратын 10-15 мың әскермен Әулие атаға келген. Олардың 24 лафеттегі қаруы (зеңбірек), бұдан басқа 600 жалдамалы парсылардан құралған жаяу әскері бар. Бұлардың мақсаты – Пішпекті қайтарып алу және Қанағатшах бізбен келіссөз жүргізбек. Онда бізден олардың шекарасын бұзып, жеріне өткенімізге жауап алу туралы ханнан тапсырма алғанын айтпақ. Жауап алудан бөлек, ол бізден әскери тұтқын болған датқалар мен біздің жағымызға өткен адамдарды қаруларымен қайтаруды талап етпек. Егер біз бұл талаптарды орындамаған жағдайда, олар бізге қарсы соғыс жарияламақ», – деп жазады. Осы 1860 жылдың 21 қазанында болған Ұзынағаш шайқасындағы патша әскерлерінің жеңісі үшін әскери округ басшысы подполковник Колпаковский полковник шеніне жоғарылатылып, төртінші дәрежелі Касиетті Георгий орденімен марапат-

талғаны, ал, Қастек пен Пішпекті тас-талқан етіп басып алғаны үшін көп ұзамай (1862 жылы) генерал-майор, одан кейін генерал-лейтенант атағын алғаны тарихтан белгілі. Ал, біз болсақ күні бүгінге дейін тек Ұзынағаш түбіндегі соғыстың өзінде 30-40 мың адамның қанын судай шашқан, сол Колпаковскийге Алматы қаласы мен оның маңындағы қалалардан көшелердің атын беріп әлі әлек болып келеміз... Түсініксіз жағдай.

«Аса маңызды», «Өте құпия» жазылған хатта қоқандықтардың отрядында Ташкенттің Нармұхаммед құшбегісі, Қанағатшах әскеріне Әндіжаннан келіп қосылған Әлімбек датқаның жауынгерлері, Ниязқұл пансат, Молда Қошық датқа, Керімқұл және т.б. келе жатқаны ескертіледі. Бұл құпия жазбаша хабардың 1860 жылы 23 қазанда тіркеліп, қабылданғаны жайлы кеңсе белгісі соғылыпты. Осы дерек көздерінен біз 1860 жылғы әйгілі Ұзынағаш шайқасының тарихын, оған қоқандықтар әскерінің құрамында қазақтың Сыпатай, Сұраншы, Тайшық, Сыздық, Тойшыбек, Байсейіт, Керімбек, Байзақ, Батырбек, т.б. ел қорғаушы батырлары мен өзбек, қырғыз, тәжік секілді Орта Азия халықтары өкілдерінің белсене қатысқанын байқаймыз.

Олар дастанда аталғандай:
Дін исламға жар болғайсын,
Бабай түкті Шайты әзіз.
Әулиең мырзасы,
Қылсам ұрыс шектен зият,
Намыс бермек ерлерге ұят,
Дінім үшін жан құрбандық,
Медет бергін Бабай Мұрат, – деп

Түркістан өлкесіндегі қасиетті әулиелердің әруақтарына тағзым етіп, он сегіз мың ғаламның жаратушысы – Алла тағаладан көмек сұрайды да, елу мың әскермен ел мен жерді қорғауға аттанады.

Жырда елге тұтқа болған игі жақсылар мен ержүрек батырлардың есімдеріне ерекше мән берілген. Мұны ақын:

Шанышқылыда батыр көп, бірі
Жаппар,
Мұхамет би Жаппарға хатымды ап бар.
Қазыбек пен Жұматай, Есботаға айт,
Шайқұрбан бірге келсін, мұнда гәп бар.
Онан соң жасауылдар қаңлыға бар,
Аты шыққан Құралбай намлыға бар.
Есітсе Шүкірәлі өзі келер,
Бұдабай батыр айтты, алдына бар.
.....

Жігіт жиып, тарату қыла берме,
Байзақ би не істеп жатыр енді.
Он мың әскер жиылсын бар қазақтан,
Мірәлі би қалмасын шақыр енді.
Қай жақта батырбасы Молда

Қошық,

Би тайынып қалды ма діні шошып.
Өз ауылы, арғын, найман, бағыс, темір,
Ұзақ келер жиылып менен шошып, – деп
әмірләшкер Әлімқұлдың тек Ташкенттің төңірегіндегі елдердің өзінен он мың қол әскер жиғанын баяндайды. Осылайша Ташкент, Шымкент, Пішпек, Алматы атырабындағы жойқын қарсылықтардың, көтерілістер мен наразылық толқулардың жиі-жиі қайталануы Ресей патшасы мен басқа да шет елдерді алаңдата бастаған. Мұны орыстың Ұлы императоры II Александр өзінің Түркістан өлкесіндегі сенімді өкілдерінен, олардың мәлімдеме жазбаларынан біліп отырды.

Ұлы ақын Жамбыл да «Сұраншы батыр» дастанында осы кезеңді:

«Елдің басын доп қылып,
Айналдырды ойынға.
Сап түзесіп солдаты,
Сартылдатып арбасын,
Серейіскен зеңбірек,
Бетке ұстаған айбаты,
Патиша кірді қойынға.
Тезек төре жол беріп,
Қарғы тақты мойынға.
Қоқанды құртқан Құдияр,
Оратөбе тәжігін
Көкпар етіп тойында.
Патишаға қарсы тұратын,
Қуаты жоқ бойында,
Қырғызды қанға батырған,
Әркімге бір сатылған,
Орман хан бар қолында:
Қазақты барып талайық,
Патишадан бұрын алайық,
Деген мақсат ойында», – деп сипаттайды.

Ұлы жыршы дастанының екінші бір тұсында:

Оралдан өрлеп Алтайға,
Алуға патиша ынтықты.
Садақ тартқан қазаққа,
Түтіндетті мылтықты.
Ертісті өтіп оралтып,
Жетісуға қол сұқты...
Бірнеше күн өткенде,
Колпаков пен Черняев,
Жетісуға жеткенде,
Құдияр хан қағынды,
Тағы қанды сағынды,
«Алатын орыс, қазақсың,

Аламын деді бәріңді!» – деген жолдар бар.

Қоқан хандығы билігінің өз қарамағындағы бүкіл түркі халықтарына жасаған қиянаты көп болғанын жұрттың бәрі біледі. Дегенмен, сондай қысылтаяң кезеңнің өзінде сол заман халқының, хандық биліктің зорлық-зомбылығына қарсылық білдірген ерлердің, оларды ұйымдастырған ардагер азаматтардың жанқиярлық ерліктерін, ұлт үшін жасаған еселі еңбектерін ұмытпай, насихаттап, қалың жұртқа таныстырып отырғанымыз абзал.

Жоғарыдағы жыр алыбы – Жамбыл жырларынан келтірілген үзінділерді оқи отырып, ұлы ақын сол кездегі саясат адамдарының, өзінің әдеби кеңесшілерінің айтуы бойынша, кеңестік заман талабына сай, қызыл коммунистік идеологияның ықпалымен отаршыл әскерлердің келуін, олардың жойқын жаулап алу соғыстарын бүркемелеп, Жетісу қазақтарына Қоқан хандығының зорлық-зомбылығына қарсы күресте көмектесуші, одақтас ретінде тонын айналдырып көрсетуді, хандық биліктен азат етуші, жанашыр құтқарушы түрінде танытуды мақсат еткен болуы керек деген ой келеді бізге. Әйтпесе, қырғыздар – Орманды, өзбектер – Құдиярды, қыпшақ Әлімқұл әмірләшкерді т.т. әлдеқашан ақтап алды. Оларға тәуелсіздік тұрғысынан қайта баға беріліп, ұлт мүддесіне орай есімдері қалпына келтірілді. Жер, су, елді-мекен аттары беріліп, ескерткіштер қойылды. Ал, біз болсақ кеңестік (*орыстық деген дұрыстау болар*) мүдде тұрғысынан әлгіше түсіндірумен, отаршылдық саясаттың айтқанын тотықұс секілді қайталаумен келеміз. Ойланатын жағдай сияқты. Бұл – бір. Екіншіден, мұндай жымысқы ойдың артында қырғыз, өзбек, қазақ секілді туыстас халықтарды бір-біріне жеккөрінішті көрсету пиғылы, оларды бір-біріне қарама-қарсы айдап салу сияқты сұрқия саясат жатқандығын да дастанның мәтінінен байқаймыз. Үшіншіден, отаршылдарға тек қана қазақ емес, бүкіл түркі ұлысы, күллі Түркістан жұрты жұмыла қарсы шыққанын, барлығы біріге күрескенін көреміз. Төртіншіден, Колпаковский мен Черняев Жетісуді жаулаған тұста Қоқан ханы Құдияр емес, Мәллахан болатын. Бізге осы ретте кеңестік саясат та ұлы ақынның шығармашылық

күш-қуатын өз пайдасына жаратқан сияқты деген ой келеді.

Олай дейтіміз, Батыс Сібір әскерлерінің Бас қолбасшысы генерал А.О.Дюгамель 1864 жылы 21 маусымда Ресей әскери министрі Д.А.Милютинге мынадай мазмұнда жеделхат жолдайды: «...**Полковник М.Г.Черняевтің құпия хабарына қарағанда, 4 маусым күні олар Әулиеата қамалын айқын күшпен басып алған. Қоқандықтар елеулі соққы көрді. Бізден бары-жоғы 4 жаралы жауынгер болды. Толық қорытынды хабар капитан Красовскийден жіберіледі**», – деп жазады Әулиеатаны басып алғаны жөнінде.

Майлықожа ақын «Шалқып жатқан елім-ай...» атты өлеңінде бұл жайтты:

*Тоқпағым мен Піспегім,
Өңімдей болды түстегім,
Орыс шықты тауыңа,
Қиын болды түспегің.
Әулиеата, Талас-ай,
Үстінде жатқан Алаш-ай,
Орыста қалды қор болып,
Мұсылманның баласы-ай.
Сулы мен Билі көлім-ай,
Жуалы, Шақпақ белім-ай,
Орыста қалды-ау қор болып,*

Шалқып жатқан елім-ай, – деп айқын аңғартқан.

Осындайда полковник Черняевтің Әулиеата бекінісінің бегі Ниязәлі датқаға 1864 жылдың маусымында жазған мына хатының мазмұны еске түседі. Бұл ресми хаттан басқыншының өктемдігін, шектен шыққан зорлық-зомбылығын, жанкешті жауыздығын аңғарамыз: «...**Біздің сөзіміз мынадай: Мен Ұлымәртебеліпатшаның ұйғаруымен Әулиеатаны басып алуға келдім. Ең алдымен, бостан-босқа кантөгісті болдырмау үшін, бекіністі Ақ патша әскерлеріне тапсыруыңыз керектігін айтуды өзімнің парызым деп білемін. Оны бізден қорғай алмайсыздар. Қосқорған, Күмісқорған, Ақмешіт, Жаңақорған, Дінқорғандағы және хандықтың барлық бекіністерінің ішіндегі ең шұрайлысы – Пішпектегі жағдай сіздердің бастарыңызға туады. Құмсуат, Ақмешіт, Ұзынағаш маңындағы майдан даласындағы Қоқан әскерлерінің әрекеттері кезінде де олар орыс қаруының шексіз күш-қуатын байқады.**

Егер, бекініс атыссыз берілсе, онда мен қоқандық азаматтар мен бекініс-тегілердің барлығының дерлік өмірін,

дүние-мүліктерін, бостандықтарын сақтайтынымды күдіретті патшаның атынан білдіремін.

Менің ұсынысымды қабыл алмай, Сіздер Әулиеата тағдырын өзгерте алмайсыздар... Қорғанғыларыңыз келсе өз еріктеріңіз, бірақ зардап шексеңіздер өзіңізден көріңіздер. Жауап беру үшін үш сағат уақыт тағайындаймын...

Полковник Черняев», – деп мөрін басып, қолын қойып жолдайды.

Бұл деректер – көне тарих көзі. Елдің, жердің өткенін, тарихын білемін деген зерделі жандарға таптырмас мол мұра, баға жетпес асыл қазына. Өйткені, кез келген тарихи оқиғаның негізінде шыннайы шындық жатады. Осындай ашық-айқын, бұлтартпас мәліметтер арқылы ел-жұрт қазақ даласының патшалық Ресей империясының құрамына қалай қосылғанының мәнісін терең және жүйелі түрде, нақтылы дәлелдер негізінде түсінеді.

Бұл жайлар жөнінде Қалыбай ақын дастанда:

*Бұл хатты көріп Әлімқұл,
Жасауылды шаптырды.
Қазақ, қырғыз, сарт, қытшақ,
Ауылда жатқан еліне.
Пәрмен қылып хат жазды,
Әндіжан, Қасан, Марғұлан,
Наманганның бегіне:
Бесарықпен, Бадам келсін,
Балықшы, Ошта қалған келсін.
Төреқорған, Жармазардан,*

Он екі мыңдай адам келсін, – деп Қасым мыңбасы, Жалау күшбегі, Әлімбек, Сейітбек, Молда Сапар, Ғазібек, Жұматай пансаттар, Есенгелді датқа, Мұхаммед жүзбасы, ер Мыңбай, Молда Әлімқұл бағыр сынды ерлердің есімдерін көркем кестелі жырмен баяндайды.

Сондай-ақ, ел ішіндегі Бекмұхаммед төре, Әлімбек, Сейітбек, Бердібай күшбегі, Әкім қожа, Молда Сәлібек ахун, Әбілқасым ишан, Махдум гусфендуз, Қарабас қожа, Шерәлі кәл, Жиған датқа, Құдайшы секілді азаматтардың да іс-әрекеттері әсерлі әңгіме өзегі болады. Жырдағы Иқан жері мен Шымкенттен кейін Ташкенттегі Сортөбеде болған кескілескен қанды шайқастарда оқ тиіп ауыр жараланған Молда Әлімқұл әскербасының жан тапсырарда батыр-басылар мен пансаттарға, датқаларға, елдің игі жаксыларына сөз арнап, аманат айтқаны да назар аударарлық:

*Мені өлді демендер,
Мен үшін қайғы жемендер!
Тәннен басың кеткенше,
Атысыңдар жауменен,
Намысты қолдан бермендер!
Тәшкенді тастап кетпеңдер,
Бұзық ниет етпеңдер...
Не айтайын сіздерге,
Әр біріңде ақыл бар.
Әр кім қылған өз ісін,
Өз ойынша мақұлдар.
Қытшақ, қырғыз бұзылма,
Тәшкенді алса бұл орыс,
Саған да бір күн жақындар...
Есек озар тұлпардан,
Шымшық озар сұңқардан.
Сақау озар шешеннен,
Ерлер кейін қалады,*

Төсекте жатқан кеселден, – дейді Молда Әлімқұл ләшкербасы. Сонан жан тәсілім етіп, шейіт кеткен оны сол күні кешке қалың жұрт, қала тұрғындары жиылып әз Төле би жатқан Ташкенттің Шайхантауірдегі көне зиратына апарып жерлейді. Ал, Қоқан хандығының отан қорғаушы әскерлерін басқару тізгіні Молда Сәлібек ахунға жүктеледі.

Дастандағы баяндалған тарихи жайттарды туысқан өзбек халқының басқа да бірқатар көне деректері мен қазіргі күнгі зерттеушілері еңбектеріндегі мәліметтер де растайды. Мәселен, шағатай тілінде жарық көрген Молда Әлім Махдум қажының «Тарихи Түркістан», Ысқақхан Төре Ибрәттың «Тарихи Ферғана», Мұхаммед Жүніс Ташкандидің «Естеліктер», Мұхаммед Салыққожа Ташкандидің «Тарихи жадиди Ташкент» секілді т.б. көне тарихи еңбектері мен З.Илхамовтың «Алиқұли Әмірлашкар және оның Қоқан хандығының саяси тарихындағы орны» атты диссертациялық зерттеуінен, сондай-ақ, бауырлас қырғыз зерттеушілерінің, ақын-жазушыларының еңбектерінен хандықтарихына, Түркістан аймағындағы патшалық Ресейдің отарлау саясаты мен оның қалай жүзеге асырылуы жайында салыстыра отырып, мол әрі толыққанды мағлұматтар алуға болады. Айталық, Молда Әлім Махдум қажы «Тарихи Түркістан» кітабының алғысөзінде: «... Әсіресе, өзбектер бұрынғы өткен аталары мен руларын жадында ұстамаққа барынша жан-тәнімен берілуді еді. Бірақ, біздің Түркістан сартиялары (өзбектері – Б.С.) тарихқа көп мән бермей, екі-үш атадан ілгері өткен жайт-

тарды және олардың замандарындағы хикаяттар мен оқиғаларды мүлдем білмейді. Бейне бір өзін сол кезеңдегі жағдайларды меңгергендей ниетпен, сондай-ақ, өтініш үмітімен Фарғана мен Қокан хандары және олардың бастан өткен жағдайларын кейбір тарихтардан және көпті көрген адамдардан өзін есіткендерімді, көріп-білгендерімді қарапайым әрі ресми шағатай тілінде «Тарихи Түркістан» деген ат қойып, баспаға әзірледім. Алла тағаланың назарына жетіп, табысты болуға лайық қылғай. Мұнда түркістандық азаматтарымыз Фарғана хандары, олардың замандары мен оқиғаларын және Ресей мемлекетіне бодан болғанына елу жыл мерзім ішінде өмір кешкен хал-жағдайымыздың қалай өрбігеніне көңіл бөле отырып, қорытынды ойлар түйер еді», – деп жазады (*Молда Әлім Махдум қажы. Тарихи Түркістан. – Ташкент: Түркістан генерал-губернаторлығының баспасы, 1915, – 220 бет.*).

Бұл шығарманың басым бөлігі Қокан хандығы билігінің тарихына арналған. Онда тарихшы Қокан хандығының құрылған кезеңінен бастап, соңғы дәуіріне дейінгі тарихы, кімдердің билік құрғаны, олардың тұсында қандай маңызды оқиғалар орын алғаны және олардан шыққан нәтижелер қандай болды деген мәселелер (*Қоканның алғашқы ханы – аңыз бойынша «Алтын бесік» әулетінен шыққан Шахрух ханнан бастап, соңғы хан – Құдиярға дейінгі тарих*) шынайы әрі дәлелді баяндалады.

«Алтын бесік» әулеті жайлы әфсанаға байланысты жайттар В.П.Наливкиннің «Қокан хандығының қысқаша тарихы», Т.Қ.Бейсембиевтің «Тарихи Шахрух – тарихи кезең сипатында», Р.Н.Нәбиевтің «Қокан хандығының тарихы», Қ.Халидұлының «Тауарих хамса» атты т.б. еңбектерде аталады. «Тарихи Түркістан» шығармасы Орталық Азияны мекендеген түркі халықтарының өміріндегі әрбір ханның қалыптасқан дәстүр бойынша таққа отыруы, атқарған маңызды игі істері, әсіресе, жаңа медреселер мен мешіттер ашуы, ол хандардың ел басқару ісіндегі кемшіліктері мен қым-қиғаш тағдырлары, сан қилы саяси-тарихи құбылыстарды бастан кешіруі, соңынан өмірден озуы, имам Қ.Халидұлы айтқан «Қыпшақ заманасы» мен Молда Шамсидің (Шавки) «Жангнома-и Худойар хан» (Құдияр хан шайқасы) кітабында

аталатын байырғы қыпшақ жұртының құлан, өлмес, елатан, жасық, жетіқасқа секілді т.б. руларының өзара қақтығысын, жалпы тарих сахнасындағы түркі-қыпшақ жұрты өмір кезеңдерінің бой көрсетуі сияқты оқиғаларға құрылған. Бұл деректер еңбектің мазмұн-мағынасын байыта түскен.

Тегінде, Молда Әлім Махдум қажының «Тарихи Түркістан» атты еңбегінен біз Түркістан өлкесі тарихын зерттеп-зерделеуге қатысты аса құнды деректер ала аламыз. Ал, 1915 жылы жарық көрген бұл шығарманы оқып-танысқан әрбір саналы азамат өз аймағының өткеніне байыппен зер салады, бұл тақырыпқа тұрақтап ден қояды. Әрі Қалыбай ақын Мәмбетұлының біз сөз етіп отырған дастанындағы жазылған тарихтың растығына көз жеткізеді. Бірақ, мұнда да орыстың зерттеушілері, тарихшылары секілді өзбектің бұрынғы және қазіргі тарихшылары мен саясаткерлері өз зерттеулері мен талдауларында өзбек халқының мүддесі мен абырой-беделі тұрғысынан баяндайды. Бұл, дұрыс та шығар. Олардың орнында біз болсақ, мүмкін біз де солай етер ме едік? Алайда, құдайдың жалғыз екендігі сияқты тарихи шындық та жалғыз – біреу. Оны әркім әрқалай көреді, әртүрлі бағытта көрсетеді. Ал, бірақ, бұдан бізге қажеті – сол дереккөздердің қауызынан дәнін аршып алу, бұлтартпас айғақтарды өзіміздің керегімізге, ұлтымыз игілігіне, (Сабыр Рахымов, Орал Таңсықбаевтар секілді) ұтымды пайдалануымыз керек.

Жалпы, өзбек тарихшыларының ұлттық тарихты жазып, оны жоғары және арнаулы орта оқу орындарында, жалпы білім беретін мектептерде оқытудағы өнегелі істерінен үлгі алуға, олардың мол тәжірибелерінен, дерек-мағлұматтарынан қажетке қарай пайдалануға болады. Себебі, бұл қазақ тарихын түгендеуге де мол септігін тигізеді. Мәселен, олар «Өзбекстан халықтарының тарихы» пәнінен бөлек, жалпы білім беретін орта мектепте оқытылатын «Өзбекстан және әлем тарихы» пәнінің оқу бағдарламасы мен тест сұрақтарына (*Авторлары: Мұхаммаджанов А.Р., Өзбекстан Ғылым академиясының академигі, Усманов Қ.У., тарих ғылымдарының докторы, профессор*) Кенесары Қасымовтың, Жанқожа батырдың көтерілістерін, олардың тағдыр-тауқыметі жайлы мәліметтерді,

1850 жылдардың ортасындағы Қоқан хандығының алым-салықтарына қарсы Ташкент тұрғындарының наразылық қозғалыстары, Орыс әскерлерінің 1854 жылы 25 ақпанда Алматыны жаулап алуы, қала түбіндегі Тойшыбек бекінісін ойрандауы, 1853 жылы Орынбор генерал-губернаторы В.А.Перовскийдің Ақмешітті жаулауы, 1859 жылғы Ресей императоры II Александрдың Қоқан хандығын басып алу туралы қабылдаған қарары, 1860 жылы подполковник Г.А.Колпаковский әскерлерінің Ұзынағаштағы Қарақыстақ өзені бойында Қоқан хандығы әскерлерін зенбіректердің оғына орауы, одан Шу бойына шабуыл жасап, Шу бекінісін 1862 жылы басып алуы, полковник Черняевтің 1864 жылы 4 маусымда Әулиеатаны, сол жылы Пішпекті, Тоқмақты, Иқанды, Түркістанды, Манкентті, Шымкентті, ал, 1865 жылы маусымда Ташкентті, қыркүйекте Шыршық атырабын басып алған соң, Ресей отарлаған аймақтарды генерал Черняевке бағынатын Түркістан өлкесін құруы, оған Сырдария және Жетісу облыстарын Ферғанамен қосып, төрт облыстан тұратын Түркістан генерал-губернаторлығы мен Түркістан әскери округін құруы секілді т.т. маңызды тарихи деректерді мейлінше толық енгізген. Бұл – бізге де үлгі аларлық жайт. Өзбек ағайындардың ұлт тарихына қатысты еңбектерінен мұндай мысалдарды көптеп кездестіруге болады.

Айталық, «Тәуелсіздік қаһармандары» сериясымен жарық көрген тарихшы-ғалым, ақын Ысқақхан Төре Ибраттың «Тарихи Ферғана» (Ферғана тарихы) атты еңбегінде: **«Бұл 1285 (1868) жыл еді. Онда Молда Әлімқұл әскер басы болып, әмірләшкер деген атақ алды. Ресей әскерлері Түркістанға келді деп хабар жетті. Әмірләшкер Ташкентке келді. Шадманқожаны өлтірді. Орнына Нармұхаммед датқаны Ташкент әкімі етіп қойды. Дәулет тәжік деген адамды Түркістан қаласына әкім етіп жіберді... Әмірләшкер 1281 (1864) жылдың қысында Шымкентке келді. Ол кезде орыс әскері Түркістаннан (қаласынан – Б.С.) бері шыққан жоқ екен. Шымкентте жан-жаққа адам жіберіп, игі жақсыларды шақырыпты. Олардан Түркістаннан Сыздық төре және қазақтардан Байзақ биді ша-**

қыртты», – деп баяндайды (– Т.: «Мәнавият», 2005 ж. – 118-бет). Онан тарихшы-ғалым Иқандағы жойқын соғыс, Мыңбай датқаның жараланып қайтыс болуы, Шымқаланы қорғау үшін болған шайқастар жайлы кеңінен әңгімелейді. Мұны орыс, қазақ, өзбек, қырғыз тарихи деректерінен де айқын аңғарамыз.

Кезінде бұл жайттарды: **«Қоқан жұрты ақ патшаға қарсы болып, соғыс қылудың жөні жоқ екенін бірақ енді білді... Орыс әскері бұлай асып кеткен деп жұрт ойлаған жоқ екен. Орыстың солдаты өзіміздей-ақ адам ғой деп ойласақ, олай емес екен. Біз жолда келе жатқанда орыс әскерін тоқтатармыз деп қанша күш салсақ та, орыс әскері арыслайды болып жүріп кете берді десті. Осы күнде Қоқанға қараған ел тұс-тұс жақтан өзбегі болсын, тәжігі болсын, қыпшағы болсын, қырғызы (қазағы – Б.С.) болсын – бәрі келіп, генерал-губернаторды көріп, тыныштық бергені үшін тәңірі жарылқасын айтып жатыр»,** – деп жазды **«Түркістан уәлаяты»** газетін шығарушы Шаһмардан Ибрагимов газеттің басмақаласында (**«ТУТ»**, 3 қазан 1875 жыл, №23).

Қысқасы, Молда Қалыбай Мәмбетұлының **«Орыс әскерінің Түркістанға тарихтың 1853-1866 жылдарында жасаған басқыншылығы»** атты жырмен жазылған тарихи дастаны отаншыл ер-жүрек күрескерлердің есімдерін құрмет тұта отырып, олардың ерлік істерін, патриоттық сезімдерін кейінгі ұрпаққа үлгі ететін, ұлт тарихының аса бір күрделі кезеңдерін халық жадында қалдыру мақсатынан туған шынайы тарихи туынды екендігіне куә боламыз. Сол үшін де дастан Қоқан хандығы аумағын Ресей империясының басып алуы мен оған қарсы күллі Орта Азия халықтарының біріге жүргізген тәуелсіздік үшін күресінің тарихына байланысты **құнды деректердің жиынтығы ретінде** аталған өңірдің тарихы мен жалпы тарих туралы ұлттық пайым-түсінігімізді қалыптастыруға қызмет етуі айдан анық.

Бұл жазылған жайлар – тарихи туынды мен Түркістан жұртының өткені туралы айтар ойларымыздың бір парасы ғана.



ҚОҒАМ, МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ҚАЙРАТКЕРІ

Қазақстан тарихынан ойып тұрып орын ала білген тұлғалар да, көзтаса қалып, «шаң басқан» мұрағаттардың сөрелерінде жеке істері қозғаусыз қалғандар да бар. Біздің бүгінгі сөзіміз – ерен ерлігімен көзге түспегенімен, халқымыздың абзал азаматы, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, үлкен ғалым, педагог, жастар ұстазы ретінде кеңінен танылған Әмір Қанафин. Ол 1913 жылы 31 желтоқсанда бұрынғы Торғай губерниясы Қостанай уезінің Обаған ауданына қарасты Алпыс – Үй құдық ауылында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген [1]. Ата-анасынан ерте айрылған Ә.Қанафин Қостанай қаласында ашылған балалар коммунасы мектеп-интернатында (қазіргі Ы.Алтынсарин атындағы дарынды балалар мектеп-интернаты) 1923 жылдан бастап тәрбиеленіп, осы мектеп-интернаттың тұңғыш түлектерінің бірі ретінде жеті жылдық мектепті бітіреді. Ә.Қанафинның балалық шағының Кеңес үкіметінің енді орныға бастаған кезеңімен тұспа-тұс келуі және коммуна мектеп-интернатында тәрбиеленіп, білім алуы оның балалық санасында терең із қалдырды және сол тарихи заманның төл перзенті болды.

1930 жылы Ә.Қанафин жеті жылдық мектепті тәмамдаған, сол жылы жоғары оқу орнының үш айлық дайындық курсы бітіріп, 1932-1935 жылдарда Ойрат облыстық колхоз институтында оқиды. Ол институтта білім алумен қатар, қосымша ауылдық мектепте математика және қоғамдық пәндерден сабақ береді. Ә.Қанафинның жоғарғы білім алуға деген құштарлығының арқасында, 1935-1938 жылдары М.В.Ломоносов атындағы Москва университетінің механика-математика факультетінде білімін жетілдіреді. Осы кезде Мәскеу

университетінде оқыған қазақтың белгілі азаматтары А.Закарин, Т.Дарханбаевпен студенттік достық кездері бірге өтеді. Әбекеңнің олармен қарым-қатынастары ешуақытта үзілмеген. 1938 жылы университетті бітіргеннен кейін, ол КСРО-ның ХКК жанындағы Қазақ республикасының Тұрақты өкілетінін орынбасары, мектептер басқармасының бастығы, Қазақ республикасының оқу-ағарту Халық Комиссарының орынбасары қызметтерін атқарды.

Соғыс жылдары мен соғыстан кейінгі жылдарда Ә. Қанафин әртүрлі жауапты, басқарушы қызметтерде болып, Ұлы Отан соғысының бас кезінде Ә.Қанафин «Социалистік Қазақстан» газетінің жауапты редакторы болды. Сол кезде осы газеттің бөлім бастығы болған, белгілі журналист Ғайса Сармурзин өзінің «Өмір сабақтары» деген еңбегінде: «Ұлы Отан соғысы басталып кетті де, газетке Әмір Қанафин жолдас редактор болып келді. Биязы жап-жас жігіт екен. Тілі майда, сыпайы да байсалды. Ашу шақыруға жайы жоқ. Әрі істі ақылдасып шешкісі келеді» – деп жазады [2].

Әбекең газетте көп істей алмады. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті оны Қарағанды облыстық партия Комитетіне хатшы етіп жібереді. «Жұмысшы, колхозшылар арасында жұмыс істеу, олардың өмірін жан-жақты білу мен үшін үлкен өмір мектебі болды» – деуші еді Әбекең. Соғыстан кейінгі алты жылда Әмір Қанафин Қазақстан Лениншіл жастар Одағының бірінші хатшысы қызметін атқарды. 1945-1946 жылдары Ә.Қанафинның басшылығымен ауыл шаруашылық ғылымын және озаттар тәжірибесін насихаттау үшін колхоздарда лекторлер, көрмелер, агротехникалық кештер, жастардың ғалымдармен, колхоздардың білікті мамандарымен кездесу

кештері, озат колхоздарға саяхаттар ұйымдастыру кең өріс алды. Ә.Қанафинның сара басшылығының арқасында тек төртінші бесжылдықтың соңғы жылының өзінде колхоз председателі, колхоз бригадирі, ферма меңгерушісі болып 373 мың жас колхозшылар жұмыс істеді. Ә.Қанафин соғыстан кейінгі жылдардағы жастарды тәрбиелеудегі жанкешті еңбегі, іскерлігі мен қайраткерлігі үкімет пен партияның назарынан тыс қалған жоқ. Осындай ерен еңбектері үшін Ә.Қанафин І дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Құрмет белгісі» орденімен, «Ленин орденімен» марапатталды[3]. Ә.Қанафин комсомолдың 50 жылдық тойына қарсы «Лениншіл жас» газетінің тілшілеріне берген сұхбатында «Комсомол жұмысында болған жылдарымды мен өмірімнің ең бақытты да шабытты кезеңі деп табамын» – деп сағынышпен есіне алады[4].

Ә.Қанафин 1951-1955 жылдар аралығында Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, Қарағанды, Семей облыстарының партия комитетінің хатшысы болды. Алматы облыстық комитетінің бірінші хатшысы Ә.Қанафинның кадрлармен жұмыс істеу стилі туралы қоғам қайраткері Сейдәлім Тәнекеев былай деп жазады: «1951 жылы маусым айында Жақыпбек Жангозин облыстық партия комитетінің бірінші хатшысынан босап, бұл қызметке Қазақстан Орталық Комсомол комитетінің бірінші хатшысы Әмір Қанафин сайланды. Арада үш жыл өтер-өтпестен Әмір Қанафин Орталықтың шешімімен басқа жұмысқа ауысып, ол кісінің орнына 1954 жылдың соңына қарай Сейтқали Жақыпов деген кісі келді. Жалпы, Әмір Қанафин өте ұстамды, мәселені асықпай, ақылдасып шешуге тырысатын, кадрларға қамқорлығы мол, алды кең қайраткер еді. Алғаш Ә.Қанафин жолдас Орталық партия комитетіне идеология хатшысы болып жоғарлайды екен деген сөз шыққан еді. Бірақ, олай болмады. Бір айдан соң ол кісі республика Мәдениет министрі болып бекітілді»[5]. 1955 жылы 30 қарашада Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Бюросы шешімімен (14 хаттама) Ә.Қанафин Қазақ ССР Мәдениет министрі қызметіне келді[6]. Бұл лауазымды қызметте 1961 жылдың наурыз айына дейін болды.

Ә.Қанафин қоғамдық-мемлекеттік қызметін зерттеп-зерделеген кезде бұл кісіні ұлттық мәдени мұрамыздан ажыратып қарау мүмкін емес. Бұрын кенже қалған ою-өрнек және көркем сурет өнерін жалпы ұлттық мәдениеттің құнды саласы ретінде жоғары, жаңа белеске көтеру жолында Ә.Қанафиннің еңбегі зор болды және бірқатар табыстарға қол жеткізді. Мәселен, Алматы, Шымкент қалаларында кілем тоқитын фабрикалардың салынуына, Қызылорда кілем тоқитын артельдің қайта ұйымдастырылуына Ә.Қанафин үлкен мүмкіндік жасады. Ә.Қанафин басқарған Мәдениет министрлігінің қаулысы бойынша халық шеберлерінің үздік туындыларына республикалық конкурстың жариялануы, қол өнер бұйымдары көрмелерінің ұйымдастырылуы, халық шеберлерінің бірінші республикалық слеті – Қазақстанның мәдени өміріндегі елеулі оқиғалардың қатарында маңызды рөл атқарды. Ә.Қанафин Мәдениет министрі болған жылдарда Қазақстанның шет елдермен мәдени байланыстары нығая түскен. Оның бір куәсі шет елдермен байланыс жасайтын «Қазақ» қоғамының құрылуы еді. Бұл қоғамның жетістіктеріне Қазақстанда Монғол халық мәдениеті, Корей халық мәдениеті апталығының өтуін жатқызуға болады. Қазақстанның қоғам қайраткерлері, ғалымдары мен жазушылары халықаралық конференцияларға, съездерге белсенді түрде қатысып, ғалымдарымыз АҚШ-та, Англияда, Францияда, Италияда, Үндістанда өткізілген дүниежүзілік ғылыми конгрестерде баяндамалар жасап, ал, қазақ жазушылары Мәскеу мен Берлинде, Ташкент пен Бакуда, Дели мен Токиода болған жазушылардың халықаралық конференцияларда сол заманның күрделі мәселелері жөніндегі пікір таластарға қатынасты.

Университетті бітіргеннен кейін 1938-1942 жылдары Әмір Қанафин халық ағарту саласында істейді, бөлім бастығынан Халық Ағарту Комиссариатының орынбасарына дейін көтеріледі. Бұның өзі Әбекеннің жастығына қарамастан өзінің білімі мен біліктілігінің арқасында тез ширап республика басшылығы алдында үлкен беделге ие болғандығын айғақтайды. Сондай-ақ, республикалық халық ағарту ісін басқаратын мекеме кезінде А.Байтұрсынов, С.Сә-

дуақасов секілді қазақтың біртуар азаматтары жетекшілік етіп, бұл салада халық мүддесіне сай істерді атқару керек екендігін көтеріп кеткендіктен Ә.Қанафинды солардың ісін жалғастырушы ретінде де бағалауға болады. Халық ағарту ісіндегі алғашқы қадамынан-ақ біліктілігімен көріне білген Ә.Қанафин комиссариат алдындағы кезек күттірмес мәселе – сауатсыздықты жоюды аяқтау керектігі жайында мәселе көтеріп, оны ойдағыдай жүргізді.

Халық ағарту комиссариаты қазақ әліпбиінің кириллицаға көшуіне байланысты қазақ халқы арасында жаңа әліпбиді үйрету ісіне ерекше мән берген еді. Бұл істі комиссариатта тікелей қадағалау Ә.Қанафинге жүктелді. Осыған байланысты Халық ағарту комиссариаты қаулысымен 1941 жылдың 1 қыруйегінен бастап жоғары сынып оқушыларына (5-10 сыныптарға) сабақ тек жаңа әліпби бойынша жүргізіліп, төменгі сыныптарға жаңа әліпбиді меңгеру үшін кейбір пәндер, атап айтқанда, қазақ тілі мен әдебиеті пәні жаңа әліпби бойынша оқытылатын болды. Жаңа әліпбиді жақсы меңгерген студенттер мен училище оқушыларын облыстық халық ағарту бөлімдеріне жіберіп, олар ересек азаматтарды жаңа әліпбиді үйретуге кеңінен тартылды. Бұл іске жоғарғы оқу орындары мен училище басшылары тікелей жауап беретін болды [7].

Қазақ халқының жаңа әліпбиге көшумен бірге өзінің ана тілінен айрылып қалу қаупі төнген кезде, Ә.Қанафин туған халқының шын жанашыры ретінде көріне білді. Туған халқына жаны ашыған азамат Ә.Қанафин қысқа мерзім ішінде өз елдерінің ұл-қыздары сауат ашып, білім алғанын арман етті. Ғалымның өз қаламынан туған «Қазақстан мәдениеті жаңа кезеңде» деген еңбегінің «Халыққа білім беру ісінің маңызды мәселелері» деген тарауында осы мәселеге айрықша көңіл бөлген [8]. Ә.Қанафин оқу-ағарту мәселесін КСРО-ның депутаты ретінде көтеріп, оның материалдық базасын нығайтуға ұсыныс енгізді. Мысалы, КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1948 жылға арналған бюджетін талқылауда Ақтөбе округінен депутат Ә.Қанафин сөйлеген сөзінде: «Қазақстандағы мектеп құрылысына қосымша 6 млн. рубль қаражат көздеу керек. Өйткені, соғысқа дейін салынған 66 бастауыш, жетіжылдық және орта

мектептер құрылысы соғыс кезінде аяғына дейін бітпей қалған болатын, осы мектептерді қалпына келтірген жағдайда 13 мың оқушылар орны іске қосылмақ» – деген еді [9].

Қоғамдық қызметтің қай саласында жүрмесін Ә.Қанафин педагогтық ағартушылық саламен тығыз байланыста болды. Әбекеннің жоғары оқу орнымен байланысы 1954 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының оқу және ғылыми жұмыстары жөніндегі проректор қызметінен басталды. Тағдыр тағыда Ә.Қанафинді партия және мемлекеттік қызметтерге қайта оралтты. 1955 жылы Ә.Қанафин Қазақ КСР-ның мәдениет министрі болып тағайындалғаны белгілі. Ә.Қанафин Мәдениет министрі қызметінен босағаннан кейін Алматы шет тілдер педагогикалық институтында ұстаздық етті. 1962 жылдан өмірінің аяғына дейін кафедра меңгерушісі қызметін атқарды. Бұл қызметті Ә.Қанафин абыроймен атқарып, институттың дамуына, жастарға білім, тәлім-тәрбие беруде зор үлес қосты, оқытушылар мен студенттердің құрметіне бөленді.

1962 жылы оқытушылық қызметке ауысқаннан бастап, Әбекен ғылыммен шұғылдануға толық мүмкіншілік туды. Жас мамандар дайындауға аса көңіл бөлді, өзінің де ғылыми еңбектері шығып жатты. Әмір Қанафин 1966 жылы докторлық диссертация қорғап, екі жылдан кейін профессор атағын алды. Ә. Қанафин Қазақстанда ғалым-тарихшыларды дайындауға да үлкен үлес қосты. Қазақстан Орталық Комитеті жанындағы партия тарихы институтының, Қазақстан Ғылым Академиясының тарих және археология институтының, С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің докторлық және кандидаттық Диссертациялық Кеңестерінің мүшесі» ретінде де жемісті еңбек етті. **Оның жетекшілігімен 27 кандидаттық, 5 докторлық диссертация қорғалды. Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің бұрынғы ректоры, ҚР ҰҒА академигі Т.С.Садықовтың, тарих ғылымдарының докторлары В.М.Козьменко, Ш.Г.Сармурзина, Ә.Н.Құдайбергенов, К.Абилевтың диссертацияларының ғылыми кеңесшісі болды. Әмір Қанафин қаламынан 180 ғылыми еңбек шыққан екен, оның 6-ы монография.**

Әмір Қанафин Одақ көлемінде де

мәдениет мәселесі бойынша ғылыми конференцияларға, ондағы дискуссияға да белсене қатысып отырды. 60-70 жылдары мәдениет тарихын зерттеушілердің арасында үлкен дискуссия тудырған мәселе – «Мәдени революцияның негізгі кезеңдерін анықтау», мәдени революция аяқталды ма, болмаса жалғасуда ма?» 1967 жылы Москвада болған бүкілодақтық конференцияда және А. Яндаровпен бірігіп жазған «Расцвет культуры казахского народа» еңбегінде мәдени революцияның аяқталмағанын авторлар жан-жақты және үйлесімді дамыған адамдардың қалыптасуымен байланыстырады: ондай адамдар енді ғана қалыптасып келеді деп тұжырым жасайды [10]. Бұл – мәдени революция сауатсыздықты жою, ғылым мен өнердің дамуымен аяқталады деген пікірді жақтаушы ғалымдарға қарсы айтылған дұрыс дәлел еді. Әмір Қанафин өз еңбектерінде жан-жақты дәлелдеп, күмән келтірмей кеткен қағида: ол – мәдениеттің «мазмұны социалистік, түрі ұлттық» деген формула еді. Мұстафа Шоқай 30-шы жылдардағы Кеңес өкіметінің мәдени саясаты, социалистік реализм туралы былай деген еді: «Асылында, халықтың рухани дүниесі (мәдениеті) біртұтас нәрсе, оны мазмұнға және формаға бөлуге болмайды. Кез келген рухани мәдениет өзінің мазмұнымен айқындалады» [11]. Әрине, Әбекең бұл пікірмен таныс та емес еді. Кеңес дәуірінде өмір сүрген тоталитарлық идеологияның өктемдік құрған жағдайында мәдениет тарихын, оның әртүрлі кезеңдерін шындық тұрғысынан саралауға жол жоқ еді. Жазатынымыз да, айтатынымыз да белгілі штамп, қағидалар: «бұрын мәдениеті дамымаған», «социализм арқасында ғана мәдениеті гүлденген ел» болды дегендерді құрғақ қайталау болды. Ең бастысы – мұндай тұжырымдар ғылымның күмән тудырмас ақиқаты ретінде ұрпақтар санасына сіңірілді. Мәдени өмірде науқаншылық басым болды. Әдебиет пен өнер туындыларында жалпы адамзаттық ортақ мәселелер көтерілмеді. Бұл – мәдениетті өзіндік табиғатынан, даму заңдылықтарынан айырды.

Әмір Қанафин – өз ғасырының ұлы, өз ғасырының үні, Әбекеңнің 74 жыл өмірінің 70 жылы Кеңес Одағы дәуірлеген заманда өтті. Ол мемлекеттік, қоғамдық-саяси педагогикалық белсенді қызмет атқарғаны үшін Ленин орденімен, Отан

соғысының бірінші дәрежелі орденімен, Еңбек Қызыл Ту орденімен, 5 медальдармен ҚазССР Жоғарғы Кеңесінің грамоталарымен марапатталды. Әмір Қанафин КСРО-ның Жоғарғы кеңесінің 2-3 шақырылуларының (1946-1954 жж.), Қазақ КСР-ның 2-5 шақырылуларының (1947-1963 жж.) депутаты болды [12]. Азаматтық ойдың қалыптасуы, ұлттық тарихымыздың қайта тірілуі, қазақ тілінің күні қайта туа бастаған шақты Әбекең көре алмай кетті. 1988 жылдың ақпан айында өмірден озды. Әрине, оның жазары да, айтары да бар болғандығына күмән жоқ еді. Қорыта айтарымыз, Әбекеңнің бойына біткен қасиеттерінің ең шоқтығы – биік парасаттылығы. Өйткені, парасат табиғаттың адамға деген үлкен сыйлығы. Әмір Қанафин өз бойындағы қадыр-қасиетті, талант пен игі жақсылықтарды еліне пайдалы етіп жұмсай білді. Ол – адамгершілігі зор, иманды, мәдениетті ірі тұлға.

Ә. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,
т.ғ.д., профессор,
Абай атындағы ҚазҰПУ

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

Биобиблиография обществоведов Казахстана. Алма-Ата, 1986, с.214

Сармурзин Г. Өмір сабақтары. Алматы, 1975, 376.

Биобиблиография обществоведов Казахстана. Алма-Ата, 1986, с.214

Лениншіл жас, 1968, 29 тамыз

Танекеев С.Н. Иір-иір қиыр жол. Алматы. 2005, 194 б.

Қазақстан халықтарының мәдени мұраларын насихаттау мен зерттеудің өзекті мәселелері. Республикалық ғылыми-практикалық конференция. Алматы, 2004, 3 б.

Бақытжанова А.Б. Әмір Қанафин ғалым-педагог, мемлекет және қоғам қайраткері (1913-1988 жж.). Автореферат... Семей. 2010, 14-б.

Қанафин Ә.Қ. Қазақстан мәдениеті жаңа кезеңде. Алма-Ата. 1968. 77-б.

Казахстанская правда, 1948, 6 февраля
А.Қанафин А., Яндаров. А. Расцвет культуры казахского народа. Алматы. 1977 с.180

Шоқай М. Таңдамалы. Алматы, 1-т., 1998. 133-б.

Биобиблиография обществоведов Казахстана. Алма-Ата. 1986, с.214

АБАЙМЕН ЗАМАНДАС АҚЫНДАР

Өнер өлмейді, бізден кейін де өрши өрлеп, шырқала береді. Байыптасақ, әр тарихи дәуірде жасаған сазгер өзі тудырған әсем әуендері арқылы сол өзі өмір сүрген уақыттың эстетикасы мен этикасынан баға жетпес мәліметтер береді. Демек, біздер жеке сазгер-тұлғалар арқылы тұтас бір заман адамдарының аңсар-ауанын, сүйініші мен күйінішін, мұң-наласын және «Махаббат, қызық мол жылдар» (Абай) орнаған, ән-күйге тұнған шат-шадыман тұрмысын да жақын тани түсеміз.

Әсіресе, қазақ ән-әуенінің тарихында XIX ғасырдың алар орны ерекше. Бұлай дейтіміз әпсана-аңыз деректеріне құлақ түрсек, музыка әдепкіде жерге қонбай әуеде жер-жаһанды кезіп, аспанда қалықтап жүріпті. Күндердің күнінде, бір тұста, ұлы Қазақия даласының көгінен өгіп бара жатады. Сөйтсе, ұшы-қиыры жоқ алып дала таусылатын емес, не керек содан қанаты талып, берте-бірте төмендей ұшып, ақырында қазақ елі мен жерінде қонақтап қалып қойыпты. Қазақтардың өзге жұрттардан мойыны озық, асқан әнші, күмбірлеген күйші, ақпа ақын болатандықтары содан екен.

Нақ осы аңыздың айтылуына себепші болған, біздің XIX ғасырда өмір сүрген әнші-ақындарымыз дер едік! Санай бастасақ, өзге ұсақ-ұланын былай қойғанда, атақтыларының өзі бірқыдырау. Атап айтар болсақ, олар: Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Әсет, Мәди, Мұхит, Естай, тағы басқалар. Ал, осы өнерпаздардың арасында Абай Құнанбайұлының орны, тіпті, бөлекше! Ол ән-әуен мәселесінен жайшылықта көптің көңілін көтеру мақсатында жанынан өлең шығарып, ән салып жүрген ақындарға үлгі боларлық тәлімді терең ой қозғады, оларға өте жоғары талап қойды.

Ұлы Абайдың көзін көрген Біржан сал бастаған XIX ғасырдың әнші-ақындары өздерінің ән өлеңдерін сыршылдық қалпы, көркемдігі жөнінен қазақ қазақ атанғалы бұрын-соңды болмаған шырқау биікке көтерді, Абай айтқан тұстан табылды. Айталық, Біржан салдың «Жамбас сипар», «Ләйлім шырық», «Жанбота», «Көкек», «Теміртас» атты ән-өлеңдерін кім білмейді! Немесе Ақан серінің «Сырымбет», «Балқадиша», «Үш тоты», «Құлагер», «Майда қоңыр», «Маңмаңгер» деген ән-өлеңдері бүгіндері радио-теледидарымыздан әрдайым шырқалып келеді.

Тыңдап отырсаңыз ғажап, осылай сырлы-күйлі, мұң-наласы сыр шертіп жан дүниеніңді ерітеді, нұр сәулелі сезімге бөлейді. Ғажап болатыны бұл кісілердің ән-өлеңдерінің әуені (музыкасы) мен сөзі бір-біріне сәйкес келеді, мазмұндық-көркемдік жағынан бірін-бірі толықтырып, бірін-бірі ашып тұрады, бір біріне

сәуле шашып жарқ-жұрқ етеді. Сондықтан да олардың ән-өлеңдерінің қай-қайсысы да естен қалғысыз өміршең!

Бұлардың тағы бір айрықша сипаты: өздері ақын, өздері композитор, өздері орындаушы (артист, солист). Бір бастарына бірнеше өнер тоғысқан (синкретті). Себебі, олардың кезінде қазіргідей театр, кино, компьютер дегендер жоқ. Клип түсіре алмайды. Бірақ, ең бастысы олар – туа дарыған тамаша таланттар! Қазіргі біздің баз бір әуеншілердей емес.

Бүгінгі әуеншілеріміз сөзді де өзі шығарып, әнді де өзі орындамақ болады. Шама-шарқына, қабілет мүмкіндігіне қарамайды. Онысы қырын кетеді. Мәселен, өлең сөздері «Жаным, сен болмасаң мен қайтер едім» секілді болып келеді. Осындай да өлең бола ма? Осы да поэзия болып па? Өте қарабайыр, өте қарадүрсін. Тыңдап отырып ұяласың! Отырған жеріңнен тұра қашқың келеді. Әуендері әуен емес, сөздері сөз емес. Ақындық дарын деңгейі мүлде төмен. Әйтеуір қайдан шыкса, оннан шықсын, бас салып сабалай береді. Өйткені, кітап оқымайды, жан-жақты білім іздемейді. Өнер жайлы теориялық біліктері саяз. Сондықтан, әні мен сөзі бір-біріне үйлеспейді. Тым құрымаса бұлар XX ғасырдың алпысыншы жылдарынан бермен қарайғы ақындарымыздың ән-өлеңдерімен жете танысқанда, мұндай сөлекет өлең сөз жазбас еді. Бәрі демейік, басым көпшілігі арзан атақ іздеп кетті, даңққұмарлық әбден естерін алған. Әмбебеп болғылары келеді. Солардың кесірінен жап-жақсы даусы бар әншілеріміз қор болып жүр. Өйткені, жақсы ән жоқ, жақсы композитор жоқ! Заман азды ма, әлде адам азды ма, қайдам. Осы орайда қайран Абайдың: - Құр айғай бақырған, құлаққа ән бе екен? Өнерсіз шатылған, кісіге сән бе екен? – дегені еске түседі.

«Қайнайды қаның, ашиды жаның»(Абай) демекші, тоқ етері, бүгінгі сол кейбіреулерге Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ секілді болу қайда! Мысалы, Балуан Шолақ:

Айым да – сен, Ғалия, күнім де – сен,

Оң қабағым тартады күлімдесең.

Менің көңілім, Ғалия, дауалансын,

Ауған түйе секілді бейімдесең.

Ғалияның қолында бұйда пышақ,

Ғалияны көрдім де, жасайдым құшақ.

Жатыр ма екен Ғалия, отыр ма екен,

Айдын көлге шомылған аққуға ұқсап!?!...

Қарап тұрсақ, әні де керемет, сөзі де керемет. Бүкіл тұла бойды балқытып, жан жүректі жарып шыққан әуен мен сөз екендігіне қайран қаламыз. Балуанның сөзі мен әнін тыңдаған адамның Ғалияның жаннан асқан сұлу, жаннан асқан ақылды, ерекше қыз екендігіне шүбәсі қалмайды. Қысқасы, Балуан Шолақтың

шығармашылығынан XIX ғасырдың екінші жартысындағы отаршылдыққа ұшыраған қазақ халқының кіріптарлыққа түскен ауыр тағдыры жайлы да мағлұмат аламыз. Ғалияға арнаған ән сазында мұң, уайым бар. Және де әнші-ақынның сөз, сөйлем қолданыстарынан сол кездегі қазақтардың дүниеге көзқарасы, көркемдік турасындағы түсініктері аңғарылады. «Оң қабағым тартады күлімдесен», «Ауған түйе секілді бейімдесен», «Ғалияның қолында бұйда пышақ» деген өлең жолдары ақын өмір сүрген уақыттағы қазақ халқының эстетикалық-этикалық пайымдарын, этнографиялық тұтыным заттары мен ырым-сенімдерін түсіндіреді. Бұл көркем суреттемелер автордың білдірейін деген ішкі сезім-күйлерін, нәзік талғамын барынша толық ашып тұр. Бәлкім, бүгіндері біздің кейбір замандастарымыз Балуанның сүйген қызына арнап «Ауған түйе секілді бейімдесен» дегені несі, «бұйда пышағы» не тағы, ескілік дер. Бұл жерде мынаны аңғаруымыз шарт: оның заманы басқа, демек, әдемілік-көркемдік туралы түсінік те өзгеше, арамызда жүз-жүз елудей жыл жатыр. Оны айтасыз, мәселен, Балуан Шолақ Баймырзаұлының арғы жағындағы XVII ғасырда туған «Қыз Жібек» лиро-эпостық жырында мынандай жолдар бар:

*Қыз Жібектің ақтығы –
Наурыздың ақша қарындай.
Ақ бетінің қызылы –
Ақ тауықтың қанындай.
Екі беттің ажары –
Жазғы түскен сағымдай.
Білегінің шырайы –
Айбалтаның сабындай.*

Осы жыр жолдарындағы «Наурыздың ақша қарындай», «Ақ тауықтың қанындай», «Жазғы түскен сағымдай», «Айбалтаның сабындай» деген жолдарға үрке қараудың еш қисыны жоқ. Себебі, бұл келтірілген теңеулердің барлығы он жетінші ғасырда өмір сүрген қазақтардың тұрмыс бітімінен, күнделікті тұтынған бұйымдарынан әжептәуір мәлімет береді. Әрі олардың көздері көрген нысан-нышандарды өздерінің заманына сай білік-танымдары тұрғысынан бейнелі (образды) түрде әсерлі қабылдағандықтарын аңғартады. Жасаған дәуірлеріне орай әбден жарасып тұр.

Ал, қазіргі біздің жас ақындарымыз: – Менің сүйген қызымның білегі айбалтаның сабындай, – деп тұрса қалай болар еді? «Мынаны бірдеңе ұрып кеткен шығар!» – дейміз ғой. Дейтініміз біздер, негізінен, XX ғасырдың адамдарымыз, дәл қазір XXI ғасырдың басында отырмыз, соған орай біздің де әдемілік жайлы пайымымыз басқаша. Мәселен, біз Шәмші Қалдаяқовтың, Әбілахан Есбаевтың, Әсет Бейсеуовтың, Өмірбек Бәйділдаевтың, Мұхтар Шахановтың ән-өлеңдерін тыңдасақ көкейімізге қона кетеді. Қайта-қайта тыңдап, қайта-қайта айта бергіміз келеді. Себебі, аталған интелектісі биік әуенші композиторлармен заманымыз бір, сондықтан

да эстетикалық-этикалық талғамдарымыз да бірдей, өте ұқсас.

Атақты әнші-ақындарға қайта оралайық. Көпке белгілі, Балуан Шолақтың өзі батыр, өзі әнші-композитор, өзі ақын. Не айтса да саз айтатын, тура айтады. Оқиганы мөлдіретіп көз алдына алып келеді. Әсіресе, қилы-қилы соқпақты-соқтықпалы кешу кешіп, ана өкіметтің де, мына өкіметтің де теперішін молынан көрген ақын жүректің Ғалия қызға деген қимас көңіл ауаны кім-кімді де елжіретеді. Қиын тағдырында оған бір Ғалия ғана қуанышы, демеу-сүйеніші, тіршілігінің мәніне айналыпты. Ащылы-тұщылы неше түрлі азапты өткелектерді бастан кешірген осы бір нар тұлғаның әншілігіне қоса батырлық-ерлік істеріне де таңқалып, иланамыз және қанымыз қызып шаттанамыз! Ол тағы бір әнінде:

*Бұл күнде қырық тоғызда менің жасым,
Қамалдың бұзып жүрмін тау мен тасын.
Кешегі сентябрьдің базарында,
Көтердім елу бір пұт кірдің тасын.
Қалтамнан жетпіс бес сом залог салып,
Сындырдым Карон балуан қабырғасын.*

Мұндай адам қалай мақтанса да жарасанды. Хан базар – алыс-берістің қайнап жатқан қақ ортасы. Базарға кім келмейді дейсіз. Әрине, бұл – алаяқ арам, ұры-қары, оңай олжа тапқысы келген неше түрлі сұм-сұғанақ, малын бұлдап ыңырсыған байлар, көпес саудагерлер, кісімсінген шенеунік-шекпенділер, су жұқпайтын жылдам-жылмақайлардың да тоғысатын жері. Сондай-ақ, үй ішінің керек-жарағын түгендегісі келген қарапайым кедей-кепшік, жоқ-жұқаналардың да үміттеніп келетін жері осы хан базар болып саналады. Қалың көптің ішінде әр қилы ойын-сауық та болып жатады. Ештеме алмаса да ерігіп жайдан-жай жүрген, қызық қуған жұрт та көп. Сол қызықтың бірі – спорт ойындары: кірдің (гир) тасын көтеру мен балуан күрес. Ресейлік атақты балуандардың да ел аралап, табыс тауып, бір кенеліп қалатын тұсы осы хан базар. Сентябрь айында Қараөткелде өткен кезекті бір айтулы хан базарда Балуан Шолақ жиналған мың-сан халықтың көзінше елу бір пұт кірдің тасын көтерген. Онымен қоймай ресейлік атышулы, өмірі ешкімнен жеңіліп көрмеген Карон деген атышулы палуанмен күреске түспек болады. Ә дегенде анау күні бұрын ақша салмасаң күреспеймін деп бәлсінген. Екі жақ та жетпіс бес сомнан залог салып, күрес басталған. Кеу-кеулескен қалың ел анталаса қарап тұрған. Ортадағы алаңда бәсекеге түскен қос палуан көпке дейін бірін бірі ала алмай аңдысып, арбасып бағады. Бір кезде сәті түскен бетте Балуан Шолақ Каронды көтеріп алып жерге ұрып кеп жібергенде, Карон балуанның қабырғасы сынып кетіпті, тұра алмай қалыпты. Ал, бұл – мақтануға тұратын зор ерлік. Шамасы, кейінгі жұрт Балуан Шолақтың көп ерліктерінің бірін ғана білетін сияқты. Бірі болса да бұл – бірегейі.

Мұны әнші-палуанның өзі де сезінгенге ұқсайды. Содан да өміріндегі аса елеулі осы оқиғаны ол жүрген-тұрған жерінде өлеңіне қосып, шаттана айтып жүрсе керек. Айтса айтқандай-ақ!

Нақ осындай даңқты әнші-ақындардың бірі – Жаяу Мұса. Көзі ашық оқыған сауатты жан. Омбы қаласына барып орысша білім алған. Айнала төңірекке сын көзімен әділ де кесімді баға бергіштігіне орай, аға сұлтан, патшалық полковник Шорманның Мұстапасының әділетсіз зорлық-зомбылық істерін оңдырмай эшкерелегендіктен қуғын-сүргінге ұшырайды, жер аударылады. Азды-көпті тіршілігінде тағдыр айдап, Ресей, Польша, Литва, Латвия елдерін аралаған. Ол оқымысты-саяхатшымыз Шоқан Уәлихановтың көзін көрген, онымен сұхбаттасқан. Ең бастысы, Жаяу Мұса Арқадағы Біржан сал мен Ақан сері бастаған әнші-ақындар тобының әріден келе жатқан дәстүрін дамытты, қазақ музыкасының мазмұны мен түріне, орындаушылық қалпына көптеген жаңалықтар енгізген.

Қос ақынның ән-өлеңдерін салыстыра қарағанда, Жаяу Мұса мен Балуан Шолақтың тағдырларының өте ұқсастығын байқаймыз. Екеуі де сыншыл, екеуі де қуғын көрген, оларын ән-әуенге айналдырып, халық арасында шырқаған. Және де екеуінің де қиын-қыстау өмірлеріне ғашық қыздары демеу, сүйеніш болыпты. Балуан Шолақтың жанын жылытып, өмірге құштарлығын арттырған Ғалия қыз болса, Жаяу Мұсаның азапты күндерін ұмыттырып, жанына жалау болған Сұрша қыз екен. Не деген таңғажайып сұлу тағдыр!

Айта берсек, бұл тақырып таусылмайды. Осы жерде біздің көңілімізді бөліп, ойландырып отырған аса маңызды мәселе – ұлы ақынымыз Абай Құнанбайұлының композиторлық шығармашылығы. Сөз басында еске түсірген едік: Абай өнер атаулыға, өнерпазға өте жоғары талап қойған. Өлең жазсаң да, ән шығарсаң да талап біреу – мінсіз, ақаусыз болуың керек. Өзі де сол қатал шартты орындаған. Оның қай өлеңін алмайық, шетінен жақұт-маржан текті, нұр-сәуле шашып, еліктіре баурай жөнеледі, терең ойға шомдырады. Айталық, хакім Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқас» (Жігіт сөзі), «Көзімнің қарасы», «Сегіз аяқ», «Жарк етпес қара көңлім не қылса да», «Есінде бар ма жас күнің», «Желсіз түнде жарық ай» атты ән-өлеңдері кім-кімді де бей-жай қалдырмайды.

Кемеңгер Абаймен замандас, заманы жақын қарайлас әнші-ақындар, көбінесе, жақсы көрген қыздарының бой-басын, келбет-шырайын, қайран қала сипаттап, өздерінің ыстық ынтық бейілдерін айтып жеткізе алмай жатады. Ол қыздардың жалт етіп бір қарағаны, тал-шыбықтай солжылдаған бұраң белі, бұлаң қаққан қимыл-қозғалыстары, айдай сұлу жүзі, сыпайы әдеп-ибасы, айдын көлге шомылған аққуға ұқсайтындығы көп суреттеледі. Әбден

айта-айта, таусыла келе Біржан сал: «Қасына сұлу қыздың көп жантайдық», «Таудан аққан құм қайрақ сен бір бұлақ», «Бейне жаз, менің сүйген сәулетайым» деп ағынан жарылса, Ақан сері: «Бидайыққа лайық қарағым-ай», «Бұралған белің нәзік тал, Қадиша», «Есілді өрлей біткен тал, Қадиша» деп өзек өртеген өкінішін, амалсыздығын білдіреді. Ал, Балуан Шолак: «Айым да – сен, Ғалия, күнім де – сен» деп кинала қиылса, жер ауып жүрген Жаяу Мұса: «Сұрша қыз, көрісерміз Баянтауда» деп үміттенеді. Сөйтіп, әнші-ақындар сүйген қыздарын осылайша қол жетпес ай-күнге теңеп, «айым да сен, күнім де сен» деп романтикалық асқақ арманға жетелесе, бұл жай Абайда басқаша көрініс тапқан.

Ұлы Абайдың қайғы-қасіреті бәрінен де асып кеткен секілді. Бұл дүниедегі адамның ең қастерлі қимас қымбаттысы – малы мен жаны. Және де ұл-қыздарың қаншама сүйікті, сүйкімді болса да шығарда жан басқа. Қазақ бір бірімен ұшырасқанда «Мал-жаның аман ба?» деседі. Алдымен малды атайды. Қу жаның қанша тәтті болғанымен, мал жоқ жерде (ас-ауқат) шыбын жаныңды сақтай алмайсың. Бірақ қаншама азап тартып, зар илесек те бұл сүйіспеншілік, махаббат дегеніңіз солардың баршасынан да биік, артық екен-ау! Қалам қасы қиылған сұлу қыздың жолына Абайдай ұлы ақын малы мен басын қоса құрбандыққа шалмақшы. Ол қызға деген сарғайған сағынышының асқынғаны соншалықты, данышпан ақынның көзіне ыстық жас келеді. Жанын пиде етіп, дүниенің өзге қызығынан баз кешеді.

Қорыта айтқанда, гәп жан тербеткен сұлу сезімді, алып ұшқан құс-көңілді, бойға жайылған улы дерт-құсаны сыртқа қалай, қандай амалмен шығаруға келіп тіреледі. Біреу ана қызға ғашық болғанын, оның қарамай қойғанын күні-түні жан-жағына сұңқылдап жайып жұртты ығыр етсе, енді біреулер тілден қалып, үн-түнсіз бүк түсіп жатып алады. Мұның екеуі де – азаптан шығар жол емес. Шығар жолды ішкі сарайы шұғыла шашқан, кіршіксіз таза, көркем ойы кемел, ақын жанды адамдар тапқан. Тәңірі жазған ақындық дарын-қабілеттің өзі де әркімде әрқалай, әр деңгейлі болуы себепті, махаббаттың күй-сазы да әртүрлі естіледі. Сондықтан біз XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас шенінде өмір сүрген Абай, Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолак, Жаяу Мұса, Әсет, Мәди, Мұхит, Естай сынды өнер иелерін мөлдір махаббат, сүйіспеншілікті нағыз поэзия тілінде шырқау шыңға көтерген, қазақ көркем сөзінің шын мәніндегі ұлы өкілдері деп білеміз.

Мүбәрәк ҮМБЕТАЕВ,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті Қазақ
әдебиетінің тарихы және
теориясы кафедрасының доценті.

Қазақстан – 2050 стратегиясының саяси мәні

Егеменді еліміз жиырма жылдық тарихында көптеген қиындықтар мен кедергілерді еңсеріп, зор жетістіктерге қол жеткізді. Қазақ елі әлемге ұлтаралық келісіммен дінаралық татулықтың озық үлгісін көрсеткен бірегей ел екендігін дәлелдеді. Елімізде тұтастандырылған экономикалық кеңістік құрылып, билік тармақтарының бөлінуіне негізделген заманауи мемлекеттік басқару жүйесі қалыптасып маңызды конституциялық және саяси реформалар жүргізілді. Бүгінгі таңдағы әлемде болып жатқан өзгерістердің сипаты жаһандық өзара іс-қимыл ұзақ мерзімді дамуды талап етеді. Енді екі-үш жылдан кейін елімізде тәуелсіздіктің екінші буыны дүниеге келеді. Қазіргі кезеңде еліміздің алдында тұрған басты мақсат – жалпыға ортақ еңбек қоғамын құру. Қазақстан жиырма бірінші ғасырдың ортасына қарай әлемнің ең дамыған елінің қатарында болуы тиіс. Дамудың қазақстандық үлгісі – жаңа саяси бағыттың негізі іргетасы болып қаланды.

Қазақстан халқын бір ортаға топтастыратын саяси мәні зор «Қалыптасқан мемлекеттің саяси бағыты» атты бағдарламада әлеуметтік-саяси дамудың «қазақстандық үлгісін» демократиялық жолмен өркендетудің негізгі тетіктері көрсетілген. Қазақ елінің басты мақсаты – дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру болып табылады. Ұлт көшбасшысы Н. Ә. Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстанның даму перспективаларына орай стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді пайымдаған әлеуметтік дамудағы маңызды серпіліс – деп айтуға болады. Қазақ елі өзінің барлық мүмкіндіктерін әлемге көрсете білген ел. Дәл сол себептенде халықаралық қауымдастық Қазақстанды ЭКСПО-2017 Халықаралық көрмесін өткізу орны ретінде таңдады. Біздің еліміз ТМД кеңістігінде ЕҚЫҰ-на төрағалық еткен, осы Ұйымның Саммитін өткізген және ғаламдық іс-шара ЭКСПО-2017 көрмесін өткізетін алғашқы ел. Тәуелсіз Қазақстан алдымен экономика, содан соң, саясат деген айқын принциппен дамып өркендеп келе жатыр. Қазақстанда саяси реформалардың әрбір кезеңі экономика дамуының деңгейіменен ұштасады, сондықтан да, елімізде демократияландыру мен ырықтандыру процесі оңтайлы ұштастырылуда. Либералдық-демократиялық даму динамикасында өзіндік ерекшеліктерге ие. Қоғам әрбір қадам басқан сайын демократияландыру мен адам құқықтары саласындағы ең жоғары стандарттарға жақындап келеді.

Тәуелсіз Қазақстанның стратегиялық бағдарламасында әлеуметтік өркендеудің жаңа межесі ретінде 2050 жылға дейінгі уақыт аралығын қамтуы бекерден-бекер емес. Өркениетті елдердің даму үлгісінде мұндай ұзақ мерзімді

даму бағдарламасын қабылдау бар. Дәл осындай бағдарламаны ғаламдық саяси институт БҰҰ қабылдаған. «2050 жылға дейінгі өркениеттер дамуының әлемдік даму тенденциясы» – деп аталады. Сондай-ақ, «Дүниежүзілік азық-түлік ұйымы 2050 жылға дейінгі даму бағдарламасын» жариялаған. Қазақстан Республикасы 2050 жылға қарай әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіруді межелеп отыр. Бұл ғылыми негізделген қаржылық және кадрлық ресурстармен тиімді қол жеткізуге мүмкіндіктеріміз бар мақсаттар. Стратегиялық бағдарламаны жүзеге асыруда әрбір қазақстандық азаматтың еншілес үлесі бар.

Қазақстан Республикасы 2050 жылға дейін кезең-кезең мен жаңа міндеттерді шешу принципі маңызды деп көрсетілген. Бірінші, бюджет саясаты. Мемлекет бюджеті ұзақ мерзімді перспектива тұрғысынан қарағанда өнімді, мәселен экономиканы әртараптандыру және инфрақұрылымды дамыту секілді жалпыұлттық жобаларға бағытталуы тиіс – деп көрсетілген. Екінші, салық саясаты. Өндіріс және жаңа технологиялар саласындағы салық салу объектілері үшін қолайлы салық режимін енгізу. Алдағы 5 жылда еліміз онлайн-электрондық есептілік режиміне көшуі тиіс. Жаңа салық саясаты – әлеуметтік бағыт алуы тиіс; Үшінші, ақша-кредит саясаты. Ұлттық Банк пен Президент Әкімшілігінің экономиканы қажетті ақша ресурстарымен қамтамасыз етуге бағытталған түбегейлі ақша-кредит саясатының жаңа жүйесін әзірлейді-деп көрсетілген. Төртінші, әлеуметтік саясаттың жаңа принциптерінің бірі-әлеуметтік кепілдіктер мен жеке жауапкершілік. Бұл қоғамдағы тұрақтылықтың ең басты кепілі.

Қазақстан 2050 стратегиясындағы алдымызға қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін, билік басындағылардан бастап қатардағы азаматтарға дейін еліміздегі әлеуметтік әділеттілік пен әлеуметтік қамтамасыз етуге деген көзқарасымызды өзгертуге тиіспіз. Бүгінгі таңда кез келген мемлекеттің абыройы мен беделі халқының әлеуметтік жағдайымен өлшенетіні белгілі. Осы ел тұрғындарының назарына ұсынылған ауыл-аймақтардың әкімдерін сайлау сияқты азаматтық қоғамды дамыту істерінің маңызы зор. Елбасы басты назарда ұстап отырған ауыл-шаруашылығының өркендеуіне қолдау көрсету, егістік алаңын ұлғайту, әлемдік деңгейдегі малшаруашылығы қалыптартына (стандарттарына) сәйкес жем-шөп базасын құру, экологиялық таза өндіріс саласын дамыту мәселелерін де орынды көтерген. Сонымен қатар, жер өңдеу мәдениетін өзгерту, ауыл еңбеккерлерінің жаңа буынын қалыптастыру, жаңа ғасырдың әлемдік нарығының сұранысына лайықты агроөнеркәсіп кешенін

дамыту сияқты жолдауда көтерілген өзекті жобалардың маңыздылығы жоғары шынымен ел шырайын келтіріп ауылдың гүлденуіне тірек болатын болашағы зор жобалар. Сондай-ақ, Қазақстан шет елдік инвестициялар көлемі жағынан ТМД да көшбасшы мемлекет. Соңғы жылдардағы статистикалық мәліметерге жүгінсек, мұнай өндіру 3 есе, табиғи газ өндіру 5 есе ұлғайған. Индустриалдық-инновациялық бағдарлама аясында 2010 жылдан бастап жалпы құны 1797 млрд. теңге болатын 397 инвестициялық жоба іске асырылады, 44 мыңнан астам жаңа жұмыс орындары ашылмақ. 2050 стратегиясы ауқымында ауыл шаруашылығына қатысты нақты жоспарлар бекітіліп, Үкіметке тапсырмалар беріліп отыр. Қазіргі кезеңдегі басты экономикалық бағыттарымыздың бірі-азық-түлік. Ал, оны орындау үшін алдыменен ауылдық жерге жаңа технологиялар жеткізіліп, ауыл шаруашылығы саласындағы шағын және орта бизнеске көп жағдай жасалуы тиіс.

Қазақстан 2050 даму стратегиясында ерекше атап көрсеткендей әлеуметтік-экономикалық дамуда еңбек өнімділігіне күш салу қажет. Ол ең алдыменен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету болса, екіншіден экономиканы көтерудің басты мүмкіндіктерінің бірі. Қазақ елінің 2050 жылға дейін әлемдегі 30 мемлекеттің қатарына енуін ұлттық саяси даму стратегиясына негіз ете отырып, осы уақыт ішінде жүзеге асыруға тиісті жеті басымдықты белгілеп берді. Ол жаңа бағыттың экономикалық саясаты кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау, әлеуметтік саясаттың жаңа қағидаттары, білім және кәсіби біліктілік, мемлекеттілікті, қазақстандық демократияны дамыту, көпвекторлы сыртқы саясат, жаңа қазақстандық патриотизмді дамыту. Бұл бағыттар Қазақстанның 2050 жылға сеніммен аяқ басуының негізгі алғышарттары болып табылады. Мемлекет басшысының жүргізіп отырған саясаты болашақтың нүктелерін дәл басып, елімізге қажетті ресурстарды нақты көрсетіп берді.

Қазақстан халқының әлеуметтік топтасуының оның айнымас ұлттық бірлігінің, қоғамдық келісім мен толеранттылықты нығайтудың Елбасы айналасына топтасудың негізі болып табылады. Қазақстан 2050 стратегиясын әлеуметтік маңызы зор стратегия деп атауымыздың себебі, ең алдыменен еңбек пен ынтымақтың арқасында толағай табысқа қол жеткізу – мемлекеттік саясаттың басым мәртебесі екендігін айқындап берді. Әлеуметтік саясаттың басты бағыттарының бірі шағын және орта бизнестің үлесін арттыру, жұмысқа орналастыру немесе жаңа мамандық игерудің жолдарын көрсетіп берді. Сондай-ақ, демократиялық даму жолындағы зайырлы қоғам құрудың нақты міндеттерін де айқындап берді. Тәуелсіз қазақ елі бүгінгі таңда әлеуметтік-экономикалық даму жолында жаңғыру кезеңін бастан кешіріп отыр. Осы даму үдерісіндегі басты жетістіктеріміз әлеуметтік-саяси тұрақтылық,

ұлттаралық татулық пен дінаралық келісім болып табылады. Мұның өзі ең алдыменен Елбасының сындарлы саясатының нәтижелері екендігі баршамызға аян. Әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңғыру кезеңіне сәйкес келетін бірқатар кешенді міндеттер алға қойылып отыр. Ол әлемнің дамыған 30 елінің қатарынан көріну. Осыған байланысты жаңа экономикалық бағыт ретінде жалпыға бірдей экономикалық прагматизм және ақша несие саясатын реформалау макроэкономикалық саясатты жаңғырту көзделінді.

Өндірісті жаңғырту мен жоғары технологияны енгізу, елдің табиғи капиталына жүктемені азайту және оны болашақ ұрпақ үшін сақтауға өз септігін тигізеді. Қазақстан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында бірінші болып жекеменшікке, еркін бәсекелестікке және демократиялық принциптерге негізделген нарықтық экономиканың заманауи үлгісін қалыптастырған мемлекет. Саяси-әлеуметтік-экономикалық дамудың қазақстандық үлгісі шет елдік инвестицияларды тартудағы мемлекеттің белсенді рөліне негізделген. Соңғы мәліметтерге сүйенетін болсақ елімізге 160 млрд. доллардан астам шетел инвестициясы тартылған. Қазақстан әлемдік қауымдастық таныған ел. Әлемдік саясатта біздің еліміз халықаралық беделге ие жауаптыда сенімді серіктес. Жаһандық қауіпсіздікті нығайту ісінде маңызды рөл атқарады, әсіресе ядролық қаруды таратпадағы қазақ елінің рөлі ерекше. Ядролық қаруды таратпау режимін нығайту жөніндегі бастамаларымыз – әлемдік тұрақтылыққа, тәртіппен қауіпсіздікке қазақ елінің қосқан сөзсіз үлесі. Алғашқы болып Семей ядролық полигонын жауып және атом қаруынан бас тарта отырып жетекші ядролық державалардан АҚШ-тан, Ресейден, Ұлыбританиядан, Франциядан және Қытайдан қауіпсіздігімізге берік халықаралық кепілдік алған елміз. Орталық Азияда ядролық қарусыз аймақ құруда Қазақстан негізгі рөл атқарды және жер шарының басқада аймақтарында әсіресе Таяу Шығыста осындай аймақ құруға белсенді қолдау көрсетіп келе жатқан ел.

2050 жылы жалпыға ортақ еңбек қоғамын құрып, қазақстандықтардың барлығы да түгелдей дерлік ашық, еркін экономикасы дамыған қоғамда өмір сүруі тиіс, оған қол жеткізуге еліміздің мүмкіндіктері мол. Еліміздегі билік тармақтары әділ қызмет етіп, қоғамда заң үстемдік ететін заманда өмір сүреміз деген ізгі ниеттегі елміз. 2050 жылға дейінгі даму бағдарламасында ерекше мән берілген саланың бірі – инновациялық зерттеулерді дамыту саясаты. Елімізде жаңа технологиялық дамудың нақты механизмдері айқындалып оны жүзеге асырудың негізгі көздері қалыптасып келеді. Қажетті технологиялар трансферті мен оларды қолдану үшін мамандарды оқытудың әдістері мен тәсілдері жүзеге асырылып жатыр. ЭКСПО-2017 бұл процеске серпін беріп, бізге болашақтың энергиясын дамыту үшін жаңа технологияларды тандап алуға көмектеседі.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев ұсынған 2050 стратегиялық бағдарламасы әлемдік қауымдастықта өзінің айшықты орнын иеленген тәуелсіз мемлекетіміздің ішкі және сыртқы саясатына экономикалық әлеуметтік-мәдени дамуына тікелей ықпал ететін оның әлеуеттілігін қамтамасыз етіп, тұрақты түрде алға жылжуын бағдарлайтын негізгі бағдарлама. Тарихи кезеңмен салыстырғанда аз ғана уақыт аралығында ғасырлық жолдарды жүріп өткен, уақыт сынында шыңдалған еліміздің жарқын болашағын бағдарлаудағы аса маңызды стратегия ретінде қоғамға үлкен қозғау салды, тың серпін берді. Тәуелсіз Қазақстанның демократиялық дамуы күн санап дамып қарыштап келеді, адам құқықтары саласындағы жаңғыртулар жоғарғы халықаралық өлшемдерге жақындап келеді. 2050 жылға дейінгі стратегиялық мұраттарымыз бен кешенді ұлттық жоспарларымыздың белгіленуі тарихи сипатқа ие болып отыр.

Қазақстан 2050 стратегиясы еліміздің экономикалық, әлеуметтік және саяси дамуының нақты жолдарын көрсетіп, болашақтағы негізгі мақсат-міндеттерін белгілеп берген тарихи құжат. Бұл

бағдарламадағы қарастырылған мәселелер тек еліміз үшін ғана өзекті емес әлемге, планетаға ортақ көкейкесті проблемалар екені шындық. Сондай-ақ, бұл стратегияда осындай толғақты мәселелердің түйінін тарқатудың, шешімін табудың жолдары көрсетілген. Бүкіл әлемге өзекті болып отырған энергия, су тапшылығы табиғи апаттар, қаржылық дағдарыс оны шешу жолдары жан-жақты қарастырылған. Елбасымыз осы саладағы жобалар жөнінде ғана емес қоғамымыздың ой-санасын түбегейлі өзгерту туралы да қозғаған ойларының орны ерекше. Болашақта дамудың қазақстандық үлгісін қалыптастыра отырып, қуатты мемлекет құру. Қазақстан 2050 стратегиялық саяси мәні зор бағдарлама – қазақстандықтарды жаңа белестерді бағындыру үшін, ортақ мақсатқа топтастырады.

Б. ИМАНБЕКОВА,
Қазақ Мемлекеттік Қыздар
Педагогикалық Университетінің
Қоғамдық-гуманитарлық пәндер
кафедрасының меңгерушісі

ПЛУТАРХ – ГРЕК ӘДЕБИЕТІНІҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛІ

Рим билігі дәуіріндегі грек әдебиетінің ең ірі өкілі Плутарх болды. Жазушы шамамен 46-жылы Беотия аймағындағы Хероней қалашығында туған. Ата-бабасы осы жердің текті әулеттеріне жататын оқымысты жандар болған. Плутархтың өзі де заманының ғылым, өнер және әдебиет орталықтары болған Афина мен Александрия қалаларында жан-жақты білім алған. Ол өте мәдениетті, момын мінезді жан болғандықтан қала халқы ортасында сыйлы болып, жоғары лауазымдарға тез қол жеткізеді. Рим жаулаушылары да оған ерекше құрметпен қараған. Бірнеше рет Римге сапар шегіп, ол жердегі атакты мемлекет, мәдениет қайраткерлерімен достық қарым-қатынас орнатады. Бірақ жазушы өз өмірінің негізгі бөлігін әдеби шығармашылыққа арнап, туған жері Херонейде, достары мен шәкірттері ортасында өткізіп, шамамен 120-130-жылдар арасында қайтыс болады.

Ежелгі деректерге сүйенсек, Плутарх 225-тен артық шығарма жазған. Міне, осы мол әдеби мұрадан бізге дейін 150-і жеткен. Ғалымдар бұл шығармаларды негізінен екі топқа бөліп қарастырады. Бұлардың біріншісі – дидактикалық шығармалар, екіншісі – өмірбаяндар. Бірінші топқа кіретін шығармаларды «дидактикалық» деп атау олардың мазмұнына оншалықты сәйкес келмейді.

Өйткені, бұлардың көпшілігі философиялық

тақырыпта, тарих және әдебиет мәселелері туралы жазылған үлкенді-кішілі мақалалардан құралған. Осы мақалалар арасында біз саясат, тәлім-тәрбие, музыка және басқа мәселелерге қатысты шығармаларды да кездестіреміз.

Бірінші топтағы шығармалардың негізгі бөлімін, әрине, әдеп мәселелеріне байланысты мақалалар қамтиды. Мұндай туындыларында жазушы адамның күнделікті тіршіліктегі міндеттері жайлы кеңестер беріп, тәкаппарлық, тойымсыздық, жасанды ұялшақтық, залымдық және осы сияқты жарамсыз кемшіліктерден құтылу, достық, туыстық, отбасылық қатынастар мен басқа да адамгершілік қасиеттерді нығайту жолдарын көрсетеді. Плутархтың түсінігінде, жақсылық пен жамандықтың барлығы адамның мінез-құлқынан туындайды. Сондықтан, әр бір жан әрдайым жақсылыққа қарай ұмтылып отыруы тиіс. Бұл жолда жүрекке қуат, дертке шипа болатын жалғыз нәрсе – философия.

Плутарх философияның тәрбиелік құдіретіне үлкен мән бергенімен, бұл салада оның өзі ашқан жаңалығы жоқ. Оның шығармаларында талқыланатын философиялық, сондай-ақ әдеп мәселелеріне қатысты пікірлердің барлығы да түрлі қайраткерлердің, ғалымдардың және қаламгерлердің кітаптарын ерекше зейінмен игерудің нәтижесінде қол жеткен білімдердің жемісі.

«Дидактикалық шығармалар» тобына кірген мақалалардың әр қайсысында жазушы ежелгі ойшылдардың пікірлерін баяндап немесе олардың шығармаларынан үзінділер келтіріп, осы әдіс арқылы өзінің пікірлерін дәлелдеуге ұмтылады.

Плутарх жаңа заманда өзінің осындай шығармаларымен емес, ал «Қос өмірбаян» деп аталатын тарихи туындыларымен ерекше даңққа бөленген.

«Қос өмірбаян» - Грекия мен Рим әлемінде өткен тарихи тұлғалар ортасындағы бірер маңызды ұқсастық бойынша қосақталып жазылған өмір киссаларынан тұратын шығарма, яғни жазушы қос өмірбаянның бірінде – Рим, екіншісінде – Грекия азаматы туралы хикаялап (мәселен, Тезей мен Ромул, Демосфен мен Цицерон, Александр мен Юлий Цезарь және т.б.), арнайы қорытынды бөлімде олардың ортасындағы жақын ұқсастықтарды баяндайды. Бұл өмірбаяндар жұп түрде жазылып, тарихи тұлғалардың ерекшеліктері арнайы тарауларда көрсетілгенімен, әрбір кисса өз алдына аяқталған жеке шығарма. Міне, осындай қос өмірбаяндардан 23-і, яғни жеке алғанда 46-сы бізге дейін жеткен. Бұлардан өзге, осы топтағы шығармалар арасында тағы төрт атақты мемлекет қайраткерінің өмірбаяны бар. Сондықтан, бізге дейін жетіп келген киссалардың барлық саны - 50.

«Қос өмірбаяндар» тарихи жағынан өте құнды шығармалар, өйткені, жазушы атақты адамдардың өмірін суреттегенде ең ежелгі замандардан бастап, өзі жасап жатқан дәуірге дейін болған Рим мен Грекия тарихының маңызды кезеңдерін де баяндайды. Плутархтың бұл шығармалары арнайы ғылыми еңбектің жемісі емес, ол түрлі жазушылардың шығармаларындағы мәліметтер негізінде жазылған туынды. Плутарх пайдаланған көптеген деректер «Қос өмірбаян» кітабынан басқа жерлерде кездеспейді, яғни жойылып кеткен.

Дегенмен, Плутархтың баяндауында кейбір тарихи оқиғалардың дұрыс келтірілмегендігін де байқаймыз. Бұл жағдай, негізінен, кітапты жазуда алға қойған мақсаттарға байланысты жіберілген кемшіліктер болса керек. Өйткені, «Қос өмірбаян» авторын көбірек қызықтыратын нәрсе тарих емес, тағы да сол әдеп мәселесі болған. Александр өмірбаянын хикаялайтын бөлімде Плутарх өзінің тарихқа көзқарасын былай келтіреді: «Біз тарих емес, өмірбаян жазып отырмыз. Кейде ең шарапатты істер арқылы жақсы қасиеттер мен кемшіліктерді анықтай алмайтындығымыз сияқты, қанды жорықтар, ұлы жеңістер, қоршауға алынған қалалардан гөрі, елеусіз бір іс, бір ауыз сөз немесе айтыла салған қарапайым әзіл-қалжыңның өзі адам мінезін тереңірек аша-

ды... Егер дұрыс десеніз, онда ұлы істер мен жорықтарды суреттеуді басқалардың мойнына жүктеп, ішкі жан толғаныстарды тереңірек ашуға және сол арқылы әрбір адамның өмірін баяндауға кірісеміз»[1,28]. Плутарх, шындығында да, тарихи тұрғыдан маңызды болған оқиғаларға мүлдем назар салмай, керісінше қаһарманның бейнесін ашатын кішкене фактілерді, тіпті реті келгенде аңыздарды, ұзынкұлақ сөздерді шығармаға енгізіп жіберуді абзал көреді. Жалпы, сәл ғана жағылған бояулар, майда детальдар жәрдеміне қаһарманның жарқын бейнесін сомдау, осы жолмен оның ішкі жан-дүниесін, табиғатын ашу – Плутарх шығармашылығының негізгі әдісі. Плутарх ежелгі дәуірлерде өткен қайраткерлерді жан-жақты жетілген, ер жүрек, отансүйгіш, адал, азатшыл жандар ретінде суреттеуге бейім.

Жоғарыда айтылған кемшіліктерге қарамастан, «Қос өмірбаяндар» шығармасы көркемдік жағынан өте шебер жазылған туынды. Оның образдары айқын, тілі көркем, оқиғалары әсерлі, сондықтан қызықты оқылатын туынды.

Міне, осындай көркем шеберлік жаңа заман адамдарын, тіпті зұлымдық тұңғығына батып кеткен орта ғасырлардағы қайраткерлерді де өзіне тартады.

Қайта өрлеу дәуірінің ұлы гуманистері (Эразм Роттердамский, Франсуа Рабле) Плутархқа ерекше құрметпен қараған. «Қос өмірбаяндардан» алынған оқиғалар негізінде Шекспир өзінің бірнеше даңқты туындыларын («Кариолан», «Юлий Цезарь», «Антоний мен Клеопатра») жазды. Атақты француз трагедияшылары Корнель мен Расин көбінше, Плутарх шығармашылығынан пайдаланып отырған. «Қос өмірбаяндарда» талданатын азаттық, адамсүйгіштік идеялар француз қайраткерлерінің (Руссо) назарын да өзіне аударды.

**Ж. ҚОБЛАНОВ,
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік
технологиялар және
инжиниринг университетінің доценті,
филология ғылымдарының
кандидаты**

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қобланов Ж.Т. Шетел әдебиеті тарихы. Алматы, «Қазақ университеті». 2004.
2. Белинский В.Г. Римские элегии в сочинение Гете. Псб. т.5. М., 1953.
3. История эстетики. Памятники мировой эстетической мысли. т. 2. М., 1964.
4. Горький М. О литературе. М., 1953.
5. Радциг С.И. Введение в классическую филологию. М., 1965.



Досмұхамед КІШІБЕКОВ,
ҚР ҰҒА академигі

«ЖАС ТҰЛПАР» ЖАЙЛЫ ОЙ

Тарих өткен өмір. Бүгінгі күн ертең тарих. Оған қашанда халық мән берген. Сол өмірдің жүрек соғуын, оның тамырын ұстап сезетіндер болған. Ал, енді тарихтың белгісіз қимылын білмей-ақ, өмір талабы кейде ойда жоқ көтеріліп, кейбір істерге бастама да болған. Соның бір көрінісі бұдан жарты ғасыр бұрын М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу университетінде оқып жатқан қазақ жастарының бастауы. Бұл бастама-қозғалыс «Жас Тұлпар» деп аталды. Оны ұйымдастырған жастар алдына қоғамды өзгерту деген мақсат қойған да жоқ болатын. Ойына келгені, тығырыққа догматизм тыққан қоғамға кейбір жаңарту ойларын айтып, пікір бөлісу. Өмір талабын да олар солай сезінді. Бірақ, ол бастаманы сол кездегі жүйе жактырмады. «Өмір өзімен өзі жүріп жатқан жоқ па, «Жас Тұлпар» не үшін керек?» деп, оның пайда болуын бір нәрсенің нышаны деп сезіктеніп түсінгендерде болды. Бірақ, «Жас Тұлпарды» ұйымдастырған жастар ол жағын түсінді ме, әлде жоқ па, ол жағы белгісіз. Дегенмен, бұл қайнап жатқан қазаннан шыққан көбіктей, өмір көрінісі еді. Бұл стихиялық бастама аржағында, қоғамның тығырықтан шықпақ болған талабы болса керек. Ол талап, бәрі бір жол тапты. Бірақ, ол жаңалықты бастаған «Жас Тұлпар» МГУ студент-жастары арасынан емес, Теміртау қаласындағы Металлургия комбинаты жастары арасынан табылды. Қазір ол әлемге әйгілі. Бір қызығы, сол өмір талабын орындаушы

жас тұлпарды өмір өзі тудырғаны былай тұрсын, өмір оны қолынан жетектеп өсірді. Жоғары орындарға көтерді. Бұл өмір талабы еді және оның ең бір әділ дұрыс шешілген түрі болатын.

Керек кезінде тарих өзі жол табады. Шешім басқаша болса, онда әрине мұндай жайдарлы, табиғилық болмас еді. Кеңес үкіметін де сол тығылық құлатты. Бірақ, бәрі табиғи жолмен бейбіт шешілді.

1986 жылғы Алматыда желтоқсанда болған көтерілісте, сол секілді консерваторлық болмыспен тәртіпке негізделген қоғамда халықтың ренжіс көрінісі еді. Мұндай жағдай неліктен болады? Егер, қоғамда билік жүйесі прогреске кең жол аша алмаса, халық тілегі орындалмаса, ел тығырыққа тірелсе, онда өмір өзі сол жағдайды өзі шешеді. Бұл объективтік процесс. Ал, сылтау ол негізгі себепке жатпайды. Себеп болса сылтауға кез келген жағдай жата береді. Мәселен, 1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан қозғалысына Д.А.Қонаевты орынсыз қызметінен босатып, оның орнына басшыны сырттан әкелгендігі дейтіндер де болды. Бұл да рас. Болған жағдай. Бірақ, себеп емес, салдар. Себеп тереңде жатыр. Ол Кеңес үкіметінің құлауымен аяқталып шешілді.

Сонымен, «Жас Тұлпар» 1986 жылғы «Желтоқсан» туралы мақала жазған авторлар мәселенің осы жағына көңіл аударғаны жөн болар еді. Тарихтың тамырын ұстап отырған басшы прогресс талабын дер кезінде байқап, кедергілерді алып тастап, прогреске жол ашады. Даму деген міне осылай жүреді.

Бұл да тарих философиясына жататын проблема.

СОДЕРЖАНИЕ

Миржакып ДУЛАТОВ. О переходе на латинский алфавит.

Нурсултан НАЗАРБАЕВ: Семь достояний Независимости Казахстана.

Жания АБДИБЕК. Второй этап: Что даст Казахстану Евразийский Союз?

Аманхан АЛИМУЛЫ. Есть ли место для нации в Евразии? Еще раз об Евразии. «Язык рыбы знает лягушка, или Кто друг Дугина?». Евразийская идея и Евразийский союз – разные понятия.

Жарас СЕИТНУР. Интересы русской нации в России защищает сам Путин, а как у нас обстоят дела?

Ербол ТЛЕШЕВ. Когда и как формировался казахский национализм или кто такой националист?

Сеилбек МУСАТАЕВ. Не ущемляем ли мы права оралманов?

Сапабек АСИПУЛЫ. Казахам тоже нужен свой Колпаковский.

Куандык ШАМАХАЙУЛЫ. Кембридж может дать знание, но не может даровать талант.

Абдрашит БАКИРУЛЫ. Не достигла ли коррупция уровня «автономного самоуправления»?

Амангелди АЙТАЛЫ. Общество – это единый организм, невозможно управлять им с внешней стороны.

Куандык ТУМЕНБАЙ. Фрагменты из жизни.

Сабырбек ОЛЖАБАЙ. Пятнистая корова, бабушка Аккыз и шкура теленка, набитая соломой.

Есенгали РАУШАНОВ. Добрый.

Сарсен Бек САХАБАТ. Акжелем.

Дулат ТУРАНТЕГИ. Показатель высокого вкуса и глубокого познания (Литературное эссе-критика).

Бактияр СМАНОВ. Поучения исторического эпоса.

А. КУДАЙБЕРГЕНОВ. Канапин – общественный, государственный и культурный деятель.

Мубарак УМБЕТАЕВ. Поэты современники Абая.

Б. ИМАНБЕКОВА. Политическое значение стратегии Казахстан 2050

Ж. КОБЛАНОВ. Плутарх – видный представитель греческой литературы.

Досмухамед КИШИБЕКОВ. Думы об организации «Жас тулпар».

CONTENT

Mirzhakyp Dulatov. On transition to the Latin alphabet

Nursultan NAZARBAYEV: Seven precious heritages of Independent Kazakhstan.

Jania ABDIBEK. Second stage: What will Kazakhstan get from the Eurasian Union?

Amankhan ALIMULY. Is there a place for the nation in Eurasia? Again on Eurasia “Birds of a feather flock together, or who is a friend of Dugin? Eurasian idea and the Eurasian Union are two different concepts.

Zharas SEITNUR. Putin, himself, defends the interests of the Russian people in Russia, and how matters stand here?

Yerbol TLESHEV. When and how was Kazakh nationalism formed and who is a nationalist?

Seilbek MUSATAYEV. Whether the rights of repatriates are ignored?

Sapabek ASIPULY. Kazakhs also need their own Kolpakovsky.

Kuandyk SHAMAHAYULY. Cambridge can give knowledge, but can not develop talent, that does not exist.

Abdrashit BAKIRULY. Has not corruption reached the “autonomous self-governing” level yet?

Amangeldi AITALY. Society is a single organism, and it is not possible to control it from the outside.

Kuandik TUMENBAYEV. Fragments from life.

Sabyrbek OLZHABAY. A black and white cow, grandmother Akkyz and calfskin, stuffed with straw.

Esengali RAUSHANOV. Kind.

Sarsen Bek SAHABAT. Akzhelen.

Dulat TURANTEGI. Indicator of high taste and deep knowledge (Critical literature essay).

Baktiyar SMANOV. Edification of the historical epic.

A. KUDAYBERGENOV. Kanapin is a public, state and cultural figure.

Mubarak UMBETAYEV. Contemporary poets of Abai.

B. IMANBEKOVA. The political significance of the strategy “Kazakhstan 2050”.

Zh. KOBLANOV. Plutarch was a prominent representative of Greek literature.

Dosmukhamed KISHIBEKOV. Thoughts about the organization “Jas Tulpar”.

Редакцияның мекен-жайы: 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй, 6-қабат.

Байланыс телефоны: 394-42-63. **Факс:** 8 (7272) 394-37-62. **электронды адрес:** akikat1921@mail.ru
www.akikatkaz.kz

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2006 жылғы 4 маусымда № 7347-Ж куәлігі берілген. Журнал айына 1 рет шығады.

Басуға 25. 12. 2013 ж. қол қойылды. Көлемі 70х108 1/16. Қағазы газеттік. Офсеттік басылым. Есептік б. т. – 10.15. Таралымы Тапсырыс ?

Журнал редакцияның компьютерлік орталығында теріліп-беттеліп, «Дәуір» ЖШС-нің Республикалық полиграфиялық баспа комплексінде басылып шықты. Мекен-жайы: Алматы қаласы, Гагарин даңғылы 93 а. Тел: 394-39-27, 394-39-24.

КОМПЬЮТЕРЛІК ОРТАЛЫҚ: *Техникалық редактор* – Гүлжан ОРАЗБАҚҚЫЗЫ, *Корректор* – Айгүл МАҚАТАЕВА, *Компьютер операторы* – Эльмира ЕРҒАЗИНА.

КЕЗЕКШІ РЕДАКТОР – Ораз ҚАУҒАБАЙ.

Мұқабаның бірінші бетінде: Жылқы жылы.

Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, кері қайтармайды.

Журнал материалдары басқа басылымдарда көшіріліп басылса, «Ақиқатқа» сілтеме жасау міндетті.